

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г.Н. КҮНҚОЖАЕВА. Қ.У. ЖЫЛҚЫБАЙ

ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ

Дәріс кешені

Алматы 2013

ББК 65.290-2 я 73
ӘОЖ 005 (075.8)
К21

Рецензенттер:

Айтқожин К.К., Д.А. Қонаев атындағы университетінің профессоры, з.ғ.д.;

Шалғымбаева К.Б., ҚазҰАУ профессоры, экономика ғылымдарының кандидаты.

Күнқожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.У.

К21 Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы:

Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы (дәріс кешені). Алматы, ҚазҰАУ, 2013. – 260 бет.

ISBN 978-601-241-228-4

Оқу құралы (дәріс кешені) әкімшілік құқық курсының типтік оқу бағдарламасына және мемлекеттік білім стандартына сәйкес жасалынды. Мұнда әкімшілік құқықтың негізгі институттары мен субъекттері, азаматтардың, коммерциялық және қоғамдық ұйымдардың мемлекеттік басқару органдарымен қарым-қатынастарындағы құқықтары мен міндеттері қарастырылады.

Оқу құралы (дәріс кешені) экономика және құқық факультетінің күндізгі және сырттай оқитын студенттеріне семинарға дайындалу кезінде және сабақтан тыс жұмыс істегенде тиісті тапсырмаларын орындау үшін әзірленген.

Жоғары оқу орындары студенттеріне, магистранттарға және заңгер қызметкерлерге, сондай-ақ ғалым-педагогтарға арналған.

ББК 65.290-2 я 73
ӘОЖ 005 (075.8)

ISBN 978-601-241-228-4

© Күнқожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.У., 2013.

© «Айтұмар» баспасы, 2013.

КІРІСПЕ

Әкімшілік құқық конституциялық және азаматтық құқықтармен бірге Қазақстан құқығы жүйесінің негізгі салаларының өзегі болып саналады.

Республика көлемінде атқарушы биліктің нұсқаулары мен тапсырмаларын нақты іс жүзіне асыратын мемлекеттік әкімшілік. Атқарушы билік органдары немесе атқарушы органдары заңнамаларды орындауды, халықтың талаптарын іске асыруды қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік-экономикалық, мәдени және әкімшілік-саяси өмірдің аяларын қамтамасыз етеді. Олардың қызметінің әкімшілік, яғни басқарушылық, атқарушылық, соттан тысқары сипаты осылай айқындалады.

Қазіргі кезеңде біздің қоғамдық ұйымды құрайтын барлық бөліктердің келісімді, тәртіптелген қызметін қамтамасыз ету өзінің негізгі міндеті болатын мемлекеттік басқару біртұтас мемлекеттік билік салаларының бірі – *атқарушы биліктің* механизмі болып табылады. Бұл механизм бүкіл Республика көлемінде атқарушы билікті нақты жүзеге асыратын мемлекеттік әкімшілік. Атқарушы билік органдары немесе атқарушы органдар заңнамаларды орындауды, яғни олардың талаптарын іске асыруды қамтамасыз ете отырып, іс жүзінде әкімшілік етеді, яғни экономикалық, әлеуметтік – мәдени және әкімшілік саяси өмірдің салаларын басқарады. Олардың қызметінің әкімшілік, яғни басқарушылық, атқарушылық, соттан тысқары сипаты бар.

Мемлекеттік әкімшілік өзінің атқарушылық қызметінде жария-құқықтық мүддені білдіреді, ол үшін оған айтарлықтай заңдық-биліктік өкілеттер беріледі, оларды өзінің азаматтарымен, қоғамдық бірлестіктермен, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдармен, жергілікті органдармен қарым-қатынастарында пайдаланады. Сонымен бірге оның органдарының көбі әкімшілік жауапкершілік пен соттан тысқары мәжбүрлеудің басқа шараларын қолдану жөнінде юрисдикциялық құралдарды кеңінен пайдаланады. Бұдан басқа, мына жағдайды ескеру керек, атқарушы биліктің республикалық та, жергілікті де органдары еліміздің өмірін көптеген жақтарына (мысалы, экологиялық, қаржылық, монополияға қарсы, санитарлық-эпидемиологиялық, жол-көліктік, т.с.с.)

мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асырады. Ең соңында, тап сол атқарушы биліктің өкілдері (мысалы, лауазымды адамдар) ресми мемлекеттік сатылар болып табылады, сондықтан азаматтардың заңды мүдделері мен талаптарының іске асуы солардың іс-қимылдарына байланысты. Мәселен, атқарушы биліктің өкілдері әр түрлі қызметке (мысалы, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға), лицензиялар (рұқсаттар) береді, тіркеу жасайды (мысалы, уақытша болатын немесе тұрғылықты тұратын жерін өзгертуді), әлеуметтік қолдауды жүзеге асырады (мысалы, мемлекеттік зейнетақы, жұмысқа орналастыру мәселелерін шешеді), тұрғын үй-коммуналдық мәселелерін шешеді (мысалы, тұрғын үй қажеттіктерін қағанаттандыру, коммуналдық қызмет көрсету, т.б.).

Басқару біздің қоғамның заң сыйлайтын барлық мүшелерінің күнделікті өмірлік мүдделеріне бәрінен де гөрі жиірек ықпал ететін болғандықтан (бұзушыларға, оларда аз емес, басқару органдары бөгеу қояды, яғни оларды жауапқа тартады), сондай-ақ мұндай ықпалдың өркениеттік, яғни қолданылып жүрген заңнамаларды қатал сақтауға негізделген, сипаты болу үшін, басқарушылық қызметке заңдық нысан беру талабы объективті болып табылады. Нақ осындай нысан **әкімшілік құқық** болып табылады.

Ол, құқық жүйесінің саласы ретінде, атқарушы билікті жүзеге асыру барысында, яғни мемлекеттік басқару аясында пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған. Ол өзінің негізгі мәні бойынша **басқару құқығы**, яғни **басқарушылық құқық** болып табылады. Не себептен? Біріншіден, «әкімшілік» «басқарушылықпен» барабар. Екіншіден, атқару билік органдарының және оның өкілдерінің - лауазымды адамдар қызметінің мазмұны тап сол мемлекеттік немесе жариялы басқару болып табылады.

Демократиялық қағида негізінде ұйымдастырылған қоғамда мемлекеттік әкімшілікті құру және оның атқаратын қызметі құқықпен анық әрі толық реттеуге тиіс. Бұл жерде қай мемлекеттің болмасын құқығының іргелі саласы-әкімшілік құқық негізгі рөл атқарады. Оның Қазақстанда ерекше маңызы бар, өйткені біздің елдің үлкен аумағы, бай табиғи ресурстары, халқының көпұлтты құрамы, тарихи дәстүрлері сияқты факторлар мемлекеттік әкімшіліктің (әкімшілік биліктің) айырықша маңызды болуына себеп болып отыр.

XX ғ. 90-шы жылдарында Қазақстанның әкімшілік құқығында түбегейлі өзгерістер болды. Қазақстанның егеменді мемлекетті-

лігін құру, күрделі саяси, экономикалық, әлеуметтік реформалар әкімшілік-құқықтық нормалардың барлық сілемінде үлкен өзгерістер туғызды, ол жаңартылып, кеңейтіліп, қазіргі жағдайға сәйкес өзгертілді, неғұрлым демократия болды.

Осыған сәйкес, барлық әкімшілік заңнамалар адам мен азаматтың заңды мүдделерін, оның Конституцияға бекітілген құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету мен қорғауды бірінші кезекке қойып отыр. Бұл, мысалы азаматтық туралы емін-еркін жүріп-тұру, уақытша болатын және тұрғылықты тұратын жерін тандап алу туралы, ар-ождан бостандығы туралы, ардагерлер туралы, қоғамдық бірлестіктер туралы, жергілікті өзін-өзі басқару туралы, білім туралы, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағым беру туралы, жұмыспен қамту туралы, шағын кәсіпкерлік туралы нормалар, т.б. Шын мәнінде, азамат өзінің әр түрлі мүдделері мен талап-тілектерін жүзеге асыру жөнінде жалпы құзыретті және құқық қорғау атқарушы органдар тарапынан үнемі ұлғаю деңгейінде әкімшілік құқықтық қолдау табуда.

Экономикада нарықтық қатынастарға көшу әкімшілік-құқықтық реттеудің мазмұнына да айтарлықтай ықпал етті.

Меншіктің әр түрлі нысандарының пайда болуы оның барлық нысандарын мемлекет тарапынан бірдей қорғауды, жаңа экономикалық процестерді барынша қатал мемлекеттік реттеуді талап етті, онсыз олардың қалай болса солай дамуы мүмкін болатын болды. Осыны түсінудің арқасында мемлекет әкімшілік құқықтың тетіктерін пайдалана отырып, экономикалық тетіктерге-бағаға, пайдаға, салықтарға, баждарға, тарифтерге, квоталарға, кредиттерге, т.б. әкімшілік-құқықтық нысан бере отырып, экономикаға өзінің ұйымдастырушылық ықпалын күшейте түсті. Ол экономикалық процестерді мемлекеттік реттеудің бай тәжірибесімен қаруланған барлық дамыған елдер жүріп келе жатқан жолға түсті. Солай болғандықтан, бұл сияқты жағдайда да әкімшілік құқықтың рөлі тек сақталып қана қоймай, сонымен бірге күшейе түсуде, ал әкімшілік-құқықтық реттеудің өзі мемлекеттің экономикаға мақсатты бағытта ықпал етуінің қажетті құралдарының біріне айналды.

ҚР-сы Конституциясы жоғарылығының негізінде құқықтық мемлекет құру, құқықтық реформа, қоғам өмірінің барлық аяларында заңның басымдығы әкімшілік құқықты да тыс қалдырған жоқ. Атқарушы билікті жүзеге асыру аясында болып жатқан өзгерістердің мәні мынада, бұрын әкімшілік құқық көбінесе заңға тәуелді

құқықтық актілердің, яғни үкімет қаулыларының, министрліктер мен ведомстволардың, нормативтік актілерінің – бұйрықтардың, нұсқаулықтардың, ережелердің, жарғылардың, тәртіптердің жиынтығы болып табылатын, олар заңды тек қана жиі алмастырып отырған жоқ, сонымен бірге толықтырып, өзгертіп, ал кейде тіпті жоюға дейін жеткізді. Қазір атқарушы биліктің қызмет атқаруының негізгі мәселелері заңнамалық актілер мен ҚР-сы Президентінің нормативтік жарлықтары негізінде реттеледі. Бұл, атап айтқанда, әкімшілік заңнамалар рөлінің күрт артқандығын білдіреді, өйткені әрбір заңда әкімшілік құқықтың нормалары қаралады деуге болады. Мемлекеттік басқару аясында заңдылық пен тәртіпті бұлжытпай сақтауды қамтамасыз ететін құралдар күшейтілуде, әкімшілік бақылау мен қадағалау кеңейіп, күшейе түсуде. Соңғы жылдары айырықша әкімшілік-құқықтық сипаты бар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс, Салық кодекс, Кеден кодексі, Бюджет кодексі және Экологиялық кодекс қабылданды.

Әкімшілік құқықтың нормалары өзінің әр түрлілігіне және құқықтық реттеумен қоғамдық қатынастарды кеңінен қамтитындығына байланысты әрбір заң қызметкері үшін, ол мемлекеттік немесе мемлекеттік емес құрылымның буынында қандай да лауазымдық қызмет атқармасын, атқарушы билік жүйесі мен оны жүзеге асырудың механизмі туралы білімнің қайнар көзінің рөлін атқаруға тиіс екендігі белгілі. Қалай болғанда да барлық құрылымдар атқарушы органдармен, мемлекеттік басқару органдарымен және әкімшілік құқықпен қажетті түрде байланысты.

Атап көрсетілген құқықтар заңдылық талаптарына арызбен немесе өтінішпен келген адамдарға қоғамдық өмірдегі сан-салалы жөнсіздіктер мен жолсыздықтарға орай заңдық мәселелер қаралады. Қаралған істің қайсысы болсын заңдылық талаптарына сай келгені дұрыс. Өйтпеген жағдайда, ондай мәселелер дер кезінде дұрыс шешімін таба қоймайды.

Қорыта айтқанда, тәртіп пен реттілікті біздің қоғамымызда дұрыс жолға қоятын және арызданушы-шағымданушының қойған талаптарын қанағаттандыратын тек заңдық нормалар ғана. Осыны әкімшілік және оның айналасындағы атқарушы органдардың жете біліп, жеріне жеткізуі олардың заңдық сауаттылықтары мен әділдік тұрғысынан қарайтын іскерліктеріне тығыз байланысты. Сонда ғана халықтың мүддесі шынайы қорғанысын табады.

1-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰҚЫҒЫ ЖҮЙЕСІНІҢ САЛАСЫ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылды:

1.1. Басқарудың әлеуметтік құбылыс ретіндегі ұғымы және мазмұны.

1.2. Әкімшілік құқықтың пәні.

1.3. Әкімшілік құқықтың жүйесі.

Әкімшілік құқық - Қазақстан Республикасы құқық жүйесінің ең үлкен және күрделі салаларының бірі. Әкімшілік құқық Қазақстан құқығы жүйесінің дербес бір саласы ретінде қоғамдық қатынастардың ерекше тобын реттейтін құқықтық нормалар жиынтығы.

Қоғам өмірінің аса маңызды жақтарын құқықтық реттеу қандай да болмасын мемлекеттің ажыратылмас элементі екендігі ежелден белгілі. Мемлекеттік әкімшілік-құқықтық нормалар арқылы өзінің өкілетті органдары атынан қоғамның қажеттерін қанағаттандыру және азаматтарының өміріне қалыпты жағдайларды қамтамасыз ету үшін экономикалық және әлеуметтік, мемлекеттік мәні бар аса маңызды ұйымдық шараларды жүзеге асырып отырады.

Әкімшілік құқықпен реттелетін қоғамдық қатынастар, негізінен, әлеуметтік басқарудың бір түрі болып табылатын мемлекеттік басқару аясында қалыптасады.

Жалпы ғылыми тұрғыдан алғанда басқару әр түрлі мәні бар ұйымдасқан (биологиялық, техникалық, әлеуметтік) жүйелердің өздерінің тұтастығын, олардың алдында тұрған мақсатқа қол жеткізуді, құрылымын сақтауды, қызметінің тиісті тәртібін қолдауды қамтамасыз ететін функциясының қызметін атқарады.

Сонымен, басқару тиісті қоғамдық мән-маңызы бар мақсаттарға қол жеткізу үшін жасалатын іс-қимылдардың жиынтығы болып табылады. Басқару жүйесін құрайтын элементтер іс-қимылдарының мүддесіне қызмет етеді, ол осы жүйенің ішінде мақсатты бағытта реттеушілік ықпал етуді жүзеге асырумен қамтамасыз етіледі. Ал ол жүйенің басқарушы (басқару субъектісі) және басқа-

рылатын (басқарудың объектісі) элементтерінің арасындағы байланыстарында жүзеге асырылады.

Мемлекеттік басқаруды жетілдіруде оның тиімділігін және мемлекеттік органдардың қабылдаған шешімдері үшін азаматтардың алдындағы жауапкершілігін арттыруда әкімшілік құқық маңызды құрал ретінде рөл атқарады. Оның көмегімен қоғамдық өмірдің әртүрлі жақтарының басым көпшілігін қамтитын мемлекеттік басқару саласында Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуы қамтамасыз етіледі.

Әкімшілік-құқық азаматтардың мемлекетті басқаруға қатысуларының құқықтық және ұйымдық нысандарын бекітеді, өкілетті органдар мен лауазымды адамдар үшін де, сондай-ақ қатардағы азаматтар үшін де тиістімінез-құлық ережелерін тағайындайды. Оның көмегімен Қазақстан Республикасында құқықтық қатынастарға барлық қатынасушылардың құқықтық мәдениеті қалыптасады. Қазіргі кезеңдері әкімшілік құқықтың негізгі проблемаларының бірі - өкілеттік орталық органдары мен жергілікті органдарының арасындағы біріне-бірінің бағыныстылығы мен өзара бірлесіп іс-қимыл жасаудың жаңа қатынастарының құру проблемасы болып отыр.

Бұл проблеманың маңыздылығы және оны шешудің түбегейлі нақтылы жолдары Қазақстан Республикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына «Қазақстан - 2030» Жолдауында тұжырымдалып, ерекше атап қойылған.

Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің, «Ұлттық қауіпсіздік туралы», сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңдардың ерекше маңызы бар.

Қазіргі кезеңдегі ғылымда «әкімшілік құқық» терминінің әртүрлі анықтамаларын кездестіруге болады. Мысалы, оқулық әдебиеттерде әкімшілік құқық - тиісті мемлекеттің құқық жүйесінің дербес саласы деп айтылған, ол жалпы түрде әкімшілік құқықты басқару құқығы деп айтуға болады делінген.

Заң энциклопедиясы әкімшілік құқықтың ұғымын мемлекеттік басқаруды ұйымдастыру және оның атқару-өкім ету қызметінің процесінде пайда болатын қоғамдық қатынастардың реттейтін ұсақ саласы ретінде анықталған.

Сонымен, әкімшілік құқықты сипаттайтын аса маңызды мына төмендегідей:

1. Әкімшілік құқық - құқықтың дербес саласы.


2. Ол мемлекеттік басқару саласында қалыптасатын қоғамдық қатынастардың реттеушісі болып табылады.

3. Әкімшілік құқықтың негізгі мазмұны Қазақстан Республикасы мемлекеттік және өзін-өзі басқару органдарының, олардың лауазымды адамдарының және Азаматтарының басқару қызметі болып табылады.

Әкімшілік құқық мемлекеттің басқару саласындағы пайда болатын, дамитын және тоқталатын қоғамдық қатынастарды ғана реттеуге арналған. Барлық осы тәрізді қоғамдық қатынастар қалай болғанда да мемлекеттік басқару органдарының, яғни атқарушы органдардың атқарушылық - өкім етушілік қызметін жүзеге асыру процесімен байланысты. Әкімшілік құқық экономикалық, әлеуметтік-мәдениет және әкімшілік-саяси құрылысқа басшылық жасау туралы мемлекеттік басқарудың міндеттерін жүзеге асыруға байланысты қоғамдық қатынастардың белгілі бір тобына ғана ерекше көңіл аудара отырып, арнайы бағыттау арқылы өзінің реттеушілік ықпалын тигізеді. Сонымен бірге бұл қоғамдық қатынастар мемлекеттік басқару органдарының басқару функцияларын жүзеге асыру барысында пайда болады.


Сонымен, әкімшілік құқықтың пәнін шын мәнісінде басқарушылық қоғамдық қатынастар құрайды.

Оған тағы бір басқа тағайындалған құқықтық режимді сақтауды да, реттелетін басқарушылық қатынастар шеңберінде тараптардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауды да қамтамасыз ететін құқық қорғау (юрисдикция) функциясы қосылады. Әкімшілік құқық - атқарушы билікті мемлекеттік басқару қызметін нақтылы жүзеге асыруға байланысты және сол туралы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттеуге арналған құқықтық нормалардың жиынтығы болып табылады, Қазақстанның құқықтық жүйесінің саласы бола алады. Әкімшілік құқық реттеу функциясын жүзеге асыра отырып, басқару қатынастарына, оларға қатынасушылардың мінез-құлқына өз нормаларының реттеушілік ықпал жасайтын құқықтық құралдарының немесе тәсілдерінің белгілі бір жиынтығын пайдаланады. Бұл қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері болып табылады.



1.1-сурет. Басқару әкімшілік-құқықтық реттеудің объектісі ретінде.

Басқаша айтқанда, басқару субъектісінің объектіге басқарушылық ықпал жасауында. Осы қасиеттерінің барлығы қоғамның қалыпты қызмет істеуі мен дамуының басты шарттарының бірі ретінде әлеуметтік басқару аясынан көрініс табады. Оған тән болатын негізгі ерекшеліктер мыналар: ол әрқашанда адамдардың бірлескен қызметі бар жерде болады; басқару адамдарды және олардың әр түрлі ұжымдарының бірлесіп қызмет істеу үшін ұйымдастырылады; басқару үрдісінде бірлескен қызметтің алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу мүддесі үшін оның қатысушыларына реттеушілік ықпал жасаумен қамтамасыз етіледі; мұндай ықпал етудің объектісі бірлескен қызметтің қатысушыларының саналы-ерікті мінез-құлқы болып табылады; басқарудың механизмі арнайы субъектілердің – қоғамдық байланыстарды ұйымдастыруды жүзеге асыратын басқару органдарының қызметінде жүзеге асырылады.




1.2-сурет. Әлеуметтік басқарудың элементтері.

Басқарудың функциялары – бұл басқарушылық ықпал жасаудың мазмұнына сәйкес келетін және оның мақсаттарына қол жеткізу мүдделеріне қызмет ететін басқарушылық қызметтің бірыңғай және айқын көрінісі бар түрлері. Неғұрлым жинақталған түрде олардың қатарына мыналарды жатқызуға болады:




1.3-сурет. Әлеуметтік басқарудың функциялары.



1.4-сурет. Әлеуметтік басқарудың функциялары.


Басқару әлеуметтік түрінде екі түрге бөлінеді: мемлекеттік істерін басқару (мемлекеттік басқару); мемлекеттік емес басқару (мемлекеттік емес құрылымдағы басқару).


Мемлекеттің істерін басқару мемлекеттік билік тармақтарының барлық органдары жүзеге асырады. ҚР-ның Конституциясы бойынша мұндай басқару заң шығару, атқарушы және сот қызметі нысандарында іске асырылады. Аталған қызмет нысандары мемлекеттің бірыңғай мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға бағытталған, бірақ олардың әрқайсысы мемлекет органдарының арасында «еңбек бөлісімен» байланысты. «Әкімшілік құқық» курсының оқудың пәні атқарушы биліктің функцияларын іске асыру жөніндегі қызмет және сонымен байланысты атқарушы билік (мемлекеттік басқару) органдарының қызметі болып табылады.



1.5-сурет. Мемлекеттік басқарудың белгілері.

Әкімшілік құқық Қазақстан Республикасының біртұтас мемлекеттік билігі жүйесінің заң шығарушы және сот билігі тармақтарымен қатар бір тармағы болып табылатын атқарушы билікті жүзеге асыру үрдісінде пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Сондықтан, әкімшілік құқықтың мән-мағынасын және әкімшілік-құқықтық реттеудің ерекшеліктерін түсіну үшін ең алдымен атқарушы биліктің өзінің не екенін, оның мәні мен әлеуметтік қызметі не болып табылатынын білу қажет. Өйткені дәл осы билік әкімшілік құқықтың негізіне жатады. Төмендегі белгілер тән: ол әлеуметтік басқарудың құралы; ол адамдардың, олардың ұйымдарының арасындағы қатынас, оның субъектісі мен объектісі-еркі мен сана-сезімі бар адам; бұл қатынас бір ерікті табуды және оның басым болуын қамтамасыз етеді, күш-жігерлерін біріктіру қабілеттілігімен байланысты.





1.6-сурет. Атқарушы билік.

1.2. Әкімшілік құқықтың пәні

Қазақстан Республикасының құқық жүйесінің ерекше саласы, оның негізгі мақсат-міндеті айырықша сипаты бар қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады. Бұл қатынастардың ерекшелігі, олар атқарушы билікті нақты жүзеге асыру аясында пайда болуы (тиісінше өзгертілуі және тоқтатылуы) мүмкін. Ал оларға реттеушілік ықпал жасау өзінің жиынтығы бойынша әкімшілік құқықты құрайтын құқықтық нормаларға жүктелген.

Сондықтан әр түрлі қоғамдық қатынастар жалпы түрде Қазақстан құқығының осы саланың пәнін құрайды деп айтуға болады.


Әкімшілік құқық-құқықтық нормалардың жиынтығы, солардың көмегімен мемлекет атқарушы билікті нақты жүзеге асыруға байланысты және сол туралы пайда болатын қоғамдық қатынастарды реттейді. Бұл анықтама кейбір түсініктемелер беруді керек етеді, олар бірінші кезекте және әсіресе әкімшілік-құқықтық реттеу

пәніне жататын қоғамдық қатынастардың мән-мағынасын анықтаумен байланысты.

Өйткені реттелінетін қоғамдық қатынастардың сипаты бойынша құқықтық салалар ажыратылады.

Олай болатын болса, әкімшілік құқықпен реттелінетін қоғамдық қатынастарға нелер тән?

Ең алдымен мынаны айту керек, олар мемлекеттік басқару аясында пайда болады, өзгертіледі және тоқтатылады. Бұған қарағанда бәрі түсінікті сияқты көрінеді, өйткені бұл аяның шекарасы ҚР-ның барлық деңгейіндегі атқарушы билік жүйесінің (механизмінің) ұйымдастырылуымен және жұмыс істеуімен, мемлекеттік - басқарушылық қызметті жүзеге асыру процесімен айқындалатындығы белгілі.



1.7-сурет. Әкімшілік құқық саласы.

Сонымен, әкімшілік құқықтардың реттелетін қоғамдық қатынастарға атқарушы-өкім етуші өкілеттіктер берілген субъектінің қатысуы әрқашанда алдын ала көзделеді. Бұлар атқарушы биліктің

органдары, сондай-ақ солардың атынан іс-әрекет ететін лауазымды адамдар.

Атқарушы орган өзінің басқарушылық құзыретін қай кезде нақты жүзеге асыратын болса, тек сонда ғана ол атқарушы биліктің шынайы субъектісі болып табылады. Басқаша айтқанда, мына жағдай еске алынып отыр, ол өзінің құзыреті мазмұнын құрайтын заңдық биліктік өкілеттіктерін іске асырады. Ал мұндай құзырет оған нақ сол мемлекеттік-басқарушылық қызметті жүзеге асыруға қабілетті болу үшін беріледі.

Әкімшілік-құқықтық реттеудің тағы бір айырықша ерекшелігі бар. Оның мәні мынандай: әкімшілік құқықтың өзінің заңдық құралдары бар, солардың көмегімен құқықтың басқа салаларымен реттелетін қоғамдық қатынастарды қорғау жүзеге асырылады. Бұл жерде әкімшілік жауапкершілік туралы айтылып отыр.

Әкімшілік-құқықтық реттеудің айырықша ерекшеліктерін білдіретін барлық баяндалған жәйттар әкімшілік құқық пәнін сипаттаған кезде ескерілуге тиіс. Бірақта оның анықтамасына тікелей қатысты тағы да бірнеше көзқарастар бар.

Мемлекеттік-басқарушылық қызмет өзінің негізгі көріністері бойынша ұйымдастырушылық немесе ұйымдастырушы болып табылады. Бұл орайда ұйымдастыру деп қандай да болмасын бір жүйенің (тұтастай қоғамның, оның жекелеген элементтерінің, ұжымдардың) қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайларды жасаумен түсіндіріледі. Сонымен бірге, әкімшілік құқық жергілікті өзін-өзі басқару органдары мен жергілікті атқарушы билік органдары арасындағы басқарушылық қатынастарды да реттейді.

Сондықтан, әкімшілік құқықтың пәні әр түрлі. Бұл нарықтық қатынастардың дамуының қазіргі кезеңдегі жағдайында да өмірдің экономикалық және әлеуметтік аяларындағы қоғамдық байланыстардың көп тобын қамтитын мемлекеттік басқарушылық қызметтің қоғамдық саяси маңыздылығымен толығынан алдын ала айқындалған жаңа құбылыстар (экономикалық реформалар, жеке меншік институттарының қалыптасуы, жекешелендіру, т.б.) өзінен-өзі, стихиялы білінбейді. Олар тек мемлекеттік қолдау мен қорғауды ғана емес, сонымен бірге реттеуді де қажет етеді. Сондықтан әлеуметтік басқарудың негізгі субъектісі ретінде мемлекет қызметінің маңызы сақталады, ол өзінің көрінісін, мысалы, әкімшілік құқықтық рет-

теудің белгілі бір шамада кеңейуінен және модификациялануынан табады.


Әкімшілік құқықтың субъектісі деп ҚР-ның қолданылып жүрген заңнамаларына сәйкес әкімшілік құқықпен реттелетін басқарушылық қоғамдық қатынастардың қатысушылары (тараптары) бола алатын адам немесе ұйым. Бұл сияқты субъектілер тобы әр түрлі болып келеді. Бірақ мұндай субъект болу үшін ерекше заңдық қасиеті болуы қажет. Бұл қасиет әкімшілік құқық-субъектілігі. Әкімшілік құқық субъектілігі дербес құқықтық маңызы бар екі элементтен тұрады: әкімшілік құқық және әкімшілік әрекет қабілеттіліктен.

Әкімшілік құқық қабілеттілік - жалпы құқық қабілеттіліктің көрінісі, яғни әкімшілік-құқықтық нормалармен белгіленген және қорғалатын қандай да бір субъектінің әкімшілік-құқықтық міндеттер мен құқықтарды иеленетін, сондай-ақ мемлекеттік басқару аясында оларды жүзеге асыру үшін заңдық жауапкершілікте болатын мүмкіндігі. Бұларға тән бөлгі нақты әкімшілік-құқықтық қатынастарға шынайы түрдегі қатысудың өзі емес, соларға қатысушы (тарабы) бола алатын мүмкіндігі. Құқық қабілеттілік осындай ұғымында жеке немесе заңды тұлғаның әкімшілік құқықпен реттелетін басқарушылық қатынастарға қатысуы үшін алғы шарт болып табылады. Сондықтан әкімшілік құқықтың субъектілері мен әкімшілік-құқықтық қатынастардың субъектілерін теңдестіруге болмайды, олардың арасында айтарлықтай айырмашылық бар.

Әкімшілік құқықтың субъектілері әкімшілік құқық субъектілігінің екінші элементін, яғни әкімшілік әрекет қабілеттілікті иеленген кезде әкімшілік-құқықтық қатынастардың субъектілері болып табылады. Бұл адамның немесе ұйымның өзінің іс-әрекеттерімен құқықтар иемденуді, өзіне заңдық міндеттер алуды, сондай-ақ өзінің іс-әрекеттері үшін жауап беретіндігін болжайды. Нақтылап айтқанда, сөз адамның немесе ұйымның өзінің әкімшілік құқық қабілеттілігін нақты әкімшілік-құқықтық қатынастар шеңберінде жүзеге асыратын іскерлік қабілеттілігі туралы болып отыр.

Азаматтық-құқықтық реттеуге сипатты болатын міндеттер мен құқықтар қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес заңды тұлға ретінде кәсіпорынға беріледі.

Әкімшілік құқықтың пәні - әкімшілік құқық нормаларымен реттелінетін мемлекеттік басқару аясындағы қоғамдық қатынастардың жиынтығы



1.8-сурет. Әкімшілік құқық.

Соған сәйкес, кәсіпорынның әкімшілігі азаматтық құқық қабілеттіліктің субъектісі болып табылмайды. Бірақ сол әкімшілік кәсіпорынның азаматтық-құқықтық әрекет қабілеттілігін жүзеге асырады. Әкімшілік және азаматтық құқық және әрекет қабілет-

тілігінің мұндай айырықша арақатынасы ең алдымен мынаған байланысты, кәсіпорын мемлекеттік орган, тіпті - атқарушы биліктің субъектісі болып табылмайды. Сондықтан да оған, яғни кәсіпорынға, әкімшілік-құқықтық мәртебенің негізін құрайтын, басқарушылық құзырет берілмеген. Осыған байланысты ол, әкімшілік құқықтың субъектісі болғанмен, әкімшілік-құқықтық қатынастардың тікелей қатысушысы да бола алмайды.

Кейде әкімшілік құқық және әрекет қабілеттілік тура келмейді, бұл әкімшілік құқықтың субъектілері және әкімшілік-құқықтық қатынастардың қатысушылары ретінде азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесіне тән жағдай: құқық-қабілеттілік туған кезден, ал әрекет қабілеттілік, әдетте 16 жастан бастап пайда болады.

Әкімшілік құқық және әрекет қабілеттілік жалпы және арнайы (мысалы, әскерге шақырылған азаматта) немесе шектеулі (мысалы, мемлекеттік қызметшілердің кәсіпкерлікпен айналысуға құқы жоқ) болуы мүмкін.

Әкімшілік деликт қабілеттілік әкімшілік құқық субъектісі өзінің іс-әрекеті үшін дербес заңдық (әкімшілік немесе тәртіптік) жауапты болатын мүмкіндігін білдіреді. Қағида бойынша, ол әкімшілік әрекет қабілеттіліктің құрамдас бөлігі болып табылады.

Әкімшілік құқықтың субъектілері жеке-дара және ұжымдық болулары мүмкін.

Қазақстанның азаматтары, шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар *жеке-дара* субъектілер болып табылады. Олардың қатарына мемлекеттік қызметшілерді де жатқызуға болады. *Ұжымдық* субъектілерге әр түрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар жатады. Біріншілердің қатарында атқарушы билік органдары, мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелер және олардың бірлестіктері (мысалы, корпорациялар, концерндер, т.б.), дербес құзырет берілген атқарушы билік органдарының құрылымдық бөлімшелері (мысалы, министрліктердің комитеттері) болады.

Әкімшілік құқықтың мемлекеттік емес субъектілері қоғамдық бірлестіктер (партиялар, одақтар, қоғамдық қозғалыстар, т.б.); жергілікті өзін-өзі басқару жүйесінің атқарушы органдары; коммерциялық құрылымдар, олардың ішінде жеке меншік кәсіпорындар мен мекемелер болып табылады.

Әкімшілік құқықтың ұжымдық субъектілерінің әкімшілік құқық қабілеттіліктері болады, бірақ олар нақты әкімшілік-құқықтық қатынастарға қатыспайды. Олардың атынан әкімшілік құқық

және әрекет қабілеттілікті олардың басшылары немесе өзге уәкілеттік берілген адамдары жүзеге асырады.

1.3. Әкімшілік құқық жүйесі

«Әкімшілік құқық жүйесінің» ұғымы жөнінде заң ғылымында әр түрлі көзқарастар бар екенін еске сала кеткен жөн. Жалпы теориялық тұрғыдан алғанда құқықтың кез келген саласы мынадай түзілістен тұрады: құқық саласы - саланың бөлігі - құқықтық институттар - құқықтық нормалар.

Дәстүр бойынша заң ғылымында әкімшілік құқықты екіге, *жалпы және ерекше* бөліктерге бөледі. Әкімшілік құқықты оқулық пән ретінде құрудың негізіне осылай бөлу алынған.

Әкімшілік құқық ҚР-сы құқық жүйесінің саласы ретінде құқықтық нормалардың үлкен көлемді жиынтығы, олардың мақсаты басқарушылық қоғамдық қатынастарды реттеу болып табылады. Бұл қатынастар әр түрлі және әкімшілік-құқықтық реттеудің әртүрлі көлемі болуына байланысты, оларды белгілі бір шамада жүйелеуге болады, соның нәтижесінде әкімшілік-құқықтық нормаларды бірыңғай кешендер бойынша топтастыру жүзеге асырылады.

Бұл жерде бірыңғай басқарушылық қатынастарды реттеу белгісі бойынша біріктіруге мүмкін болатын нормаларды бөлу турасында сөз болып отыр. Бұл, бір жағынан, әкімшілік құқықтың тиісті нормаларының мақсатты ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге, екінші жағынан, оларды жүйелеуге осындай тәсіл қолдану әкімшілік құқық жүйесінің тұтастығын қамтамасыз ететін болады. Сөйтіп бұл нормалардың жалпы қасиеттерін олардың реттеушілік рөлінің ерекше көрінісімен қажетті үйлестіру, яғни жалпы және ерекшені үйлестіру жүзеге асырылады.

Әкімшілік-құқықтық реттеуде ең маңыздысы, қалай болғанда да атқарушы билікті жүзеге асыруға заңды түрде қызмет ету болып табылады. Мұның өзі бірыңғай және өздерінің реттеушілік рөлінің барлық көріністері үшін жалпы мәні бар құқықтық кешенге бөлуге болатын әкімшілік-құқықтық нормаларға ерекше көңіл аударуды алдын ала болжайды. Осындай кешеннің шеңберінде әкімшілік-құқықтық реттеудің өзгешелігі мен өзіндік ерекшелігін барынша толық көрсететін әкімшілік құқықтың нормалары болады.

Соған сәйкес осы нормалардың жүйесінде тақырыбы мемлекеттік басқарудың бүкіл аясын, оның нақты (мысалы, салалық) ерекшеліктеріне қарамастан қамтитын тобы бөлінеді.

Осылай әкімшілік-құқықтық институттар - әкімшілік құқықтың жалпы жүйесінің аса маңызды бөлігі қалыптасады. Олардың ішінде жалпы сипаты бар басқарушылық қатынастарды, атап айтқанда: азаматтар мен олардың әр түрлі бірлестіктерінің әкімшілік-құқықтық мәртебесін; атқарушы билік субъектілерінің әкімшілік-құқықтық мәртебесін; атқарушы билікті жүзеге асырудың әдістерін; басқарудың құқықтық нысандарын; мемлекеттік-қызметтік қатынастарды; әкімшілік мәжбүрлеу және әкімшілік жауапкершілікті; бақылау және қадағалауды реттейтін нормалар болады. Міне, осылар әкімшілік құқықтың жалпы сипаты бар институттары болып табылады.

Сонымен бірге, әкімшілік құқық жүйесі шеңберінде әкімшілік-құқықтық институттарда негізі қаралған талаптарға сәйкес басқарудың қандай да бір саласында немесе аясында басқарушылық қатынастарды реттейтін нормалар тобын бөлуге болады. Бұл нормалардың тобы әкімшілік-құқықтық реттеудегі ерекшелікті, яғни әкімшілік-құқықтық институттардың салааралық және салалық басқарудағы, мемлекеттік реттеудегі рөлінің көрінісіне сипатты болса, соны бейнелеп көрсетеді. Бұл жерде экономикалық, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-саяси аялардағы басқарудың ерекшелігі негізге алынады.

Сонымен, әкімшілік-құқықтық нормалардың екі үлкен тобы бар екендігі белгілі болды, олардың жүйесі де құрылады. Нормалардың әр тобының мақсат-міндетіне сәйкес әкімшілік-құқықтық нормалардың бүкіл жүйесін екі: жалпы және ерекше бөлікке бөлінгені алынған.

Әрине, бұл құқықтық нормаларда бекітілген ресми бөлу емес, бірақ ол қолданылып жүрген әкімшілік-құқықтық нормалардың бүкіл тобын теориялық зерделеудің нәтижесі болып табылады. Сондықтан, осылай етіп бөлу әкімшілік құқықты оқулық курсы ретінде құрудың негізіне алынады.

Әкімшілік құқықтың жүйесі туралы айтқанда тағы бір елеулі жағдайды еске алмасқа болмайды. Ол бірте-бірте қалыптасып және заңдық маңыздылығы барған сайын артып келе жатқан әкімшілік іс жүргізу (процесс) құқығы институты. Бірақ әзірге бұл мәселе не заң жүзінде, не әкімшілік құқықты оқыту процесінде толық шешімін тапқан жоқ. Сондықтан, мұндай жағдайды атап көрсетудің мақсаты әкімшілік құқықтың салалық бөлігі ретінде *әкімшілік іс жүргізу құқығын* заңдастырып құруды көздейді.

2-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ ӘДІСІ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылуы керек:


2.1. Әкімшілік құқық әдісінің ұғымы және түрлері.

2.2. Әкімшілік-құқықтық нормалардың ұғымы және ерекшеліктері.

2.3. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түрлері.

2.4. Әкімшілік-құқықтық нормаларды жүзеге асыру.

Әкімшілік құқық реттеушілік функциясын жүзеге асыра отырып, осы мақсат үшін басқарушылық қоғамдық қатынастарға, яғни олардың қатысушыларының мінез-құлқына реттеушілік ықпал жасаудың құқықтық құралдарының немесе тәсілдерінің белгілі бір жиынтығын пайдаланады.



1.9-сурет. Әкімшілік құқықтың әдісі.

Бұл - қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеудің әдістері. Олар құқық пәнімен бірге ҚР-сы құқығының кез-келген саласына, оның ішінде әкімшілік құқыққа да толық сипаттама береді. Мұның сыртында, қоғамдық қатынастардың тобы бойынша, яғни құқықтық реттеудің пәні бойынша көптеген құқық салалары өте жақын болады, ал кейде тіпті өздерінің негізгі көріністерінде тура келеді (мысалы, мүліктік қатынастар, табиғи ресурстарды қорғау аясындағы қатынастар, қаржылық және кәсіпкерлік қызмет). Сондықтан реттеу әдісі құқықтық салаларды айырған кезде айқындауыш белгі рөлінде жиі болуы мүмкін.

Жалпы құқық теориясы тұрғысынан Қазақстан құқығының кез-келген саласының құқықтық реттеу құралы ретінде төмендегі заңдық мүмкіндіктерді пайдаланатындығы жеткілікті түрде сенімді етіп дәлелденген: *нұсқама (міндеттеу), тыйым, ерік беру*. Олардың жиынтығы қоғамдық қатынастардың кез-келген түріне құқықтық ықпал жасаудың мазмұнын құрайды.

Нұсқама (міндеттеу) - бұл тиісті құқық нормасымен осы нормада қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар қандай да бір іс-әрекет *жасауға тікелей заңдық міндет* жүктеу. Демек, норма тиісті жағдайларда өзгеше емес, тап осылай істеу керек деп көрсетеді. Мысалы, орталық және жергілікті атқарушы билік органдарына өздерінің нормативтік-құқықтық актілерін ҚР-ның Әділет министрлігінде және оның жергілікті органдарында тіркеу міндеті жүктелген.

Тыйым - бұл да нұсқама, бірақ заңдық мазмұны басқа. Оның мағынасы - құқық нормасы өзінің әдіресаттарына осы нормамен қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар белгілі бір іс-әрекеттерді *жасаудан бас тартуға тікелей заңдық міндет* жүктейді. Әкімшілік тыйымға мысал ретінде ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде қаралған құқық бұзушылықтардың құрамдарын айтуға болады.

Ерік беру - бұл осы нормамен қаралған жағдайларда заңдық маңызы бар қандай да бір іс-әрекеттерді өзінің қалауы бойынша жасауға немесе оларды жасаудан бас тартуға заңды түрде рұқсат беру.

Әрине, әрбір құқық саласы аталған әдістерді өзінің реттейтін пәнінің, яғни қоғамдық қатынастардың ерекшеліктерін ескере отырып пайдаланады. Құқық салаларының арасындағы айырмашы-

лықтарын әдістің қайсысын нақты пайдаланудың *деңгейіне* қарай ажыратуға болады. Мысалы, қылмыстық құқыққа тыйым, азаматтық құқыққа ерік беру неғұрлым тән. Бірақ, ерік беруді қылмыстық-құқықтық нормалардың мазмұнынан да табуға болады, ал сол бір кезде тыйымдар мен нұсқамалар сияқтылар азаматтық құқықтың нормаларында болуы мүмкін. Мысалы, Азаматтық кодекс азаматтық құқықтарды, бәсекелестікті шектеу, сондай-ақ тек қана басқа тұлғаға зиян келтіру ниетімен жүзеге асырылатын іс-әрекеттер мақсаттарында пайдалануға жол берілмейді. Сонымен бірге, азаматтар мен заңды тұлғалардың осы Кодексте және өзге де заң құжаттарында белгіленген құқықтарын шектейтін мемлекеттік басқару органдарының құжаттары қабылданған кезден бастап жарамсыз болып табылады және қолданылмауға тиіс делінген. Бұл жерде тікелей заңдық нұсқама екендігі белгілі болып отыр.

2.2. Әкімшілік-құқықтық нормалардың ұғымы және ерекшеліктері

Басқарушылық қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеу мемлекеттік басқару аясындағы олардың қатысушыларының тиісті мінез-құлқының шекарасын айқындайтын әкімшілік-құқықтық нормалардың көмегімен жүзеге асырылады. Оларда әкімшілік құқықтың реттеушілік рөлі тікелей көрініс табады.

Әкімшілік-құқықтық нормалар, мемлекет белгілеген мінез-құлықтың ережелері болып табылады, олардың мақсаты атқарушы билік механизмінің қызметі аясында (мемлекеттік басқару аясында) пайда болатын, өзгертілетін және тоқтатылатын қоғамдық қатынастарды реттеу. Бұған дейін айтылғандай, бұл сияқты қатынастарды басқарушылық деп атау алынған.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың реттеушілік міндеті мынадан көрініс табады, олар атқарушы билік органдарының, лауазымды адамдардың, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың, сондай-ақ азаматтардың мемлекеттік басқару аясында жасайтын іс-әрекеттері қашан және қандай шарттарды сақтаған жағдайларда заңдылықтың талаптарына дәл сәйкес болатынын белгілейді. Сонымен бірге, әкімшілік-құқықтық нормаларда қандай іс-әрекеттерді жасауға болатындығы, қандайларынан бас тарту тиіс екендігі және қандайларын жасау қажет екендігі көрсетіледі.

Әкімшілік құқықтың нормасы - мемлекеттік басқару аясындағы қатынастарды, сонымен бірге мемлекеттік қызметті жүзеге асыру үрдісінде пайда болатын басқару сипаты бар қатынастарды реттейтін



1.10-сурет. Әкімшілік құқық нормасының белгілері.

Сондықтан, бұл құқықтық нормаларда тиісті мінез-құлықтың белгілі бір түрі не *міндеттеледі*, не нормалармен қаралған жағдайлар сақтағанда оған *ерік беріледі* (рұқсат етіледі) немесе ақыр соңында, белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға *тыйым салынады*. Сөйтіп басқарушылық қоғамдық қатынастар тараптарының (қатысушыларының) мінез-құлқының құқықтық режимі жасалынады.

Әкімшілік-құқықтық нормалар тек азаматтардың мемлекеттік және мемлекеттік емес құрылымдарының реттелетін басқарушылық қатынастар аясындағы құқықтарын ғана емес, сонымен бірге атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тыйым салуды да, сондай-ақ олардың қатынас-

тың екінші тарабының құқықтарын елемегені үшін жауапкершілігін де қамтитын, олардың *заңдық кепілдіктерін* де бекітеді. Мысалы, атқарушы органдарға кәсіпорындардың күнделікті қызметіне араласуға, олардың қолданылып жүрген заңнамаларды сақтауына бақылау жасаудан басқа жағдайларда, тыйым салынған; бұл органдардың сондай-ақ қоғамдық бірлестіктердің қызметіне араласуға жол берілмейді; лауазымды адамдар еңбекті қорғау заңнамаларын бұзған үшін әкімшілік жауапкершілікте болады, т.б.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың көпшілігі атқарушы билік органдарына арналады. Бұл түсінікті де, өйткені мемлекеттік-басқарушылық қызметті тап солар атқарады, басқарушылық қатынастар соған байланысты пайда болады. Сондықтан, әкімшілік-құқықтық нормалар айтарлықтай дәрежеде атқарушы билік субъектілерін ұйымдастыру мен қызметін реттеуге арналған. Олармен осы субъектілердің жүйесі мен құрылымы; оларға берілетін заңдық биліктік өкілеттіктердің көлемі айқындалады; олардың өздері өкілдік ететін мемлекет алдындағы да, әрі басқарушылық қатынастардың өзге қатысушыларының алдындағы міндеттері, сондай-ақ олардың өзінің қызметі үшін жауапкершілігі белгіленеді; олардың тиісті іс-әрекеттер жасауының тәртібі айқындалады (мысалы, құқықтық актілер шығарудың, мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолданудың, шағымдар мен арыздарды шешудің, т.б. тәртібі). Бұл мағынада ҚР-сы Президентінің «ҚР-сы Үкіметінің құрылымы туралы» 1999 ж. 22 қаңтардағы жарлығында, министрліктер туралы ережелерде қаралған әкімшілік-құқықтық нормалар, т.б. үлгі болады.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың бүкіл жиынтығы тікелей атқарушы билік субъектілерінің тағайындайтындарына тірелмейді. Бұл сияқты бірқатар нормалар Конституцияда, көптеген заңнамалық актілерде болады. Әлбетте, олардың заңдық күші әр түрлі.

Атқарушы билік субъектілерінің тағайындайтын нормалары заңдарда тағайындалатын нормалармен салыстырғанда екінші деңгейде, яғни атқарушы билік органдарының актілерінде болатын нормалардың заңға тәуелді сипаты болады.

Әкімшілік-құқықтық нормалар көптеген жағдайларда, құқықтың басқа салаларымен реттелетін қоғамдық қатынастардың тек қорғаушысы ретінде ғана емес, реттеуші рөлін атқара алады. Бұл нормалардың реттеушілік рөлі бұған дейін аталған шектес құқық

салаларының шегінде көрініс табады. Мысалы, жер қатынастары саласында белгілі бір заңдық биліктік өкілеттіктерді атқарушы билік жүйесінің буыны болып табылатын ҚР-сы Жер ресурстарын басқару агенттігі пайдаланады.

Сонымен, әкімшілік-құқықтық нормалардың реттеушілік маңызы өте кең көлемді, бұл Қазақстанның мемлекеті мен құқығының атқарушы билік механизміне беретін рөліне толығынан сәйкес келеді. Бұл құқықтық нормалар азаматтардың арасындағы қатынастарды реттемейді.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың құрылымын алатын болсақ, ол дәстүрдегідей: гипотеза, диспозиция және санкция.

Гипотеза осы норманы қолдануға болатын шарттарды көрсетеді. Ол әрқашанда құқық нормасының өзінде көрініс таба бермейді, осы актінің өзге нормаларында, басқа нормативтік актілерде болуы мүмкін. Әкімшілік-құқықтық норманың гипотезасы заңдық айғақ (факт) түрінде болуы мүмкін (мысалы, қызмет туралы контракт жасау, белгілі бір жасқа толу, т.б.).

Диспозицияда міндеттейтін, ерік беретін және тыйым салатын сипаты бар мінез-құлық ережесінің өзі болады, соған сәйкес құқық қатынастың қатысушылары іс-әрекет жасайды.

Санкция құқықтық норманың диспозициясында белгіленген ережелерді бұзу немесе елемей нәтижесінде пайда болатын жағымсыз салдарларды көрсетеді. Ол, әдетте, жауапкершілік шарасын (әкімшілік не тәртіптік) немесе әкімшілік мәжбүрлеудің өзге шарасын қарайды (мысалы, адамды әкімшілік ұстау). Әкімшілік-құқықтық нормада санкцияның болмауы да мүмкін.



1.11-сурет. Әкімшілік құқық нормасының құрылымы.

2.3. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түрлері

Әкімшілік құқықтың нормалары өздерінің реттеушілік бағыттылығына және заңдық мазмұнына байланысты бірнеше топқа бөлінеді. Оларды төмендегідей топтастыруға болады.

1. Осыған орай барлық құқықтық нормаларға тән, оларда қаралған заңдық биліктік нұсқамалардың мақсаттарына сәйкес келетін олардың екі түрін бөлуге заңды түрде басты орын беріледі. Олар материалдық және процессуалдық нормалар.

Материалдық әкімшілік-құқықтық нормалар реттелетін қоғамдық қатынастардың қатысушыларының міндеттерін, құқықтарының кешенін, сондай-ақ жауапкершілігін, яғни шындығында олардың *әкімшілік-құқықтық мәртебесін* бекітеді.

Әкімшілік құқықтың процессуалдық нормалары басқарушылық қатынастарға қатысушылардың оларға материалдық құқық нормаларымен бекітілген міндеттер мен құқықтарды іс жүзінде жүзеге асырудың тәртібін (рәсімін) белгілейді.

2. Әкімшілік-құқықтық нормаларды топтастырудың келесі түрі оларды нақты заңдық мазмұны бойынша топтастыру. Ол тәжірибеде пайдаланылатын әкімшілік-құқықтық реттеу әдістерінен туындаған. Соған сәйкес мыналар ажыратылады:

а) *міндеттейтін*, яғни осы нормамен қаралған белгілі бір іс әрекеттерді міндетті түрде жасауға заңдық биліктік нұсқама бар нормалар. Мысалы, мемлекеттік қызметшіні жұмысқа алғанда атқарушы органның басшысы бұйрық шығаруға міндетті; жаңадан құрылған коммерциялық бірлестік әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өтуге міндетті.

ә) *тыйым салатын*, яғни осы нормамен қаралған белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тыйым салатын заңдық биліктік нұсқама бар нормалар. Тыйым салатын сипаты бар нормаларға ең алдымен әкімшілік құқық бұзушылық құрамын қарайтын әкімшілік-құқықтық нормалар жатады;

б) *уәкілеттік беретін* немесе ерік беретін, яғни нормаларда қаралған шарттар шегінде өз қалауы бойынша іс-әрекет жасау мүмкіндігі қаралған әкімшілік-құқықтық нұсқамалар. Бұл жағдайда тікелей нұсқама, немесе тыйым болмайды, бірақ белгілі бір құқықтық режим болады, бұл реттелетін басқарушылық қоғамдық

қатынастар қатысушыларының мінез-құлқының қалай болса, солай болатын сипатын болғызбайды.

3. Әкімшілік-құқықтық нормалар кімдерге арналғандығы (мекен-жайы) бойынша топталуы мүмкін. Бұл тұрғыдан мыналарды:

а) азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесін;
ә) атқарушы билік органдарын ұйымдастыру мен қызметін;
б) мемлекеттік қызметшілердің құқықтық жағдайын;
в) мемлекеттік кәсіпорындар мен мекемелердің қызмет атқаруының негіздерін;

г) әр түрлі коммерциялық, оның ішінде жеке меншіктік құрылымдардың ұйымдастырылуы мен қызметінің кейбір жақтарын;

ғ) қоғамдық бірлестіктердің әкімшілік құқықтық мәртебесін регламенттейтін нормаларды бөлуге болады.

4. Әкімшілік-құқықтық нормаларды көлемі бойынша мыналарға бөлуге болады:

а) *жалпы болатын*, яғни мемлекеттік басқарудың барлық бағыты мен салаларына күші болатын және атқарушы билікті іске асыру процесінің ең маңызды жақтарын регламенттейтін нормалар. Бұл сияқты нормалар көпшілігінде заңнамалық актілерде, Президенттің жарлықтарында және Үкіметтің қаулыларында болады;

е) *салааралық*, яғни мемлекеттік-басқарушылық қызметтің қандай да бір жақтарын регламенттейтін нормалар, олар мемлекеттік басқарудың барлық немесе көптеген салалары үшін ортақ немесе шектес болып табылады және олардың сонымен бірге арнайы сипаты болады. Мысалы, мұндай белгілер монополияға қарсы заңнамалардың нормаларына, салааралық агенттіктер мен комитеттер туралы ережелерде болатын нормаларға тән.


б) *салалық*, яғни салалық құзыретті атқарушы органдарға (мысалы, министрліктерге), бекітілген бағыты шегінде пайда болатын басқарушылық қатынастардың қандай да болмасын жақтарын регламенттейтін нормалар.

Әкімшілік-құқықтық нормалардың өзге де жіктелетін топтары бар. Мысалы, олардың *ішкі жүйелік* (олардың заңдық күші атқарушы билік механизмінің төменгі тұрған буындарына таратылады) не *жалпы міндетті* болатын (олардың күші реттелетін қатынастардың барлық қатысушыларына таратылады) сипаты болуы мүмкін.

2.4. Әкімшілік-құқықтық нормаларды жүзеге асыру

Әкімшілік-құқықтық нормаларды *жүзеге асыру* оларда қаралған мінез-құлық ережелерін басқарушылық қоғамдық қатынастарды реттеу мақсатында нақты пайдалану болып табылады.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды *орындау* дәл мағынасында реттелетін басқарушылық қоғамдық қатынастар қатысушыларының осы нормалардың, яғни олардың диспозициясының заңдық мазмұнын құрайтын нұсқамаларды, тыйымдар мен ерік берулерді бұлжытпай басшылыққа алуын білдіреді.



1.12-сурет. Әкімшілік құқық нормаларын жүзеге асыру.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды қолдану атқарушы биліктің тиісті субъектілерінің (атқарушы органдардың, лауазымды адамдардың) ерекше құқығы болып табылады. Ол өзінің нақты көрінісін өкілетті атқарушы органдардың материалдық немесе процессуалдық нормалардың талаптарына негізделген жеке-дара заңдық актілер шығаруынан табады (мысалы, лауазымға тағайындау туралы бұйрық, қоғамдық бірлестікті тіркеу, азаматтың шағымы бойынша шешім, т.б.). Мұндай жағдайларда нақты әкімшілік істі шешу орын алады, ол тек қана атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) құзыретіне жатады. Міне сол себепті азаматтардың әкімшілік-құқықтық нормаларды қолдану жөнінде өкілеттіктері болмайды.

3-тақырып.

ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылды:

3.1. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың ұғымы және ерекшеліктері.

3.2. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері.

Әкімшілік құқықтық қатынастар құқықтық қатынастардың бір түрі болып табылады, сондықтан кез келген құқықтық қатынасқа сипатты болатын барлық жалпы белгілер оларға да тән.

Әкімшілік-құқықтық қатынас әкімшілік-құқықтық нормамен реттелінген басқарушылық қоғамдық қатынас болып табылады, онда тараптар әкімшілік-құқықтық нормамен белгіленген және кепілденген өзара байланысты құқықтар мен міндеттерді иеленушілер ретінде болады.

Бұл құқықтық қатынастардың тараптары Қазақстанның азаматтары, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар, қоғамдық бірлестіктер, мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар мен мекемелер, мемлекеттік қызметшілер, атқарушы билік органдары болуы мүмкін.

Өзге құқықтық қатынастардағы сияқты, әкімшілік құқық қатынастары тараптарындағы міндеттері мен құқықтарының өзара байланысты сипаты бар: тараптардың бірі екінші тараптан әкімшілік-құқықтық нормада қаралған мінез-құлықты талап етуге құқылы. Бір тараптың құқықтарына, сондықтан, екіншінің міндеттері сәйкес болады және керісінше.

Сонымен бірге, әкімшілік-құқықтық қатынастардың мына төмендегідей ерекшелігі пайда болады: олар азаматтардың немесе мемлекеттік емес бірлестіктердің арасында пайда болуы мүмкін емес.

4. Әкімшілік-құқықтық қатынас өзінің мәні бойынша басқарушылық бола отырып, оның пайда болуы, өзгертілуі немесе тоқтатылуы үшін кең аясы бар. Бұл - мемлекеттік басқару аясы, оның ұғымы, шегі бұрын да, қазіргі кезеңдегі жағдайда да

атқарушы билікті іске асыру жөніндегі практикалық қызметтің көлемімен және бағыттылығымен айқындалады.

5. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың келесі айырықша ерекшелігі, тараптардың - атқарушы билік органының да, азаматтың да, т.б. да ынтасы бойынша пайда бола отырып, олар екінші тараптың келісімі, қағида бойынша, міндетті болып табылатын шарттық сипаты бар азаматтық-құқықтық қатынастармен салыстырғанда, бұл сияқты міндетті шартсыз-ақ пайда болуы (қалыптасуы) мүмкін.


Сонымен, әкімшілік-құқықтық қатынастар екінші тараптың тілегіне немесе келісіміне қарамастан да пайда болуы мүмкін.

Сонымен, әкімшілік құқықтық қатынастар тараптарының арасындағы әкімшілік-құқықтық даулар көпшілігінде атқарушы биліктің өкілетті субъектілерінің өздеріне тиісті заңдық биліктік өкілеттіктерін жүзеге асыру жолымен шешіледі.

7. Әкімшілік құқықтық қатынастар тараптары әкімшілік-құқықтық нормалардың талаптарын бұзған үшін жауапкершілікте болады, бірақ азаматтық-құқықтық қатынастарға тән болатын бір-бірінің алдында емес. Кінәлі тарап уәкілетті атқарушы органның (лауазымды адамның) алдында жауапты болады. Осындай тәртіппен, мысалы тәртіптік және әкімшілік жауапкершілік пайда болады. Заңда қаралған жағдайларда жауапкершілік сот тәртібімен де болуы мүмкін (мысалы, бірқатар әкімшілік құқық бұзушылықтар жасаған үшін).

Сонымен, әкімшілік-құқықтық қатынас тарабының жауапкершілігі мемлекет алдында оның тиісті органдары (атқарушы орган не сот) арқылы пайда болады.

Мұндай тәртіп мынаған байланысты, әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзу жариялы-құқықтық мүдделерге қол сұғады, оларды, қашанда белгілі, тек мемлекеттік органдар ғана білдіруге қабілетті.



1.13-сурет. Әкімшілік-құқықтық қатынастар белгілері.

3.2. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері

Әкімшілік-құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастар өзінің сипаты, мазмұны және бағыттылығы бойынша әр түрлі болады. Оларға тән заңдық биліктік элемент те әр түрлі көрініс табады. Осыларды ескере отырып, әкімшілік құқық ғылымы тұжырымдаған кейбір белгілер бойынша оларды топтастыруға болады. Бұл орайда ең алдымен басқарушылық байланыстардың сипатын анықтау ерекше маңызды.

Сондықтан қатынастарды төмендегідей бөлуге болады:

1. Атқарушы биліктің мән-мағынасын тікелей көрсететін қатынастар. Осы сияқты қатынастардың шегінде атқарушы биліктің тиісті субъектісі осы қатынастардың басқарылатын қатысушыларының мінез-құлқына тікелей басқарушылық (реттеушілік) ықпал жасауды жүзеге асырады. Әлбетте, әкімшілік-құқықтық қатынастардың жалпы жүйесінде басты рөл соларға жатады. Бұл ең алдымен атқарушы билік механизмінің жоғары және төменгі тұрған буындарының арасындағы, әкімшілік-басқарушылық аппараттың басшылары мен оларға қызмет бойынша бағынышты қызметкерлер арасындағы, атқарушы органдар (лауазымды адамдар) мен қолданылып жүрген құқықпен белгілі бір әкімшілік-құқықтық міндеттер

жүктелетін азаматтардың, қоғамдық бірлестіктердің, мемлекеттік және мемлекеттік емес кәсіпорындар мен мекемелердің арасындағы қатынастар.

2. Тікелей басқарушылық ықпал жасау шегінен тысқары қалыптасатын, бірақ оны жүзеге асырумен байланысты қатынастар.

1. Сатылас әкімшілік-құқықтық қатынастардың барлық түрлерінде басқарушылық байланыстардың басты белгісі, яғни *тараптардың заңды түрдегі теңсіздігі* айқын көрініс табады.

2. Сатылас әкімшілік-құқықтық қатынастар тараптарының заңды түрдегі теңсіздігі өзінің көрінісін бір тараптың өзге тарапқа *заңды түрде тәуелділігінен* табады. Бұлай болатын себебі, басқарылатын аяда пайда болатын барлық мәселелерді шешу жөніндегі өкілеттіктер тек басқарушы тарапқа ғана беріледі.

Сонымен, сатылас әкімшілік-құқықтық қатынастар үшін олардың шеңберінде тікелей басқарушылық ықпал жасауды жүзеге асыру және бір тараптың, яғни мемлекеттік-басқарушылық қызмет субъектісінің заңды түрде көрініс тапқан еркінің басым болатын маңызына тән.

Деңгейлес әкімшілік-құқықтық қатынастар деп тек тараптары шындығында және заңды түрде тең құқылы болатын қатынастар ғана түсіндіріледі, яғни оларда бір тараптың екінші тарапқа міндетті болатын заңдық биліктік бұйрығы болмайды.

Нақты қатынасты деңгейлес деп тану үшін мынадай маңызды мән-жайларды ескеру керек. Ең алдымен *қатынастың бір тарабының басқасына қандай да болмасын нысанда заңды түрдегі тәуелділігі болмауы тиіс*. Бұл ретте мынаны ұмытпаған жөн, тараптардың бір-бірінің бағыныштылығының болмауы олардың заңды түрдегі теңдігімен әрқашанда бірдей емес. Сонымен, *бір тараптың екінші тарапқа арналған ерік білдірулерінің қандай да болмасын заңдық биліктік көрінісі міндетті түрде болмауға тиіс*.

Жоғарыда келтірілген, сондай-ақ өзге де ұқсас жағдайларда аталған тараптардың өзара байланысты міндеттері мен құқықтарының болатындығы белгілі болып отыр, бұл олардың тең құқылы жағдайын растайды. Осының негізінде мынадай қорытынды жасауға болады: өзінің сипаты бойынша деңгейлес әкімшілік-құқықтық қатынастар сатылас қатынастардың белгілі бір алғы шарты ретінде қалыптасуы мүмкін. Олар, әдетте, соңғылардан бұрын болады.

4-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ ҒЫЛЫМЫ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылу керек:

4.1. *Әкімшілік құқық ғылымының пәні.*

4.2. *Әкімшілік құқық ғылымының әдісі.*

4.3. *Әкімшілік құқық ғылымының жүйесі.*

Әкімшілік құқық туралы білімді жинау мен жөнге келтіру процесінде белгілі бір методологиялық тәсілдер пайдаланылады, олар осы білімді жөнге келтіруге, оларды ойластырылған және түсінікті етіп баяндалған мағлұмат жүйесіне айналдыруға көмектеседі. Әкімшілік құқық ғылымының құрамын құрайтын тәсілдерге мыналар жатады: ғылымның пәні, ғылымның методологиясы, ғылымның жүйесі, ғылыми терминология мен ғылымның санаттары, салалық библиография, ғылымның тарихы.


Бұлардың ішінде әкімшілік құқық ғылымының негізін құрайтын мына сияқты элементтерді: ғылымның пәнін, методологиясы мен жүйесін ерекше атап айтқан жөн.

Әкімшілік құқық ғылымының пәні - бұл, ғылыми танып білу неге арналса, не зерттеледі, әкімшілік-ғалымдар нені түсіндіретін болса, сол болып табылады. «Әкімшілік құқық ғылымы» ұғымының өзінде бұл ғылым қандай объектіні зерттейді деген сұраққа жауап бар. Сондықтан Ресейдің әкімшілік-ғалымдарының көпшілігі бұл ғылымның пәні қолданылып жүрген әкімшілік құқық деген пікірге келген.

Ғылым үшін ең алдымен оның тұрақты қорын жасау мақсатында алынған білім маңызды. Әкімшілік құқықта бұл сияқты білімдерге «атқарушы билік», «атқарушы билік органдары», «мемлекеттік қызмет», «мемлекеттік лауазым», «әкімшілік мәжбүрлеу» т.б. түріндегі санаттар жатады. Әкімшілік-құқықтық санаттарда әкімшілік құқықты ұдайы дамуын сипаттайтын ең басты, мәнді белгілер көрініс тапқан және оларды әкімшілік құқық ғылымы

көрсетеді. Әкімшілік құқық ғылымының тағы бір маңызды бөлігі мемлекеттік басқару тәжірибесі, атқарушы билік органдарының (лауазымды адамдардың) құқық қолдану қызметі болып табылады. Әкімшілік құқық ғылымы қолданылып жүрген әкімшілік заңнамаларды зерделейді, бірақ оны тиісті кітаптар мен кодекстер бойынша абстракт түрде емес, азаматтардың өмірімен, басқару аппаратының жұмысымен тығыз байланыста зерделейді. Осылай салыстыру арқылы әкімшілік құқық ғылымы әлдебір нормалардың керексіздігін, ескіргендігін көрсете алады, сөйтіп оларды жоюға немесе өзгертуге көмектеседі.

Әкімшілік құқық ғылымының пәні әкімшілік-құқықтық реттеу пәнімен тығыз байланысты. Әкімшілік - құқықтық реттеудің пәні объективті шындықта бар жәйт. Бұл - әкімшілік-құқықтық нысанда реттеуді қажет ететін адамдардың (қоғамдық) қатынастарының бір түрі. Өз кезегінде бұл қатынастарды реттейтін және құқық саласын құратын құқықтық нормалар танып білудің пәні болып табылады, соның процесінде әкімшілік құқық туралы білім қалыптасады. Әкімшілік - құқықтық реттеудің пәні біршама қысаң, өйткені әкімшілік құқық нормаларымен реттелінетін қоғамдық қатынастардың шегінен шықпайды. Ал танып білу қызметінің пәнін алатын болсақ, ол адамның ойлауының кеңдігі сияқты, кең. Әкімшілік құқық ғылымы қолданылып жүрген құқықты да, түсінуге жататын аппаратты да, мемлекеттік басқарудың тәжірибесін де зерттейді.



1.14-сурет. Әкімшілік құқық ғылымы.

4.2. Әкімшілік құқық ғылымының әдісі

Әкімшілік құқық ғылымының пәні мен мазмұны оның танып білу әдісімен тығыз байланысты. Егер ғылымның пәні қандай объектіні зерттеп білу керек екендігі туралы айтатын болса, онда әдіс бұл объект қандай жолдар мен тәсілдердің көмегімен зерделеуге, зерттеуге болатындығын көрсетеді.

Құқық ғылымының әдісі – бұл танып білу әдістерінің жүйесі, олар нақты заң ғылымдарында пайдаланылады және олардың

методологиялық негізін құрайды. Методологиялық негізге әкімшілік құқық ғылымы да сүйенеді.

Енді әкімшілік құқық ғылымының зерттеуінде пайдаланатын аса маңызды әдістерді сипаттауға тоқталайық.

Формальды-догматикалық (догмаға негізделген) **әдіс**, оны кейде арнайы – заңдылық деп атайды, әкімшілік құқықтың догмасын (қағидасын) зерттейді. Әкімшілік құқық ғылымы әдістерінің тізбесінде ол бірінші орын алады. Бұл әдістің көмегімен құқықтық материалды («құқықтың догмасын») сыртынан заңдық жөнге келтіру жүзеге асырылады. Бұл әкімшілік – құқықтық нормалар мен құқықтық қатыныстарды баяндау мен талдау, оларды тусіндіру тусінік беру, топтастыру сияқты тәсілдерді қамтиды. Бұл – зерттеудің логикалық тәсілдері. Формальды – догматикалық әдістің шеңберінде топтастыру мен жүйелеудің маңызы ерекше мәнді. Әкімшілік – құқықтық құбылыстар мен ұғымдарды топтастырған кезде ол ұғымдар салыстырылады, мұның өзі олардың жеке әрқайсысы туралы және зерттелінетін тұтас пән жөнінде неғұрлым толық түсінік алуға көмектеседі. Жүйелеу арқылы батыраңқы мағлұматтар тәртіпке келтіріледі және белгілі бір тұтастық пайда болады. Бұл тәсілдер әкімшілік – құқықтық білімді екі қисынды (логикалы) үйлесімді – **институциялық және салалық** жүйелерге топтастыруға мүмкіндік береді, олардың әрқайсысы институттардан құралады, ал әрбір институттың ішінде кез келген маңызды санат өзінің жиынтық белгілерін, сипаттамасын және ғылыми анықтамасын алады.

Әкімшілік-құқықтық материалды формальды-догматикалық сұрыптау әкімшілік-құқық ғылымы мемлекеттік басқару практикасын тиянақты ұсыныстармен қамтамасыздандыра алатын, түсінікті, ұғынымды және көлемі жөнінен шағын оқулықтар жазу арқылы студенттерді оқытуды қамтамасыз ете алатын болуы үшін қажет.

Нақты – социологиялық зерттеу әдісі басқару органдарының қызметіне тікелей байқау жасау, лауазымды адамдарға ауызша сұрақ қою, анкета жүргізу, әңгімелесу сияқты тәсілдерді қамтиды. Бұл тәсілдердің құндылығы сол, олар тікелей өмірдің өзінен қажетті мағлұматтар мен фактілер алуды қамтамасыз етеді.

Социология құқықтық нормалар мен ұғымдарды шынайы өмірге сәйкес зерделейді, тиісті құқықтық нормаларды қолданудың

негізінде қалыптасатын шынайы өмірдің ақиқаттарын зерделейді. Әкімшілік құқық ғылымында нақты – социологиялық зерттеу әдісін пайдаланған кезде атқарушы билік органдары жұмысы тәжірибесінің, оның биліктің өзге екі тармағымен – заң шығарушы және сот билігімен өзара байланысты іс-қимылының үлкен маңызы бар. Әкімшілік құқық нормаларын қолданатын атқарушы билік органдарының зерттеуші шынайы мәліметтер ала алады, солардың негізінде әкімшілік заңнамалардың тиімділігі тексеріледі, ақыл-кеңестер мен ұсыныстар тұжырымдалады.

Салыстырмалы – құқықтық зерттеу әдісі – бұл екі немесе одан да көп әкімшілік-құқықтық институттарды (мысалы, Қазақстан мен Россияның мемлекеттік қызметтерін) зерттеу тәсілі, оның мақсаты оларды өзара салыстыру, жалпы ортақ болатын ұқсастығы мен айырмашылығын табу.

Ағылшын философы Д.Юманың айтуы бойынша араларында ең болмағанда қандайда бір ұқсастығы бар объектілер ғана салыстыруға мүмкіндік береді. Мысалы, ҚР-сы мен Ресей Федерациясының мемлекеттік қызметтерін салыстырудың объективтік негізіне олардың бір реттілік мәні, орындайтын функцияларының бірдейлігі, әлеуметтік қызметінің бірыңғайлығы болып табылады. Мұндай салыстыру, зерделеу теориялық та және практикалық та тұрғыдан өте пайдалы, өйткені тәжірибе алмасу оны пайдалану үшін, Республика аппаратындағы қызметтік қатыныстарды реттейтін құқықтық нормаларды жетілдіру үшін маңызды материал береді.

Танып білудің салыстырмалы-құқықтық әдісі басқа елдің мемлекеттердің жекелеген артықшылықтарын талдаудың, табудың тәсілі және осы артықшыларды отандық негізге айландырудың тәсілі болып табылады.

Зерттеудің **салыстырмалы-тарихи әдісі** мемлекеттік басқару мен әкімшілік-құқықтық институттардың аса маңызды санаттарын талдау мен бағалауға тарихи тұрғыдан қарау болып табылады. Әкімшілік-құқық ғылымы Россияның, Кеңес өкіметінің әкімшілік заңнамаларымен жиналғанның және оның дүние жүзілік құқықтық мәдениеттің жалпы әлеуетіне қосқан үлесі болып табылатынның барлық құндылықтары мен жағымдыларын елемей қоя алмайды. Әкімшілік құқық ғылымында тарихи баяндау осы ғылымның өзге әдістері орындайтын сияқты функцияларды орындайды: материал

жинайды, оны салыстырады, біздің мемлекеттік құрылысқа неғұрлым жарамды ескі, бірақ ұмыт болған, үлгілерді алып пайдаланады, тұжырымдар мен ұсыныстар жасайды.

Әкімшілік құқық ғылымы пайдаланатын зерттеу әдістерін сипаттау, оларды өзара салыстыру, әр әдістің ерекшеліктерін ескеру, егер жоғарыда айтылғандарды қорытатын болсақ, екі жағдайды атап көрсетуге мүмкіндік береді.

Біріншіден, барлық сипатталған әдістер өзара байланысты және олардың әрқайсысын басқалармен үйлестіре отырып қолдануға болады. Мысалы, салыстырмалы – құқықтық зерттеу әдісі танып білудің өзге әдістеріне сүйенуге тиіс: формальды-догматикалық, тарихи, т.б. өзге әдістермен байланысы жоқ кез келген әдіс бұрмаланған көрініс беруі мүмкін.

Екіншіден, әкімшілік құқық ғылымы пайдаланатын зерттеу әдістерінің әр турлілігіне қарамастан, олардың барлығының жалпы ортақ негіздемесі бар, зерттелетін және танып білетін заттың (Объектінің) жалпы қасиетімен айқындалады. Танып білетін заттың немесе болмыстың бұл қасиеті мынаған саяды, ол болмыс – материалдық заттар емес, адамзат ортасы, мінез-құлқы әкімшілік құқық нормаларымен айқындалатын тірі адамдардың (қызметшілердің, лауазымды адамдардың) әлемі. Әкімшілік құқықтың нормалары адамдарға арналған. Әкімшілік құқық ғылымы – сайып келгенде адамзат әлімімен ісі болатын қоғамдық ғылым.

4.3. Әкімшілік құқық ғылымының жүйесі

Егер әкімшілік құқық ғылымы қолданылып жүрген әкімшілік құқық туралы жиналған және ой елегімен өткізілген білімнің жиынтығы болатын болса, онда бұл білімді пайдалануға ыңғайлы болу үшін жүйеге немесе тәртіпке келтірілуі керек.

Әкімшілік құқық құқықтық саласы ретінде жалпы алғанда орасан мол, коптеген нормативтік актілер бойынша бытыраған әртүрлі құқықтық нормалардың бірлестігі (конгломерат) болып табылады. Нормалардың осындай жиынтығын дұрыс тәртіпке келтіру үшін ғылым оларды топтары бойынша бөледі, сөйтіп олардың әрқайсысы **құқықтық институт** құрады. Осылай етіп бөлудің нәтижесінде әкімшілік құқық нормаларының берікте-

тілген, ішкі мазмұны жөнінен өзара байланыстырылған үйлесімді жүйесі құрылады.

Қазіргі кезде әкімшілік құқық ғылымы екі негізгі жүйені біледі: институциялық және салалық.

Әкімшілік құқық ғылымының жүйесінде әкімшілік құқықтың жүйесі көрініс табады. Әкімшілік құқықтың негізгі институттары негізінен біріне бірі сәйкес келеді. Әкімшілік құқық ғылымының жүйесінде әкімшілік құқық жүйесі белгілі бір дәрежеде ақиқатталады.

Бірақ, тұтасынан алғанда, әкімшілік құқық ғылымының жүйесі бірнеше ерекшеліктермен сипатталады.

Біріншіден, ол өзінің көлемі мен бөлшектері бойынша құқық саласы жүйесінен гөрі кең және көптеу. Әкімшілік құқық ғылымының жүйесі қолданылып жүрген әкімшілік құқық пен оның институттары туралы ғана емес, сонымен бірге әкімшілік құқықтың ең жалпы санаттары (ұғымдары) туралы да: құқықтың осы саласының пәні мен әдісі туралы, әкімшілік-құқықтық норма мен әкімшілік құқықтық қатынас, әкімшілік құқықтың принциптері және атқарушы билік сияқты ұғымдар туралы ғылыми білімдердің жиынтығы болып табылады.

Екіншіден, әкімшілік құқық ғылымының жүйесі кез келген ғылым жүйесін құруға тән болатын бастамалар негізінде құрылады: бытыраңқы және қалай болса солай орналасқан материал жүйеленеді және қисынды құрылған бір тұтасқа айналады. Жүйелеу ғылыми материалды танып білу мен нақты пайдалануға ыңғайлы болу үшін бөліктерге (құқықтық институттарға сәйкес) бөлудің және біртұтас құрылымға ұйымдастырудың әдісі болып табылады. Ғылыми материалды құру, сөз жоқ, құқық нормасының жүйесіне әсер етеді. Ю.М. Козловтың «Құқық ғылымы көпшілігінде құқықтың осы саласының қандай да болмасын бір құрулысын айқындайды» деген тұжырымымен келіспеске болмайды.

Үшіншіден, әкімшілік құқық ғылымының жүйесі әкімшілік құқық жүйелері – институциялық, салалық және процессуалдық туралы материалды-әкімшілік құқық жөніндегі білімді бір жүйеге біріктіреді. Ғылым жүйесі әкімшілік құқықтың үш жүйесінің бәріне тән ережелерді, негізгі ерекшеліктерді қамтып көрсетеді, өзінің құрылу негізіне бірыңғайлық принципін жатқызады, соның

арқасында ғылымның барлық жүйесі біртұтас ретінде көрініс табады. Әкімшілік құқық ғылымының жүйесін тұтастай алғанда әкімшілік құқық жүйелерінің әрқайсысының барлық әкімшілік-құқықтық институттары туралы, олардың – негізгі немесе негізгі емес болатындығына қарамастан, білімді қамтиды. Осы тұрғыдан алғанда әкімшілік-құқықтық ғылым жүйесінде әкімшілік құқыққа қатысы бар кез келген білім: әкімшілік құқықтың негізгі ұғымдары, нормалары туралы, әкімшілік құқықпен байланысты ғылымтану мен тарихи білімдер өз орнын табуға тиіс.

Әкімшілік құқық ғылымының жинақталған мазмұны оқулықтарда беріледі, оларда жүйеленген материал мен жалпы танылған ғылыми ережелер ұғынықты болу үшін барынша түсінікті түрде айтылады. Сондықтан әкімшілік құқықты оқыту жүйесі ғылымның жүйесін және ондағы өзгерістерді білдіреді, бұл, әрине, оқу материалын құруға дер кезінде түзетулер енгізіп тұруды міндет етеді.

5-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҢ СУБЪЕКТІЛЕРІ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылды:

5.1. *Қазақстан Республикасы азаматының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің негіздері.*

5.2. *Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асырудағы құқықтары мен міндеттері.*

5.3. *Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы құқықтарының кепілдіктері.*

5.4. *Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері.*

5.5. *Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы билік аясындағы өкілеттіктері.*

5.6. *Қазақстан Республикасының Үкіметі.*

5.7. *Орталық атқарушы билік органдары.*

ҚР-сы азаматының әкімшілік-құқықтық мәртебесі дегеніміз, азаматтың мемлекетті басқаруға қатысуын және жариялы әрі жеке «мүдделерін қамтамасыз ететін заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актлермен белгіленген құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі. Бұл азаматтың мәртебесінің көп түрлерінің (саяси, еңбек, т.б.) бір түрі, оны жүзеге асыру атқарушы билік органдарының және олардың лауазымды адамдарының тиісті іс-әрекеттерімен байланысты.

Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің бірнеше ерекшеліктері бар:

- біріншіден, оның күрделі кешенді сипаты бар және онда адам мен қоғамның, азамат пен мемлекеттің, жеке адам мен ұжымның қарым-қатынастарын білдіретін конституциялық, азаматтық, қаржы және басқа құқық салаларының нормалары көрініс табады;

- екіншіден, нұсқамалардың міндеттілігі бойынша онда не тек құқықтар ғана (мысалы, азаматтың қандай да болмасын бір инстанцияларға ұсыныс, арыз және шағым беру туралы өтініш жасау құқығы) не тек міндеттер ғана (мысалы, жол жүру ережелерін сақтау), не құқықтар мен міндеттер болады (мысалы,

әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараған кезде азаматтың іс бойынша қабылданған қаулығы шағым беруге құқығы бар және оған салынған айыппұлды белгіленген мерзімде төлеу міндетін атқарады);

- үшіншіден, азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мазмұны бір жағдайларда қандай да болмасын бір адамның қалауына байланысты болады (мысалы, азамат аң аулау мылтығын алу үшін ішкі істер органдарына рұқсат алуға өтініш жасайды), ал өзге жағдайларда ол оның қалауына қарамастан қалыптасады (мысалы, ұсақ бұзақылық жасаған азамат әкімшілік ұстауға тартылады да полицияға жеткізіледі);

- төртіншіден, азаматтың әкімшілік құқықтық субъектісі ретінде құқықтық мәртебесі барлық азаматтар үшін жалпы болып табылатын құқықтар мен міндеттерді (мысалы, өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау міндеті), азаматтардың тек қандай да болмасын бір санатына ғана тиісті болатын құқықтар мен міндеттерді (мысалы, көлігін жүргізушілерге, кәсіпкерлерге, аңшыларға), сондай-ақ нақты жеке адамдардың құқықтары мен міндеттерін қамтиды (мысалы, босқындар немесе амалсыздан қосын аударғандар болып табылатын адамдар).

Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесі күрделі заңдық құрылым болып табылады. Ол әр түрлі төрт маңызды құрамдық элементтерден тұрады:

- бірінші, құқықтар мен міндеттердің аса маңызды бөлігі *тұлғаның, адамның* әкімшілік құқықтық субъектісі ретіндегі *құқықтық мәртебесі* болып саналады. Қазақстан мемлекетінде тұлғаның, адамның жағдайын құқықтық реттеу негізгі, басым орын алуға тиіс, өйткені құқық пен мемлекет, оның органдары мен лауазымды адамдарды қоғамға, әрбір тұлғаға, әрбір адамға қызмет етеді деген идеяны білдіреді. Дәл осы пікір Конституцияның 1 бабында бекітілген ҚР-ның «ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» дегеннен көрініс тапқан.

Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің төртінші элементін *ерекше мәртебе* деп атайды, ол азаматтардың өздерінің тек жеке қажеттіктерін қанағаттандыру үшін өзінің қалауымен, жеке ынтасымен иеленетін құқықтар мен міндеттерді қамтиды. Бұл, мысалы, әуесқой аң аулаушылар, әуесқой жүргізушілер, кәсіби

емес спортшылар, туристер, коллекция жинаушылар, т.б. Олардың барлығы таңдаған ісімен айналысу үшін ресми құжат алады, сонымен бірге әрбір ерекше субъект үшін белгілі бір топ құқықтар мен міндеттер тағайындалған.

Жеке адамның демократиялық құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ олардың міндеттері кешенін тек бір ғана ресми түрде жариялау азаматтың құқықтық мәртебесінің мәселесін әлі толығынан шешпейді. Бұл мәртебе күнделікті өмірде *іс жүзінде жүзеге асыруды, әрі оның шынайы кепілдіктерін* қажет етеді.

Осыған байланысты азаматтардың конституциялық құқықтарын, бостандықтары мен міндеттерін жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөнінде атқарушы биліктің рөлі туралы мәселе қою сөзсіз туындайды. Бұған барлық қажетті негіздер бар.

Ең алдымен атқарушы биліктің атқаратын қызметін ескере отырып былай деп айтуға болады, *мемлекеттік басқару аясы* қолданылып жүрген заңнамалармен бекітілген *адамның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін өте үлкен кеңістік болып табылады*. Өйткені атқарушы биліктің негізгі функциясы - атқару, яғни заңдардың талаптарын жүзеге асыру.

Сосын, атқарушы биліктің механизмі - мемлекеттік аппаратың күнделікті және қоғамдық өмірдің нағыз әр түрлі салаларында қызмет атқаратын ең көп санды және тармақтанған бөлігі. Осы себепті нақ осы тиісті атқарушы билік органдарымен (лауазымды адамдармен) және азаматтардың арасында көптеген нақты әкімшілік-құқықтық қатынастар қалыптасады, олар азаматтардың субъективтік құқықтарын жүзеге асыру жөнінде жиі туындайды.

Әкімшілік-құқықтық қатынастарда азаматтар әр түрлі рөлде болулары мүмкін. Бұл сияқты құқық қатынастар мыналарға: азаматтардың заң бойынша өздеріне тиісті субъективтік құқықтарын жүзе асырумен; заңмен оларға жүктелген міндеттерді орындаумен; азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) бұзуымен; азаматтардың мемлекеттік басқару аясындағы өздерінің құқықтық міндеттерін бұзуымен байланысты пайда болуы мүмкін.

Азаматтық- адамның адамгершілігін, негізгі құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге негізделген олардың өзара байланысты құқықтарының, міндеттері мен жауаптылығының жиынтығынан көрініс табатын адамның мемлекетпен тұрақты құқықтық байланысы



1.15-сурет. Азаматтардың белгісі бойынша жеке тұлғаларды жіктеу



1.16-сурет. Азаматтардың әкімшілік құқық қабілеттілігі.

5.2. Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асырудағы құқықтары мен міндеттері

Бұл жөнінде мынаны ескеру керек, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары не атқарушы билік субъектілерінің қызметі аясында тікелей жүзеге асырылады, не осы билік субъектілерінің практикалық қызметімен табиғи байланысты, немесе конституциялық құқықтар мен бостандықтардан туындайтын болғандықтан, олар өздерінің мемлекеттік-басқарушылық қызмет аясындағы іс-қимылдарына байланысты ие болады. Осыған сәйкес аталған аяда көрініс табатын азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын нақты білдіретін төмендегі түрлер туралы айтуға болады.

1. Жеке адамның жалпы құқықтық мәртебесіне жататын және мемлекеттік басқару аясында жүзеге асырылатын конституциялық құқықтар мен бостандықтар.

Бұл жерде мынадай құқықтар мен бостандықтар көзделіп отыр. Олардың шындығында болатындығы атқарушы билік механизмінің қандай да болмасын бір буынын іске қосумен кепілдендіріледі. Бұлар, мысалы, еңбек етуге (Конституцияның 24 б.), әлеуметтік қамсыздандыруға (28 б.), денсаулық сақтауға (29 б.), білім алуға құқығы (30-б.), т.б.

2. Мемлекеттік-басқарушылық қызметтің сипатын айқындайтын конституциялық құқықтар мен бостандықтар.

Бұл жағдайда азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру процесі мәнінің өзімен тікелей байланысты мына сияқты құқықтары мен бостандықтары туралы айтуға болады. Соған сәйкес олардың азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесімен тікелей байланысын көреміз.

Бұл тұрғыдан, мысалы, мемлекет ісін басқаруға қатысу (Конституцияның 33 б.), әркімнің жеке өміріне (18 б.) және тұрғын үйіне (25 б.) қол сұғылмауына, еркін жүріп-тұру (21 б.) және т.б. құқығын бөліп айтуға болады.

3. Азаматтардың заңдармен және атқарушы билік субъектілерінің заңға тәуелді құқықтық актілерімен белгіленетін және кепілденетін құқықтары.

Конституциялық көрінісі мен маңызы бар құқықтардан басқа, азаматтар тікелей мемлекеттік-басқарушылық қызмет аясында жалпы немесе нақты сипаты бар бірнеше өзге құқықтарды пайдаланады. Солардың көмегімен азаматтардың әкімшілік-құқықтық


мәртебесі одан әрі дамытылады. Бұл құқықтар заңдармен де, сондай-ақ атқарушы биліктің өкілетті органдарының заңға тәуелді нормативтік актілерімен де тағайындалады және кепілдендіріледі.

Азаматтардың аты мен фамилиясын өзгертумен, олардың кәсіпкерлік немесе өзге қызметімен, Қазақстаннан тыс жерлерге кету және Қазақстанға қайта келумен, паспорт жүйесін қолданумен, т.б. байланысты құқықтары заңдық немесе заңға тәуелді актілер түрінде регламенттеледі. Арнайы сипаты бар көптеген құқықтарды (мысалы, мәдениет, білім, ақпарат, мемлекеттік құпияны *сақтау, қару-жарақ иелену мен пайдалану жөніндегі*) азаматтар мемлекеттік-басқарушылық қызметтің жекелеген салалары мен аяларының шегінде жүзеге асыра алады.

Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы міндеттері. Азаматтың әкімшілік-құқықтық мәртебесі оның, Конституциялық та, сондай-ақ заңдармен және заңға тәуелді құқықтық актілермен де белгіленетін, белгілі бір заңдық міндеттерді орындауын болжайды.

Бұлар ең алдымен жалпы конституциялық міндеттер: салықтарды төлеу (35 б.), Отанды қорғау (36 б.), табиғатты сақтау және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау (38 б.). Бұл сияқты міндеттер заңдарда және заңға тәуелді құқықтық актілерде нақтыланады. Мысалы, азаматтар ішкі істер саласында қоғамдық тәртіптің, жол жүру қауіпсіздігінің ережелерін; тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық саласында - тұрғын үйді пайдаланудың ережелерін; әділет саласында - азаматтық хал актілерін тіркеу, паспорт жүйесінің ережелерін, т.б. сақтауға міндетті.

Ал азаматтың өзінің міндеттерін орындамауы немесе дұрыс орындамауы оның жауапкершілігін туғызады. Әкімшілік-құқықтық нормалар қолданылатын аяда бұл, негізінен, әкімшілік жауапкершілік.



1.17- сурет. Азаматтардың міндеттері.

5.3. Азаматтардың атқарушы билікті жүзеге асыру аясындағы құқықтарының кепілдіктері

Азаматтардың заңды құқықтарының, міндеттерінің және заңды мүдделерінің кепілдіктері деп олардың нақты жүзеге асырылуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін жағдайлар мен құралдар.

Мұндай кепілдіктердің толық түрдегі механизмі өкілетті мемлекеттік органдардың атқаратын мынадай заңдық маңызы бар әрекеттерінен құралады: азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі заңдық міндетін орындау; оларды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасау; олардың жүзеге асырылуына ұдайы байқау және бақылау жасау; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау; оларды бұзған жағдайда санкциялар қолдану.

Бұл сияқты кепілдіктердің бәрінің мемлекеттік сипаты бар. Олай болатыны Конституциямен және заңдармен барлық мемлекеттік органдарға азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырумен байланысты міндеттер жүктеледі.

1. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асырудың әкімшілік-құқықтық кепілдіктері. Бұл жағдайда атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықта-

рын жүзеге асыруды қамтамасыз ету жөніндегі де, сондай-ақ жүзеге асырудың жағдайларын жасау жөніндегі де заңдық міндеттері түсіндіріледі. Бұл кепілдіктер тиісті құқықтық нормаларда осы міндеттерді бекітуден көрініс табады. Мысалы, «ҚР-ның Үкіметі туралы» 1995 ж. 18 желтоқсандағы Конституциялық заң (1997 ж. 24 ақпандағы және 1999 ж. 6 мамырдағы өзгерістер мен толықтыруларды қоса), негізгі принциптердің, олардың ішінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету принципінің негізінде қолданылады.

Атқарушы билік органдары қызметінің аясымен шектелген осы сипаттағы тиісті міндеттері олар туралы ҚР-сы Президенті немесе әдетте, ҚР-сы Үкіметі бекітетін ережелерде белгіленеді.

2. Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың әкімшілік-құқықтық кепілдіктері

Бұл атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының іске асырылуына байқау жасау туралы, оларды тікелей қорғау туралы, ақырында, оларды бұзған жағдайда әкімшілік-құқықтық санкциялар қолдану туралы іс-әрекеттерді жүзеге асыруы.

Азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын іске асыру аясындағы байқау жасап отыру (бақылау-қадағалау) өкілеттіктері белгілі бір көлемде барлық атқарушы билік органдарына, жалпы құзыреті барға да, сондай-ақ салалық және салааралық құзыреті барларға да берілген. Сонымен бірге белгілі бір жалпы міндетті болып табылатын ережелердің, мысалы, санитарлық-гигиениалық, табиғат қорғау, өрт қауіпсіздігі, т.б. орындалуына байқау жасауды жүзеге асыратын арнайы қадағалау органдары бар. Бұл орайда олар қоғамдық қатынастардың тиісті салаларындағы азаматтардың құқықтарының іс жүзінде қалай қамтамасыз етілетінін бақылап отырады.

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) азаматтардың құқықтарын *тікелей қорғауы* олардың заңдық биліктік құралдардың жеткілікті түрдегі кең көлемін іс жүзінде пайдалануын болжайды. Оларға мыналарды жатқызуға болады: азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын бұзатын басқарудың құқықтық актілерінің қолданылуын тоқтата тұру. Мысалы, ҚР-ның Президенті Үкіметтің және облыстар, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасы әкімдері актілерін не толық немесе

ішінара тоқтата тұрады; егер кәсіпорындар мен мекемелердің жағдайы азаматтардың денсаулығы мен өміріне қауіп туғызатын болса, онда олардың жұмысын тоқтата тұру (мысалы, мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, еңбек қорғау саласындағы мемлекеттік қадағалау органдары, т.б.); азаматтардың құқықтарын бұзатын басқарудың заңсыз актілерінің күшін жою, ҚР-ның Үкіметі орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының, ал ҚР-ның Президенті - Үкіметтің осы сияқты актілерінің, т.б. күшін жоюға құқылы.

5.4. Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері

ҚР-ның аумағындағы шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар Конституцияда, заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Республика азаматтары үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады (ҚР-сы Конституциясының 12 б., 4-т).

Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы ҚР-ның заңдары ел Конституциясына негізделеді. Соған сәйкес ҚР-дағы шетелдіктердің әкімшілік-құқықтық мәртебесіне жататын нормативтік ережелер «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» ҚР-ның 1995 ж. 19 маусымдағы заңында², ҚР-сы Үкіметінің 2000 ж. 28 қаңтардағы қаулысымен бекітілген «Шетелдік азаматтардың ҚР-сына келуінің және болуының, сондай-ақ олардың ҚР-нан кетуінің Тәртібінде» және басқа да заң актілерінде, мысалы, ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде қаралған.

ҚР-дағы шетелдіктердің құқықтық жағдайы, сондай-ақ ҚР-ның халықаралық шарттарымен де анықтала алады. Егер ҚР-сы ратификациялаған халықаралық шартта аталған Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады. 1995 ж. 19 маусымдағы Заңда шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға кімдер жататыны айқындалған. ҚР-ның азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі бар адамдар ҚР-дағы шетелдіктер болып танылады. Ал ҚР-ның азаматтары емес және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына қатысты екендігінің дәлелі жоқ адамдар азаматтығы жоқ адамдар болып танылады. Жоғарыда аталған заңнамалық

актілер шетелдіктердің ҚР-сында тұрақты тұратындарын және уақытша жүргендерін, сондай-ақ оның аумағы арқылы транзитпен өтетіндерін бөліп ажыратады.

Әділет органдары берген рұқсаты бар және одан тұруға ықтияр хат алған шетелдіктер ҚР-да тұрақты тұрушылар деп танылады. Мұндай рұқсатты алуға үміткер адам белгіленген тәртіппен және мөлшерде өзінің төлем қабілеттілігін растау керек. Бұл уәкілетті органның рұқсат беруінің міндетті шарты болып табылады. Мұндай адамдар қатарына оралмандар, ҚР-да немесе Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасында туған немесе бұрын оның азаматтығында тұрған адамдар және олардың отбасы мүшелері жатпайды.

ҚР-да өзгедей заңды негізде жүрген, сондай-ақ оларға қатысты ҚР-ның Қылмыстық кодексіне сәйкес ауыр немесе аса ауыр қылмыстар деп танылатын әрекеттер жасалуы салдарынан жәбірленуші деп танылған шетелдіктер ҚР-да уақытша жүрген деп есептеледі. Олар ҚР-ның аумағына келген сәттен бастап үш тәуліктің ішінде белгіленген тәртіппен төлқұжатын тіркеуге және өздеріне белгіленген болу мерзімі өткен соң ҚР-нан кетуге міндетті.


Жоғарыда аталған заңнамалық актілерде шетелдіктердің ҚР-на келуі мен кетуінің шарттары мен тәртібі бекітілген. Шетелдіктер, егер ҚР-ның тиісті тараппен келісімінде өзгеше тәртіп белгіленбесе, жарамды паспортымен немесе оны алмастыратын құжаттарымен ҚР-ның келу визасы (келу рұқсатнамасы) болған жағдайда Қазақстанға келе алады.

Шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың әкімшілік-құқықтық мәртебесінің мазмұны

Қазақстан заңдарында және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар республикада азаматтар үшін белгіленген құқықтар мен бостандықтарды пайдаланады, сондай-ақ міндеттер атқарады

ҚР-ның азаматтарымен бірдей жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылыққа жатады

ҚР-ның аумағында жасалған әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық туралы мәселе, егер бұл адамдар қолданылып жүрген заңдар мен халықаралық шарттар бойынша ҚР-ның әкімшілік юрисдикциясынан иммунитетпен пайдаланатын болса, дипломатиялық жолмен шешіледі



1.18-сурет . Шет ел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

Соңғы жылдары азаматтардың жаңа санаттары пайда болды, олардың бір бөлігі шетелдіктер немесе азаматтығы жоқ адамдар. Бұлар қоныс аударушылар (оралмандар) мен босқындар. Олардың мәртебелері «Халықтың көші-қоны туралы» ҚР-ның 1997 ж. 13 желтоқсандағы заңымен және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдармен реттелген.

Басқа мемлекеттерден ҚР-на қоныс аударып көшіп келушілерге Қазақстанның заңнамасында көзделген жағдайларда, оралмандар, босқындар мәртебесі не ҚР-сы ратификациялаған халықаралық шарттарда көзделген өзге де мәртебе беріледі.

ҚР-на келген кезде шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға белгіленген тәртіппен көші-қон карточкалары беріледі. Қазақстан аумағындағы әрбір көші-қон субъектісі өзінің тұрақты немесе уақытша тұратын жері бойынша ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан өткен күннен бастап, бес күн ішінде тіркелуге міндетті. ҚР-да тұрақты тұруға ішкі істер органдарынан рұқсат алған шетелдіктерге шетелдіктің Қазақстанда тұруына ықтияр хат, ал азаматтығы жоқ адамдарға азаматтығы жоқ адамның куәлігі беріледі.

ҚР-ның шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға саяси баспана беру мәселелерін ҚР-ның Президенті шешеді (ҚР-сы Конституциясының 44 б., 14-т.).

5.5. Қазақстан Республикасы Президентінің атқарушы билік аясындағы өкілеттіктері

ҚР-ның 1995 ж. Конституциясы бойынша Президент атқарушы биліктің басшысы болып табылмайды. Бірақ, оған Конституцияның III-бөлімінің баптарымен, «ҚР-ның Президенті туралы» 1995 ж. 26 желтоқсандағы Конституциялық заңмен және оған 1999 ж. 6 мамырда енгізілген өзгерістермен және толықтырулармен атқарушы билік механизмін құруға және оның қызмет атқаруына белсене әсер етуге мүмкіндік беретін мол өкілеттіктер берілген.

Олар алдымен Конституцияның 40 және 44 бабына сәйкес Президенттің мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын жыл сайынғы Қазақстан халқына арналатын Жолдауында айқындалатын және Мемлекеттік бағдарламаларды бекітетін өкілеттігінен көрініс табады.

Ол мемлекет басшысы ретінде көпшілігінде мемлекеттік басқару аясында іске асырылатын адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының кепілі болып табылады; мемлекеттік биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді; Қазақстан халқына елдегі жағдай мен Республиканың ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары туралы жыл сайын Жолдау арнайды. Мысалы, Президенттің 2006 ж. 1 наурыздағы Жолдауы «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» деп аталады. Жолдауда оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері мен жолдары және барлық атқарушы биліктің субъектілерінің нақты міндеттері айқындалған.

Конституцияның 44 бабына сәйкес ҚР-сы Президенті, атап айтқанда, Парламенттің келісімімен Республиканың Премьер-Министрін қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады; ерекше маңызды мәселелер бойынша Үкімет отырыстарына төрағалық етеді; Үкіметінің орнынан түсуі туралы шешім қабылдайды; Парламенттің келісімімен ҚР-сы Ұлттық Банкінің Төрағасын қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады; Премьер-Министрдің ұсынуымен Республика Үкіметінің құрылымын белгілейді. Қазіргі кезде ол ҚР-сы Президентінің «ҚР-сы Үкіметінің құрылымы туралы» 1999 ж. 22 қаңтардағы жарлығымен және бұдан бұрын аталған 2004 ж. 29 қыркүйектегі жарлығымен оған енгізілген

өзгерістермен және толықтырулармен бекітілген. Президент Үкімет мүшелерін қызметке тағайындайды, олардың антын қабылдайды және қызметтен босатады; Сенаттың келісімімен Республиканың Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасын қызметке тағайындайды, оны қызметтен босатады.

Президент ҚР-ның Қауіпсіздік Кеңесін құрып, басқарады. Ол туралы Ереже Президенттің 2002 ж. 29 қыркүйектегі жарлығымен бекітілген. Президент ҚР-ның Әскери доктринасын бекітеді. Қазіргі колданыстағы Доктрина Президенттің 2000 ж. 10 ақпандағы жарлығымен бекітіліген. Президент шет мемлекеттер мен халықаралық ұйымдардағы Республика дипломатиялық өкілдіктерінің басшыларын тағайындайды және кері шақырып алады, т.б. (ҚР-сы Конституциясының 44, 70, 82-баптары).

Президенттің «ҚР-сы Конституциясының әлеуетін одан әрі пайдалану жөніндегі шаралар туралы» 2005 ж. 4 мамырдағы жарлығына сәйкес өкілдіктердің басшылары олардың кандидатураларын Парламент Сенатының бейіндік комитетінде алдын ала талқылағаннан кейін тағайындалатын болады.

ҚР-ның Президенті ҚР-сы Премьер-Министрінің ұсынуы бойынша республикалық атқарушы билік органдарының жүйесі мен құрылымын бекітеді, оларға өзгерістер енгізеді. Президент Республика Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысы болып табылады, Қарулы Күштердің Жоғарғы қолбасшылығын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

ҚР-ның Президенті, сондай-ақ ҚР-сы Үкіметінің құрамына өзгерістер енгізеді, республикалық (орталық) атқарушы билік органдарын құрады, біріктіреді, таратады, қайта құрады.

Президент өзіне тікелей бағынышты және есеп беретін мемлекеттік органдар құрады, олардың басшыларын тағайындайды, осы органдар туралы ережелерді бекітеді (мысалы, ҚР-ның Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігі, ҚР-ның Экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмысқа қарсы күрес жөніндегі агенттігі (қаржы полициясы)).

Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде *әскери жағдай* енгізеді. Конституциямен қаралған жағдайларда және тәртіп бой-

ынша Президент Қазақстанның бүкіл аумағында және оның жекелеген жерлерінде *төтенше жағдай* енгізеді.

ҚР-ның Президенті Конституция мен заңдар негізінде және оларды орындау үшін Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші бар *жарлықтар* мен *өкімдер* шығарады. Президент жарлықтарының көпшілігі мемлекеттік атқарушы билік органдарының ұйымдастырылуы мен қызметінің әр түрлі жақтарына арналады.

ҚР-ның Президенті Үкіметтің және облыстар, республикалық маңызы бар қала мен республика астанасы өкімдері актілерінің күшін жояды не толық, немесе ішінара тоқтата тұруға құқылы.

ҚР-сы Президентінің қызметін ұйымдастыруда оның өзі құратын Президент Әкімшілігі үлкен рөл атқарады.

Президент Әкімшілігі - Мемлекет басшысына тікелей бағынатын және есеп беретін, «ҚР-ның Президенті туралы» Конституциялық заңның 32 бабында белгіленген міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін *мемлекеттік орган*. Осыған сәйкес Президенттің 2002 ж. 11 қазандағы жарлығымен бекітілген «ҚР-сы Президентінің Әкімшілігі туралы» Ережеде Президент Әкімшілігінің негізгі міндеттері нақтыланған. Олар, мысалы мыналар: ҚР-сы Президентінің, Мемлекет басшысы жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың қызметін қамтамасыз ету; мемлекеттік органдардың қызметін жалпы бақылау, оның ішінде Президенттің актілері мен тапсырмаларының орындалуына бақылау жасау; Президенттің шешімдерін сөзсіз, түбегейлі және уақтылы орындау; Президентті елдегі және шетелдегі істің жағдайы туралы уақтылы әрі толық хабардар ету.

Президент Әкімшілігін Республика Президенті қызметке тағайындап, қызметтен босататын және оның тікелей басшылығымен жұмыс істейтін Президент Әкімшілігінің Басшысы басқарады. Президент Әкімшілігі басқармаларының, бөлімдерінің және басқа маңызды құрылымдық бөлімшелерінің басшыларын, сондай-ақ Мемлекет басшысының көмекшілері мен кеңесшілерін Президент өз өкімімен қызметке тағайындап, қызметтен босатады.


Президент Әкімшілігінің жоғарыда аталған Ережеде көзделген өкілеттіктерін іске асыру үшін мемлекеттік органдар мен лауазымды тұлғалардан барлық қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге материалдарды сұратуға және алуға құқығы бар.

5.6. Қазақстан Республикасының Үкіметі

ҚР-ның Үкіметі - ҚР-сы мемлекеттік билігінің жоғарғы атқарушы органы. Оның құқықтық жағдайы ҚР-ның Конституциясымен (64-70 баптар), «ҚР-ның Үкіметі туралы» 1995 ж. 18 желтоқсандағы Конституциялық заңмен, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 1997 ж. 24 ақпандағы және 1999 ж. 6 мамырдағы Конституциялық заңдармен белгіленген.

ҚРның Үкіметі - ҚР-да атқарушы биліктің біртұтас жүйесін басқаратын алқалы орган. ҚР-ның Премьер-министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Премьер-министр Кеңесінің басшысы Үкімет мүшелері болып табылады. ҚР-сы Президенті өз қалауы бойынша Үкімет құрамына республикалық атқарушы билік органдарының өзге де басшыларын енгізуі мүмкін. ҚР-сы Президенті ҚР-ның Конституциясында қаралған тәртіппен ҚР-ның Премьер-министрін тағайындайды. Оны қызметінен босатуды Премьер-министрдің орнынан түсетіні туралы арызы бойынша немесе ол өз өкілеттіктерін орындай алмайтын жағдайда Президент жүзеге асырады. Премьер-министрдің орнынан түсуін Президенттің қабылдауы немесе оны қызметінен босатуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

Премьер-министр өзі тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы Президентке ұсыныс енгізеді. Үкіметтің құрылымын министрліктер және өзге де орталық атқарушы органдар құрайды. Үкімет құрамына Үкімет мүшелері Республиканың Премьер-министрі, оның орынбасарлары, министрлер және республиканың өзге де лауазымды адамдары кіреді. Президент Премьер-министрдің ұсынуымен Премьер-министрдің орынбасарлары мен министрлерді қызметке тағайындайды және қызметтен босатады. Жоғарыда аталған Президенттің 2005 ж. 4 мамырдағы жарлығымен әлеуметтік-экономикалық блок министрлерін олардың кандидатураларын Парламент Мәжілісі мен Сенатының бейіндік комитеттерінде алдын ала талқылағаннан кейін тағайындау тәжірибеге енгізілетін болды.



1.19-сурет. Үкімет - Қазақстан Республикасының атқарушы билігі.

ҚР-ның Үкіметі атқарушы билік органдарының қызметіне басшылық жасайды және олардың жұмысына бақылау жасауды жүзеге асырады. Республика деңгейіндегі атқарушы билік органдары Үкіметке бағынышты және оның алдында жауап береді.

Республика Үкіметі оның құрамына кірмейтін министрліктердің және басқа орталық атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасауды жүзеге асырады, олардың заңдарды, Республика Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын қамтамасыз етеді Үкімет министрліктердің және өзге де орталық атқарушы органдар басшыларының ұсынуы бойынша министрліктер мен өзге де атқарушы органдар туралы ережелерді, сондай-ақ олардың аумақтық органдарының және оларға ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиттерін бекітеді; министрліктердің орынбасарларын, Үкімет құрамына енбейтін орталық атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарларын, республика ведомстволарының басшыларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады; республиканың министрліктері, өзге де орталық және жергілікті атқарушы органдары актілерінің қолданылуын толық не бір бөлігінде жоюға не тоқтата тұруға құқылы.

Үкімет өзінің құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстарды талдап жасау үшін *Үкімет жанындағы комиссиялар, кеңестер мен консультативтік - кеңесші органдар* құруға және таратуға құқылы.

Консультативтік-кеңесші органдарды Премьер-министр, оның орынбасарлары, Үкімет мүшелері басқарады. Бұл органдар шешім-

дері ұсынымдық сипатта болады. Бұл консультативтік-кеңесші органдар мен Үкіметтің шешімі бойынша құрылатын жұмыс топтарын құру тәртібі, қызметі мен таратылуы ҚР-сы Үкіметінің 1999 ж. 16 наурыздағы қаулысымен бекітілген Нұсқаулықпен реттеледі.

ҚР-ның Үкіметі өзінің күнделікті қызметінде әр түрлі өкілеттіктерді жүзеге асырады. Оның жалпы өкілеттіктерінің ішінде: Қазақстанның ішкі және сыртқы саясатын жүзеге асыруды ұйымдастыру; әлеуметтік-экономикалық аядағы реттеу; мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеу және оларды жүзеге асыруды қамтамасыз ету; өзіне берілген заң шығару бастамасы құқығын іске асыру.

ҚР-сы Үкіметінің өкілеттіктері еліміздің әлеуметтік-экономикалық өмірінің әр түрлі аяларында неғұрлым айқын көрініс табады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің құқықтық актілері. Республика Үкіметі Конституцияның, заңдардың, Президент актілерінің, өзге де нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін өз құзырындағы мәселері бойынша қаулылар шығарады. Үкімет қаулыларына Премьер-министр қол қояды.

Республика Премьер-министрі өкімдер шығарады. Оның өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады. Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкімет қаулылары мен Республика Премьер-министрі өкімдерінің Республиканың бүкіл аумағында міндетті күші болады.

Азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты Үкіметтің барлық актілері ресми басылымдарда міндетті түрде жариялануға жатады. Мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпиялар болып саналатын мағлұматтар бар актілер жариялануға жатпайды.

Үкіметтің нормативтік қаулылары, егер олардың өзінде қолданысқа енгізу туралы өзге мерзімдер көрсетілмесе, олар алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Үкімет қаулыларының күшін Республика Президенті мен Үкіметі жоя алады. Премьер-министрдің өкімдерінің күшін Республика Президенті, Үкіметі және Премьер-министрі жоя алады.

Үкімет өзінің бүкіл қызметінде Конституцияда және ҚР-сы Үкіметі туралы Конституциялық заңда белгіленген нысандарда Республика Президентінің алдында жауапты.

ҚР-сы Премьер-министрінің орынбасарлары мен Үкіметтің өзге мүшелерінің де өкілеттіктері белгіленген. ҚР-сы Премьер-министрінің орынбасарлары өз қызметін Премьер-министр белгілейтін міндеттердің бөлінуіне сәйкес жүзеге асырады. Олар шешуші дауыс құқығымен Үкіметтің отырыстарына, Үкіметтің саясатын жасап, жүзеге асыруға қатысады; Үкіметтің қаулылары мен Премьер-министрдің өкімдерін дайындауға қатысады, олардың орындалуын қамтамасыз етеді; міндеттерді бөлуге сәйкес атқарушы билік органдарының жұмыстарын үйлестіреді, оларға тапсырмалар береді және қызметтеріне бақылау жасайды; Үкіметке ұсынылған ұсыныстарды, қаулылар мен өкімдердің жобаларын алдын-ала қарайды.

Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің не оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқатылғанын білдіреді. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған жағдайда Президент оған өз міндеттерін одан әрі жүзеге асыра беруді тапсырады.

Президент өз бастамасы бойынша да Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез келген мүшесін қызметінен босатуға құқылы.

5.7. Орталық атқарушы билік органдары

Орталық атқарушы билік органдарының әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері негізінен 1995 ж. 18 желтоқсандағы «ҚР-ның Үкіметі туралы» Конституциялық заңда, ҚР-сы Президентінің 1993 ж. 9 маусымдағы «Атқарушы өкіметтің орталық органдарының жүйесін ретке келтіру туралы», 1999 ж. 22 қаңтардағы «ҚР-сы Үкіметінің құрылымы туралы», 1999 ж. 13 қазандағы «ҚР-сы мемлекеттік органдарының құрылымын жетілдіру және олардың құзыретін нақтылау жөніндегі шаралар туралы», 2000 ж. 13 желтоқсандағы «ҚР-ның жекелеген мемлекеттік органдарын қайта ұйымдастыру, тарату және құру туралы», 2004 ж. 29 қыркүйектегі «ҚР-ның мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы», 2006 ж. 27 наурыздағы «ҚР-ның мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі ретке келтіру және оның тиімділігін арттыру жөніндегі шаралар туралы» және басқа жарлықтарында көрініс тапқан.

1. *ҚР-ның Министрлігі* тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республиканың орталық атқарушы органы болып табылады. Сонымен бірге ҚР-сы Үкіметінің 1999 ж. 12 ақпандағы қаулысымен бекітілген «Мемлекеттік мекеме (мемлекеттік орган) туралы Ереже әзірлеу жөніндегі Нұсқаулықта» ҚР-ның заңнамаларымен белгіленген тәртіппен құрылатын мемлекеттік басқару және бақылау функцияларын орындауға уәкілеттік берілген мемлекеттік мекеме мемлекеттік орган болып табылады делінген. Бұл Нұсқаулық ҚР-сы Үкіметі мен барлық деңгейдегі әкімдерге бағынысты және есеп беретін мемлекеттік органдарға қолданылады. Бұл жерде тек атқарушы билік органдары турасында ғана айтылған болуы керек.

Нұсқаулық бойынша мемлекеттік органдар республикалық, аймақтық және жергілікті болып бөлінеді. Республикалыққа қызметі республиканың бүкіл аумағында жүзеге асырылатын және өкілеттігі қолданылатын мемлекеттік органдар жатады. Дәл осындай органдар болып, ең алдымен ҚР-ның министрліктері саналады. ҚР-ның Үкіметі туралы Конституциялық заңда министрлік тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдармен көзделген шекте-салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Республика орталық атқарушы органы болып табылады деп бекіткен. Ал Үкіметтің әр министрлік туралы бекіткен ережесінде олардың толық атауында «мемлекеттік мекеме» деп көрсетілген.

Министрдің функциялары мен өкілеттіктері ҚР-ның Үкіметі туралы Конституциялық заңның негізінде ҚР-сы Үкіметінің 1999 ж. 29 сәуірдегі қаулысымен бекітілген «ҚР-сы Министрі туралы» Ережемен және әрбір министрлік туралы Үкіметтің бекітетін Ережесімен айқындалады.

Соларға сәйкес, Министр Министрліктің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды, министрлікке жүктелген міндеттердің орындалуы және оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін дербес жауап береді.

1. *ҚР-ның Агенттіктері.* Республика Премьер-министрінің ұсынысы бойынша ҚР-ның Президенті құратын ҚР-ның Агенттігі Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган болып табылады.

Агенттік тиісті мемлекеттік басқару саласына басшылықты, сондай-ақ заңдарда белгіленген шектерде салааралық үйлестіруді және өзге де арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асырады. Бұлардың министрліктерден басты айырмашылығы, біріншіден, олардың Үкіметтің құрамына кірмейтіндігі және екіншіден, олардың арнайы атқару және рұқсат беру міндеттерін жүзеге асыруы болып табылады.

Агенттік мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ заңнамаға сәйкес қазынашылық органдарда шоттары болады.

2. Орталық атқарушы органның ведомствосы. Республиканың орталық атқарушы органының Комитеті ведомство болып табылады. Ведомстволар министрліктің құрылымдық бөлімшелері ретінде бекітілгендіктен, комитеттер министрліктердің құрамына кіреді. Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен ҚР-ның Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

ҚР-сы Президентінің «ҚР-ның мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» 2004 ж. 29 қыркүйектегі Жарлығында министрліктердің құрамына кіретін комитеттерге - мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі функциялар, бақылау және қадағалау функциялары бекітілсін делінген. Осыған орай Комитет тиісті министрліктің құзыреті шегінде мемлекеттік басқару саласында арнайы атқару және бақылау — қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

Ведомствоның құрылымы, негізгі міндеті мен құзыреті және басқа мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылының тәртібі әрбір Комитет туралы ҚР-ның Үкіметі бекітетін Ережеде айқындалады. Бұл Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

ҚР-сы Конституциясының VIII-бөлімінің (85,87-баптардың нормалары бойынша тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілді және атқарушы органдар жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асырады.

Жергілікті атқарушы органдар ҚР-ның атқарушы органдарының бірыңғай жүйесіне кіреді, тиісті аумақтың мүддесі мен даму

кажеттілігін ұштастыра отырып, атқарушы биліктің жалпы мемлекеттік саясатын жүргізуді қамтамасыз етеді. Жергілікті атқарушы органдардың қарауына мыналар жатады:

1) аумақты дамыту жоспарларын, экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларын, жергілікті бюджетті әзірлеу және олардың атқарылуын қамтамасыз ету;

2) коммуналдық меншікті басқару;

3) жергілікті атқарушы органдардың басшыларын қызметке тағайындау және қызметтен босату, жергілікті атқарушы органдардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты өзге де мәселелерді шешу;

4) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесіне сай заңдармен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру.

Жергілікті атқарушы органдардың құзыреті, ұйымдастырылуы және олардың қызмет тәртібі «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» 2001 ж. 23 қаңтардағы заңмен және басқа заңдармен, Президенттің және Үкіметтің нормативтік кесімдерімен белгіленеді.

Аталған заң бойынша облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың), ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын, өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы *орган жергілікті атқарушы орган (әкімдік)* болып табылады. Әкімдікті әкім орынбасарларынан, әкім аппаратының басшысынан, жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың бірінші басшыларынан тиісті аумақтың әкімі құрады. Әкімдіктің дербес құрамы тиісті аумақтың мәслихат сессиясының шешімімен келісіледі. Облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың аумақтық бөлімшелерінің бірінші басшылары да жоғары тұрған тиісті органдар басшыларымен келісім бойынша аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) Әкімдіктің мүшелері болуы мүмкін. Жергілікті мемлекеттік басқару қызметінің экономикалық және қаржылық негізін жергілікті бюджет; коммуналдық заңды тұлғаларға бекітілген мүлік; заңдарға сәйкес коммуналдық меншіктегі өзге де мүлік құрайды.

Әкімдіктердің құзыретіне жататын мәселелердің тізбесі жоғарыдағы заңның 27 және 31 бабында бекітілген.

Әкімдіктер мен әкімдердің міндеттері мен өкілеттіктері «ҚР-ның кейбір заң актілеріне жергілікті мемлекеттік басқару мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 ж. 11 мамырдағы; «ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің ара-жігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2004 ж. 20 желтоқсандағы; «ҚР-дағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» 2004 ж. 21 желтоқсандағы заңдармен нақтыланып, кеңейте түсілген.

Әкім - ҚР-ның Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және тиісті аумақта мемлекеттік саясаттың жүргізілуін, Республиканың орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР-ның заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтық әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі.

Облыс (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) әкімін Премьер-министрдің ұсынуы бойынша ҚР-ның Президенті қызметке тағайындайды. Оны қызметінен Президент босатады. Аталған аумақ әкімінің өкілеттігі ҚР-ның жаңадан сайланған Президенті қызметіне кіріскен кезде тоқтатылады. Бұл ретте әкім Президент тиісті әкімді тағайындағанға дейін өз міндетін атқаруды жалғастыра береді.

Аудан (облыстық маңызы бар қала), Республикалық маңызы бар қаладағы (астанадағы) аудан, аудандық маңызы бар қала, кент ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімдері ҚР-сы Президенті белгілейтін тәртіпте қызметке тағайындалады немесе сайланады. Президент белгілеген тәртіпте олар қызметінен босатылады және өз өкілеттігін тоқтатады.

ҚР-сы Президентінің 2001 ж. 23 маусымдағы «Ауылдық (селолық) округтердің, ауылдар (селолар), кенттер әкімдерін сайлау туралы» жарлығы шықты. Осы жарлықпен бекітілген аталған әкімшілік-аумақтық бірліктерде әкімдер сайлауын өткізу Ережелеріне сәйкес 2001 ж. 20 қазанда тәжірибе ретінде 28 ауылдық округтерде ауыл әкімдерінің сайлауы өткізілді. Тиісті ауылдық (селолық) округтің, ауылдың (селоның), кенттің әкімі 2 жыл мерзімге сайла-

нады. Аудандық (қалалық) сайлау комиссиясының сайланған әкімді тіркеу туралы шешімінің негізінде аудан (қала) әкімі тиісті аумақтың әкімін бір тәулік ішінде тағайындайды.

Ауыл (село), кент әкімдерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатудың және атқарылатын қызметінен мерзімінен бұрын босатудың негіздері мен себептері аталған Ережелердің 8-тарауында қаралған. Ауыл, кент әкімінің өкілеттіктерін тоқтату Ережелерде көрсетілген негіздер бойынша тиісті аудан әкімінің шешімімен ресімделеді. Ал әкімді қызметінен босату тиісті аудандық (қалалық мәслихаттың депутаттарының үштен екісінің келісімін алған жағдайда, жоғары тұрған әкімнің шешімімен жүзеге асырылады.

ҚР-ның Президенті «ҚР-ның ауылдық (селолық) округтері, ауылдары (селолары), кенттері әкімдерінің сайлауын өткізу туралы» 2004 ж. 6 желтоқсандағы Жарлығымен ҚР-ның Орталық сайлау комиссиясы аталған әкімшілік аумақтардың әкімдерін сайлауды 2005 ж. тамыздан бастап 2007 ж. аяқтасын деп белгіледі. Осы жарлықпен әкімдер сайлауын өткізудің жаңа Ережелері бекітілді.

Сонымен бірге Президент «ҚР-ның жекелеген аудандары әкімдерінің сайлауын эксперимент ретінде өткізу туралы» 2004 ж. 6 желтоқсанда Жарлық шығарып, оны өткізудің Ережелерін бекітті.

Президенттің 2006 ж. 6 маусымдағы жарлығымен «ҚР-ның аудандары, облыстық маңызы бар қалалары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесі» бекітілді. Осы Жарлыққа сәйкес 2006 ж. қазан айында ҚР-сы әкімшілік-аумақтық бөлу отыз пайызында аудандар, облыстық маңызы бар қалалар әкімдерінің сайлауы өткізілді.

Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) әкімінің құзыреті негізінен жергілікті мемлекеттік басқару туралы заңның 29-бабында қаралған.

Әкімдіктің және (немесе) әкімнің актілерінің қолданылуын тиісті прокурор тоқтата тұруы мүмкін.

ҚР-ның Президенті, Үкіметі, жоғары тұрған әкімдік және (немесе) әкім, әкімдіктің және (немесе) әкімнің өзі, сондай-ақ соттың шешімі әкімдіктің және (немесе) әкімнің актілерінің қолданылуын жоюы не толық, немесе ішінара тоқтата тұруы мүмкін.

Әкімнің қызметін ақпараттық-талдау тұрғысынан, ұйымдық-құқықтық және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ететін оның аппараты болады. Облыс (республикалық маңызы бар

қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппаратын тиісінше олардың әкімдігі құрады. Қаладағы аудан, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округ әкімінің аппаратын республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады.

Әкім аппараты туралы ережені, оның құрылымын тиісті әкімдік бекітеді. Әкім аппараты жергілікті бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекеме болып табылады.

Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдарды тиісті мәслихат бекіткен әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасы шеңберінде облыс (республикалық маңызы бар қала, астана), аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдігі құрады. Бұл органдарды құрғанда ҚР-сы Үкіметінің «ҚР-ның жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту туралы» 2004ж. 4 қазандағы қаулысымен бекітілген жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымы басшылыққа алынады. Ол бойынша үлгі құрылым үш топқа бөлінген:

1. Республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі. Бұлар 21 түрлі атқарушы органдар (департаменттер, басқармалар, бөлімдер) құра алады.

2. Ауданның және облыстық маңызы бар қаланың (тұрғындар саны 50000 адамнан артық) әкімдігі 10 түрлі атқарушы орган (бөлімдер) құруы мүмкін.

3. Ауданның (тұрғындар саны 50000 адамнан аз) әкімдігі 7 түрлі атқарушы орган құруға құқылы. Жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын атқарушы органдардың құзыреті мен қызметін ұйымдастыруды Республика заңдарының талаптарын сақтай отырып тиісті әкімдік белгілейді.

Жергілікті атқарушы орган (әкімдік) – облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) әкімі басқаратын өз құзыреті шегінде тиісті аумақта жергілікті мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын алқалы атқарушы орган

Әкім – ҚР-сының Президенті мен Үкіметінің жергілікті атқарушы органды (ол құрылған жағдайда) басқаратын және өзіне сеніп тапсырылған ҚР-сы орталық атқарушы органдарының барлық аумақтық бөлімшелерінің үйлесімді қызмет істеуін, тиісті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдарға басшылықты қамтамасыз ететін, ҚР-ның заңдарына сәйкес мемлекеттік басқару өкілеттігі берілген, тиісті аумақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының жай-күйіне жауапты өкілі

1.20-сурет. Жергілікті атқарушы билік органдары.

6-тақырып.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылу керек:

6.1. Мемлекеттік қызметтің ұғымы, маңызы және принциптері.

6.2. Мемлекеттік лауазым.

6.3. Мемлекеттік қызметшілер. Лауазымды адамдар.

6.4. Мемлекеттік қызметшілер мәртебесінің негіздері.

6.5. Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу және олардың жауаптылықтары.

Бұрынғы Кеңес өкіметінің кезінде мемлекеттік қызметке арнайы арналған заңнама болмады. Ол кезде мемлекеттік қызмет адамдардың еңбек ету қызметі нысандарының бірі ретінде түсінілді, оның ерекшелігі тікелей қол еңбегімен материалдық құндылықтар жасау немесе қандай да бір өндірістік-шаруашылық қызмет көрсету емес, әкімшілік (ұйымдастыру, басқару), әлеуметтік - мәдени және тәрбиелеу функцияларын жүзеге асыру болып саналады.

Мемлекеттік қызмет осындай кең мағыналы ұғымында кез келген мемлекеттік ұйымдағы, яғни тек қана мемлекеттік органдардағы емес, сонымен қатар мемлекеттік кәсіпорындардағы да (басшылар, инженер-техникалық қызметкерлер, т.б.), сондай-ақ мемлекеттік мекемелердегі де (мектептер, мәдени-ағарту және медицина мекемелері, т.б.) жұмыс түсіндірілді. Егер нақты бір адам мемлекет құрған лауазымға орналасқан болса, ол мемлекеттік қызметшілер қатарына жататын болды.

1995 ж. 26 желтоқсанда ҚР-сы Президентінің «Мемлекеттік қызмет туралы» заң күші бар жарлығы шықты. Бұл мемлекеттік қызметке арнайы арналған бірінші нормативтік-құқықтық акт еді. Ол қазіргі кездегі қолданыстағы 1999 ж. 23 шілдеде қабылданған «Мемлекеттік қызмет туралы» заңмен және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдармен одан әрі дамытылып, ауыстырылды.

Аталған заң бойынша *мемлекеттік қызметші* - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік қызмет – мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдардағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі міндеті

Мемлекеттік лауазым – мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бөлігі

Мемлекеттік қызметші- мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР-сы Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын ҚР-ның азаматы

Мемлекеттік қызметшілерді топтастыру

Мемлекеттік әкімшілік қызметші- мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші

Мемлекеттік саяси қызметші- тағайындалуы, босатылуы және қызметі саяси айқындаушы сипатта болатын және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші

1.21-сурет. Мемлекеттік қызмет. Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын топтастыру.

Мемлекеттік қызметтің маңыздылығы, мемлекеттің шешетін барлық мәселелерінің ішінде кадрлар, ең алдымен басшылар туралы мәселе негізгі болып табылатындығымен айқындалады. Тек мемлекеттік аппарат реформаларды, жаңа идеялар мен заңдық ережелерді жүзеге асыруға міндетті, бірақ басқару қызметінде болатын кемшіліктердің көпшілігі аппаратшылардың кейбір бөлігінің қабілетсіздігімен, қай кезде тіпті реформалық бағдарламаларды қабыл алмауымен, олардың сыбайлас жемқорлығымен байланысты екендігі белгілі. Мемлекеттің мықты кадр әлеуетінің тиімді етіп пайдалану - алғы шепте тұратын жалпыұлттық міндет. Әр түрлі саясаткерлер келеді, кетеді, ал мемлекеттік басқару машинасы барлық жағдайларда да қалтқысыз жұмыс істеуге тиіс. Мемлекеттік қызметті реформалау жөніндегі жүргізіліп жатқан

шаралар мемлекеттік аппараттың дәл, ұтымды және үнемді қызметін қамтамасыз етуге, оны партиялық немесе топтық мүдделерге пайдалану мүмкіндігін болдырмауға бағытталған.



1.22- сурет. Мемлекеттік қызметтің принциптері.

Мемлекеттік қызметтің принциптері ҚР-сы Конституциясының Республика азаматтарының мемлекеттік қызметке кіруге тең құқығы бар деп бекіткен нормаға негізделеді (33 б. 4-т). Олар мемлекеттік қызметті ұйымдастыру мен нақты жүзеге асырудың аса маңызды заңдылықтарын белгілейді. Мемлекеттік қызмет туралы заңның 3 бабында мемлекеттік қызмет негізделетін принциптер бекітілген.

6.2. Мемлекеттік лауазым

Мемлекеттік қызметтің ұғымы «мемлекеттік лауазым» ұғымымен өте тығыз байланысты.

Мемлекеттік лауазым заңмен мемлекеттік органның нормативтік-құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкілеттік пен лауазым лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі ретінде айқындалған.

Лауазым деп қызмет орны түсіндіріледі, ол оған орналасқан адамның құқықтық мәртебесін айқындайды. Бұл оның лауазымдық (қызметтік) міндеттерінің көлемі, оның лауазымдық (қызметтік) құқықтары, оның өзіне берілген құқықтарды жүзеге асыру және міндеттерді орындау үшін жауаптылығының шегі, сондай-ақ осы адамға қойылатын мамандық және біліктілік талаптар. Шын мәнінде лауазым мұндай ұғымында тиісті мемлекеттік органның, сондай-ақ Конституцияға және басқа заң актілеріне сәйкес, құрылатын өзге мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін жүзеге асыру жөніндегі тиісті адамның орындайтын жұмысының мазмұнын айқындауға қызмет етеді.

Мұндай «өзге» мемлекеттік органдарға, мысалы, Қазақстанның Ұлттық Банкі, ҚР-ның Прокуратурасы, Адам құқықтары жөніндегі Уәкілдің аппараты және т.б. жатады.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдары оларды тағайындау мақсаттарына қарай саяси және әкімшілік лауазымдарға бөлінеді.

Саяси лауазымдарға:

1. ҚР-ның Президенті тағайындайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары.

2. ҚР-сы Парламентінің Палаталары және Парламент Палаталарының Төрағалары тағайындайтын және сайлайтын мемлекеттік саяси қызметшілер, олардың орынбасарлары.

3. ҚР-сы Жоғарғы Сот аппаратының басшысы, оның орынбасарлары.

4. Конституцияға сәйкес Президент пен Үкіметтің өкілдері болып табылатын мемлекеттік саяси қызметшілер.

5. Орталық атқарушы органдар мен ведомстволарды басқаратын мемлекеттік саяси қызметшілер (басшылар), олардың орынбасарлары атқаратын лауазымдар жатады.

Саяси лауазымдарға Президент белгілейтін өзге лауазымдар да жатқызылуы мүмкін. Бұл екі топ лауазымдардың тізілімдері (Реестрлері) ҚР-сы Президентінің жоғарыда аталған Жарлықтарымен бекітілген. Саяси мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына ҚР-ның Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, орталық және жергілікті атқарушы билік органдарының басшылары мен олардың орынбасарлары және басқа республикалық мемлекеттік органдардың басшы қызметкерлері жатқызылған.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер үшін санаттар белгіленеді. Мемлекеттік әкімшілік лауазым санаты-мемлекеттік әкімшілік атқаратын, лауазымдық өкілеттіктің көлемі мен сипатын көрсететін әкімшілік лауазымдар жиынтығының саралаушылық сипаттамасы.

Мемлекеттік саяси қызметшілер үшін лауазым санаттары белгіленбейді. Сонымен мемлекеттік қызметшілер лауазымдарын жоғарыдағыдай екі топқа бөлудің негізгі мақсаты мемлекеттік қызмет аясында демократияландыруды қамтамасыз ету, саяси қызметке тағайындалатындардың шегін белгілеу, оларға байланысты кәсіби қызметшілердің ауысуларын болдырмау, сөйтіп мемлекеттік аппараттың қалыпты жұмыс істеуіне мүмкіндік туғызу және оның тиімділігін арттыру.

Президенттің 1999 ж. 29 желтоқсандағы №318 жарлығымен мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының Тізілімімен қоса санаттарының тізбесі бекітілген. Ол тізбе бойынша мемлекеттік әкімшілік лауазымдар А, В, С, Д, Е санаттар топтарына бөлінген.

6.3. Мемлекеттік қызметшілер. Лауазымды адамдар

«Мемлекеттік қызмет туралы» заң бойынша мемлекеттік қызметші болып мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР-сы Ұлттық

Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен қызметтерін іске асыру мақсатында лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын ҚР-ның азаматы болып табылады.

Мемлекеттік қызметшілер лауазымдарына және құқықтық жағдайына қарай екі топқа бөлінеді:

- мемлекеттік саяси қызметшілер;
- мемлекеттік әкімшілік қызметшілер.

Мемлекеттік саяси қызметшінің тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі саяси-айқындаушы ретіндегі және саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыру үшін жауап беретін мемлекеттік қызметші.

Мемлекеттік әкімшілік қызметші дегеніміз мемлекеттік саяси қызметшілердің құрамына кірмейтін, мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттікті жүзеге асыратын мемлекеттік қызметші.

Бірақ мемлекеттік қызметшілердің құрамы бірыңғай емес, олардың мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін іске асыру жөніндегі атқаратын қызметтері әр түрлі және олар біріне-бірі ұқсас емес жағдайларда жұмыс істейді. Сондықтан, оларды әртүрлі белгілер бойынша кейбір топтарға бөлуге болады.

1. Мемлекеттік қызметшілерді олардың қызмет атқарып отырған мемлекеттік өкімет органдары қызметінің көлемі бойынша республикалық және жергілікті деңгейдегі қызметшілерге бөлуге болады.

Республикалық мемлекеттік қызметшілер қызметінің сипаты тиісті республикалық мемлекеттік органдардың: Президент Әкімшілігінің, Үкімет Кеңесінің, Парламент Палаталары аппараттарының өкілеттіктеріне негізделеді.

Жергілікті жерлердегі мемлекеттік қызметте тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністің мемлекеттік өкімет органдарының қарауына жатқызылған мәселелер жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыратын мемлекеттік қызметшілер болады.

2. Егер республикалық органдардағы қызмет ерекшелігі сияқты белгіні негізге алатын болсақ, онда азаматтық және милитарландырылған (әскери ұйымдардың әдісін орнату) мемлекеттік қызметшілер бөлінеді (әскери қызметшілер, ішкі істер, қаржы полициясы және басқа органдар қызметкерлері).

3. Билікті бөлу принциптеріне сәйкес заң шығарушы (өкілді), атқарушы және сот билігі органдарының мемлекеттік қызметшілері ажыратылады.

Заң шығарушы билігі органы - ҚР-ның Парламенті заң шығару және Конституцияда көзделген шекте атқарушы билік органдарына қатысты бақылау қызметін атқарады. Осы жауапты қызметтерді ойдағыдай орындау үшін Парламент Палаталарының жоғары билікті қызметкерлер аппараттары болуға тиіс. Сондықтан бұларға «В» санаты тобының лауазымдарына (құрылымдық бөлімшелер басшылары, Палаталар төрағаларының көмекшілері, кеңесшілері және басқалар) мемлекеттік басқару, информатика, экономика, қаржы, құқық салалары бойынша мамандар-практиктер мен ғалымдар таңдап алынады. Тек осындай аппарат қана Парламенттің қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ете алады.

ҚР-сы Президентінің 2004 ж. 11 қазандағы жарлығымен бекітілген ҚР-ның мемлекеттік қызметшілерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру туралы Ережеде» мемлекеттік қызметшілерге қосымша кәсіби білім берудің негізгі нысандары ретінде мынадай түрлері белгіленген:

1) *қайта даярлау* - мемлекеттік қызметке алғаш қабылданған, сондай-ақ басшы әкімшілік лауазымға тағайындалған адамдар үшін алты аптаға дейінгі оқыту курстары;

2) *біліктілігін арттыру* - кәсіби қызметтің жекелеген бағыттары бойынша ҚР-да ұзақтығы үш күннен екі аптаға дейінгі, ал шетелде - бір жылға дейінгі мерзімді оқыту семинарлары ұйымдас-тырылады.

Мемлекеттік қызметшілерді қайта даярлау ҚР-сы Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясында және оның аумақтық орталықтарында - қызметшілерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру жүзеге асырылады.

Мемлекеттік органдар мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің біліктілігін арттыруды, шетелде оқытуды қоспағанда, кемінде үш жылда бір рет қамтамасыз етуге тиіс.

4. *Лауазымдық өкілеттіктердің көлемі бойынша* мемлекеттік қызметшілер лауазымды адамдарға (басшылар, өкімет өкілдері) және лауазымды адамдар болып табылмайтын қызметшілерге бөлінеді.

Лауазымды адам - бұл ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық - өкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам. Қазіргі кезде мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік-қызметтік қатынастарының сипаты мен лауазымдық өкілеттіктерінің көлемі олардың орналасқан «А», «В», «С», «Д» және «Е» санаттарының белгіленген мемлекеттік лауазымдарын бөлуге негізделеді. *Лауазымдық өкілеттік* - заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік. Мемлекеттік қызметшілердің өздері қызмет істейтін мемлекеттік органдардың өкілеттіктерін қамтамасыз ету мен атқару жөніндегі қызметінің әр түрлі бағыттылығы болуы мүмкін болатындықтан, мемлекеттік-қызметтік қатынастар ішкі (ішкі ұйымдастырушылық) және сыртқы қатынастарға бөлінеді.

6.4. Мемлекеттік қызметшілер мәртебесінің негіздері

Мемлекеттік қызметшінің әкімшілік құқықтық мәртебесі оның құрылымы мына элементтерді қамтиды: құқықтарын; негізгі міндеттерін; шектеулерді; кепілдіктерді; көтермелеуді; еңбек ақы төлеуді; зейнетақымен қамсыздандыруды; жауапкершілікті.

Мемлекеттік қызметшілердің құқықтары, біріншіден, оларға ҚР-ның азаматы ретінде Конституциямен және заңдармен берілген; екіншіден, олардың мемлекеттік қызметтің мемлекеттік лауазымына орналасу фактісімен туындайтын (лауазымдық немесе қызметтік құқықтар); үшіншіден, мемлекеттік-қызметтік жұмыстың жекелеген түрлерінің ерекшеліктерімен айқындалатын (мысалы, салықтық, кедендік, әскери қызмет) құқықтық мүмкіндіктердің кешені болып табылады.

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 8 бабында қызметшілердің едәуір көлемде қызметтік (лауазымдық) құқықтарын бекіткен. Олардың ішінде ең маңыздылары мыналар:

- өз өкілеттігі шегінде мәселелерді қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға қатысуға, тиісті органдар мен лауазымды адамдардың оларды орындауын талап етуге;

- белгіленген тәртіппен лауазымдық міндеттерді орындау үшін қажетті ақпарат пен материалдар алуға;
- лауазымдық міндеттерді атқару үшін белгіленген тәртіппен ұйымдарда, олардың меншік нысанына қарамастан, болуға;
- басшыдан мемлекеттік қызметшінің атқаратын лауазымына сәйкес міндеттерін және қызметтік өкілеттіктерінің көлемін дәлдеп белгілеуді талап етуге;
- тиісті бюджет қаражаты есебінен қайта даярлануға (қайта мамандануға) және біліктілігін арттыруға;
- өзінің мемлекеттік қызмет өткеруіне қатысты материалдармен кедергісіз танысуға, қажет болған жағдайларда жеке түсініктеме беруге;
- біліктілігі мен қабілеті, өзінің қызметтік міндеттерін адал орындауы ескеріле отырып, қызметі бойынша жоғарылауға;
- қызметшінің пікірінше негізсіз айып тағылған жағдайда қызметтік тексеру жүргізілуін талап етуге.

Қызметші өзінің ынтасы бойынша мемлекеттік қызметтің бос лауазымына орналасуға конкурсқа қатысуға құқылы. Мемлекеттік қызмет өтіліне сәйкес оның зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандырылуына құқығы бар.

Мемлекеттік қызметшілердің негізгі міндеттері (заңның 9-б.):

- Республиканың Конституциясы мен заңдарын сақтау;
- азаматтар мен заңды тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын және қорғалуын қамтамасыз ету, заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарау, олар бойынша қажетті шаралар қолдану;
- мемлекеттік тәртіп пен еңбек тәртібін сақтау;
- басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың өз өкілеттігі шегінде шығарған өкімдері мен нұсқауларын орындау;
- мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын өзге де құпияны сақтау.

Мемлекеттік қызметшілердің заңда белгіленген негізгі міндеттерінен туындайтын нақты міндеттері үлгі біліктілік талаптар негізінде айқындалады және тиісті мемлекеттік органдардың басшылары бекітетін мемлекеттік нұсқаулықтарда көрсетіледі.

Бұлардан басқа мемлекеттік саяси қызметшілердің функционалдық міндеттері ҚР-ның заңдарымен, Президенттің 2000 ж. 10

наурыздағы жарлығымен бекітілген «Мемлекеттік қызметті өткеру туралы Ережемен», тиісті мемлекеттік орган туралы Ережемен және лауазымдық нұсқаулықтармен айқындалады.

Олардың негізгі функциялары мыналар:

- мемлекеттік саясатты айқындауға және іске асыруға жәрдемдесетін шешімдер қабылдау;
- қабылданған шешімдердің орындалу барысын бақылау;
- мемлекеттік және өзге де бағдарламалар мен жобалардың орындалу барысын реттеу және бағалау, сондай-ақ орындалуы үшін дербес жауапкершілік және т.б.



1.23-сурет. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметке кіргенде құқықтар мен міндеттерден басқа заңнамалармен белгіленген бірнеше шектеулер мен тыйымдарды да өз еркімен қабылдайды, олардың мақсаты мемлекеттік қызметшінің жоғары рухани бейнесін және оның лауазымдық өкілеттіктерінің шегінде іс-қимылының еркіншілігін қамтамасыз ету. Мұндай шектеулер мен тыйымдар билікті теріс пайдаланушылыққа, сыбайлас жемқорлық көріністеріне тосқауыл болуға тиіс.

Билікті бөлу принципіне байланысты мемлекеттік қызметшіге өкілді органдардың депутаты және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының мүшесі болуға рұқсат етілмейді. Оған, педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қоспағанда, басқа ақылы қызметпен айналысуға болмайды.

Мемлекеттік қызметшіге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде, егер коммерциялық ұйымды басқаруға тікелей қатысу заңдарға сәйкес оның қызметтік міндетіне кірмейтін болса, ұйымдық-құқықтық нысанына қарамастан, коммерциялық ұйымды басқаруға қатысуға рұқсат етілмейді.

6.5. Мемлекеттік қызметшілерді көтермелеу және олардың жауаптылықтары

Көтермелеу мемлекеттік қызметшілердің лауазымдық міндеттері үлгілі орындағаны, мінсіз мемлекеттік қызметі, ерекше маңызды және күрделі тапсырмаларды орындағаны және жұмыстағы басқа да жетістіктері үшін қолданылады. Бұл - мемлекеттік қызметшілерді тәрбиелеудің маңызды құралы.

Мемлекеттік қызмет туралы заң бойынша мынадай көтермелеулер қолданылады: біржолғы ақшалай сыйақы беру; алғыс жариялау; бағалы сыйлықтармен марапаттау; сондай-ақ Республика заңдарында көзделген көтермелеудің өзге де нысандары арқылы көтермеленуі мүмкін. Мемлекеттік қызметшілер ерекше еңбек сіңіргені үшін мемлекеттік наградалармен марапатталады: ордендермен, медальдармен, құрметті атақтармен, құрмет грамотасымен, мамандығы бойынша таңдаулы қызметкер деген атақтармен.

«ҚР-ның мемлекеттік наградалары туралы» 1995 ж. 12 желтоқсандағы заңда барлық азаматтарға қатысты ережелер белгіленген: наградтаудың негіздері мен түрлері, наградтау туралы ұсыныстар енгізу тәртібі, наградтарды беру, оларды тағып жүрудің тәртібі, наградталғандардың жеңілдіктері, құқықтары мен міндеттері, наградаларынан айыру, жауаптылық.

Мемлекеттік қызметшілердің кейбір санаттарының құқықтық, мәртебесінің ерекшеліктерін белгілейтін құқықтық актілермен көтермелеудің арнайы шаралары тағайындалған: уақытынан бұрын әскери, арнайы атақтар, сыныптық шендер беру, қызметін жоғарылату, т.б. Мысалы, «ҚР-ның қаржы полициясы органдары туралы»

2002 ж. 4 шілдедегі заңмен (17-6) осы полиция органдарының қызметкерлеріне берілетін арнайы атақтардың түрлері және оларды берудің шарттары мен тәртібі белгіленген. Заңның мақсаты полиция органдары кадрларының әлеуетін сақтау мен дамыту, олардың қызмет парызын орындаудағы жеке жауапкершілігін арттыру, ұйымшылдығы мен тәртібін қамтамасыз ету.

Мемлекеттік қызметшілерге көтермелеу шараларын тек оларды қолдануға құқық берілген органдар мен лауазымды адамдар ғана қолдана алады. Бұл орайда олар тек тиісті нормативтік актілермен қаралған көтермелеулерді ғана өздеріне берілген биліктің шегінде және белгіленген тәртіппен қолдануға міндетті.


Көтермелеумен қатар заңнамалар, қажет болған кезде, мемлекеттік қызметшілердің заңдық жауаптылығын қарайды, атап айтқанда: тәртіптік, әкімшілік, материалдық және қылмыстық. Жауаптылық мемлекеттік қызметшілерге олардың кінәлі түрде құқық бұзушылық жасағаны үшін, яғни заң жүзінде құқыққа қарсы ретінде танылған қылықтар мен іс-әрекеттер үшін заңдарда қаралған қандай да болмасын жаза шараларынан көрініс табады. Жалпы мәлім, құқық бұзушылықтар қылмыстарға және теріс қылықтарға (деликтілерге) бөлінеді.



1.24-сурет. Мемлекеттік қызметшілердің жауаптылығы.

Тәртіптік жауаптылық - бұл қылмыстық тәртіппен қудаланбайтын мемлекеттік қызметтің ережелерін кінәлі түрде бұзған үшін қызметтік бағыныштылық тәртібімен тәртіптік ықпал жасаудың шараларын қолдану. Ол өзге азаматтармен бірдей жалпы негіздемелер негізінде белгіленген (жұрттың бәрінің заң алдында теңдігі,

құқық бұзушылық туралы істерді қараудың бірыңғай іс жүргізу нысаны). Алайда мемлекеттік қызметшілердің кәсіби қызметінің сипаты олардың жауаптылығын реттеудің кейбір ерекшеліктерін де болжайды. Мысалы, бірқатар жағдайларда олар үшін жоғары жауаптылық тағайындалған, атқарып отырған қызметіне жауаптылығының сәйкес болуы, тек қызметшілерге ғана қатысты қолданылуға болатын санкциялар (қызметіне толық сәйкес келмейтіндігі туралы ескерту, әскери немесе арнайы атағын төмендету және басқа).



1.25-сурет. Тәртіптік жазалар.

Заңдық жауаптылықтың бұл түрін реттейтін нормативтік актлер «Мемлекеттік қызмет туралы» заң, «ҚР-ның әкімшілік мемлекеттік қызметшілеріне тәртіптік жаза қолдану Ережесі», «ҚР-сы ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамының қызмет өткеру туралы Ереже», «ҚР-сы Қарулы күштерінің тәртіптік жарғысы», «ҚР-ның Кеден органдарында лауазымды адамдардың қызмет өткеруі туралы Ереже» және кейбір басқа актлер болып табылады. Олар жауаптылықтың негіздемелерін, тәртіптік жазалардың түрлерін, бұл жазаларды тағайындау жөніндегі атқарушы билік органдары мен басшылардың құқықтарын, сондай-ақ мемлекеттік қызметтің нақты жағдайларын ескере отырып оларды қолданудың және шағым жасаудың тәртібін белгелейді.

Мемлекеттік қызмет туралы заңның 28 бабында мемлекеттік қызметшіге тәртіптік жазалар қызметшілердің өзіне жүктелген

міндеттерді орындамағаны және тиісінше орындамағаны, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны, лауазымдық өкілеттігін асыра пайдаланғаны, мемлекеттік және еңбек тәртібін бұзғаны үшін, сондай-ақ мемлекеттік қызметте болуға байланысты осы заңмен белгіленген шектеулерді сақтамағаны үшін қолданылуы мүмкін деп бекіткен.

Мемлекеттік әкімшілік қызметшілердің тәртіптік жауапкершілігі - заңдық жауапкершіліктің бір түрі, оны қызметшілер өздерінің қызметтік міндеттерін атқару үстінде тәртіптік теріс қылық жасағаны үшін тартады.

Жоғарыда аталған мемлекеттік қызметшілердің Ар-Намыс кодексінде мемлекеттік қызмет атқару қоғам мен мемлекет тарапынан ерекше сенім білдіру болып табылады және мемлекеттік қызметшілердің адамгершілігіне және моральдық-этикалық бейнесіне жоғары талаптар қояды деп атап көрсеткен.

Кодексте мемлекеттік қызметшілердің сақтауға міндетті жалпы жұрт қабылдаған моральдық-этикалық нормалары мен мемлекеттік қызметтің ерекшеліктерінен туындайтын негізгі мінез-құлық ережелері белгіленген.

Олар мынадай атаулармен топтастырылып, нақтыланған:

- 1) мемлекеттік қызметшілердің өз қызметіндегі парызы мен міндеттері;
- 2) азаматтармен және заңды тұлғалармен қарым-қатынастарда қызметшілердің ұстанатын қағидалары;
- 3) өзіне бағынысты қызметкерлері болатын қызметшілердің міндеттері және т.б.

Осы Кодексте көзделген талаптарды бұзғаны үшін мемлекеттік қызметшілер заңнамада белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

Осыған орай облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Тәртіптік кеңестерінің атқаратын рөлін ерекше атап айтқан жөн. Президенттің бұған дейін аталған 2005 ж. 30 маусымдағы Жарлығымен бұл Кеңестер туралы Ереже бекітілген.

Тәртіптік кеңес мемлекеттік тәртіпті нығайту, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы және Мемлекеттік қызметшілердің Ар-намыс кодексін сақтау мәселелерін қарайтын консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Тәртіптік кеңес өз өкілеттігі

шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормалары мен Ар-намыс кодексін бұзуға жол берген аталған Ереженің 3-тармағында көрсетілген адамдарға қатысты тәртіптік істерді қарайды.

Мемлекеттік қызметшінің теріс қылық жасауы жаза қолдану үшін негіз болып табылады. Тәртіптік жаза - бұл қызметшілердің теріс қылық жасағаны үшін лауазымдық өкілеттігіне сәйкес тиісті құқығы бар тұлға (әдетте мемлекеттік органның басшысы) қолдануы мүмкін тәртіптік жауапкершілік шарасы. Тәртіптік жазалардың түрлері: ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс, қызметке сәйкес еместігі туралы ескерту, атқаратын қызметінен босату болып табылады.

7-тақырып.

БАСҚАРУДЫҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылды:

7.1. Басқарудың нысандарының ұғымы.

7.2. Басқару нысандарының түрлері.

7.3. Әкімшілік-құқықтық шарттар.

Нысан (форма) жалпы ғылыми тұрғыдағы түсінігінде белгілі бір құбылыстың немесе белгілі бір іс-қимылдардың мазмұнының сыртқы көрінісі болып табылады. Мысалы, оқыту процесі – қызметінің мазмұны лекция оқудан, практикалық сабақ өткізуден, тиісті тәжірибемен таныстырудан, т.б. (оқыту нысандарынан) көрініс табуы мүмкін.

Мемлекеттік басқару аясында көптеген адамдардың, ұйымдар мен органдардың қызметі жүзеге асырылады. Бұл аяда атқарушы биліктің міндеттері, функциялары мен өкілеттіктері жүзеге асырылатын болғандықтан, мемлекеттік биліктің бұл тармағының субъектілері қызметі нысандарының проблемасы бірінші орынға шығады. Осы нысандарды білу арқылы мемлекеттік - басқарушылық қызметтің өзін - әкімшілік құқықтың негізгі субъектісін тереңірек түсінуге мүмкіндік туады.

Мемлекеттік билік өзінің кез-келген көрінісінде өзінен-өзі іске асырылмайтыны белгілі. Өзін заң шығару, сот, атқару түрінде көрсету үшін ол іс-әрекет жасау керек. Нақ осындай іс-әрекеттерде биліктің осы тармағының тиісті субъектілерінің мазмұны мен мақсат - міндеті көрініс табады.

Аталған субъектілердің істейтін әр түрлі іс-әрекеттері, шын мәнінде, басқару жөніндегі қызметтің мазмұнын білдіреді, басқарушылық міндеттердің іс жүзінде қалай шешіліп жатқаны, басқару функцияларының қалай орындалып жатқаны, яғни мемлекеттік-басқарушылық қызметтің қалай жүзеге асырылып жатқаны туралы мағлұмат береді.

Атқарушы билік органдары өздерінің функцияларын тікелей мемлекет атынан жүзеге асыратын болғандықтан, олардың сырт

көрінісі болатын іс-қимылдары құқықпен реттеледі. Қандай да бір органның құқықтық жағдайын айқындайтын әкімшілік-құқықтық нормалар шындығында оның қызметінің нысанын да айқындайды. Сөйтіп олардың бәрі атқарушы билікті іске асыру процесінің мүддесіне бағынады.

Жоғарыда айтылғандар басқарушылық қызметтің нысаны (басқарудың нысаны) деп не түсініледі деген сұраққа жауап беруге мүмкіндік береді. Ол атқарушы органның (лауазымды адамның) өзінің құзыретінің шегінде жүзеге асыратын және белгілі бір салдарлар туғызатын сырт көрінісі бар іс-әрекеті болып табылады.

Бұл органдардың (адамдардың) нақты іс-әрекеттері өзінің сипаты, мақсат-міндеті және олардың тудыратын салдарлары бойынша айтарлықтай әр түрлі.

Бұл орайда атқарушы биліктің қандай да бір субъектісінің тиісті объектіге тікелей басқарушылық ықпал жасауы көрініс табатын нысандар алғы шепке шығады. Басқаша айтқанда, сырт көрінісі болуын бірінші кезекте сыртқы басқарушылық функциялар қажет етеді. Бұл түсінікті де, өйткені басқаша басқарудың мақсатына қол жеткізу мүмкін болмайды.

Әкімшілік-құқықтық сөздік қорда «нысан» атауының тағы бір түрін қолдану кездеседі. Бұл басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары. Олардың қаралып отырған басқару нысандарынан айырмашылығы, олар ретінде қандай да болмасын бір қызмет аумағында не аясында жұмыс істейтін атқарушы билік органдарының әрқилы түрлері түсініледі. Мысалы, бұл ретте салааралық құзыреттің тиісті көлемі берілген атқарушы органдарды жобалап түсіне отырып, сала-аралық басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары туралы айтуға болады. Осындай жобада мемлекеттік басқарудың ұйымдық-құқықтық нысандары, мысалы сауда, денсаулық сақтауды және басқа объектілерді басқару туралы айтады.

7.2. Басқару нысандарының түрлері

Басқару нысандарының әртүрлілігін ескере отырып, олардың нақты түрлерін бөлуге болады.

Басқарудың (мемлекеттік-басқарушылық қызметтің) нысандары әртүрлі заңдық маңызы бар әкімшілік-құқықтық нормалармен реттеледі. Олардың кейбіреулері конституциямен (мысалы, ҚР-сы

Үкіметіне қатысты), басқалары - заңға тәуелді актілермен (мысал, нақты атқарушы билік органдары туралы ережелермен, лауазымдық нұсқаулықтармен) регламенттелген. Ішкі ұйымдастыру қызметі регламенттеуге жатады, бірақ ол қандай да болмасын атқарушы органдардың ішкі ұйымдастыру жұмысының шеңберімен шектеледі (мысалы, іс жүргізу туралы нұсқаулықтар).

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) құқық қолдану, құқық тағайындау және құқық қорғау функцияларын жүзеге асырумен байланысты қызметінің нысандары неғұрлым толық дәрежеде құқықтық регламентациялауды қажет етеді.

Соған сәйкес басқарудың құқықтық және құқықтық емес нысандары бөлінеді.

Құқықтық нысандар әрқашанда сыртқы және айқын көрінісі заңдық салдарлар туғызады. Бұл атқарушы билік субъектілері кез келген іс-әрекеттері, оларды істеуге міндетті түрде құқықтық салдарлардың пайда болуына әкеп соқтырады. Оларда атқарушы билік объектілерінің ерекшелігі болып табылатын заңдық биліктік өкілеттіктері тікелей өзінің нақты көрінісін табады. Нысандардың бұл тобының осы қасиеттері басқарудың құқықтық актілерінде неғұрлым айқын көрініс табады.

Құқықтық емес нысандар тікелей заңдық салдарларға әкеп соқтырмайды, өйткені оларды істеу басқарудың құқықтық актілерін басқарумен байланысты емес. Мәселен, олар құқықтық нысандарға тән болатын (жеке-дара актілер шығару) әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызбайды. Бұл құқықтық нысандарды қолдануға немесе оларды кейіннен іске асыруға көмектесетін әр түрлі ұйымдастырушылық іс-әрекеттер істеу.

Осыған байланысты әкімшілік-құқықтық әдебиеттерде ұсынылған басқарушылық іс-әрекеттердің нысандарын (басқару нысандарын) құқықтық және құқықтық еместерге бөлу шеңберінен шығатын топтастыру көңіл аударуға тұрарлық. Мұндай топтастырудың мынадай түрі аса көрнекті:

- а) нормативтік құқықтық актілер шығару;
- ә) жеке-дара құқықтық актілер шығару;
- б) ұйымдастыру іс-әрекеттерін жүзеге асыру;
- в) заттық-техникалық жұмыстар орындау.

Мұндай топтастыруды бағалау керек, бірақ басқарушылық қызметтің нысандары мен әдістерін жиі шатыстыратын оның өзге де нұсқалары бар екендігін мойындаған жөн.

Бұл орайда ең маңыздысы мынада, атқарушы билік субъектілері басқарудың құқықтық актілерін шығарудан басқа өзгедей заңдық сипаты бар көптеген жұмыстар атқарады. Мәселен, заңнамамен белгіленген жағдайларда міндетті мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады, жеке және заңды тұлғалар қызметінің белгілі бір түрлерін лицензиялайды, қандай да болмасын субъективтік құқықтарды ресми растайтын ресми құжаттар береді (мысалы, көлік құралдарын жүргізу құқығын), басқарушылық қатынастар қатысушыларының мінез-құлқының белгіленген ережелерге сәйкес келуін бақылайды, әр түрлі келісімдер жасайды.

Осы сияқты басқарушылық іс-әрекеттердің тізбесінің өзінен-ақ барынша айқын мынадай қорытынды жасауға болады, олар заңдық тұрғыдан әсерсіз болып табылмайды. Олардың заңдық маңыздылығы ақиқат.

Басқарушылық қызмет нысандарын топтастыруға болатын тағы да бірнеше негіздер бар. Олардың ішінде қол жеткізілетін нәтижелерге байланысты болатын түрлерін бірінші орынға қойған жөн. Бұл белгі бойынша жағымды реттеу мақсатында пайдаланылатын нысандарды (басқарушылық бағдарламаларды бекіту), сондай-ақ мемлекеттік басқару аясындағы келеңсіз жағдайларға мән беруді жүзеге асыруға көмектесетін нысандарды бөлуге болады. Бұлар (мысалы, әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі) юрисдикциялық нысандар.

Сонымен, атқарушы билік өзінің айқын көрінісін әр түрлі кеңестер мен семинарлар өткізу, іс жүргізу жұмысы түріндегі іс-әрекеттерден таба алмайды. Оның мәнін тек құқықтық нысандар ғана көрсете алады. Осыған байланысты басқарудың құқықтық нысандар жүйесінде басқарудың құқықтық актілеріне заңды түрде басты рөл беріледі.

7.3. Әкімшілік-құқықтық шарттар

Әкімшілік-құқықтық нысандар қатарына соңғы жылдары атқарушы билік органдарының қатысуымен жасалатын келісімдерге негізделген әр түрлі басқару байланыстары жиі жатқызылатын


болды. Оларды жинақтап, әкімшілік-құқықтық шарттар ретінде, мұндай термин заңдарда белгісіз болса да, сипаттайды. Олардың мәні туралы белгілі бір қорытындылар тұжырымдау үшін әзірге тұжырамдамалық негіз де жоқ. Сонымен, әкімшілік-құқықтық шарттар проблематикасы жөнінде бірізді пікір жоқ.

Мемлекеттік басқару аясында болатын келісімдердің (шарттардың) мәні соншалық әр түрлі, сондықтан олар біркелкі түсіндіруі мүмкіндік бермейді: келісімдердің кейбір элементтері басқару процестерінің біріне-бірі бағынысты тараптар арасындағы, ал басқалары - біріне-бірі бағынысты емес арасындағы қатынастардан табылуы мүмкін.

Сондықтан әкімшілік-құқықтық шарттардың шынайылығын ғана анықтау емес, сонымен бірге олардың не әкімшілік-құқықтық қатынастар жүйесіндегі, не атқарушы билікті жүзеге асыру нысандары жүйесіндегі шын орнын белгілеуді қажет етеді.

Әкімшілік шарттар деп аталатындарды түсіндіру, негізінен, өзінің өте күмәнді анықтығымен айырылысады. Көпшілігінде былай деп айтады, атқарушы органдар мәмілелер жасайды, олар осы органдардың басқарушылық міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру құралдарының бірі ретінде қызмет ететін секілді. Ал шындығында бұл жерде әдеттегі азаматтық-құқықтық мәмілелер туралы айтылып отыр (мысалы, заттар мен құрал-саймандар сатып алу, зерттеу жұмыстарын жүргізу мәселелері жөнінде шарттар жасау). Әлбетте, бұл сияқты келісімдердің атқарушы билікті жүзеге асырудың құқықтық нысандарына ешбір қатысы жоқ, өйткені атқарушы орган бұл жерде заңдық-биліктік өкілеттіктердің иесі мен білдірушісі ретінде болып табылмайды. Негізгі басқарушылық қызметке қатысты, оның мәніне әсер етпейтін, таза көмекші келісім екені айқын болып отыр. Бұл жерде әкімшілік-құқықтық байланыстар да жоқ.

Азаматтық-құқықтық шарттардан сырт көрінісі жағынан әкімшілік-құқықтық сипаты бар белгілі бір салдарлар пайда болуы мүмкін (мысалы, тасымалдау шартын бұзған үшін әкімшілік айыппұл); бірақ бұл пайда болатын қатынастарды және тіпті тасымалдау шартының өзін де әкімшілік-құқықтық санаттарға айналдырмайды.



1.26-сурет. Әкімшілік шарт.

Әкімшілік-құқықтық пен азаматтық-құқықтық элементтерді мемлекеттік мүлікті басқару туралы, ішкі істер органдарының шаруашылық және мәдени объектілерін күзету туралы нормативтік материалдарда да айқын ара-жігін айыру мүмкін емес. Сонымен бір мезгілде аталған элементтердің арақатынасы анықталады, мұның өзі әкімшілік-құқықтық бастамалардың басқа шектес құқық салалары нормалары қолданылатын аяға шынайы енгендігін растайды. Бұл нормативтік материалды қолданумен, өнімдер жеткізіп беру туралы, салық туралы, қызметке, жұмысқа кірудің шарттары жөнінде алдын-ала келісімдер туралы, табиғи ресурстарды пайдалану мен қорғаудың тәртібі туралы расталады. Шындығында, тұтасынан алғанда мемлекеттік басқару аясында кездесетін әр түрлі келісімдердің әзірге көмекші сипаты бар деп айтуға болады.

8-тақырып.

БАСҚАРУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТЛЕРІ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылуы керек:

8.1. *Басқару актілерінің ұғымы және заңдық маңызы.*

8.2. *Басқарудың құқықтық актілерінің түрлері.*

8.3. *Басқарудың құқықтық актілеріне қойылатын талаптар.*

Құқықтық актілер шығару - атқарушы билік субъектілері қызметінің негізгі нысаны болып табылады. Бұл актілердің рөлі мынамен айқындалады, солардың көмегімен аталған субъектілердің міндеттері, функциялары және өкілеттіктері, яғни олардың құзыреті тікелей жүзеге асырылады. Бұл құқықтық актілерге тән болатын бірнеше ерекшеліктері бар.

Олар басқарушылық шешімдердің заңдық түрі болып табылады. Яғни бұл мынаны білдіреді, атқарушы орган (лауазымды адам) осындай акт қабылдай отырып, мемлекеттік басқару шегінде пайда болатын және оның құзырына жататын жалпы ортақ немесе жеке-дара мәселені шеше алады.

Басқарудың актісі өзінің құқықтық мазмұны бойынша атқарушы билік субъектісінің біржақты заңдық биліктік ерік білдіруі болып табылады, онда, біріншіден, мемлекеттік-басқарушылық қызметтің биліктік мәні өзінің көрінісін табады және екіншіден, оның көмегімен атқарушы биліктің міндеттері мен функциялары іс жүзінде жүзеге асырылады.


Басқарудың құқықтық актісі бұйрықтық құжат, бұл онда болатын нұсқамалар кімге арналса, соған заңды түрде міндетті болатын білдіреді. Олардың орындалуы, ішінара, осы нұсқамаларды орындаудан жалтарғаны немесе дұрыс орындамағаны үшін заңдық жауапкершілік қаупімен қамтамсыз етіледі.

Басқарудың құқықтық актілерінің заңдық мазмұнына мына жайт олар мемлекеттік басқару аясында қажетті мінез-құлықтың ережелерін (әкімшілік-құқықтық нормаларды) белгілей алады немесе нақты әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызатын заңдық айғақ рөлінде болуы мүмкін. Мәселен, министрдің немесе орталық атқарушы билік органы басшысы бұйрығы осы органға тапсы-

рылған қызмет аясында болатын барлық органдар, лауазымды адамдар, кәсіпорындар мен мекемелер үшін міндетті болатын ережелер белгілей алады. Оның біреуді министрліктің аппаратындағы қызметке тағайындау туралы бұйрығы да нақты мемлекеттік-қызметтік құқықтық қатынас туғызады.

Басқарудың кез келген түрдегі құқықтық актілері заңға тәуелді, яғни өкілетті атқарушы органдар (лауазымды адамдар) ҚР-ның Конституциясына, өзге заңнамалық актілерге сәйкес және олардың орындалуын қамтамасыз ету мақсатында шығара алады.

Сонымен, басқарудың құқықтық актісі деп мемлекеттік-басқарушылық қызметтің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру мақсатында әкімшілік-құқықтық нормалар тағайындауға немесе әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызуға, өзгертуге және тоқтатуға бағытталған өкілетті атқарушы билік субъектісінің заңға негізделген біржақты заңдық биліктік ерік білдіруі түсініледі.



1.27-сурет. Басқарудың құқықтық актілері.

8.2. Басқарудың құқықтық актлерінің түрлері

Басқарудың құқықтық актлері әр түрлі белгілер бойынша топтастырылуы мүмкін, бұлардың ішінде ең маңыздысы олардың заңдық қасиеттері. Соларға сәйкес оларды нормативтік және жеке-дара актлерге бөлуге болады.

Жалпы алғанда, «Нормативтік құқықтық актлер туралы» заң бойынша нормативтік құқықтық акт-бұл референдумда қабылданған не уәкілетті орган, немесе мемлекеттің лауазымды адамы қабылдаған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

Басқарудың нормативтік актлері әкімшілік құқықтың реттеушілік рөлін неғұрлым мол деңгейде білдіреді, өйткені оларда әкімшілік-құқықтық нормалар қаралады (белгіленеді). Бұл нормалар өздерінің мән-мағынасы бойынша мемлекеттік басқару аясындағы қажетті мінез-құлықтың белгілі бір ережелері болып табылады. Олар арнаулы, яғни нақты адресаты жоқ біріне-бірі ұқсас қоғамдық қатынастарды реттеуге және көп мәрте қолдануға (орындауға) есептеледі. Мысалы, санитарлық-гигиениалық ережелер, жол жүру ережелері, қызмет түрлерін лицензиялау ережелері, т.б. аталған салаларда кім де кім қалай болғанда да белгілі бір іс-әрекет (немесе әрекетсіздік) жасағандардың барлығына қолданылады.


Басқарудың нормативтік актлері атқарушы билікті іске асыру процесінің ең ауқымды көрінісі болып табылады, өйткені заңға тәуелді әкімшілік норма шығару өзінің көрінісін тап солардан табады. Сондықтан оларды құқық белгілеу актлері ретінде сипаттайды.

Басқарудың жеке-дара құқықтық актлері - құқық қолдану белгілері. Олар сонымен бірге бір мезгілде тиісті атқарушы билік субъектлерінің заңдық биліктік еркін нақты және тікелей білдіретін өкім етушілік актлер болып табылады. Олардың көмегімен жекелеген өкімшілік істер шешіледі (мысалы, мемлекеттік тіркеу, лицензиялау, кадр және т.б. жөніндегі мәселелер). Олар әрқашанда жекелеп арналады, яғни кімге арналатыны белгілі болады. Мемлекеттік қызметтің қандай да бір лауазымына тағайындау туралы бұйрық міндетті түрде нақты адамға қатысты болады.

Жеке-дара актлер әкімшілік-құқықтық қатынастар туғызатын заңдық айғақтар болып табылады. Олар мемлекеттік-басқарушылық қызметтің практикасында пайда болатын ағымдағы мәселелерді жедел шешудің аса маңызды заңдық құралы болып табылады.

Жеке-дара актлердің нормативтік актлермен арақатынасының мәні мынада: нормативтік актлер жеке-дара актлер шығару үшін құқықтық негіз ретінде қызмет атқарады; жеке-дара актлер нормативтік актлерді қолдану актлері болып табылады.

Басқарудың құқықтық актлерін басқадай негіздер бойынша да топтастыруға болады. Мысалы, күші болатын аумағы бойынша жалпы мемлекеттік, облыстық, т.б.



1.28-сурет. Басқарудың құқықтық актлерінің түрлері.

Оларда қаралатын нұсқанамалардың қандай құқықтық құралдармен қорғалатынына байланысты, оларды бұзу тәртіптік жауапкершілікке әкеп соқтыратын актлерді және әкімшілік санкциясы бар актлерді бөлуге болады. Бірінші жағдайда тиісті басшының

тәртіптік билігі іске асырылатын актлер, ал екіншіде - бағынысты емес адамдарға қатысты болатын әкімшілік мәжбүрлеу көзделіп отыр.

Басқарудың құқықтық актлерінің белгіленген атаулары туралы мәселенің айтарлықтай маңызы бар. Қазіргі кезде ҚР-сы Конституциясымен және басқа заңнамалық актлермен белгіленген тәртіп) бойынша атқарушы билік органдары мынадай құқықтық актлер:

а) Үкіметтік қаулылар мен өкімдер;

ә) орталық атқарушы билік органдары қаулылар, бұйрықтар өкімдер, тәртіптер, ережелер, нұсқаулықтар;

б) жергілікті атқарушы билік органдары (әкімдіктер, әкімдер қаулылар, шешімдер, өкімдер шығарады.

Қағида бойынша нормативтік актлер болып қаулылар, бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар, тәртіптер саналады. Хат және жеделхат түрінде нормативтік актлер шығаруға жол берілмейді.

8.3. Басқарудың құқықтық актлеріне қойылатын талаптар

Басқарудың құқықтық актлерінің күші болуының аса маңызды шарты олардың заңдық мазмұны мен шығару тәртібіне қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келуі болып табылады. Бұл сияқты талаптардың барлығының негізіне - құқықтық актлердің осы түрінің заңға қатал тәуелділігі жатады. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 ж. 27 қарашадағы ҚР-ның заңына сәйкес басқарудың құқықтық акт мынадай талаптарға сай келуге тиіс:


1) құқықтық акт ҚР-ның Конституциясына, заңдарға және жоғары тұрған мемлекеттік органдардың құқықтық актлеріне қайшы келмеуге тиіс;

2) құқықтық актнің құрылымы реттеу нысанасының толық ашылуын қамтамасыз етуге, ал мазмұны дайындалып жатқан құқықтық, актнің біркелкі түсінілуі мен қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс;

3) құқықтық актде белгіленіп отырған шаралардың мазмұны анық баяндалуға, құқықтық актнің күші қолданылатын және (немесе) оларды белгіленген мерзімде іске асыру үшін жауапты адамдар тобы айқын белгіленуге тиіс;

4) басқарудың төменгі деңгейлерінде іске асыруды қажет ететін құқықтық акттерде белгілі бір мемлекеттік органдарға және (немесе) лауазымды адамдарға оларды орындау жөнінде берілетін нақты тапсырмалар болуға тиіс.

Құқықтық актте бұл талаптардан басқа мынадай деректемелер болуға тиіс: құқықтық актінің атауы; сол актте қаралатын нысананы белгілейтін тақырып; актінің қабылданған орны мен күні; тиісті актге қол қоюға уәкілетті адамның қойған қолы; органның мөрі.



1.29-сурет. Мемлекеттік басқарудың әдістері.

9-тақырып.

БАСҚАРУДЫҢ ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ӘДІСТЕРІНІҢ ҰҒЫМЫ ЖӘНЕ ТҮРЛЕРІ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылды:

9.1. Басқару әдістерінің ұғымы.

9.2. Басқару әдістерінің түрлері.

9.3 Иландыру мен әкімшілік мәжбүрлеудің мәні.

Атқарушы билікті нақты жүзеге асыру процесінде әкімшілік-құқықтық нысандармен қатар басқару қыметінің әдістеріне (басқарудың әдістеріне) үлкен мән беріледі. Олардың мәні неден көрініс табады?

Басқару процесі басқару субъектісінің тиісті объектіге тікелей мақсатты бағытталған (яғни реттеушілік) ықпалын жүзеге асырғанда аяқталады. Осылай мемлекеттік-басқарушылық қызметтің мақсаттары, міндеттері, функциялары іс жүзінде жүзеге асырылады. Бірақ бұл үшін басқарушылық ықпалды білдіретін, басқарудың функцияларына серпінді сипат беретін тәсілдер, әдістер, құралдар жүйесі қажет. Бұл сияқты міндетті мынадай сұрақтарға жауап алып мүмкіндік беретін басқарудың әдістері орындайды: басқару қалай жүзеге асырылады, оның функциялары қалай нақты іске асырылады, ақырында, басқарудың субъектісі объектіге қалай реттеуші ықпал жасайды?

Сонымен, атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) басқарылатын объектілерге (басқарылатындарға) тікелей басқарушылық ықпал жасаудың тәсілдері мен әдістері - басқару әдістері болып табылады.

Басқарудың әдістеріне мыналар тән:

а) олар мемлекеттік-басқарушылық қызметтің процесінде іске асырылады, мемлекеттік биліктің атқарушы тармағының мақсаты қызметімен табиғи байланысты;

ә) оларды атқарушы билік субъектілері өздеріне бекітілген құзыретін іске асыру құралы ретінде пайдаланады;

б) оларда атқарушы билік субъектілерінің заңдық-биліктік өкілеттіктері тікелей көрініс табады;

в) басқарушылық ықпал жасаудың нақты әдістерін таңдап алу басқару объект ерекшеліктерімен тікелей байланысты (мысалы, меншіктің нысанымен, жеке-дара немесе ұжымдық сипатпен, ведомстволық қарастылықпен, т.б.)

г) басқарушылық ықпал жасау басқару субъектінің нормативтік немесе жеке-дара заңдық-биліктік ерік білдіруі ретінде жүзеге асырылатын болғандықтан, басқарудың әдістері нақты адресаттар үшін міндетті, кейде жалпы міндетті болатын мінез-құлық ережелерін белгілеуден (норма шығарудан), немесе нақты объектілерге қатысты және нақты мәселелер бойынша жеке-дара нұсқамалар тұжырымдаудан (өкім етуден) өзінің көрінісін табады;

ғ) басқарудың әдістері өздерін тікелей білдіретін құқықтық нысанды қажет етеді, ол әдістерге міндетті болатын сипат береді;

д) әдістер өзінің ең айқын көрінісін басқарудың құқықтық актілерінен табады.

Сонымен, басқарудың нысандары мен әдістері сияқты санаттардың тығыз арақатынасы, олардың арасындағы тікелей байланысы айқын болып отыр.

Сонымен бірге құқықтық актілерден басқа, заңдық маңызы бар өте көп өзге де құралдар тобы пайдаланылады. Мысалы, азаматтардың тұрғылықты және уақытша болатын жері бойынша тіркеу есебі жүргізіледі; заңмен белгіленген қызмет түрлерін лицензиялау жүзеге асырылады; автокөлік бұзушылықтары болған кезде қозғалысқа шектеу қойылады.

Осының бәрі әкімшілік-құқықтық әдістердің мазмұнының әр түрлілігін дәлелдейді, оларда мемлекеттік-басқарушылық қызметтің әр түрлі жақтары көрініс табады. Олардың бәрі қалай болғанда да атқарушы билік субъектілерінің құзыретінде бекітіледі.

Ұғымдық мағына жөнінен басқару әдісінің құқықтық реттеу әдісімен арақатынасы туралы мәселе де тиісті көңіл аударуды қажет етеді. Өйткені, басқарудың әдісі өзінің негізгі белгілері бойынша басқарушылық ықпал жасаудың құралы, бұл оны құқықтық реттеудің әдісімен жақындастырады: ол да, бұл да реттеуші құралдар болып табылады. Бірақ бұл жерде көңіл аударатын ерекшеліктер әр түрлі: негізінде құқықтың барлық салалары үшін бірыңғай болатын не құқықтық реттеудің механизмі туралы, не нақты атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) өздерінің алдында тұрған күнделікті міндеттерін шешу үшін пайдаланатын

басқарушылық «аспаптар» туралы айтылып отыр. Құқықтық реттеудің әдістері басқарушылық қатынастардың барлық қатысушыларына, олардың ішінде атқарушы органдарға да (лауазымды адамдарға да) қолданылады, ал басқарудың әдістерін тек соңғылар ғана пайдаланады; біріншілер әрқашанда нормативті, екіншілері - жекеленген.

Құқықтық реттеу әдісі әкімшілік құқықтың функциясы басқару әдісі, бір мезгілде атқарушы билік субъект болып табылатын, әкімшілік құқық субъект функциясы.

Басқарудың әдістері - ерекше маңызды санат. Басқару механизмінің жағдайы мен тиімділігі жөніндегі пікір нақ осы әдістерге байланысты қалыптасады. Нарықтық қатынастарға көшуге, аймақтардың дербестігі арта түсуіне, көптеген шаруашылық және өзге де объектілерді мемлекет иелігінен алуға байланысты жоғарыдан тікелей басқарушылық өкім жүргізудің негізін қысқарту қажеттілігі пайда болды. Бұл сияқты өкім өзінің айқын көрінісін нақ осы басқарушылық әдістерде табады.

9.2. Басқару әдістерінің түрлері

Атқарушы билікті жүзеге асыру процесінде пайдаланылатын әдістер әр түрлі. Бірақ олардың негізіне кез-келген мемлекеттік немесе қоғамдық жұмыстың екі әмбебап әдісі - иландыру және мәжбүрлеу жатады.

Иландыру қызметтің негізгі әдісі болып табылады. Ол тәрбиелеу, түсіндіру, жақсы үлгілерді насихаттау, адал жұмыс үшін көтермелеу, материалдық ынталандыру құралдарын пайдаланудан көрініс табады. Мәжбүрлеу дағды бойынша иландыру құралдары нәтиже бермеген жағдайда, яғни мемлекеттік басқару аясында қолданылатын ережелердің талаптары бұзылған кезде пайдаланылатын көмекші әдіс ретінде сипатталады. Әкімшілік-құқықтық нормалардың талаптарын бұзған жағдайда ол тәртіптік және әкімшілік жауапкершілікті, әкімшілік мәжбүрлеудің өзге де шараларын қолданудан көрініс табады.

Басқарушылық ықпал жасаудың сипаты (мазмұны) бойынша (тікелей немесе жанама түрде) әкімшілік және экономикалық әдістер ажыратылады.

Әкімшілік әдістер мемлекеттік-басқару қызметі субъекттерінің басқарылатындардың мінез-құлқына тікелей немесе экономикадан тыс басқарушылық (реттеушілік) ықпал жасау тәсілдері немесе құралдары ретінде сипатталады. Сондықтан олар мемлекеттік басқару аясында қажетті мінез-құлықты заңды тұрғыдан биліктік қамтамасыз етуді барынша толық білдіреді. Олардың тікелей сипаты мынаны білдіреді, басқарудың субъект өзінің құзіретінің шеңберінде әдресат, яғни басқару объект үшін заңды түрде міндетті болатын басқару шешімін (басқарудың құқықтық актісін) қабылдайды. Бұл - тікелей нұсқама («әмір»), өйткені басқарушылық ықпал жасау басқару субъектінің ерік білдіруінің бұйрықтық (директивтік) түрін болжайды. Басқарушылық ықпал жасаудың мұндай сипаты мемлекеттік билікті іс жүзінде іске асырудың маңызды жолдарының бірі болып табылатын басқарудың биліктік табиғатынан тікелей туындайды. Бұл жерде атқарушы билікті жүзеге асыру туралы айтылып отыр.

Экономикалық әдістер, қағида бойынша, мемлекеттік-басқарушылық қызмет субъекттері тарапынан басқарылатындардың мінез-құлқына экономикалық (материалдық) немесе жанама ықпал жасаудың тәсілдері немесе құралдары ретінде сипатталады. Бұл мынаны болжайды, басқарылатындардың мінез-құлқына басқарушылық ықпал жасау тікелей емес, керісінше, олардың материалдық мүдделері арқылы жүзеге асырылады. Дегенмен де басқарушылық ықпал жасаудың тікелей объектсі болып басқарылатындардың саналы-еріктілік мінез-құлқы сақталып қалады. Оның қажетті болатын түріне тікелей нұсқамалар жолымен емес, керісінше тиісті мінез-құлықты ынталандыратын экономикалық (материалдық) жағдайлар жасаумен қол жеткізіледі. Бұған, мысалы материалдық көтермелеу шараларын кеңінен пайдаланумен, салықтық және өзге де жеңілдіктер берумен қол жеткізіледі. Экономикалық әдістер ретінде басқарылатындарға олардың жағымсыз мінез-құлқы болған жағдайда белгілі бір материалдық (экономикалық) санкцияларды қолдану немесе оларды қолдану қаупі болатын мүмкіндігін де жоққа шығаруға болмайды.

9.3. Иландыру мен әкімшілік мәжбүрлеудің мәні

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының әрбір сатысы мемлекеттік мекемелердің (мемлекеттік биліктің), құқық жүйесінің,

басқару әдістерінің, т.б. қалыптасуының негізін құрады. Сөйтіп, объективті заңдылықтар біздің алға қоятын мақсаттарымызды да, сондай-ақ осы мақсаттарға қол жеткізу үшін қоғамдық қатынастарға ықпал ететін қолда бар мүмкіндіктерді де, олардың ішінде тәсілдер мен құралдарды, яғни әдістерді айқындайды.

Мемлекеттің ісін басқару, атқарушы билікті іске асыру, тәртіп пен құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету адамдардың сана-сезімі мен мінез-құлқына мақсаткерлік ықпал жасаудың әсерлі тәсілдерінің көмегімен жүзеге асырылады. Қазіргі кезеңде мұндай тәсілдер ретінде мемлекеттік басқарудың екі әмбебап әдісі - иландыру мен мәжбүрлеу танылады.

Иландыру мен мәжбүрлеу мемлекеттік басқарудың әдістері ретінде - әлеуметтік құбылыстар, өйткені олар өзінің көрінісін ғана қоғамдық қатынастар қатысушыларының арасындағы байланыстардың сипатынан табады. Бұл әдістер, мемлекеттің (басқару органының, лауазымды адамның) адамдардың сана-сезімі мен мінез-құлқына ұйымдастырушылық ықпал жасау тәсілдерінің жүйесі бола отырып, түгелдей қоғамның, кез-келген мемлекеттік бірлестіктің, келген басқару процесінің қалыпты қызмет атқаруының қажетті шарты болып табылады.

Бұл әдістердің әлеуметтік қызметі мен тиімділігі мыналармен айқындалады, олар:

а) қазіргі кездегі қоғамның дамуының жалпы әлеуметтік-экономикалық заңдылығымен байланысты;

ә) бірімен-бірі тығыз бірлікте болуға тиіс;

б) өмір талаптарын, қоғамның дамуының экономикалық және саяси қажеттіліктерін қаншалықты дұрыс, әлеуметтік барабар қамтып көрсетумен байланысты;

в) қоғам мен мемлекеттің мәнімен және жағдайымен байланысты болатын иландыру мен мәжбүрлеудің арақатынасына негізделеді, ол тоталитарлық, полициялық немесе демократиялық, құқықтық болуы мүмкін.

Иландыру әдісінің мазмұны өте әр түрлі және ол тәрбие, ұйымдастыру және насихат жұмыстарынан мемлекеттік өкімет органдары қабылдаған шешімдерді түсіндіруден, қоғамға қарсы қылықтарды әшкерелеуден, жақсы, озық тәжірибелерді көрсету мен таратудан, көтермелеудің кең жүйесінен көрініс табады.

Иландыру әдісі қоғамдағы мінез-құлық ережелерін бұзатын жекелеген тұлғалар жөнінде ықпал етудің барлық кезде де жеткілікті құралы болып табыла бере алмайды.

Сондықтан мемлекет азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, қоғамның мүдделерін қорғай отырып, иландыру мен қоғамдық ықпал етудің шараларына көнбейтін тұлғаларды тәртіпті сақтауға еріксіз көндіреді, құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әртүрлі жауапкершілік түрлерін белгілейді. Мұндай жағдайларда иландыру ықпал жасаудың жалғыз ғана құралы болудан қалады. Мәжбүрлеуді қолданудың объективтік қажеттілігі пайда болады. Бұл орайда мемлекеттік басқару органдары мәжбүрлеуді қоғамға қарсы құбылыстарды жою, меншікті қорғау, еңбек тәртібі мен ұйымшылдыққа тәрбиелеу мақсатында пайдаланады.

Мәжбүрлеу қоғам дамуының объективтік қажеттіліктерімен байланысты, мемлекеттік биліктің қасиеті болып табылады, өйткені ол - әрбір әлеуметтік ұйымның қажетті элементі және «әрбір биліктің қасиеті».

Мемлекеттік мәжбүрлеу ықпал етудің тікелей объектісіне байланысты күш-қолданатын немесе психикалық мәжбүрлеуге бөлінеді. Оның мақсаты - құқықтың нақты субъектілерін белгілі бір нұсқамаларды сақтауға немесе қандай да болмасын бір іс-әрекеттерді жазудан бас тартуға көндіру. Мәжбүрлеу субъектілердің бағыныстық жағдайын қалыптастырудың әдісі болып табылады және биліктік өмір ету немесе тікелей ықпал ету болып саналады. Мәжбүрлеу әдісін пайдаланған кезде қажетті нәтижеге қол жеткізу субъектінің еркіне оның ішкі, ал кейде сырттай қарсыластығына қарамастан жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мәжбүрлеу құқықта бекітіледі, құқықтық мәжбүрлеу нысанында болады және құзыретті мемлекеттік органдардың қолданатын нақтылы мәжбүрлеу шараларынан көрініс табады. Оларға заңдық, жауапкершілік шаралары (қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік, материалдық); жолын кесу шаралары және мәжбүрлеу сипаты бар әкімшілік - алдын алу шаралары (мысалы, кедендік тексеру, карантин сипатты шаралар, мәжбүрлеп медициналық куәландыру, т.б.) жатады. Күштеп мәжбүрлеудің тікелей объект ретінде жеке адам және оның материалдық жағдайы саналады. Күштеп мәжбүрлеу жеке адамға, оның мүлкі мен ақша қаражатына ықпал ететін нақтылы шараларда көрініс табады; яғни ол белгілі бір

шектеулер қою, субъектнің билігіндегі кейбір игіліктерінен айыру арқылы іске асырылады.

Мәжбүрлеу бірнеше белгілермен сипатталады. Ол толығынан құқықтық болып табылады, құқықтың жалпы қағидаларына бағынады, қатал құқықтық регламентациялау, мәжбүрлеп ықпал етудің нақтылы шараларын іске асырудың тәртібі мен рәсімделуінің негіздемелерін нормативтік белгілеу негізінде қолданылады. Сөйтіп, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қоғам мен мемлекеттің мүдделері кепілдендіріледі.

Мәжбүрлеудің міндеті әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, құқық бұзушыларды тәрбиелеу, жаңа құқық бұзушылықтың алдын алу болып табылады. Бұл жағдайларда жазалаудың болмай қалмайтындығы ерекше маңызға ие болады. Бірақ мәжбүрлеудің құқық бұзушыға тән азабын тарттыру немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлау мақсаты болмайды. Сонымен бірге, оның жазалайтын және қорқытатын элементтері болады, олар, бірақ, бағынышты сипатта болады және құқық бұзушылықтардың алдын алуға, оларды жасаған адамдарды тәрбиелеуге және түзетуге бағытталады.

10-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылуы керек:

10.1. Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымы және белгілері.

10.2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдық құрамы.

10.3. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері.

Қазақстан Республикасында, осы кезеңдегі кез-келген өзге мемлекет сияқты, заңды түрде міндетті болып табылатын өте көп әр түрлі ережелер бар.

Бұл сияқты ережелердің мақсаты барлық немесе көптеген азаматтардың, сондай-ақ кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың, олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, мүдделеріне тікелей әсер ететін қызметтің белгілі бір аяларында құқықтық тәртіп пен тиісті мемлекеттік тәртіпті қамтамасыз ету болып табылады. Кейде бұл ережелерді жалпы міндетті деп негізсіз айтпайды.

Бұлар қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері, жол қозғалысы мен әр түрлі көлік құралдарын пайдалану ережелері, еңбекті қорғау мен техникалық қауіпсіздік ережелері, сауда ережелері, санитарлық, ветеринарлық және өрт қауіпсіздігі ережелері, аң аулау, балық аулау ережелері, қолдағы қаруларды, жарылғыш және радиоактивтік заттарды сатып алу, есепке қою, сақтау және пайдалану ережелері, әскери есепке алу, шекара режимі ережелері, кеден ережелері, халықтың денсаулығын, қоршаған ортаны, табиғатты пайдалануды қорғау, тарих пен мәдениет ескерткіштерін қорғау аясында қолданылатын ережелер, т.б.

Бұл сияқты ережелерді сақтау мемлекеттің, кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдар мен азаматтардың мүдделеріне сәйкес келеді, ал оларды бұзу бұларға қайшы келеді және зиян, тіпті қоғамдық қауіпті салдарларға жиі келтіреді. Мысалы, жолаушылардың билетсіз жүруі көлік кәсіпорындарына мүліктік зиян келтіреді, жол қозғалысы ережелерін бұзу адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп туғызады, көлік құралдарын зақымдауға

әкеледі, жолдың жүріп өту мүмкіндігін азайтады, аң аулау мен балық аулау ережелерін бұзу жануарлар дүниесіне, сөйтіп қоғамға да зиян келтіреді.

Міндетті болатын ережелер көптеген субъектлер тобына арналады. Біреулері - барлық азаматтар мен заңды тұлғаларға, екіншілері - шаруашылық, әлеуметтік-мәдениет және әкімшілік-саяси қызметтің қандай да болмасын салаларының қызметкерлеріне, үшіншілері - мемлекеттік, қоғамдық, коммерциялық ұйымдарда белгілі бір лауазымдық қызмет атқаратын лауазымды адамдарға.

ӘҚБтК-тің 28-бабы бойынша жеке адамның осы Кодекспен әкімшілік жауаптылық көзделген құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасалған) іс-әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық болып танылады. Бірақ Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген құқық бұзушылықтар үшін, егер бұл бұзушылықтар өзінің сипаты бойынша қолданылып жүрген заңдарға сәйкес қылмыстық жауаптылыққа әкеп соқпаса, әкімшілік жауаптылық туындайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың ұғымын мынадай бірнеше белгілер сипаттайды. Біріншіден, бұл іс-әрекет немесе әрекетсіздік, яғни әрекет; екіншіден, қоғамдық қауіп әрекет; үшіншіден, құқыққа қарсы әрекет; төртіншіден, кінәлі әрекет; бесіншіден, жазаланатын әрекет.

Әкімшілік құқық бұзушылық - бұл заңдық патологияның (қалыптан тыс ауа жайылудың), ауып кететін мінез-құлықтың бір түрі, ол не іс-әрекет, не әрекетсіздік нысанында болады.

Іс-әрекет - бұл міндет немесе заңды талап түрінде болатын құқықтық нұсқаманы өршігіп орындамау; нақты тыйымды, ережені, норманы, стандартты бұзу (мысалы, жүргізушілердің мас күйінде көлік құралдарын жүргізуі, тұрғын жайларды пайдалану ережелерін бұзу, өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы нормативтік құжаттардың талаптарын бұзу).


Әрекетсіздік - бұл тұлғаның өзіне жүктелген міндеттерге байланысты жасауға тиісті және істей алатын іс-әрекеттерді істемеуінен көрініс табатын енжар мінез-құлқы (мысалы, табыстары туралы декларация беруден жалтару, монополияға қарсы органның нұсқамаларын орындамау).

Әкімшілік құқық бұзушылықтың мәні оның қоғамдық қауіптілігімен айқындалады. Мемлекет құқық нормаларында мінезқұлықтың міндетті ережелерін бекіте отырып, оларды бұзған үшін мемлекеттік мәжбүрлеуді қолдану мүмкіндігін қарайды. Құқық бұзушылықтың тап осы қоғамдық қауіптілігі оны жасаған үшін жауаптылыққа себеп болады. Бұл белгінің болмауы құқық бұзушылықтың да болмағанын дәлелдейді.

Кейде әкімшілік құқық бұзушылықтарды қоғамға қарсы деп айтады, бұл да олардың қоғамдық қауіптілігімен үндес. Әрине, олар сонымен бірге зиянды да. Өйткені, бұл сияқты әрекеттердің қоғам, азаматтар, органдар мен заңды тұлғалар үшін зияндық салдарлары болады (немесе олар болуы мүмкін). Сондықтан да белгілі бір іс-әрекеттерді жасауға тыйым салу белгіленеді немесе белгілі бір әрекетсіздіктерге жағымсыз заңдық баға қаралады. Бұл да олардың қоғамдық қауіптілігінің көрсеткіші.

Құқыққа қарсы, зияндық салдарларының сипаты мен көлемі, кінәлілік дәрежесі сияқты мұндай белгілердің жиынтығы қылмыс пен әкімшілік құқық бұзушылықтардың арасындағы арақатынастың негізіне жатады. Осының негізінде олар жазалану сипаты бойынша да айырылысады: қылмыспен салыстырғанда әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза тым жеңіл болады.

Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылықты қылмыстан айырудың бірден-бір белгісі тек қоғамдық қауіптілік дәрежесі; ол әкімшілік теріс қылықта қылмыстағы қауіптіліктен аз болады.



1.30-сурет. Әкімшілік құқық бұзушылық құрамы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіптілігі белгісінің заңдық көрінісі құқыққа қарсылық болып табылады. Қазақстан мемлекеті, қандай да болмасын бір іс-әрекетті немесе әрекетсіздікті қоғамдық қауіпті деп, оларды жасауға құқықтық тыйым белгілейді.

Құқыққа қарсы деп белгілі бір тұлғаның құқық нормасымен тыйым салынған іс-әрекетті жасауы немесе құқықтық актімен міндеттелген іс-әрекетті жасамауы түсініледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық әкімшілік құқық нормаларымен реттелінетін және қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғады. Мәселен, құқық бұзушылар өрт қауіпсіздігі аясын реттейтін құқық нормаларын бұза отырып, сонымен бірге отпен күресудің мемлекеттік шаралары негізделетін өртке қарсы ережелермен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғады.

Сонымен, әкімшілік жазалау шаралары құқық нормасымен нақты әрекет қаралған жағдайда ғана қолданылуы мүмкін. Басқа сөзбен айтқанда, құқыққа қарсы (құқыққа қарсы бағытталған) болып табылмайтын әрекетті әкімшілік құқық бұзушылық ретінде бағалауға болмайды және ол әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыра алмайды.


Әкімшілік құқық бұзушылық тек қоғамдық қауіпті, құқыққа қарсы ғана емес, сонымен бірге кінәлі іс-әрекет немесе әрекетсіздік, немесе іс-әрекет жасайтын (немесе іс-әрекет жасамайтын) тұлғаның еркі мен ақыл-парасатын білдіретін әрекет.

Әкімшілік теріс қылық жасаған кезде кінә қасақана нысанында абайсыздық нысанында да көрініс табуы мүмкін. Құқық бұзушының қандай да болмасын бір нысанда кінәсінің болуы әкімшілік теріс қылықтың аса маңызды және қажетті белгісі болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың маңызды белгісі - оның әкімшілік жазаланатындығы. Нақты іс-әрекет немесе әрекетсіздік әкімшілік құқық бұзушылық болып тек егер оны жасаған үшін заңнамамен әкімшілік жауаптылық қаралған болса ғана танылады.

Әкімшілік жазалаудың белгісі әкімшілік жауаптылық шараларын қолданудың заңдық салдарларымен тығыз байланысты. Олардың мәні мынада, құқық бұзушыға әкімшілік жаза қолдану оның «әкімшілік жазаланған жағдайға» әкеп соқтырады; оның құқықты» мәртебесіне жеке адамның «жаңа» құқықтық жағдайын сипаттайтын элемент қосылады.

Әкімшілік жазаланған жағдайының кезінде қолданылып жүрген заңнамамен белгіленген жауаптылыққа тартылудың ескіру мерзімі (өткенге дейін әкімшілік құқық бұзушылықты қайталап жасау қатал әкімшілік жазалар, әдетте ірі айыппұл санкцияларын, тіпті әкімшілік қамауды да қолдануға соқтыруы мүмкін.



1.31-сурет. Әкімшілік жазалаудың белгілері.

10.2. Әкімшілік құқық бұзушылықтың заңдық құрамы

Заңда бекітілген әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің жиынтығы құқық бұзушының әкімшілік жауаптылығына жалғыз ғана негіз болып табылатын күрделі заңдық құрамын құрайды. Сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің жиынтығы және нақты құқыққа қарсы қол сұғудың заңдық құрамы - ұқсас құбылыстар емес. Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерінің көмегімен қандай да болмасын бір әрекеттің жалпы әлеуметтік-психологиялық және заңдық сипаттамасын білеміз. Заңдық құрам іс-әрекетті немесе әрекетсіздікті құқықтық бағалаумен және бұзушыны жауаптылыққа тартумен байланысты міндетті шешеді. Оның міндеті - осы жауаптылықтың негізі болу, өйткені егер негізі болмаса, онда жауаптылық та жоқ.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың белгілерін бекіту бұл әрекеттің заңдық құрамының бар екендігіне өзінен-өзі келтірмейді. Мысалы, 16 жасқа толмаған адамның жасаған құқыққа қарсы қол сұғуы әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық белгілерімен сипатталуы мүмкін. Бірақ, ол әкімшілік жауаптылық тудырмайды, өйткені әкімшілік теріс қылықтың субъектісі тек 16 жасқа толған

адам ғана болатын болғандықтан онда құқық бұзушылықтың заңдық құрамы жоқ.

Әкімшілік құқықтың теориясында (қылмыстық құқық теориясындағы сияқты) әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы деп әкімшілік құқық бұзушылық ретінде нақты қоғамдық қауіпті әрекет ретінде сипаттайтын ӘҚБтК-пен белгіленген объективтік және субъективтік белгілердің біртұтастығы түсініледі (мысалы, заңсыз емдеумен, кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу, озбырлық). Құрамның объективтік элементтеріне мыналар жатады: қол сұғудың объектісі, яғни әкімшілік құқықпен реттелінетін және қорғалынатын қоғамдық қатынастар, және әкімшілік теріс қылықтың объективтік жағы - бұл құқыққа қарсы іс-әрекетті немесе әрекетсіздікті, қол сұғудың нәтижесін, әрекетпен және туындаған салдарлардың арасындағы себепті байланысын, жасалынған әкімшілік құқық бұзушылықтың орнын, уақытын, жағдайын, тәсілін, қаруы мен құралын сипаттайтын сыртқы белгілері. Құрамның субъективтік элементтеріне әкімшілік құқық бұзушылық субъектісін сипаттайтын белгілер жатады (жас, жауаптылыққа өкілеттілік, әкімшілік-құқықтық мәртебесінің ерекшеліктері - азамат, лауазымды адам, заңды тұлға), қасақаналық және абайсыздық нысанындағы кінә, әкімшілік құқық бұзушылықтың себебі мен мақсаты.

Сонымен әкімшілік құқық бұзушылықтың құрамы төрт элементтен (белгімен) сипатталады: объекті, объективтік жағы, субъекті, субъективтік жағы.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жалпы объектісі мемлекеттік басқару аумағында пайда болатын және әкімшілік, бірқатар жағдайларда конституциялық, экологиялық, кеден, еңбек, жер, қаржылық және өзге де құқық салаларының нормаларымен реттелінетін қоғамдық қатынастар болып табылады. Әкімшілік теріс қылық объектісінің түрлері ретінде мыналар танылады: жеке адам, азаматтардың құқықтары мен бостандықтары, қоғамдық қауіпсіздік; меншік; мемлекеттік және қоғамдық тәртіп, экономика аясындағы қатынастар; басқарудың белгіленген тәртібі.

Әрбір нақты теріс қылықтың қол сұғатын түрлік, яғни тікелей объектісі болады (қоғамдық өнеге, ар-намыс, азаматтың абыройы - ұсақ бұзақылық жасалынған кезде; азаматтардың тыныштығы-түнгі уақытта айғай-шу болған кезде).

Құрамның объективтік жағы әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыратын және іс-әрекеттен немесе әрекетсіздіктен және туындаған нәтижеден көрініс табатын құқық нормасын бұзушының сырт көрінісі бар мінез-құлқының қоғамға қарсы акт ретінде теріс қылықты сипаттайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық құрамының объективтік жағын саралағанда заңды қолданушы әкімшілік теріс қылықтың нақты құрамдарының объективтік жағының көрінісінің айтарлықтай көп болатындығын ескеруге тиіс. Мәселен, ұсақ бұзақылық (ӘҚБтК-тің 330-б) қоғамдық орындарда балағат сөйлеуден; жеке тұлғаларды қорлап тиісуден; тұрғын жайларды, ортақ пайдалану орындарын қорлаудан; қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзудан; төңірегіндегілерді сыйламаушылықтан; арнайы қызметтерді (полицияны, медициналық жедел жәрдемді, апаттық, өртке қарсы қызметтерді,) көрінеу жалған шақырудан, басқа да осындай іс-әрекеттерден көрініс табуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың нақты құрамдарының объективтік жағының бланкеттік (сілтемелік) диспозициялардың (нормалардың) көмегімен құрылатын жәйттері аз емес. Мысалы, ӘҚБтК-тің 312 бабы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу немесе орындамау үшін жауаптылық қараған, ал мұндай ережелер өте көп, олар заңдардың нормаларында да, заңға тәуелді нормативтік актілер нормаларында болады, мысалы, тиісті атқарушы билік органдарының бекіткен құрылыс ережелерінде қаралады.

Объективтік жақтың мазмұнын құқыққа қарсы қол сұғудың қайталау, бірнеше рет, қастандылық, әрдайымдылық, созылып кеткен құқық бұзушылық сияқты анықтаушылық белгілер сипатталады.

Қайталап жасау ӘҚБтК-тің көптеген баптарында қаралған, ол бұрын жасаған бұзушылығы үшін әкімшілік жазаға тартылмаған адамның біртекті әкімшілік құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасауын білдіреді (яғни, әкімшілік жазалану мерзімі бітпеген жағдайда). Бұл белгі жауаптылықты ауырлататын мәнжайға жатады және аса қатал әкімшілік жазалауға (жазаға) соқтырады.



1.32-сурет. Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағы.

Әкімшілік теріс қылықты бір адамның бір рет немесе одан да көп жасауы әкімшілік құқық бұзушылық жасау деп танылады, Мысалы, ӘҚБтК-тің 336 бабының 3 тармағында тыйым салынған орындарда спирт ішімдіктерін ішкені немесе қоғамдық орынға мас күйінде келгені үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жаза қолданылған адамдарға жасаған іс-әрекеттері ірі айыппұл салуға, тіпті әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады деп белгілеген.

Қастандық, әрдайым, жалғасып жатқан әкімшілік құқық бұзушылық жиынтығы біртұтас құқық бұзушылықты құрайтын уақыт

бойынша қайта басталатын біріне-бірі ұқсас бірнеше іс-әрекеттер немесе әрекетсіздіктер жасау болып табылады.

Заңдық мәні бар аталған белгілердің әрқайсысы, олар құқықтық нормада жазылғандықтан, нақты әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағының айырықша ерекшеліктерін ашып көрсетеді және әрекетті бағалауға және заңды қолданушының құқық бұзушының қолданатын әкімшілік жазаның түрі мен мөлшерін таңдап алуына шешуші әсер етеді.

Қастық белгісін өкілетті лауазымды адамның, өкімет өкілінің, басқа құзыретті адамның бірнеше рет ұсынған талаптарына құқық бұзушының қасарушылығы, айқыннан айқын бағынғысы келмейтіндігін сипаттайды. Бұл, мысалы ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын күзету жөніндегі өз міндеттерін атқарумен байланысты әскери қызметшінің заңды өкіміне немесе талабына бағынбау (ӘҚБтК-тің 393-б.).

Бір жыл ішінде бірнеше рет (үштен көп бұзушылық), әрі қандай да болмасын бір аяда, белгілі бір субъектілердің жасаған құқық бұзушылығы болып танылады. Мысал ретінде жүргізушілердің жол жүру ережелерін әрдайым бұзуын айтуға болады. Бұл сияқты құқық бұзушылықтар барынша қатал санкцияға соқтырады, бұл жағдайда - көлік құралдарын жүргізетін құқығынан айырады.

Бір адамның бірнеше, біріне-бірі ұқсас құқық бұзушылықтар жасауы, олардың әрқайсысы үшін бұзушының әкімшілік жауаптылыққа тартылуы тиістігі әрі қарай жасалып жатқан құқық бұзушылық болып табылады. Мысалы, ӘҚБтК 350 бабында шығарылым деректерін жариялау тәртібін бұзуды қараған. Бұл бап мерзімді басылымдарын белгіленген шығарылым деректерінсіз шығаруды, эфирде өз атауын хабарламай, сол сияқты анық емес не көрінеу жалған шығарылым деректерімен электрондық бұқаралық ақпарат құралдарының теле және радиохабарламаларының эфирге шығуын көздеген. Бірнеше рет құқық бұзушылықтар жасауды әрі қарай жалғасып жатқан ретінде қарау керек. ӘҚБтК-тің Ерекше бөлімінің тобында көзделген белгілі бір әрекеттің бірыңғай құрамының үздіксіз жүзеге асырылуымен сипатталатын және оны анықтаған кезде аяқталмаған құқық бұзушылық созылып кеткен құқық бұзушылық деп айтылады. Мысалы, жеке тұлғалардың ішкі істер органдарының рұқсатынсыз азаматтық қаруларды сатып алуы, сақтауы, басқа адамға беруі немесе сатуы (ӘҚБтК-тің 368-б.)

уәкілетті мемлекеттік органның рұқсатынсыз не белгіленген тәртіпті бұза отырып, шекара аймағында шаруашылық, кәсіпшілік немесе өзге де қызметтер жүргізу, мал ұстау немесе бағу, бұқаралық қоғамдық-саяси, мәдени немесе өзге де іс-шаралар өткізу (ӘКБтК-тің 389-б).

Азаматтардың, лауазымды адамдар мен заңды тұлғалардың әкімшілік құқық бұзушылық жасау тәсілдерінің ерекшеліктері бар. Азаматтар, олардың ішінде кәсіпорындардың, мекемелер мен ұйымдардың қатардағы қызметкерлері тек өздерінің іс-әрекеттерімен белгіленген ережелерді бұзғаны үшін ғана жауапты болады. Лауазымды адамдар, яғни биліктік өкілеттіктері бар адамдар, мұның сыртында, басқа адамдардың белгіленген ережелерді сақтамауымен байланысты әкімшілік құқық бұзған үшін, егер оларды қамтамасыз ету осы лауазымды адамдардың қызметтік міндеттеріне кіретін болса, жауаптылыққа жатады. Мысалы, мас күйіндегі жүргізушіні не көлік құралдарын жүргізуге құқығы жоқ, сондай-ақ тиісті санаты жоқ адамды көлік құралын жүргізуге жібергені үшін көлік құралдарының техникалық жағдайы мен пайдаланылуына жауапты лауазымды адамға әкімшілік айыппұл салынады. Сонымен, лауазымды адамдар жөнінде олардың жасаған әкімшілік құқық бұзушылықтарының объективтік жағының мазмұны басқа адамдардың әлдебір ережелерді орындамауынан көрініс табады. Заңды тұлғалардың әкімшілік жауаптылығын тудыратын құқық бұзушылықтардың объективтік жағы кәсіпорындардың, мекемелері мен ұйымдардың басшылары мен өзге де қызметшілерінің заңды тұлғалар үшін белгіленген талаптарды, ережелерді, нормалар мен стандарттарды бұзған іс-әрекетінен немесе әрекетсіздігінен көрініс табады.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың объективтік жағын саралау нақты құқыққа қарсы әрекетпен және соның нәтижесінде пайда болған салдарлардың арасындағы себептік байланысты табуды болжайды. Құқыққа қарсы іс-әрекетпен (немесе әрекетсіздікпен) және пайда болған нәтиженің арасындағы қажетті себепті байланысты (себепті-салдарлық байланыстылықты) айқындаудың мәні мынадай пайда болған нәтиженің адам мен қоғам үшін қандай маңызы бар екендігін ақылға салып өлшеу; осы істің барлық жағдайларын, нәтиженің туындауына әкеп соқтырған мән-жай-

ларды табу; қорытындысында әлдебір нәтижеге келтірген анықталған мән-жайлардың әрқайсысының рөлін бағалау.

Атқарушы билікті іске асыру аясындағы себептік байланысын анықтау, табу өзгеше ерекшеліктермен сипатталады. Қағида бойынша, мұнда әкімшілік құқық бұзушылықтың бұл белгісі ашық және көрнекті болады, бұл оны тез тауып, жазып алуға, оның сипатын дереу анықтауға және құқық бұзушыға әкімшілік мәжбүрлеудің тиісті шараларын қолдануға мүмкіндік береді.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектілері жеке және заңды тұлғалар болып табылады. Бұлардан басқа, арнайы субъектілер - лауазымды адамдар, әскери қызметшілер, шет ел азаматтары бөлінеді. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кезде ақыл-есі дұрыс, 16 жасқа толған адам әкімшілік жауаптылықта болады. 16 жасқа толған, бірақ 18 жасқа толмаған адамдар ӘҚБтК-тің 9-тарауының күші қолданылатын кәмелетке толмағандар деп танылады. Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған мұндай адамдарға нақты мән-жайларды және жеке басының ерекшеліктерін ескере отырып, әкімшілік жаза тағайындалуы не тәрбиелік ықпал етудің мәжбүрлеу шаралары қолданылуы мүмкін.

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналары немесе олардың орнындағы адамдар оларды тәрбиелеу және оқыту жөніндегі міндеттерін дәлелді себептерсіз орындамауы және олардың кейбір әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағандары үшін әкімшілік жауаптылықта болады.

Қазіргі кезде жеке тұлғалар қатарына жеке кәсіпкерлер де (дара кәсіпкерлер) жатқызылған.

Заңды тұлғалар - бұлар мемлекеттік және мемлекеттік емес, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдар. Жеке адамға әкімшілік жаза қолдану заңды тұлғаны осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатпайды, сол сияқты заңды тұлғаның әкімшілік жауапқа тартылуы да кінәлі жеке адамды осы құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылықтан босатпайды деп белгіленген. Бұл жерде осы заңды тұлғаның өзінің жауаптылығынан басқа осы ұйымның кінәлі басшысына не өзге қызметкеріне де ол туындауы мүмкін. ӘҚБтК-те заңды тұлғалардың жасайтын құқық бұзушылықтарының құрамы ретінде олардың құқыққа қарсы іс-әрекеті не әрекетсіздігі қаралған. ӘҚБтК-тің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда заңды тұлға әкімшілік құқық бұзушылық

үшін әкімшілік жауаптылықта болуға тиіс. Құқық бұзушылықтың субъектісі ретінде Кодексте заңды тұлғаның жауапты болатын бірнеше құрамдары бөліп жазылған. Мысалы, жер учаскесін өз бетімен иелену; кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу; салық төлеушінің салық салу объектілерін жасыруы; қоршаған ортаны қорғау жөнінде белгіленген стандарттарды, нормаларды және өзге де экологиялық талаптарды бұзу; электр байланыс желілеріне қосылатын құрылғыларды (жабдықтарды) арнайы рұқсатсыз қосу, т.б.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъектілері ретінде лауазымды адамдар айтарлықтай ерекшеліктермен сипатталады. Олар қызметтік міндеттерін орындамауына немесе тиісінше орындамауына байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда әкімшілік жауаптылыққа тартылады. Басқаша айтқанда, лауазымды адамдар басқарудың белгіленген тәртібін, мемлекеттік және қоғамдық тәртіпті, табиғатты, халықтың денсаулығын қорғаудың, т.б. жөнінде белгіленген ережелерін сақтамаумен байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған үшін егер бұл сияқты ережелерді орындауды қамтамасыз ету олардың қызметтік міндеттеріне жататын болса, жауапты болады.

Мұндай мән-жайлар болмаған кезде әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалуына кінәлі лауазымды адам жалпы негіздерде жауаптылықта болуға тиіс. Арнайы субъектілер ретінде лауазымды адамдар ӘҚБтК-тің тиісті баптарында көрсетілген. Олар үшін әкімшілік құқық бұзушылықтың, мысалы, мынадай арнайы құрамдары қаралған: халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманы, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзу (323-б.); техникалық ақаулары бар көлік құралдарын пайдалануға шығару (474-б.); сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік органдар басшыларының шара қолданбауы (537-б.), т.б.

ӘҚБтК-те тұрақты, уақытша немесе арнаулы өкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын (яғни оларға қызмет жағынан тәуелді емес адамдарға қатысты заңда белгіленген тәртіппен мемлекет атынан немесе оның органдарының атынан заңдық маңызы бар актлер шығару құқығы немесе билік ету өкілеттігі берілген) не мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару орындарында, сондай-ақ ҚР-ның Қарулы Күштерінде,

басқа әскерлері мен әскери құрылымдарында ұйымдық-билік ету немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адамдар лауазымды адамдар деп танылады.

Ұйымдастырушылық - билік етуге немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді орындауға байланысты әкімшілік құқық бұзушылық жасаған дара кәсіпкерлер, сондай-ақ мемлекеттік органдар немесе жергілікті өзін-өзі басқару органдары болып табылмайтын ұйымдардың басшылары, басқару функцияларын орындайтын басқа қызметкерлері жауаптылықта болады.

Мемлекеттік тіркелген және заңды тұлға құрмай дара кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар (дара кәсіпкерлер), жеке нотариус, адвокат, сол сияқты дара кәсіпкердің және заңды тұлғаның ұйымдастырушылық - билік ету немесе әкімшілік – шаруашылық функцияларын орындайтын қызметкерлері, сондай-ақ заңды тұлғаның басшылары лауазымды адамдар ретінде әкімшілік жауаптылықта болады.

Әскери қызметшілер және оларға теңестірілген адамдар (мысалы, ішкі істер, қаржы полициясы мен кеден органдарының қызметкерлері) әкімшілік құқық бұзушылық үшін тәртіптік жарғылар және қызмет өткеру тәртібін регламенттейтін басқа актлер бойынша жауаптылықта болады. Бірақ олар ҚР-сы Мемлекеттік шекарасы режимін, Кеден шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді, санитариялық заңдарды, өрт қауіпсіздігінің талаптарын, жолда жүру ережелерін, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мен қорғаудың басқа да ережелері мен нормаларын бұзғаны үшін жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықта болуы мүмкін. Бұл сияқты жағдайларда да белгілі бір шектеулер қаралған. Оларға кейбір әкімшілік жазаларды қолдануға болмайды (мысалы, әкімшілік қамауға алуды), ал шақыру бойынша әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілерге әкімшілік айыппұл салуға болмайды. Сонымен бірге, әкімшілік жаза қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) жоғарыда аталған адамдарға (прокурорларға, әскери қызметшілерге, т.б.) әкімшілік жаза қолданудың орнына, кінәлі адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға құқық бұзушылық туралы материалдарды беруі мүмкін.

Тәртіп туралы жарғылардың күші қолданылатын темір жол, теңіз, өзен көлігі мен азаматтық авиацияның қызметкерлері

қызметтік міндеттерін атқару кезінде ӘҚБтК-те көзделген құқық бұзушылық үшін осы жарғыларға сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Шетелдіктер, шетелдік заңды тұлғалар және азаматтығы жоқ адамдар Қазақстан аумағында әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жағдайда жалпы негіздерде әкімшілік жауаптылықта болады. Шет мемлекеттердің дипломатиялық өкілдері және қорғанышты пайдаланатын өзге де шетелдіктер әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін әкімшілік жауаптылық туралы мәселе халықаралық құқық нормаларына сәйкес шешіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың субъективтік жағы - бұл адамның жасалынған әрекетке психикалық жағынан қарауын сипаттайтын белгілердің жиынтығы. Оның түйіні кінә болып табылады, ол қасақана немесе абайсыздық нысанында болуы мүмкін.

Құқық бұзушы қасақаналықпен іс-әрекет жасай отырып, өзінің іс-әрекетінің немесе әрекетсіздігінің құқыққа қарсы сипатын сезінеді, оның залалды салдарын алдын ала біледі және осы салдардың туындауын қалайды (тікелей қасақаналық) немесе оған саналы түрде жол береді не оларға немқұрайды қарайды - жанама қасақаналық (ӘҚБтК-тің 29-б.). Мәселен, адам тыйым салынған жерге (зонаға) кіре отырып, саналы түрде тікелей қасақаналықпен шекара режимін бұзады. Басқа бір жағдайда жүргізуші техникалық жөнінен бұзылған автомәшинемен гараждан шыққанда құқыққа қарсы салдар болуын қаламайды, бірақ саналы түрде, жанамалы қасақаналықпен оның туындауына жол береді. Сонымен, құқық бұзушылық тек қоғамға қауіпті іс-әрекет немесе әрекетсіздік жасағаны және оның зиянды салдары үшін ғана, егер ол жөнінде оның тікелей кінәсі айқындалған болса, әкімшілік жауаптылыққа жатады.

Кінәнің әрбір нысанының әрекетті бағалау, әкімшілік жазаларды даралау, т.б. үшін үлкен маңызы бар. Сондықтан олар ӘҚБтК-те қаралған құқық бұзушылықтардың нақты құрамдарында ажыратылған. Оның бірнеше баптарында кінәнің қасақана нысаны тура көрсетілген. Мысалы, үгіт материалдарын (депутаттыққа немесе өзге де сайланбалы қызметке кандидаттардың суреттерін, олардың өмірбаяны бар плакаттарын, т.б.) қасақана жою, бүлдіру - 107-б.; көлік құралдарының қозғалысына қасақана кедергілер жасау - 472-

б.; прокурордың, тергеушінің, анықтаушының заңмен белгіленген негізде және тәртіппен қойған талаптарын қасақана орындамау - 522-б. 2-т: Солай болғанмен де кінәнің қасақана нысанын көпшілік жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық құрамының барлық жақтарын және ең алдымен оның объективтік жағын талдау негізінде ғана анықтауға болады. Мәселен, кінәнің қасақаналылығын теріс қылық жасаудың сипаты дәлелдей алады, мысалы айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулармен ауыратын адамдардың жұқпалы ауру түрін және өздерімен қатынаста болған адамдарды жасыруы, аң аулау ережелерін өрескел бұзу, бірнеше рет, қасақана, әрдайым, құқық бұзушылық жасау және өзге де ӘҚБтК-пен қаралып, әрекеттің немесе әрекетсіздіктің нақты ерекшеліктері. Бұл ретте қасақаналық кінә құқық бұзушыға аса қатал жаза қолдану үшін негіз бола алады.

10.3. Әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлері

Әкімшілік теріс қылықтың жалпы құрамын сипаттау біршама бірыңғай объектісі бар (мысалы, азаматтардың құқықтарына қол сұғатын құқық бұзушылықтар) әкімшілік құқық бұзушылықтың түрлерін қамтитын тектік құрамдарын талдауды және соңынан топтастыруды болжайды.

Әкімшілік теріс қылықтың қисапсыз әр түрлі және көп таралғандығына байланысты оларды топтастырудың бірыңғай белгісі жоқ. Ол ретінде құқықтық реттеудің бірыңғайлығымен, белгілі бір шамада тұрақтылығымен, сонымен бірге әкімшілік құқық бұзушылықтардың қайталанатындығымен сипатталатын белгілердің жиынтығы кешенді белгі болып табылады.

Осы белгінің негізінде әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық түрлерін мынадай жіктелген топтарға топтастыруға болады.

1. Жеке адамға және оның құқықтарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға: ұрып-соғу; денсаулығына зиян келтіру; азаматтардың өздерінің сайлау құқықтарын сайлау комиссиясының жұмысын жүзеге асыруға кедергі келтіру; азаматтардың ұждан бостандығы мен діни сенім бостандығын жүзеге асыруға кедергі жасау; еңбек туралы заңдарды және еңбекті қорғау ережелерін бұзу; азаматқа мәлімет беруден бас тарту; ереуілге қатысуға немесе оған қатысудан бас тартуға мәжбүрлеу, т.б.

2. Қоғамдық қауіпсіздікке және халықтың денсаулығына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға: заңсыз емдеумен айналысу; санитариялық заңнаманы бұзу; ЖҚТБ-мен, сөз ауруларымен, туберкулезбен ауыратындармен қатынаста болып жүрген адамдардың медициналық тексеруден және емдеуден жалтару; дәрігердің тағайындауынсыз есірткі құралдарын пайдалану; есірткі құралдарымен заңсыз айналысу, т.б.

3. Меншікке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға: жер учаскелерін өз бетімен иелену немесе уақытша иеленген жерді дер кезінде қайтармау; жер қойнауына мемлекеттік меншік құқығын бұзу; бөтен біреудің мүлкін жою немесе бүлдіру. Оның мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау, т.б. жатады.

4. Қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға: қоршаған ортаны қорғау жөніндегі экологиялық талаптарды бұзу; жерді бүлдіру; жер қойнауын пайдалану бойынша операциялар жүргізу ережелерін бұзу; су ресурстарын қорғау ережелерін бұзу; орманда өрт қауіпсіздігі талаптары мен санитариялық ережелерді бұзу; заңсыз аң аулау, балық аулау, жануарлар дүниесін пайдалану; жасыл желектерді күтіп ұстау мен қорғау ережелерін бұзу, т.б.

5. Өнеркәсіп, жылу, электрэнергиясын пайдалану саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға: жұмыстарды қауіпсіз жүргізу жөніндегі режимдерін бұзу; энергия тұтынудың белгіленген режимдерін бұзу; газ пайдаланудың ережелері мен нормаларын бұзу, т.б.

6. Сәулет-құрылыс қызметі саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға: құрылыс ережелері мен нормаларын бұзу; заңсыз құрылыс салу; тұрғын үй-жайларды өз бетімен қайта жабдықтау және қайта жоспарлау, т.б.

7. Карантиндік ережелер мен мал дәрігерлік қадағалауда әкімшілік құқық бұзушылықтарға: карантиндік зиянкестермен, өсімдік ауруларымен және арамшөптермен күрес жөніндегі ережелерді бұзу; карантиндік тексеруден және тиісті өндеуден өтпеген материалдарды әкелу және әкету; мал дәрігерлік туралы заңдарды бұзу, т.б.

8. Көлікте, жол шаруашылығында және байланыста әкімшілік құқық бұзушылықтарға: жүргізушілердің көлік құралдарын пайдалану ережелерін бұзу; жүргізушінің мас күйінде көлік құралын басқару, сондай-ақ көлік құралын басқаруды мас күйіндегі адамға

беру; жолдарды, темір жол өткелдерін және басқа жол құрылыстарын күтіп ұстау ережелерін бұзу; байланыс желілері мен байланыс құрылыстарын қорғау ережелерін бұзу; байланыс құрылыстарын өз бетінше салу немесе пайдалану, т.б.

9. *Баспасөз және ақпарат саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: бұқаралық ақпарат құралдары туралы заңдарды бұзу; телерадиохабарлары мен жарнамалық роликтерді эфирге шығару тәртібін бұзу; журналистің заңды қызметін орындауына кедергі жасау, т.б.

10. *Кәсіпкерлік қызмет саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: бөтен тауар таңбасын, қызмет көрсету таңбасын, тауар шығарылған жердің атауын немесе фирмалық атауын заңсыз пайдалану; кәсіпкерлік қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу; монополияға қарсы заңдарды бұзу; жалған кәсіпкерлік, т.б. жатады.

11. *Сауда және қаржы саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: тұтынушыларды алдау; банк, валюта заңдарының талаптарын бұзу; бюджет қаражатын дер кезінде есептемеу немесе мақсатсыз пайдалану; бағалы қағаздарды ұстаушылар құқықтарының бұзылуы; бағалы қағаздар мен мәмілелер жасау тәртібін бұзу, т.б.

12. *Салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: салық органдарында салық есебіне қою мерзімінің бұзылуы; салық салу объектілерін жасыру; жалған шот-фактура жазып беру, т.б.

13. *Мемлекеттік билік институттарына қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: прокурорға, тергеушіге және анықтау органына, сот орындаушысына, приставына келуден жалтару; мемлекеттік наградаларды заңсыз тағып жүру, т.б.

14. *ҚР-сы Мемлекеттік шекарасы режимінің белгіленген тәртібіне және ҚР-ның аумағында болу тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: шекара аймағында шекара режимін және жекелеген жерлерде болу тәртібін бұзу; ҚР-ның мемлекеттік шекарасы режимін бұзу; шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның ҚР-да болу ережелерін бұзуы, т.б. жатады.


15. *Басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға*: құқық қорғау органдарының, шекара қызметінің уәкілетті қызметкерінің нұсқауларының орындамау

немесе заңды өкіміне не талабына қасақана бағынбау; төтенше жағдай режимін бұзу; төлқұжатсыз немесе куәліксіз тұру; күзетілетін объектілерге заңсыз ену, т.б.

16. Жалпыға бірдей әскери міндеттілік, әскери қызмет пен қорғаныс саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтарға: әскери комиссариаттың шақыруы туралы азаматтарға хабарламау; азаматтардың әскери есепке алу жөніндегі міндеттерін орындамауы; медициналық тексеруден немесе жиындардан жалтару; әскери есепке алу құжаттарын қасақана бүлдіру немесе жоғалту, т.б. жатады.

17. Қоғамдық тәртіпке және имандылыққа қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарға: ұсақ бұзақылық; тыныштықты бұзу; құмар ойындар; тарих және мәдениет ескерткіштерін немесе табиғи объектіні қорлау, т.б.

18. Әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға: мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының заңсыз кәсіпкерлік қызметпен айналысуы және заңсыз кірістер алуы, т.б. жатады.



1.33-сурет. Әкімшілік жауаптылық.

11-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҚ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылады:

11.1. Әкімшілік жауаптылықтың ұғымы және негізгі ерекшеліктер.

11.2. Әкімшілік жауаптылықтан босату.

11.3. Әкімшілік жазалардың ұғымы және мақсаттары.

11.4. Әкімшілік жазалардың түрлері.

11.5. Әкімшілік жазаларды қолдану.

11.6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың ұйымы және жүйесі.

11.7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қайда қарауға жататындығы, лауазымды адамдардың жазалар қолдану жөніндегі құзыреті.

Әкімшілік жауаптылық қылмыстық, азаматтық және тәртіптік жауаптылықтармен қатар заңдық жауаптылықтардың бір түрі болып табылады. Оны мемлекет жауаптылықтың негіздерін, бұзушыларға қолданылуы мүмкін болатын шараларды, құқық бұзушылық туралы істерді қараудың және осы шаралардың орындалу тәртібін айқындайтын құқықтық нормалар шығару жолымен белгілейді.

Заңдық айғақ — әкімшілік құқық бұзушылық болған кезде - құқықтық норма санкциясының механизмі іске қосылады, сөйтіп санкция жазаны қолдануға болатын (потенциалды) мүмкіндігінен шынайы жазаға, яғни әкімшілік жазаға айналады.

Әкімшілік құқықта әкімшілік мәжбүрлеудің толып жатқан шараларының ішінен (тексеру, реквизициялау, ұстау, алып қою, т.б.) тек әкімшілік жазалар ғана жазалау функциясын атқарады және тек соларды қолдану ғана әкімшілік жауаптылықтың туындауына әкеп соқтырады (ӘҚБТК-тің 28-3-б.). Сонымен, әкімшілік жауаптылық - бұл әкімшілік-құқықтық санкцияларды жүзеге асыру, уәкілетті органның немесе лауазымды адамның құқық бұзушылық жасаған азаматтар мен заңды тұлғаларға әкімшілік жазалар қолдануы.

Әкімшілік жауаптылықты заңдық жауаптылықтың барлық түрлері үшін жалпы ортақ болатын кейбір белгілері сипаттайды. Ол мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады, өйткені биліктік өкілеттіктер мемлекеттік билік органдары арқылы жүзеге асырылады.

Бұл заңдылық пен құқықтық әділеттіліктің жалпы қағидаларына бағынатын *құқықтық мәжбүрлеу*. Әкімшілік жауаптылық оның көлемі мен шегін құқықтық регламентациялау, нақты әкімшілік жазалардың негіздемелерін, мазмұнын және жүзеге асырудың процессуалдық нысандарын нормативтік белгілеу негізінде қолданылады. Әкімшілік жауаптылықтың құрамдық элементтерін реттейтін нормалар жиынтығы әкімшілік құқықтың дербес институты болып табылады.

Ол құқық бұзушылар үшін құқықтық норманың санкциясында қаралған жағымсыз салдарлардың туындауына әкеп соқтырады. Әкімшілік жауаптылық шаралары өзінің мазмұны бойынша ӘҚБтК-те қаралған бұзушылардың құқықтары мен бостандықтарын жоюдан немесе шектеуден көрініс табады, өйткені басқаша жолмен бұл тұлғаларға мәжбүрлеп ықпал жасау мүмкін емес. Құқық бұзушы үшін жағымсыз салдарлар моральдық (ескерту), материалдық (айыппұл, тәркілеу, өтемін төлеп алып қою) немесе дене күшін жұмсау сипаты бар (әкімшілік қамауға алу) кемтарлық көру немесе шектеулер түрінде туындауы мүмкін.

Заңдық жауаптылық әрқашанда құқық бұзушылықтың нәтижесі ретінде қаралып келеді, яғни бұл, тапсырылған іс үшін, алға қойылған міндетті орындау үшін жауаптылық ретінде түсінілетін, ол құқықтық міндет немесе борыш ұғымымен сәйкес болған кезде, дұрыс (жағымды) деп аталатын жауаптылықтан айырмасы, өткенге мән беретін (ретроспективный) немесе жағымсыз, жауаптылық,

Енді әкімшілік құқықтың тек осы институтына ғана тән әкімшілік жауаптылықтың негізгі ерекшеліктеріне тоқталайық.

Әкімшілік жауаптылықты әкімшілік құқық бұзушылық үшін құқықтық жауаптылық ретінде қарауға болады. Бұл орайда мынаны ескеру керек, қол сұғудың объектісі мемлекеттік басқару аясында сондай-ақ кейбір басқа да қатынастар болып табылады. Мәселен, әкімшілік жауаптылық, бір жағынан, кеден, салық қатынастарына, меншікті сақтауға, азаматтардың құқықтарын, табиғатты, халықтың денсаулығын, сауданы, т.б. қорғауға байланысты қатынастарға қол сұққаны үшін белгіленеді.

Әкімшілік жауаптылық әкімшілік құқықтың әрбір нормасын бұзған үшін емес, олардың ішінде тек әкімшілік жауаптылық көрсетілгендеріне ғана қолданылады.

Әкімшілік жауаптылық құқық қорғаудың, бұзушылықтың ерекше түрімен - әкімшілік құқық бұзушылықтармен, олар аса қауіпті болмаса да, бірақ қылмыспен салыстырғанда едәуір жиі кездеседі, күресудің маңызды құралы ретінде пайдаланылады. Олардың қауіптілігі құқыққа қарсы іс-әрекеттің немесе әрекетсіздіктің өздерінің сипатында ғана емес, сонымен бірге едәуір көп таралғандығында, олардың көптеген мыңдаған әкімшілік құқық бұзушылықты қамтитын «көп түрлілігінде».

Әкімшілік жауаптылық өзінің субъектілік құрамымен өзгешеленеді. Жауаптылықтың бұл түрінің субъектілері жеке де, сондай-ақ заңды да тұлғалар - кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар болып табылады.

Әкімшілік жауаптылық өзінің мән-мағынасы бойынша мемлекеттің өкілетті органының әкімшілік құқық бұзушылық жасаған тұлғаға жасайтын ықпалы. Бұл ықпалдың мақсаты кінәліні тәрбиелеу, сондай-ақ әкімшілік жауапқа тартылған адамдардың да, басқа азаматтардың да келешекте әкімшілік құқық бұзушылық жасауды болдырмаудың алдын алу.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды бұзу әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдануға әкеп соқтырады, олардың бір түрі әкімшілік жазалар болып табылады. Нақ осы соңғылар, алдын алу, жолын кесу шараларынан және процессуалдық шаралардан айырмашылығы, әкімшілік жауапқа тартылғанның нәтижесінде қолданылады.

Әкімшілік жауаптылықты оны белгілеу тәртібі айырады. ӘҚБтК бойынша әкімшілік жауаптылық осы Кодекспен белгіленеді. Әкімшілік жауаптылықты көздейтін өзге заңдар осы Кодекске олар енгізілгеннен кейін ғана қолданылады.

Жергілікті аумақтық сипаты бар құқық бұзушылықтар үшін (қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету, қалалар мен елді мекендердің аумақтарын көріктендіру, т.с.с.) облыстардың, Алматы мен Астананың, қалалар мен аудандардың жергілікті өкілді органдары ӘҚБтК-тің тиісті баптарында әкімшілік жауаптылық көзделетін ережелерді белгілеуге құқылы. Әкімшілік жауаптылықтың шараларын көптеген уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар қолданады. Олардың барлығы, өздерінің өкілеттіктерін

атқара отырып, құқық бұзушыларға әкімшілік жазалар қолданады. Оларға аудандық және соларға теңестірілген соттардың, мамандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың судьялары, ішкі істер органдары, және ӘҚБтК-тің 543-576 баптарымен осындай істерді қарауға уәкілеттік берілген басқа да мемлекеттік қадағалау және бақылау органдары (олардың лауазымды адамдары) жатады.

Органдар мен лауазымды адамдар әкімшілік жауаптылық шараларын өздеріне қызмет жөнінен бағынышты емес бұзушыларға қолданады. Сонымен бірге олар бір ұжымның қызметкерлері болып табылмайды және қызметтік-еңбек қатынастары жөнінен байланысты болмайды. Бұл жағдай әкімшілік жауаптылықты, әдетте, жоғары органның немесе лауазымды адамның бағыныштылық тәртіппен басшыларға, жұмысшыларға, қызметшілерге және көмекші қызметкерлерге қолданатын тәртіптік жауаптылықтан айыруға мүмкіндік береді.

Әкімшілік жауаптылыққа тарту мен әкімшілік жаза қолдану бұзушыны сотталғанға әкеп соқтырмайды және оны жұмыстан шығаруға негіз болып табылмайды.

Әкімшілік жауаптылықты оны іске асырудың ерекше процесуалдық (іс жүргізу) тәртібі сипаттайды. Ол өзінің біршама оңайлығымен, жеделдігімен және тиімділігімен тиісті қылмыстық және азаматтық істерді қараудың және олар жөнінде қандай да бір шешім қабылдаудың тәртібінен өзгешеленеді.

Әкімшілік жауаптылыққа жалпыға бірдейлік сипаты тән (өрт қауіпсіздігі ережелері, құрылыс ережелері, т.б.), ол мыналардан көрініс табады: біріншіден, ережелердің барлық азаматтар мен заңды тұлғалар үшін жалпы міндетті болатындығынан, оларды сақтамау әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтырады; екіншіден, барлық жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін жауаптылық мемлекет алдында болады, мемлекет осындай бұзушылықтар туралы істерді қарау және жазалар қолдану жөніндегі органдардың (лауазымды адамдардың) өкілеттіктерін белгілейді. Өзінің жалпыға бірдейлігі жағынан әкімшілік жауаптылық қылмыстық жауаптылықпен ұқсас, бірақ тәртіптік, сондай-ақ азаматтық-құқықтық жауаптылықтан өзгешеленеді, онда жауаптылық, негізінен, шарттық және шарттық емес азаматтық-құқықтық немесе еңбектік қатынастар субъекттерінің алдында болады.

Әкімшілік жауаптылықтың тағы бір ерекшелігі, оны іске асырған кезде материалдық және процессуалдық құқықтық қатынастар бір тұтастық құрып, қосылып кететіндей болатыны жиі кездеседі. Мысалы, айыппұл әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде салынып, алынады. Бұл жерде дербес және жекеленген әкімшілік процес болмайды, мұнда әкімшілік құқық бұзушылықтың күмәнсіздігі мен оның мәнінің жеңілдігінің айқындылығына байланысты қысқартылған процесс деп аталатын процесс көрініс табады.

11.2. Әкімшілік жауаптылықтан босату

ӘҚБтК әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды, мысалы, теріс қылық онша елеулі болмаған жағдайда, әкімшілік жауаптылықтан босатудың негіздерін, шарттары мен салдарларын белгілейді. Әкімшілік жауаптылықтан босату, сондай-ақ қоғамдық ықпал жасау шараларымен немесе жауаптылықтың басқа түрімен (мысалы, тәртіптік) ауыстырудан да, иә болмаса жауаптылықтың ұзақ мерзімді шараларын қысқартудан (мысалы, аң аулау құқығын жоюдан) көрініс табуы мүмкін. Шындығында, барлық аталған жағдайларда уәкілетті органдар мен лауазымды адамдар құқықтық нұсқамаларды бұзған адамдарды қандай да болмасын бір түрінде әкімшілік жауаптылықтан босатуды жүзеге асырады.

Әкімшілік жауаптылықтан босатудың өзгеше бір жолы юрисдикциялық орган мен оның лауазымды адамдарының қандай да болмасын бір себептермен әкімшілік жаза қолданудың ескіру мерзімін, яғни кінәліні әкімшілік жауапқа тарту мерзімін өткізіп алуы болып табылады.

ӘҚБтК-пен (69-б.) әкімшілік жауаптылықтан босатудың ескіру мерзімі белгіленген - адам құқық бұзушылық жасалған күнінен бастап екі ай өткеннен кейін, ал қоршаған ортаны қорғау саласында алты ай өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа, осы кодексте көзделген жағдайларды қоспағанда, тартылуға тиіс емес. Жеке тұлға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық, сондай-ақ салық салу саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес, ал заңды тұлға (оның ішінде жеке кәсіпкер) әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жаса-

ғаны үшін оны жасаған күннен бастап үш жыл өткеннен кейін, ал салық салу саласында құқық бұзушылық жасағаны үшін оны жасаған күннен бастап бес жыл өткеннен кейін әкімшілік жауаптылыққа тартылуға тиіс емес.

ӘҚБтК әкімшілік құқық бұзушылыққа «икемділікпен қарау» жүйесін бекіткен және кез келген құқық бұзушылық тіпті ескіру мерзімінің шегінде міндетті түрде әкімшілік жауаптылыққа әкеп соқтыруын талап етпейді. Әкімшілік құқық бұзушылықты бірінші рет жасаған адамды, егер ол келтірілген залалды өз еркімен өтесе немесе залалды езге де жолмен ретке келтірсе істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) әкімшілік жауаптылықтан босатуы мүмкін. Құқық бұзушылықпен келтірілген зиян елеусіз болған жағдайда істі қарауға уәкілетті орган (лауазымды адам) бұзушылық жасаған адамды, ауызша ескерту жасаумен шектеліп, әкімшілік жауаптылықтан жалпы босата алады (ӘҚБтК-тің 68гб.). Заңның бұл ережесі істі шын мәнінде шешетін өкілетті органның (лауазымды адамның) құқық бұзушыға әкімшілік жаза болып табылмайтын және қоғамдық ықпал ету шараларына жатпайтын ықпал жасау құралын қолданатын құқығы бар екендігін білдіреді. Сонымен бірге, құқық бұзушыға жасалған ауызша ескерту ешбір заңдық салдарлар туғызбайды.

Бұл орайда ең маңызды мәселе мынада, құқық бұзушыны әкімшілік жауаптылықтан босату мәселесін шешкен кезде құқық бұзушылық құрамының барлық объективтік және субъективтік жақтары, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлар ұқыпты түрде ескерілетін болуға тиіс.

Бірқатар жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық, ерекшелік ретінде, әкімшілік жауаптылыққа емес, тәртіптік жауаптылыққа әкеп соқтырады. Әскери қызметшілер, сондай-ақ ішкі істер органдарының қатардағы және басшы құрамдағы адамдары және өзге де адамдар (мысалы, прокурорлар, қаржы полициясы мен кеден органдарының қызметкерлері) әкімшілік құқық бұзушылық үшін, қағида бойынша, ӘҚБтК-тің 35 бабының 2 тармағында қаралған жағдайларда (Мемлекеттік шекарасы режимін, кеден шекарасы арқылы өткізу бекеттеріндегі режимді, санитариялық заңдарды, жолда жүру ережелерін, аң аулау, балық аулау ережелерін, т.б. бұзу) бұл адамдар жалпы негіздер бойынша әкімшілік жауаптылықта болатынын қоспағанда, тәртіптік жарғылар бойынша

немесе қызмет атқару тәртібін регламенттейтін нормативтік құқықтық актлерге сәйкес жауаптылықта болады.

Әкімшілік жаза қолдану құқығы берілген органдар (лауазымды адамдар) жоғарыда аталған адамдарға әкімшілік жаза қолданудың орнына, кінәлі адамдарды тәртіптік жауаптылыққа тарту туралы мәселені шешу үшін тиісті органдарға құқық бұзушылық туралы материалдарды беруі мүмкін.

Тәртіп туралы жарғылардың күші қолданылатын темір жол, теңіз, өзен көлігі мен азаматтық авиация қызметкерлері қызметтік міндеттерін атқару кезінде ӘҚБтК-тің тиісті баптарында (мысалы, 439-441, 448-450, 450-453, 443, 446, 447, 479, 480 баптарда) көзделген құқық бұзушылық жасағаны үшін осы жарғыларға сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

Әкімшілік жауаптылықтан босату өзінің мазмұны мен заңдық салдары бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге болмайтын мән-жайлармен ұқсас, яғни оларды әрекеттің құқыққа қарсылығы және жауаптылыққа тарту мүмкіндігі біріктіреді, бұл тікелей қажетті қорғануға (ӘҚБтК-тің 38-б.) және аса қажеттілікке (ӘҚБтК-тің 40-б.) жатады. Шынында, бірінші де, екінші де реттерде жағдайдың мазмұны әкімшілік құқық бұзушылық болып табылады, ал заңдық сандары (нәтижесі) ақыр аяғында сәйкес келеді және юрисдикциялық органның немесе лауазымды адамның қандай да бір азаматты әкімшілік жауаптылыққа тартудан бас тарту болады.

Сонымен бірге әкімшілік жауаптылықтан босатудың негізі мен әрекеттің құқыққа қарсылығын болғызбайтын мән-жайлар елеулі түрде айырылысады: бір жағдайда - бұл жасалынған құқық бұзушылықтың елеусіздігі немесе құқық бұзушылық пен құқық бұзушының жеке басының сипатының ерекшеліктері, ал екінші жағдайда - қажетті қорғану мен аса қажеттілік.

Әкімшілік жауаптылықты шектейтін институт бар. Бұл шектеуле ең алдымен әкімшілік заңдармен қаралған әкімшілік құқық бұзушылық субъектілерінің немесе әкімшілік қарап шешу шеңберіндегі құқық қолданушылардың ескеретін ерекшеліктерімен байланысты. Атап айтар болсақ, ӘҚБтК әкімшілік құқық бұзушылық субъектісінің қандай да болмасын бір ерекшеліктеріне байланысты кейбір әкімшілік жазаларды оған қолдану мүмкіндігін болғызбайды.

Мәселен, әкімшілік қамауға алуды жүкті әйелдерге және 14 жасқа дейінгі балалары бар әйелдерге, 18 жасқа толмағандарға, I және II топтағы мүгедектерге, сондай-ақ 58 жастан асқан әйелдер мен 63 жастан асқан еркектерге қолдануға болмайды.

Көлік құралын мас күйінде жүргізу, мас күйінде куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген ережелерді бұза отырып, өздері қатысушысы болған жол-көлік оқиғалары болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды.

Аң аулау қаруларын және балық аулау құралдарын сақтау мен алып жүру құқығынан айыруды, осы құқықты пайдалану тәртібін үнемі бұзушылықты қоспағанда, аң аулау (балық аулау) өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

11.3. Әкімшілік жазалардың ұғымы және мақсаттары

Әкімшілік жазалар әкімшілік-мәжбүрлеу шараларының бір түрі болып табылады. Әкімшілік жаза делінген - ӘҚБтК-тің 44 бабында заңмен уәкілеттік берілген судья, органдар (лауазымды адамдар) әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін қолданатын мемлекеттік мәжбүрлеу болып табылады және осындай құқық бұзушылық жасаған адамның осы Кодексте көзделген құқықтары мен бостандықтарынан айыруға немесе оларды шектеуге саяды.

Осы бапта әкімшілік жаза қолданудың мынадай мақсаттары белгіленген: а) әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру және құқық бұзушылықты жасаған адамды заңдар талаптарын сақтау және құқық тәртібін құрметтеу рухында тәрбиелеу; ә) құқық бұзушының өзінің де, сол сияқты басқа адамдардың да жаңа құқық бұзушылық жасауының алдын алу.

Әкімшілік жазалар әкімшілік мәжбүрлеудің өзге шараларынан ең алдымен өзінің функционалды - мақсатты бағытты болуымен елеулі түрде айырылады. Тек әкімшілік жаза ғана әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықтың шарасы болып табылады, тек сонда ғана бұзушының құқыққа қарсы әрекетінің қорытынды заңдық бағасы болады.

Әкімшілік жазаларға, қылмыстық жазаларға сияқты, тәрбиелік сипат тән. Бірақ бұл екеуінің де санкцияларының мәні құзыретті мемлекеттік органдардың құқық бұзушыларға мәжбүрлеу ықпалын жасау болып табылады.

Құқық бұзушыға қолданылған жазаны оның өз еркімен орындауы (мысалы, салынған айыппұлды белгіленген мерзімде төлеуі) бұл шараның мәжбүрлеу мәнін өзгертпейді, өйткені мемлекет оған қолданылған тиісті жазадан туындайтын кінәлінің құқығының шектелуін басынан кешіруге мәжбүр ететін құқығын әрқашанда сақтап қалады (мысалы, айыппұлды төлемеген жағдайда ол бұзушының еңбек ақысынан, стипендиясынан немесе зейнетақысынан мәжбүрлеп өндіріледі, немесе жаза оның мүлкіне аударылады).

Әкімшілік жазалардың мазмұнын құрайтын шектеулердің түрі мен көлемін мемлекеттің өкілетті органдары, олардың лауазымды адамдары жасалынған құқық бұзушылықтың сипатын, бұзушының жеке басының қадір-қасиетін, оның кінәсінің дәрежесі мен мүліктік жағдайын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлататын мән-жайларды ескере отырып, айқындайды. Бұл орайда жауаптылықты жекелеуге мына жағдай көмектеседі, әкімшілік-құқықтық санкциялар, қағида бойынша, біршама айқындалған. Мысалы, тауарларды құжаттарсыз сату дара кәсіпкерлерге және лауазымды адамдарға — айлық есептік көрсеткіштің (АЕК) 5-тен 20-ға дейінгі мөлшерінде, заңды тұлғаларға 30-дан 70-ке немесе 80-нен 150-ге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады; бөтен біреудің мүлкін ұсақтүйектеп ұрлау АЕК-тің 15-ке дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, ал егер істің мән-жайлары бойынша бұл шараның қолданылуы жеткіліксіз деп танылса, он тәулікке дейін әкімшілік қамауға алуға әкеп соғады.

Сонымен, уәкілетті органдар мен олардың лауазымды адамдарының жасалынған іс-әрекетті, кінәлінің жеке басын және жеке және заңды тұлғаның жасаған құқық бұзушылығының сипатын ескере отырып, жазаны таңдауға мүмкіндіктері бар.

ӘҚБтК бойынша әкімшілік жазалар мынадай ерекшелікпен сипатталады, оларды мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың үлкен тобы - судьялар және атқарушы билік органдарының лауазымды адамдары жеке-дара тәртіппен қолданады.

Әкімшілік жазаның қаралған ерекшелігімен бұл санкцияның тағы бір басқа белгісі тығыз байланысты. Ол тиісті юрисдикциялық

органдар мен олардың лауазымды адамдарының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап шешу жөніндегі арнайы қызметінің процесінде қолданылады.

Сонымен бірге бұл істі қарау біршама оңай тәртіппен жүзеге асырылады, ол әкімшілік құқық бұзушылықтың мәнімен тікелей байланысты. Әкімшілік құқық бұзушылықтар көбінесе соншалықты даусыз және айқын болады, тек бір ғана лауазымды адам заң бойынша бұзушылық оқиғасын анықтайды, жаза қолдану туралы шешім қабылдайды, әрі тіпті оны осы жерде орындауды іске асырады (мысалы, айыппұлды бұзушылық жасаған жерде төлетеді). Бірақ біршама оңайлығына қарамастан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізудің тәртібі әрбір іс бойынша шындыққа қол жеткізуді, оны заңды және әділетті шешуді қамтамасыз етуге тиіс. Әкімшілік жазаға қатыстылығы жөнінен оны қолданудың бұл тәртібі әкімшілік-процессуалдық болып табылады, оның шеңберінде өкілетті орган, өзіне тікелей бағынышты емес, құқық бұзушылық жасаған кінәлі тұлғаға (жеке немесе заңды) әкімшілік жазалар қолдануы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың рецидив (қайталап жасау) жағдайында әкімшілік жазалар қолдану заңдық салдарлардың екі түрінің пайда болуына әкеп соғады: 1) рецидив жауаптылықты ауырлататын мән-жай болуы мүмкін; 2) рецидив әкімшілік құқық бұзушылықтың айқындауыш белгісі ретінде болуы мүмкін.

ӘҚБтК-тің 66 бабына сәйкес әкімшілік жазаға ұшыраған болып жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап жыл бойы есептеледі және ол өткен соң автоматты түрде, яғни қандай болса да мемлекеттік органның немесе лауазымды адамның арнайы шешімінсіз немесе санкциясыз жойылады. Бұл мерзім өткеннен кейін тұлға әкімшілік жазаға тартылмаған болып саналады.

11.4. Әкімшілік жазалардың түрлері

ӘҚБтК-тің 45 бапта әкімшілік жазалардың мынадай түрлері белгілеген: 1) ескерту жасау; 2) әкімшілік айыппұл салу; 3) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттың өтемін төлеп алып қою; 4) әкімшілік құқық бұзушылықты жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған

затты сол сияқты әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу; 5) арнаулы құқықтан айыру; 6) лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру немесе қызметтің белгілі бір түріне, не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын тоқтата тұру; 7) жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу; 8) заңсыз салынып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау; 9) әкімшілік қамауға алу; 10) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды ҚР-ның шегінен әкімшілік жолмен кетіру.

Осы Кодекстің 461-472, 476 баптарында көзделген жағдайларда қолданылған әкімшілік жаза түрлері туралы ақпарат уәкілетті орган белгілеген тәртіппен жүргізуші куәлігінің талонына енгізіледі.

Әкімшілік жазалардың бұл жүйесі бірнеше ерекшеліктермен сипатталады.

Бұл жүйе заң жүзінде белгіленген әкімшілік жазалардың жалғыз-ақ тізімі болып табылады, бұл құқық қорғаудың осы құралдарын бірқалыпты түсіну мен қолдануды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ол әкімшілік жазаларды негізгі және қосымша жазалау шараларына бөледі: ескерту, әкімшілік айыппұл салу және әкімшілік қамауға алу тек негізгі жазалар ретінде ғана қолданылуы мүмкін; заттың өтемін төлеп алып қою, тәркілеу, құрылысты мәжбүрлеп бұзып тастау тек қосымша жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін; ӘҚБтК-тің 45 бабында көрсетілген басқа әкімшілік жазалар негізгі, сол сияқты қосымша жазалар ретінде қолданылуы мүмкін. Бір әкімшілік құқық бұзушылық үшін бір негізгі немесе негізгі және ӘҚБтК-тің қолданылатын бабы санкциясында көрсетілген қосымша жазалардың бірі қолданылуы мүмкін. Бір мезгілде екі негізгі немесе екі қосымша жазалар қолдануға болмайды.

Бұл жүйе моральдық сипаты бар жазаны (ескерту), ақшадай және мүліктей жазаны (айыппұл, тәркілеу) және бұзушының жеке басына айналатын жазаларды (әкімшілік қамауға алу, арнаулы құқықтан айыру, кетіру) қамтиды.

Әкімшілік жаза құқық бұзушылық жасаған адамға тән азабын тарттыруды немесе оның адамгершілік қадір-қасиетін қорлауды, сондай-ақ заңды тұлғаның іскерлік беделіне зиян тигізуді мақсат тұтпайды.

Құқық бұзушыға ескерту қолдану, әдетте оған моральдық сипаты бар белгілі бір жағымсыз салдарлар туғызуға әкеп соқтырады. Сонымен бірге Кодекстің бірқатар баптары бұзушыға ескерту қолдануды оны қайталап немесе бірнеше рет бұзушылық жасағаны үшін аса қатал жауаптылыққа тартумен байланыстырады. Мәселен, ӘҚБтК-тің 252 б. (жерді пайдаланудың табиғат қорғау режимінің талаптарын орындамау), 374 б. (қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарды бұзу), 378 б. (ҚР-да тіркеусіз не жеке басын куәландыратын құжаттарсыз тұруға жол беру) бірінші бұзушылық үшін ескерту түрінде әкімшілік жазаға әкеп соқтырған құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасағаны үшін едәуір мөлшерде айыппұл санкцияларын қараған.

Әкімшілік жаза шарасы ретіндегі ескертуден ауызша ескертуді айыру керек, бұл иландыру құралы болып саналады және әкімшілік жазалау сипаты жоқ болғандықтан, әкімшілік жаза болып табылмайды.

Әкімшілік айыппұл - әкімшілік құқық бұзушылық үшін ӘҚБтК-тің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда және шекте, әкімшілік жаза қолдану кезінде қолданылып жүрген заңнамалық актіге сәйкес белгіленетін айлық есептік көрсеткіштің белгілі бір мөлшеріне сай келетін көлемде салынатын ақшалай жаза. Ол бұзушыдан мемлекеттік бюджет кірісіне ақша қаражатының белгілі бір сомасын өндіріп алуды білдіреді.

ӘҚБтК-тің нормалары біршама айқындалған айыппұл санкцияларын белгілеген, бұл айыппұл салғанда жасалынған құқық бұзушылықтың сипатын, бұзушының жеке басын, оның кінәсінің дәрежесін, мүліктік жағдайын, жауаптылығын жеңілдететін және ауырлататын жағдайларды ескеруге мүмкіндік береді.

Кодексте айыппұл негізінен әкімшілік құқық бұзушылықтың барлық түрлері үшін жаза ретінде қаралған. Айыппұлдың мөлшері мен оны тағайындаудың тәсілі өте әр түрлі. Біріншіден, ол жыл сайын қабылданатын Республикалық бюджет туралы заңда бекітілетін *еселеген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен* (АЕКМ) көрініс табады. Бұл мөлшер тұрақты емес, ақшаның құнсыздануына байланысты заңмен өзгертіліп тұрады. Екіншіден, Кодекстің Ерекше бөлімінің баптарында көзделген жағдайларда, айыппұл мөлшері ҚР-ның заңнамалық актлерінде белгіленген салық міндеттемелерінің орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған сома-

сының, сондай-ақ ҚР-сы заңнамасының нормалары бұзыла отырып жүргізілген операция сомасының процентімен не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшерімен көрсетіледі.

Сонымен бірге салынатын айыппұлдың жоғары мөлшері де белгіленген: жеке тұлғаға - екі жүз айлық есептік көрсеткіштен, лауазымды адамға, дара кәсіпкерге, жеке нотариуска, адвокатқа, сондай-ақ заңды тұлғаға - төрт жүз айлық есептік көрсеткіштен, ірі кәсіпкерлік субъекті болып табылатын заңды тұлғаға - екі мың айлық есептік көрсеткіштен асыруға болмайды. Бұлардан асатын немесе кем мөлшерде тек мына жағдайларда болуы мүмкін: белгіленген салық міндеттемелерінің орындалмаған сомасының, сондай-ақ заңнама нормаларын бұзып жүргізілген операция сомасының процентімен не қоршаған ортаға келтірілген зиян сомасының мөлшерімен есептелген айыппұл бұл белгіленген айыппұлдар мөлшерінен асатын немесе одан кем мөлшерде белгіленуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты өтемін төлеп алып қою. Әкімшілік жазаның бұл түрінің мазмұны мыналардан: а) судья қаулысының негізінде құқық бұзушыдан затты мәжбүрлеп алып қоядан; б) оны кейіннен өткізуден; в) сот орындаушысы алынған затты өткізу жөніндегі шығыстарды шегеріп, өткізуден түскен соманы бұрынғы меншік иесіне беруден тұрады.

Өтемін төлеп алып қою әкімшілік жаза ретінде тек әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе тікелей объектісі болып заттарға ғана қолданылады. Бұл жаза мүліктік сипаты бар икімшілік жауаптылықтың шарасы болып табылады және аталған заттардың меншік иесіне тиістілігіне ғана қолдануға болады.

Заттың өтемін төлеп алып қою тек қосымша әкімшілік жаза ретінде ғана қолданылуы мүмкін. Бұл жаза Кодекспен әкімшілік құқық бұзушылықтың, мысалы, мына сияқты түрлеріне белгіленген: азаматтық қаруды, оған арналған патрондарды сату үшін өткізуден жалтару (372 б.) және ҚР-ның әуе кеңістігін пайдалану тәртібін бұзу (442 б.). Осыларға орай, егер бірінші бұзушылық үшін затты өтемін төлеп алып қою негізгі жазаға - айыппұлға қосымша жаза ретінде қолдану міндетті болатын болса, екінші бұзушылық үшін оны қолдануға да, қолданбауға да болатын мүмкіндік қаралған.

ӘҚБтК-тің 49 бабында бұл шараны қолдану жөнінде шектеу қараған: аңшылық қаруды, атыс оқ-дәрілерін және аңшылықтың басқа да қаруларын өтемін төлеп алып қоюды аң аулау өмір сүруінің негізгі заңды көзі болып табылатын адамдарға қолдануға болмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралы немесе оның тікелей объектісі болған затты, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау салдарынан алынған мүлікті тәркілеу. Әкімшілік жазаның бұл шарасы осы зат пен мүлікті заңнамада белгіленген тәртіппен мемлекет меншігіне мәжбүрлеп өтеусіз өндіріп алудан тұрады. Бұл ретте құқық бұзушының меншігі болып табылатын зат қана тәркіленуге жатады.

ӘҚБтК әкімшілік теріс қылықтың қарулары, құралдары немесе тікелей объектілері болып табылатын заттарды ғана тәркілеуді белгілейді. Мәселен, ӘҚБтК-ке сәйкес құқық бұзушылықтың тікелей объектісі болып табылатын тауарлар және құқық бұзушылық жасау арқылы алынған кірістер (163 б.), бұқаралық ақпарат құралдарының өнімдері (342, 344-б.б.), бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерінің таралымы (350-б.), т.б. тәркіленуі мүмкін.

«Соттың шешімінсіз ешкімді де өз мүлкінен айыруға болмайды» деп бекіткен ҚР-сы Конституциясының 26 бабының 3 тармағын негізге ала отырып ӘҚБтК тәркілеуді судья қолданады және ол Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында әкімшілік жаза ретінде көзделген жағдайларда тағайындалуы мүмкін деп белгілеген.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жаза түрі ретінде меншік иесін белгілі бір мүлікке иелік етуден айыруға келтіретін тәркілеуден әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету, оның ішінде кейіннен тәркілеу мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін қолданылатын процессуалдық шара ретінде меншік иесінің материалдық объектілерін алып қою (арест) айырылады. Атқарушы билік органдары жүзеге асыратын мүлікті бұлай алып қою (арест) меншік иесінің оны иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын шектейді, бірақ меншік құқығының мемлекетке ауысуын туғызбайды. Сондықтан, ол сот шешімінсіз жүргізіледі, ал мұндай алып қою (арест) сотқа шағым жасауға кедергі болмайды.

Соттың шешіміне дейін заңмен белгіленген өкілеттікті іске асыратын атқарушы билік органдарының лауазымды адамдары бұзушының заттарын, құжаттарын алып қоюға, мүлкіне арест салуға, көлік құралдарын ұстауға, т.б. құқылы, өйткені бұл шаралардың бәрі жасалынған құқық бұзушылық үшін санкция болып табылмайды, сол себепті мүлікті (автомашинаны, моторлы қайықты, аң аулайтын мылтықты, т.б.) жоюға соқтырмайды. Мұндай алып қою кезінде не әрекеттің өзі, не оны жасаған кінәлі анықталған болып табылмайды. Бұл мән-жайлар тиісті рәсімді жүргізгенде кейіннен қаралуды және дәлелдеуді қажет етеді, оның ерекшеліктері мүмкін болатын санкцияның сипатына байланысты, өйткені онымен құқықты, бостандықты және заңды мүддені шектеудің мәні айқындалады. Алып қойылған мүлік іс қаралғанға дейін сақталады, сосын істің шешілуіне байланысты, белгіленген тәртіппен тәркіленеді немесе иесіне қайтарылады иә болмаса жойылады.

Нақты адамға берілген арнаулы құқықтан айыру осы құқықты пайдалану тәртібінің өрескел немесе үнемі бұзылғаны үшін қолданылады.

Арнаулы құқықтан айыруды судья қолданады. Мұндай құқықтан айыру мерзімі бір айдан кем болмауға және екі жылдан аспауға тиіс.

Көлік құралын мас күйінде жүргізу, мас күйінді куәландырудан белгіленген тәртіппен өтуден жалтару, сондай-ақ аталған адамдардың белгіленген ережелерді бұза отырып, өздері қатысушысы болған жол-көлік оқиғалары болған жерден кетіп қалу жағдайларын қоспағанда, көлік құралдарын жүргізу құқығынан айыруды, бұл құралдарды мүгедектігіне байланысты пайдаланатын адамдарға қолдануға болмайды.

Арнаулы құқықтан айыру түріндегі әкімшілік жаза едәуір дәрежеде құқық шектеумен байланысты, өйткені осы жазаны қолдану туралы қаулыда белгіленген мерзім ішінде белгілі бір қызметпен айналысуға тыйым салуға әкеп соғады: маман-жүргізуші үшін мамандығы бойынша белгілі бір мерзімге жұмыс істеуге, ал әуесқой-жүргізуші үшін өзінің көлік құралын (автомашинасын, мотоциклін, шағын кемесін және басқаларын) белгіленген мерзім ішінде жүргізуге тыйым салынады. Аң аулау құқығынан айыру белгілі бір мерзімге аң аулаумен айналысуға тыйым салу болып табылады.

Әкімшілік жазалардың бір түрі лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) айыру не белгілі бір қызмет түріні не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға оның қолданылуын (оны) тоқта тұру. Жеке тұлғаларды, дара кәсіпкерлерді, жеке нотариустарды, адвокаттарды және заңды тұлғаларды осы құжаттарда көзделген қызметті жүзеге асыруға байланысты белгілі бір іс-әрекеттерді жасауы кезіндегі әкімшілік құқық бұзушылығы үшін судья олардан айыруды қолдануы мүмкін. Мысалы, көлікте лицензиялауға жататын қызметті жүзеге асыруға берілген рұқсатты, атылатын қаруды сақтауға және алып жүруге берілген рұқсатты жою және т.б. Белгілі бір қызмет түріне не белгілі бір іс-әрекеттер жасауға лицензияның қолданылуын тоқтата тұру немесе арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәліктен) уақытша айыру алты айға дейінгі мерзімге белгіленеді.

Жеке кәсіпкердің немесе заңды тұлғаның қызметін немесе қызметінің жекелеген түрлерін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетгі органның (лауазымды адамның) өтініші бойынша тек сот тәртібімен ғана жүргізіледі. Өтінішті сот он күн мерзімде қарайды.

Заңсыз салып жатқан немесе салынған құрылысты мәжбүрлеп бұзуды ӘҚБтК-тің Ерекше бөлігінің баптарында кезделген жағдайларда судья тағайындайды.

Әкімшілік қамауға алуды судья ерекше жағдайларда жеке адамға қарсы әкімшілік құқық бұзушылықтардың жекелеген түрлері үшін он бес тәулікке дейінгі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықпен әкімшілік құқық бұзушылықтың жекелеген түрлерін жасағаны және (немесс) төтенше жағдай режимінің талаптарын бұзғаны үшін отыз тәулікке дейінгі мерзімге тағайындайды.

Әкімшілік қамауға алу нағыз қатал әкімшілік жаза болып табылады және өзінің қоғамдық қауіптілігі бойынша қылмыспен шектесетін құқық бұзушылық, не қайталап, не қасақана жасалған құқық бұзушылық үшін қолданылады. Қамауға алу құқық бұзушылық жасаған туралы іс бойынша қаулымен белгіленген мерзімге кінәліні бас бостандығынан айыру, қоғамнан оқшаулау болып табылады. Бұл жазаны өтеудің шарты өте қатал. Әкімшілік қамауға алынған адамдар ішкі істер органдарының уақытша ұстайтын арнайы қабылданған бөлмелерінде немесе қамайтын үйлерінде ұсталады.

Әкімшілік қамауға алуды қолдануға тек ерекше жағдайларда ғана рұқсат етіледі және ӘҚБтК-пен тек судьялардың өкілеттігіне жатқызылған, сонымен бірге бұл әкімшілік жазаны тағайындау, егер істің мән-жайы бойынша, бұзушының жеке басының қасиетін ескере отырып, ӘҚБтК-тің нақты бабымен қаралған өзге әкімшілік жазаларды қолдану жеткіліксіз деп танылған жағдайда жүзеге асырылады.

Әкімшілік қамауға алуды қолдану сотталғандыққа әкеп соқтырмайды және жұмыстан шығару үшін негіз болып табылмайды.

Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды ҚР-ның шегінен әкімшілік жолмен кетіру оларды мәжбүрлеп және бақылауға алып ҚР-ның Мемлекеттік шекарасы арқылы ҚР-ның шегінен шығару, ал ҚР-ның заңдарында қаралған жағдайларда, ҚР-нан кетірілетіндердің өзінше шығып кетуін бақылай отырып, жүзеге асыру болып табылады.

Құқық бұзушылық жасаған үшін әкімшілік жаза шарасы ретіндегі әкімшілік жолмен кетіруді әкімшілік жолын кесу шарасы ретінде шет ел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен кетіруден (жіберуден, беруден) айыру керек. Бұл шара ҚР-ның аумағында заңды түрде тұрақты тұратын немесе уақытша болатын адамдар мәртебесі жоқ және шет мемлекеттің аумағынан ҚР-на келу үшін белгіленген құжаттарсыз Мемлекеттік шекараны басып өткен адам) тіпті санкция шеңберіндегі ең аз мөлшерде жаза қолданудың өзі пайдасыз деген қорытындыға келсе, онда ол заңмен белгіленген мән-жайлар бар болған жағдайда бұзушыны әкімшілік жауаптылықтан босатуға құқылы.

11.5. Әкімшілік жазаларды қолдану

Әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін мән-жайлар: кінәлі адамның өкінуі; кінәлі адамның құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын болдырмауы, залалды өз еркімен өтеуі немесе келтірілген зиянды жоюы; құқық бұзушылықты күшті жан толқынысы әсерімен не жеке басының, немесе отбасының ауыр жағдайлары салдарынан жасау; құқық бұзушылықты кәмелетке толмаған адамның жүкті әйелдің немесе үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдің жасауы құқық бұзушылықты күш қолдану немесе, психикалық мәжбүрлеу нәтижесінде жасау; құқық бұзушылықты қажетті қорға-


нудың заңдылығы шарттарын бұзу, құқыққа қарсы қол сұғушылық жасаған адамды ұстау, бұйрықты, немесе өкімді орындау кезінде жасау; құқық бұзушылықты алғаш рет абайсызда жасау болып танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі шешетін орган немесе лауазымды адам заңда қаралмаған мән-жайларды да жеңілдететін деп тануы мүмкін, мысалы, бұзушының жасының ұлғайғандығы, оның аурулығы, теріс қылық жасағанға дейінгі жұмыс пен тұрмыстағы мінез-құлқы, тағы басқалар.

Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлата-тын, мән-жайлар болып мыналар танылады: құқыққа қарсы мінез-құлықты, прокурордың заңды түсіндіргеніне және (немесе) оны тоқтату туралы оған уәкілетті адамдардың талап етуіне қарамастан оны жалғастыра беру; бұрын жасаған құқық бұзушылығы үшін әкімшілік жазалауға ұшыраған, ол бойынша Кодекстің 66 бабында көзделген мерзімі бітпеген адамның біртекті құқық бұзушылықты бір жыл ішінде қайталап жасауы; кәмелетке толмаған адамды құқық бұзушылыққа тарту; кінәлі адамның біле тұра ауыр психикалық ауру мен ауыратын адамдарды не әкімшілік жауаптылығы туындайтын жасқа жетпеген адамдарды құқық бұзушылық жасауға тартуы; ұлттық, нәсілдік және діни жек көрушілік, немесе жауласушылық себебі бойынша, басқа адамдардың заңды әрекеті үшін кек алу, сондай-ақ басқа құқық бұзушылықты жасыру немесе оның жасалуын жеңілдету мақсатында құқық бұзушылық жасау; адамға немесе оның жақындарына қатысты белгілі бір адамның өзінің қызметтік, кәсіптік немесе қоғамдық борышын орындауына байланысты құқық бұзушылық жасау; кінәлі адамын біле тұра жүкті әйелдерге қатысты, сондай-ақ жас балаға, басқа да қорғансыз немесе дәрменсіз адамға, не кінәліге тәуелді адамға қатысты құқық бұзушылық жасау; адамдар тобының құқық бұзушылық жасауы; табиғи апат жағдайында немесе басқа да төтенше жағдайлар кезінде құқық бұзушылық жасау; маскүнемдік, нашақорлық немесе уытқұмарлық масаю күйінде құқық бұзушылық жасау, жаза қолданатын орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылықтың сипатына қарай, оны жауаптылықты ауырлататын мән-жай деп танымауы мүмкін.

Жеңілдететін мән-жайлардың тізімі шамамен берілген ӘҚБтК-тің 66 бабымен салыстырғанда 62 бапта әкімшілік жауаптылықты

ауырлататын мән-жайлардың толық тізімі белгіленген және оларды юрисдикциялық органдар мен олардың лауазымды адамдары кеңейте алмайды.



1.34-сурет. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылықты ауырлататын мән-жайлар.

Құқық бұзушыны әкімшілік жазаға тарту туралы мәселені шешкен кезде бұған дейін айтылған әкімшілік жауаптылықтың ескіру мерзімі ескеріледі.

Қылмыстық істермен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазалар қолданудың өзге ескіру мерзімі белгіленген. Қылмыстың жасалуына септігін тигізген әкімшілік құқық бұзушылық және бұл туралы қылмыстық істі тергеу немесе сотта қарау барысында мәлім болған жағдайда сот кінәлі адамға, егер әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезден бастап, бір жылдан аспайтын уақыт өткен болса, әкімшілік жаза қолдануға құқылы.

Құқық бұзушының іс-әрекетінде әкімшілік құқық бұзушылық белгілері болған кезде қылмыстық іс қозғаудан бас тартылған не қылмыстық іс қысқартылған жағдайда адам солар туралы шешім

қабылданған күннен бастап, үш айдан кешіктірілмей әкімшілік жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

ӘҚБтК (66-6.) адамның әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзімін белгілейді. Әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған адам жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап бір жылдың ішінде осы жазаға ұшырады деп есептеледі. Бұл мерзім өткеннен кейін осы адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауы қайталау ретінде саналмайды және бұрынғы қолданылған жаза жауаптылықты ауырлататын мән-жай болып табылмайды.

Әкімшілік жазаларды қолдану ережелері құқық бұзушының келтірген зиянды өтеу міндеттілігін қараған. Егер әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде азаматқа немесе ұйымға мүліктік зиян келтірілсе, судья құқық бұзушылық туралы істі қарай келіп, егер зиянның мөлшері туралы дау болмаса жаза қолдану туралы мәселені шешумен бір мезгілде осындай зиянды өндіріп алу жөнінде шешім қабылдауға құқылы.

Өзге уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) қарайтын әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша мүліктік зиянды өтсу, кінәлі адам оны өз еркімен өтеуден бас тартқан жағдайда, азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен шешіледі.

11.6. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді карауға уәкілетті органдардың ұйымы және жүйесі

Құқық бұзушыларды негізделген, мақсатқа сәйкес келетін, әділетті әкімшілік жауаптылыққа тарту мен әкімшілік жазалар қолдануды қамтамасыз ету үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап шешуге өкілетті мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар) тобын анықтаудың үлкен маңызы бар.

ӘҚБтК бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы кез келген бір іс бойынша құқық нормасын бірнеше органдар қолдана алады. Іс бір органнан екінші органға жиі беріледі, бұл ретте олардың әрқайсысы тек өзінің құзыретіне жатқызылған құқық қолдану іс-әрекеттерін ғана атқарады. Мысалы, мемлекеттік инспекциялар мен олардың лауазымды адамдары бұзушылықты табады, бұзушыларды ұстайды, құқық бұзушылықтар туралы хатта-

ма жасайды; заңмен уәкілеттік берілген басқа органдар (лауазымды адамдар) істерді қарайды; банкінің мекемелері айыппұл ақшаларын қабылдайды; сот орындаушылары әкімшілік жазалар қолдану туралы қаулыларды орындайды т.б.

Сонымен бірге құқық қолдану органдарының ішінен орталық, негізгі буын, атап айтқанда әкімшілік істі шын мәні бойынша шешетін мемлекеттік орган бөлінеді. Бұл әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап, шешуге және құқық бұзушыларға әкімшілік жазалар қолданатын уәкілетті әкімшілік юрисдикция органы. Олардың қызметі әкімшілік юрисдикциялық ретінде, ал олардың өздері - юрисдикцияның осы түрінің субъектісі ретінде сипатталады.

Тек бір орган - сот қана жүзеге асыратын сот төрелігінен әкімшілік - юрисдикциялық қызметті жүзеге асыратын органдар жүйесінің айырмашылығы мынада, ол өзінің субъекттерінің көптігімен және әртүрлі болуымен сипатталады, бұл әкімшілік құқық бұзушылықтың әртүрлілігімен және көп таралғандығымен байланысты.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын органдар жүйесі сонымен қатар өзінің субъектілерінің бірыңғай еместігімен де ерекшеленеді. Осы сияқты кейбір органдар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді шешу үшін арнайы құрылған (мысалы, мамандандырылған әкімшілік соттар), ал бақылау-қадағалау органдарында бұл қызмет өте маңызды орын алады, өйткені ондай істерді қарап, шешу олардың негізгі функцияналдық міндеті болып табылады (мысалы, мемлекеттік инспекциялар).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайтын органдар жүйесі, сондай-ақ олардың арасында юрисдикциялық өкілеттіктерді ұйымдық-құрылымдық бөлу ерекшеліктерімен де сипатталады. Бұл органдардың ұйымдық құрылуына және әкімшілік құқық бұзушылықтың ерекшеліктеріне байланысты бұл бұзушылықтар туралы істерді:

а) жүйенің тек төменгі буындары (мысалы, әскери комиссариаттар);

ә) жүйенің төменгі және жоғары тұрған буындары (қозғалыс қауіпсіздігіне мемлекеттік қадағалау органдары);

б) жүйенің барлық буындары (мысалы, мемлекеттік өрт қадағалаудың, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың аудандықтан, қалалықтан республикалыққа дейінгі органдары) қарайды. Әкімшілік юрисдикцияны жүзеге асыратын органдар жүйе құрудың негізгі принципі - аумақтық-салалық. Ол әкімшілік құқық бұзушылықпен күресу аумақтық ерекшеліктерді де, сондай-ақ оларды мемлекеттік басқарудың жекелеген салалары мен аяларында жасаудың өзгешеліктерін де ескере отырып жүргізілетіндігін білдіреді; Осыған сәйкес әкімшілік юрисдикция органдары жүйесінде екі негізгі кіші жүйелерді бөлуге болады: аумақтық және салалық.

Аумақтық органдарға ең алдымен аудандық және соларға теңестірілген соттардың, мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттардың судьялары жатады. Оларға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау жөнінде аса көлемді өкілеттіктер берілген.

Мемлекеттік басқару салаларымен тығыз байланысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті салалық органдар мамандандыру негізінде жұмыс істейді (мысалы, орман шаруашылығы, балық қорғау, мемлекеттік өрт қадағалау органдары). Оларға юрисдикциялық ведомстволық қарастылық сатылас-тығы тән. Мысалы, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу туралы істер бойынша кінәлі адамдарға әкімшілік жаза қолдануға ҚР-ның өрт қадағалау жөніндегі бас мемлекеттік инспекторы және оның орынбасарлары, аға мемлекеттік инспекторлары, облыстар мен Астана және Алматы қалаларының бас мемлекеттік инспекторлары және олардың орынбасарлары, облыстардың, қалалар мен аудандардың аға мемлекеттік инспекторлары уәкілетті.

Салалық принцип аумақтық принциппен үйлестіріледі. Әрбір орган (лауазымды адам) өзінің өкілеттілігін қандай болса да тек бір саланың шеңберінде ғана емес, сондай-ақ белгілі бір аумақта да жүзеге асырады.

Салалық юрисдикцияның көптеген органдары өз функциясын, қағида бойынша, Қазақстанның әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес келетін кеңістік шеңберінде жүзеге асырады. Кейбір органдар өзінің қадағалау және юрисдикциялық өкілеттіктерін әдеттегі әкімшілік-аумақтық бөлініске тура келмейтін аумақтың шегінде жүзеге асырады.

11.7. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің қайда қарауға жататындығы, лауазымды адамдардың жазалар қолдану жөніндегі құзыреті

ӘҚБтК-те әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) құзыретінің ара-жігі ажыратылған. Бұлар атқарушы органдардың жалпы жүйесіне сәйкес келмейтін әкімшілік юрисдикция органдары болып табылады. Сондықтан олардың құзыретінің арнаулы сипаты бар. Олар заңмен өз құзыретіне жатқызылған істерді қарауға, жеке және заңды тұлғаларға әкімшілік жазалар қолдануға құқылы.

Енді ӘҚБтК-пен негізгі әкімшілік юрисдикциялық органдардың қарауларына қандай әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің жатқызылғандығына тоқталайық.

Мамандандырылған әкімшілік және аудандық (қалалық) соттардың судьялары. Әкімшілік жаза түрлерінің бірі ретінде шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдарды ҚР-ның шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберу, әкімшілік қамауға алу, құқық бұзушылық жасаудың құралы немесе оның тікелей объектісі болған заттардың өтемін төлеп алып қою, не осы заттарды тәркілеу, сол сияқты құқық бұзушылық жасау арқылы алынған табыстарды, ақшаны және бағалы қағаздарды тәркілеу, нақты тұлғаға берілген арнайы құқықтан айыру (соның ішінде көлік құралдарын басқару құқығынан айыру), қызметтің белгілі бір түріне не белгілі бір әрекеттер жасауға лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру, заңсыз тұрғызылып жатқан немесе тұрғызылған құрылысты еріксіз бұзу, жеке кәсіпкердің қызметін тоқтата тұру немесе оған тыйым салу көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді судья қарайды.

Әкімшілік істерді судьялардың қарауы әкімшілік жауаптылыққа тартылатын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің маңызды және сенімді кепілі болып табылады.

Судьялардың қарауына аса маңызды әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарап шешу жатқызылған. Мұндай істердің түрлері мен құрамы қаралған баптардың тізімі Кодекстің 541 бабында көрсетілген. Соған сәйкес мынадай құқық бұзушылықтар туралы істерді қарау судьялардың ерекше құзыреті болып табылады: азаматтардың құқықтарына қол сұғатын (мысалы, азамат-

тардың мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарын сайлау және оларға сайлану, сондай-ақ референдумға қатысу жөніндегі Конституциялық құқықтарын бұзу туралы); еңбек және оны қорғау жөніндегі; бейбіт жиналыстар, митингілер мен демонстрациялар, шерулер өткізу және тосқауылдарға тұру жөніндегі заңдарды бұзу.

- халықтың денсаулығына, санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы мен қоғамдық имандылыққа қол сұғатын (мысалы, заңсыз емдеумен айналысу; айналасындағыларға қауіп төндіретін аурулар мен ауыратын адамдардың жұқтыру көзін жасыруы; өткізу мақсатынсыз есірткі құралдарымен, психотроптық заттармен және прекурсорлармен заңсыз айналысу туралы; меншік туралы (мысалы, бөтен біреудің мүлкін жою немесе бүлдіру; бөтен біреудің мүлкін ұсақ-түйектеп ұрлау));

- кәсіпкерлік қызмет саласындағы құқық бұзушылық туралы (мысалы, осындай қызметтің тыйым салынған түрлерімен айналысу; тауарлармен немесе өзге де заттармен заңсыз сауда жасау),

- қаржы және салық салу саласындағы (мысалы, жалған шот-фактура жазып беру);

- мемлекеттік билік институттары мен басқарудың белгіленген тәртібіне қол сұғатын (мысалы, ішкі істер (полиция), қаржы және әскери полициясының, мемлекеттік қадағалауды (бақылауды) жүзеге асыратын өзге де органдардың уәкілетті қызметкерінің нұсқауларын орындамау немесе заңды өкіміне, немесе талабына қасақана бағынбау; сотқа құрметтемеушілік білдіру; сот орындаушысының, сот приставының талабын орындамау);

- қоғамдық тәртіпке және қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын (мысалы, ұсақ бұзақылық; елді мекендерде атыс қаруынан ату, пиротехникалық қондырғыларды жару; жабайы өскен сораны жоюға шара қолданбау және басқалар).

ӘҚБтК-те кейбір әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді судьялардың да және басқа юрисдикциялық органдардың да (мысалы, ішкі істер органдарының) қарап шеше алатын мүмкіндігі көзделген. Оларға, мысалы, заңсыз аң аулау, балық аулау, жануарлар дүниесін пайдалану ережелерін бұзу туралы, тыйым салынған қоғамдық орындарда спирт ішімдіктерін ішу немесе қоғамдық орындарға мас күйінде келу, ол үшін бір жыл ішінде екі рет әкімшілік жаза қолданылған адамның жасаған іс-әрекеттері туралы

т.б. Осы аталған істерді қарауға уәкілетті ішкі істер органының лауазымды адамы бұзушыға айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға құқылы, ал егер ол бұл шараны қолдану жеткіліксіз деп тапса, онда істі қарауға аудандық сотқа жібереді. Судья бұл істі қарап, бұзушыға заңның нақты бабында белгіленген кез келген жазаны, оның ішінде айыппұл салуды қолдана алады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау жөніндегі судьялардың өкілеттіктері мынадай ерекшелікпен сипатталады. Олар істің қайда қаралуға жататындығына қарамастан, Кодекстің 541 бабының бірінші бөлігінде көрсетілгендерден басқа, тек судьялардың ғана қолдана алатын әкімшілік жазалар көзделген құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. Ал басқа юрисдикциялық органдардың өкілеттіктері соларға ұқсас істерді қараған кезде не қаралатын құқық бұзушылықтың құрамы бойынша, не қолданылатын әкімшілік жазалардың түрлері бойынша шектеулі. Мысалы, ҚР-да шетелдік жұмыс күшін тарту мен пайдалану ережелерін бұзған үшін жазалар қолдану құқығы шекара қызметінің органына және аудандық соттың судьясына берілген; осыған орай шекара қызметі органының тек айыппұл салуға ғана құқығы бар, ал шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жоғарыда айтылған ережелерді бұзғаны үшін оларға айыппұл салумен қатар ҚР-ның аумағынан әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы шешімді тек судья ғана шығара алады.

ӘҚБтК-пен судьяларға тағы бір ерекше құқық берілген. Олар осы Кодекстің 27 бабына сәйкес өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан адамның арызы бойынша Кодекстің Ерекше бөлігінде көзделген кез келген құқық бұзушылық туралы істі қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары, Кодекстің 541 бабында көрсетілген істерді қоспағанда, өздерінің құзыретіне жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды және әкімшілік жаза қолданады.

Тек судьялардың ғана қолдануына жататын әкімшілік жазалау шаралары міндетті түрде қолдануға жатпайтын жағдайларда, оларды қолдану қажеттігі жоқ болған кезде, істерді Кодекстің 63 бабының бірінші бөлігіне сәйкес лауазымды адамдары әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасауға құқығы бар тиісті орган

539 баптың 3 бөлігінде көзделген шараларды қолданбай қарауы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті ішкі істер органдары. ӘҚБтК-тің 543 бабында ішкі істер органдарының (полицияның) қарауына жатқызылған әкімшілік құқық бұзушылықтар көзделген осы Кодекстің баптарының тізімі берілген. Олардың қарауына, мысалы, кәмелетке толмағандардың құқығын, меншік құқығын, сауда тәртібін, қоршаған ортаны қорғау талаптарын, қоғамдық қауіпсіздік пен қоғамдық тәртіпті, басқарудың белгіленген тәртібін, көлікті пайдалану мен жолда жүру қауіпсіздігін қамтамасыз етумен байланысты ережелерді бұзу туралы кейбір істерді қарау жатқызылған.

Ішкі істер органдарының атынан әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға өздерінің құзыретінің шегінде ішкі істер органдарының (полицияның) мына лауазымды адамдары құқылы: ішкі істер органдарының бастықтары мен олардың орынбасарлары; ішкі істер органдары қалалық, аудандық бөлімшелерінің бастықтары; ішкі істер органдары жол бөлімшелерінің, жол пункттерінің бастықтары; ішкі істер органдары полициясының учаскелік инспекторлары; ішкі істер органдары патрульдік учаскелерінің бастықтары; ішкі істер органдары жол полициясы департаментінің, басқармаларының, бөлімдерінің, бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары; арнайы шендері бар жол полициясының қызметкерлері; ішкі істер органдарының табиғат қорғау, санитариялық және мал дәрігерлік полициялары бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары; ішкі істер органдарының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі бөлімшелерінің бастықтары мен олардың орынбасарлары.

Мемлекеттік өрт қадағалау органдары. «Өрт қауіпсіздігі туралы» заңға сәйкес өрт қадағалау - өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын бақылау және олардың бұзылуына жол бермеу мақсатында өртке қарсы қызмет органдарының лауазымды адамдары жүзеге асыратын қадағалау қызметінің арнаулы түрі.

Өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның, аумақтық өртке қарсы қызмет органдарының өкілеттіктеріне басқа мәселермен қатар заңда белгіленген құзырет шегінде әкімшілік құқық бұзушылық, туралы іс жүргізуді жүзеге асыру жатады.

Өртке қарсы күрес қызметі органдары ӘҚБтК-тің 544 бабында көрсетілген баптарда көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарайды. Бұл органдар атынан істерді қарауға және әкімшілік жаза қолдануға: өртке қарсы қызметтің қалалық, аудандық аумақтық органының басшысы; облыстық (республикалық маңызы бар қала, астана) өртке қарсы қызметтің аумақтық органы басшысы және оның орынбасарлары; өрт қауіпсіздігі саласындағы уәкілетті органның басшысы және оның орынбасарлары құқылы.

12-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ІС ЖҮРГІЗУ (ПРОЦЕСС)

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылуы керек:

12.1. Әкімшілік іс жүргізудің (процестің) ұғымы және түрлері.

12.2. Әкімшілік іс жүргізуді құқықтық реттеу және оның қағидастары.

Іс жүргізу - бұл белгілі бір нәтижеге қол жеткізу үшін жасалатын дәйекті іс-әрекеттердің жиынтығы; қандай да бір қызметті жүзеге асырудың тәртібі (мысалы, заң шығару, бюджет, жерге орналастыру).

Атқарушы билік іс жүзінде атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) әр түрлі іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады, олардың заңдық мазмұны әкімшілік құқықтың материалдық нормаларын қолдану болып табылады. Бұл ол сияқты қызметтің процессуалдық нысаны болатынын білдіреді, соның шегінде норманың дис-позициясында көрініс табатын мақсаттарға, яғни тиісті мінез-құлық ережелеріне қол жеткізу қамтамасыз етіледі.

Мемлекеттік-басқарушылық қызметке байланысты әкімшілік іс жүргізу туралы айтуға болады. Оның мазмұны мемлекеттік басқару аясында әкімшілік-құқықтық нормалармен белгіленген тиісті мінез-құлық ережелерін сақтауды, сондай-ақ осы нормалармен қаралған санкцияларды орындауды қамтамасыз ету жолымен атқарушы биліктің міндеттері мен функцияларын заңдық биліктік түрде іске асырудан тұрады. Демек, тиісті атқарушы органдар (лауазымды адамдар), мемлекеттік - басқарушылық қызметті атқара отырып, құқық қолдану және құқық қорғау сипаты бар әкімшілік-процессуалдық іс-әрекеттер жасайды. Сондықтан атқарушы биліктің іс-қимыл жасауын түсіну үшін әкімшілік-процессуалдық қызмет өзінің нысандары және әдістерімен ерекше маңызды.

Жалпы белгілі, дәстүрлі заңдық мағынада «процесс» ұғымын, қағида бойынша, нақты қылмыстық, азаматтық, еңбек және басқа істерді қарап, шешу туралы сот органдарының қызметімен байланыстырады (қылмыстық және азаматтық процесс). Әлбетте, процесс мұндай ұғымында тек құқық қорғау қызметіне тіреледі, ол

сот юрисдикциясы ретінде белгіленеді. Оның негізіне – материалдық қылмыстық және азаматтық құқықтың талаптарынан ауытқуға құқықтың осы салаларының нормаларында қаралған санкцияларды қолдану жолымен соттың көңіл аударуы (реакциясы) жатады.

Мемлекеттік-басқарушылық қызмет негізінен жағымды сипаты бар міндеттерді шешуге арналған. Юрисдикция оның мазмұнын айқындайтын белгі болып табылмайды. Дегенмен де процесуалдық элементтер оған да тән.

Әкімшілік - процесуалдық қызметті түсінудің екі түрі бар. Біріншіден, оны кейде кең көлемде қарайды, яғни мемлекеттік-басқарушылық қызметтің өзі әкімшілік процестің көрінісі ретінде түсініледі. Екіншіден, тар мағынада оны тек материалдық нормалардың санкцияларын қолдану қызметіне ғана тірейді. Бұл оны соттың іс жүргізу, яғни юрисдикциялық, қызметімен жақындастырады.

Әкімшілік процесті сипаттаған кезде осы екі жағдайды да басшылыққа алуға болады. Қазақстан тәуелсіз мемлекет болғаннан кейінгі жылдары бірнеше аса маңызды әкімшілік-процесуалдық заңнамалар қабылдап, пайдалануға қосты. Қазіргі кезде басқарушылық қызметтің көптеген маңызды мәселелерін жеткілікті түрде реттейтін заңнамалық актілер бар (мысалы, әкімшілік рәсімдер, рұқсат беру, тіркеу туралы).

Ал әкімшілік-процесуалдық қызметі тар, яғни юрисдикциялық мағынасында алатын болсақ, ол да негізінен жеткілікті түрде бірізді регламенттелген. Бұл жерде мыналар, мысалы, ӘҚБтК, тәртіптік іс жүргізуді, азаматтардың шағымдарын қарап, шешуді реттейтін нормалар және тағы басқалар еске алынып отыр.

Сонымен, әкімшілік-іс жүргізу рәсімі оның екі көрінісінен құралады.

а) әкімшілік-рәсімдеулік. Оның мазмұнын атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік-құқықтық нормалармен белгіленген әкімшілік рәсімдерді жүзеге асыру жөніндегі өкіметшілік іс-әрекеттері құрайды (мысалы, рұқсат беру, тіркеу және өзге де функциялар мен өкілеттіктерді іске асыру).

ә) әкімшілік-юрисдикциялық. Оның мазмұны - атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) юрисдикциялық қызметті атқару тәртібімен құқық қорғау функциясын жүзеге асыру.

Бұл екі түрді жақындататын жағдай, олардың нәтижесінде жеке-дара құқықтық актілер шығарылады, солардың көмегімен нақты жағдайларға немесе адамдарға материалдық әкімшілік-құқықтық нормалар қолданылады. Мемлекеттік басқару аясында қандай да болмасын бір себептермен немесе өзге бір ынта бойынша пайда болатын әр түрлі жеке істерді шешу іске асырылады. Құқықтық норманың не диспозициясын (рәсімін) не санкциясын (юрисдикциясын) жүзеге асыру істің мәніне байланысты болады.

Солай болғандықтан, әкімшілік-процессуалдық қызметтің негізі нақ сол жеке істер болып табылады. Құқықтық нормалардың нұсқамалары қандай да бір органдардың жеке сипаты бар фактілер бойынша (мысалы, әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық жасау факт бойынша, белгілі бір қызмет түрімен айналысуға рұқсат беру фактісі бойынша, лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне шағым беру фактісі бойынша) жеке іс-әрекеттерінде жүзеге асырылады. Осы сияқты жеке істерді шешу әкімшілік іс жүргізудің негізін құрайды.

Жеке әкімшілік іс деп әкімшілік-құқықтық нормаларды қолдануға байланысты мемлекеттік - басқарушылық қызмет аясында пайда болатын мәселені және оны шешу мақсатында қажет болатын өкілетті атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) өкім етушілік жедел атқарушылық іс-әрекеттерін түсіну керек.


Әкімшілік іс жүргізу қызметі әкімшілік құқықтың процессуалдық нормаларымен регламенттелінеді және әкімшілік-процессуалдық қатынастарда іске асырылады. Құқықтық нормаларсыз әкімшілік процесс заңдық шындық құбылыс ретінде болмайды. Әкімшілік-процессуалдық қызметтің шекарасы соған сәйкес былай айқындалады, әкімшілік процестің шегінде барлық жеке істер емес, тек әкімшілік-процессуалдық нормалармен белгіленген процессуалдық тәртіп қолданылатын белгілі бір істер ғана шешіледі. Демек, құқықтық нысаны жоқ материалды-техникалық және ұйымдастыру сипаты бар әр түрлі іс-әрекеттерді әкімшілік процеске жатқызуға негіз жоқ.


Мына бір жағдайды да ескеру керек, атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) процессуалдық іс-әрекеттерінің кейбіреулерін, жеке актілер шығармай-ақ, құқықпен регламенттелінген процессуалдық шараларды қолдану тәртібімен жүзеге асыруға

болады. Мысалы, бұлар әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз етудің кейбір шаралары (жеке тұлғаны әкімшілік ұстау, төтенше жағдайлар кезінде мәжбүрлеу шараларын қолдану).



1.35-сурет. Әкімшілік іс жүргізу





1.36-сурет. Әкімшілік іс жүргізу принциптері.

Әкімшілік іс жүргізу мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандарының қатарына жатпайды, олай болатын себебі ол өзінің заңдық мазмұны бойынша жеке құқықтық актлер шығару сияқты нысанмен қамтылады.

Жоғарыда айтылғанның негізінде әкімшілік іс жүргізу атқарушы биліктің міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру ретінде мемлекеттік басқару аясында пайда болатын әр түрлі жеке әкімшілік істерді қарап, шешу жөніндегі атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) әкімшілік-құқықтық нормалармен реттелген қызметі болып табылады деуге болады.

Атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) қызметінде көрінісін табатын әкімшілік іс жүргізудің бірнеше нақты түрлері бар. Жеке істердің сипатына байланысты әкімшілік іс жүргізудің ұғымы құрылады.

Әкімшілік іс жүргізу - бұл жеке әкімшілік істерді заңды және объективті қарап, шешуді қамтамасыз ететін процессуалдық іс-әрекеттерді атқарудың нормамен реттелген тәртібі. Мысалы, азаматтардың шағымдарын қарау тәртібі, лицензиялау тәртібі, әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану тәртібі - осының бәрі әкімшілік іс жүргізудің түрлері. Сондықтан, әкімшілік іс жүргізудің өзі нақты тақырыптарымен айырылысатын әкімшілік іс жүргізудің жиынтығы болып табылады.

Әкімшілік іс жүргізудің түрлерін әкімшілік процессуалдық қызметті топтастыруға сәйкес екі жинақталған топқа бөлуге болады:

- а) рәсімдеушілік іс жүргізу;
- ә) юрисдикциялық іс жүргізу.

Әкімшілік іс жүргізудің екі түрінен де кейбір ортақ жалпы белгілері бар. Олардың ішінде: жеке істерді көпшілігінде соттан тысқары жолмен шешу; әр түрлі көрінісі болатын заңдық-биліктік негізі; әкімшілік-процессуалдық нормалармен (әр түрлі дәрежеде) реттелінгендігі; әкімшілік-процессуалдық-қатынастар және принциптер. Олардың арасындағы аса маңызды айырмашылықтары әкімшілік іс жүргізудің әр түрін сипаттағанда көрсетілетін болады.

12.2. Әкімшілік іс жүргізуді құқықтық реттеу және оның қағидаттары

Әкімшілік-құқықтық дауларды шешу жеке немесе заңды тұлғаларға әкімшілік-мәжбүрлеу сипаты бар тиісті шараларды қолданудың қажеттілігіне байланысты пайда болатын мәселелерді шешу белгілі бір тәртіпті, яғни арнаулы ережелерді белгілеуді

болжайды, олар әкімшілік юрисдикцияны жүзеге асырған кезде басшылыққа алынуға тиіс. Бұл юрисдикциялық үлгідегі әкімшілік-процессуалдық қызмет ерекше құқықтық реттеуді қажет ететіндігін білдіреді.

Соған сәйкес, әкімшілік-құқықтық реттеу механизмінде көрсетілген тәртіпті белгілейтін және қамтамасыз ететін әкімшілік-процессуалдық нормалар бөлінуге тиіс. Әкімшілік-процессуалдық нормалар ең алдымен атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) құқық қолдану қызметін, яғни олардың осы мақсат үшін өздеріне тиісті өкім етушілік сипаты бар заңдық-биліктік өкілеттіктерін іс жүзінде іске асыруын реттейді. Сонымен бір мезгілде бұл нормалармен сот органдарының да осы сияқты қызметі регламенттеледі. Демек, әкімшілік-процессуалдық нормалар көбінесе атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) юрисдикциялық өкілеттіктерін мәжбүрлеу жолымен жүзеге асыруды регламенттеуге арналған. Бұл мақсатқа әр түрлі мазмұны бар жеке әкімшілік істерді әкімшілік немесе сот тәртібімен шешудің заңдық ережелерін белгілеумен қол жеткізіледі. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің құрылымын (мысалы, оның сатыларын), тиісті процессуалдық іс-әрекеттерді жүзеге асырудың тәртібін, жеке істер бойынша іс жүргізу мен шешім қабылдаудың, сондай-ақ оларды орындаудың тәртібін айқындаудың маңызды мәні бар.

Әкімшілік-процессуалдық нормалардың мазмұны үшін юрисдикциялық іс жүргізудің қатысушылары ретінде азаматтар үшін олардың белгілейтін процессуалдық кепілдіктер тетігінің айтарлықтай маңызы бар. Сөйтіп азаматтың жеке басын оның әкімшілік-құқықтық мәртебесін бұзудан қорғаудың заңдық нысаны, оның құқықтары мен заңды мүдделерінің әкімшілік-құқықтық кепілдіктерінің жүйесі жасалынады. Азаматтың процессуалдық жағдайы мынадан көрініс табады, оның белгіленген процессуалдық құқықтары мен міндеттері болады және оларды жеке әкімшілік істерді қарап, шешу барысында іске асыруға шынайы мүмкіндігі бар. Азамат өзінің іс-әрекеттерімен (мысалы, шағым берумен) юрисдикциялық процесс қозғай алады, істі шешетін уәкілетті орган мен лауазымды адамнан іс материалдарымен таныстыруды талап ете алады, дәлелдемелер табыс ете алады, түсініктеме бере алады, әр түрлі өтініштер жасай алады. Азаматтың процессуалдық кепілдік-

тері, әсіресе әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамада өте мол. Ол сияқты кепілдіктер заңды тұлғалар үшін де қаралған.

Юрисдикциялық әкімшілік-процессуалдық қызметті құқықтық реттеу оған заңдық сипат береді және әкімшілік процестің шеңберінде құқықтық қатынастардың ерекше түрінің - әкімшілік-процессуалдық қатынастардың пайда болуына негіз жасайды. Оларда әрқашанда ресми тарап - жеке әкімшілік істі біржақты заңдық-биліктік тәртіппен шешуге өкілетті әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің субъектісі болады. Олардың негізгі ерекшелігі, солардың шеңберінде олардың қатысушыларының бірдей құқықтық дәрежесі қамтамасыз етіледі, яғни олар деңгейлес үлгідегі әкімшілік-құқықтық қатынастарға жатады. Бірақ, бұл әкімшілік-құқықтық қатынастарға жалпы тән болатындай тараптардың теңдігі белгілі бір кезге дейін ғана болады. Бұл осы жеке іс бойынша шешім шығару кезі болып табылады, ол мұндай шешім үшін қажетті өкілеттіктер берілген әкімшілік-юрисдикциялық қызмет субъектілері құқығына жатады. Бірақта бұдан әрі де жеке және заңды тұлға, егер оның ісі бойынша қабылданған шешіммен келіспейтін болса, оған шағым беруге құқылы, бұл шағым бойынша түпкілікті шешім шығарылғанға дейін, қайтадан деңгейлестікке жағдай туғызады.

Сонымен, әкімшілік-құқықтық дауларды қарап, шешу жөніндегі әкімшілік-юрисдикциялық қызметті құқықтық реттеу негізінен заңдылық және жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету талаптарына сай келеді. Юрисдикциялық іс жүргізудің өзге түрлерін құқықтық реттеу әзірге мұндай міндетке толық сай келмейді; бұл салада үлкен инкорпоративтік, мүмкін кодификациялау жұмысын жүргізу қажет.

Әкімшілік-юрисдикциялық қызметті жүзеге асырған барлық жағдайларда белгілі бір процессуалдық қағидаттарды қамтамасыз ету қажет, олардың негізін заңдылық қағидаты құрайды.

Осы себепті барлық процессуалдық қағидаттар даулы сипаты бар жеке әкімшілік істерді қарап, шешкен кезде, әкімшілік-мәжбүрлеу шараларын қолданған кезде, сондай-ақ рәсімдеу ісін жүргізгенде заңдылықтың іске асуын қамтамасыз етуге қызмет етеді.

Құзыреттілік қағидаты атқарушы билік субъектілерінің бәріне-бірдей әкімшілік-юрисдикциялық сипаты бар өкілеттіктер берілмегендігін білдіреді. Бұл сияқты өкілеттіктер барлық атқарушы

органдарда (лауазымды адамдарда) аз болса да бар, бірақ ол тек тәртіптік билікті жүзеге асыруға және шағымды шешуге ғана қатысты болады. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің аса көп тобы бойынша өкілеттіктер бұл сияқты барлық субъектілерге бекітілім берілмейді. Мысалы, ӘҚБтК-те бұл сияқты істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) тобы тікелей бекітілген. Құзыреттілік қағидатты қатал сақтау заңдық ықпал ету құралдарын дұрыс қолдануды қамтамасыз етеді, өкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) іске асырған процессуалдық іс-әрекеттері үшін жауапкершіліктерін арттыруға көмектеседі.

Мемлекет пен жеке адамның мүдделерін қорғау қағидаты әкімшілік-юрисдикциялық процестің тараптарының өздерінің құқықтарын, мемлекеттің мүдделерін, жеке адамның құқықтары мен заңды мүдделерінің кепілдіктерін орынды пайдаланудың қажеттілігін білдіреді.

Процессуалдық теңдік қағидаты тараптардың, біріншіден, заң алдында теңдігін және екіншіден, әрбір тарапқа өзара байланысты процессуалдық құқықтар мен міндеттердің белгілі бір көлемі берілетіндігін білдіреді.

Материалдық шындыққа қол жеткізу қағидаты нақты жеке әкімшілік іспен байланысты барлық жағдайлар мен мән-жайларды мұқият тексеруді, сондай-ақ істі процессуалдық қарау барысында сайысушылықты болжайды.

Қол жетерлік қағидаты тараптардың әрқайсысының жеке істі қараудың барлық сатыларына кедергісіз қатысу мүмкіндігінен көрініс табады.

Жариялылық қағидаты, мысалы, әкімшілік-юрисдикциялық істерді ашық қарауды, процесті көбінесе құқық бұзушының жұмыс орны, тұрғылықты жері немесе оқу орны бойынша өткізуді болжайды.

Тиімділік қағидаты әкімшілік-юрисдикциялық іс-әрекеттердің бүкіл кешенін, оның ішінде қабылданған шешімнің орындалуын жүзеге асыру үшін неғұрлым қысқа мерзімдер белгілеуден көрініс табады.

Лауазымды адамдардың процесті дұрыс және тиімді жүргізуі үшін шағымдарды қараған кездегі төрешілдік көрсеткені үшін жауапкершілік қағидаты.

Әкімшілік юрисдикция, процессуалдық санат ретінде, тек тікелей әкімшілік-құқықтық қатынастар аясындағы құқық қорғауға ғана қызмет етпейді. Өзінің осы негізгі міндетінің сыртында ол шындығында көптеген өзге құқықтық қатынастарды қорғауды жүзеге асырады (мысалы, қаржылық, еңбек, табиғат қорғау). Сонымен, бір мезгілде Қазақстан құқығының өзге салаларының материалдық нормаларының талаптарын іске асыру да жүзеге асырылады. Бұған дейін белгілі болғандай, юрисдикциялық сипаты бар әкімшілік-процессуалдық қызмет қолданылып жүрген заңнамаларға сәйкес атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) ерекше құқы болып табылмайды. Әрине, ол нақ осы аталған субъектілердің қызметі үшін неғұрлым көрнекті. Бірақта көп жағдайларда ол сот органдарының құзыретіне жатады әрі жаңа ӘҚБтК-пен өте кеңейтілген.

Сот билігі органдарының әкімшілік-юрисдикциялық істерді шешу жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту әкімшілік юстиция деп аталатын проблеманы маңызды етіп отыр. Бұл заңдық институт көптеген батыс елдерінде жеткілікті түрде кеңінен дамыған. Бұл орайда әкімшілік-юрисдикциялық, қызметті арнайы құрылған әкімшілік соттардың (мысалы, Францияда әкімшілік трибуналдар) немесе жалпы соттардың бөлінген әкімшілік іс жүргізумен (мысалы, Ұлыбританияда) жүзеге асыратыны еске алынып отыр. Әкімшілік юстиция деп азаматтар мен мемлекеттік басқару органдары (лауазымды адамдар) арасындағы әкімшілік-құқықтық дауларды шешудің ерекше процессуалдық тәртібі түсіндіріледі. Азаматтардың лауазымды адамдардың заңсыз іс-әрекеттеріне беретін шағымдары әкімшілік талап-арыз сияқты мәнге ие болуда.

Қазақстанда әкімшілік юстиция жүйесі әзірге қалыптаса қойған жоқ, бірақ оның белгілі бір элементтері барлық кезде болды, ал соңғы жылдары олар едәуір дамыды. Мұндай элементтер қатарында: атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) заңсыз іс әрекеттеріне (шешімдеріне) шағымдарды сотпен шешу; әкімшілік құқық бұзушылық туралы жеке істерді судьялардың қарап, шешуі. Соңғы жылдары Астана мен Алматыда мамандандырылған аудан-аралық әкімшілік соттар құрылды.

Әкімшілік юстиция институтын құру үшін сот органдарының жүзеге асыратын азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға арналған процессуалдық сипаты бар әзірге бытыраңқы әкімшілік-құқықтық нормаларды бір жүйеге келтіру қажет. Әлбетте, бұл өте қиын жұмыс.

13-тақырып.

ӘКІМШІЛІК РӘСІМДЕР ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылады:

13.1. Рәсімдер туралы іс жүргізудің мәні.

13.2. Басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру рәсімдері туралы іс жүргізу.

13.3. Лицензиялау-рұқсат беру туралы іс жүргізу.

13.4. Тіркеу туралы іс жүргізу.

Мемлекеттік басқарушылық қызмет, соның шеңберінде атқарушы билік жүзеге асырылады, бұған дейін атап көрсетілгендей, өзінің тікелей көрінісін едәуір шамада таза юрисдикциялық функцияларды жүзеге асырумен байланысты емес жағымды сипаты бар акциялардан табады.

Бұл мақсаттарда жасалатын іс-әрекеттер көбінесе іс жүргізу қызметі (мысалы, ҚР-сы Президенті Әкімшілігінде іс жүргізу қызметі) немесе тәртібі (мысалы, жиналыстар, митингілер, көше шерулерін, демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізудің тәртібі) ұғымымен қамтылады. Қадағалау органдарының (мысалы, санитарлық-эпидемиологиялық қадағалаудың) және олардың жергілікті өкілдерінің қызметіне байланысты бақылау-қадағалау іс-әрекеттерін әзірлеу мен өткізудің тәртібі немесе ережелері айқындалады.

Бұл сияқты әр түрлі басқарушылық қызметтердің жиынтығы әкімшілік-рәсімдер процесімен немесе әкімшілік-рәсімдер туралы іс жүргізумен қамтылады.

Әкімшілік-рәсімдеу туралы іс жүргізудің әкімшілік юрисдикциялық іс жүргізуден айырмашылығы негізінен мынаған саяды. Рәсімдеушілік іс жүргізудің нысанасы даулы емес сипаты бар жеке әкімшілік істер болып табылады. Рәсімдеу туралы іс жүргізудің шеңберінде қандай да болмасын тұлғаның мінез-құлқына құқықтық баға беру міндетті болып табылмайды. Ол қандай да бір өтінішті қанағаттандыру шарттарының бірі ретінде болуы мүмкін (мысалы, тіркегенде, лицензия бергенде), әрі көбінесе құқықтық бағалаудың нысанасы ретінде тиісті құжаттар саналады (құрылтайшылық).

Бірақ рәсімдер оны талап етпеуі де мүмкін (мысалы, басқарудың шешімін дайындаған кезде).

Рәсімдер туралы іс жүргізудің нәтижесінде мәжбүрлеу шаралары қолданылмайды. Оның нәтижесі - жеке және заңды тұлғалардың заңды тілектерін қанағаттандыру, сондай-ақ басқару аппаратының тиімді жұмысын қамтамасыз ету. Ақыр соңында, рәсімдер туралы іс жүргізудің шеңберінде құқық қорғау іс-әрекеттері іске асырылуы мүмкін, бірақ олардың сипаты өзгеше: рұқсат беру немесе тіркеу жасау мына жайтты дәлелдейді, рұқсат етілген немесе тіркелген қызмет заңдылық талаптарына сай келеді. Ал мұның өзі, құқық қорғауды тек әкімшілік юрисдикцияға ғана тіреуге болмайды дегенді білдіреді.

Әкімшілік-құқықтық нормаларды саралау, рұқсат беру, тіркеу, лицензиялау және өзге де ұқсас жүйелердің кең өріс алғаны туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді, солардың шеңберінде құзыретті органдар әр түрлі процессуалдық іс-әрекеттер кешенін іске асырады. Әкімшілік-процессуалдық қызметтің бұл түрі өзінің мақсатты айналымы бойынша көбінде ұйымдық-рәсімдерлеу болып табылады, өйткені нақ сол атқарушы аппараттың күнделікті жұмысын ұйымдастыру мүддесіне қызмет етеді. Бірақ, рәсімдерлікке жатпайтын көптеген жеке істер жеке және заңды тұлғалардың ынтасы бойынша пайда болады (мысалы, лицензиялаған кезде). Бұл екі жағдайды рәсімдер сипаты бар әкімшілік-процессуалдық қызметтің кез келген көрінісін саралаған кезде ескерілетін болу керек, соның шеңберінде әр түрлі процессуалдық қатынастар қалыптасады. «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы ҚР-ның заңында: мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың мемлекеттік функциялар мен лауазымдық өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде шешімдер қабылдау тәртібі және оларды ресімдеу; мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастыру рәсімдері; азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау рәсімдері; экономика саласында шешімдер қабылдаудың негізгі рәсімдері белгіленген

Бұл заңның ережелері әкімшілік рәсімдердің жекелеген түрлерін регламенттейтін нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен қабылдау үшін негізгі ережелер болып табылады.

Әкімшілік-процессуалдық қызметтің рәсімдері туралы и жүргізудің түрлері көп. Оларды неғұрлым бірыңғай реттелінген іс

жүргізуді қарау арқылы көрсетуге болады, оларға: басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру туралы іс жүргізу; лицензиялу рұқсат беру туралы іс жүргізу; тіркеу туралы іс жүргізу.

Рәсімдер туралы іс жүргізудің басқа түрлерін алатын болсақ, олар не әкімшілік құқықтың өзге институттарына тікелей қатысты болады (мысалы, мемлекеттік-қызметтік қатынастарға), не әкімшілік-құқықтық реттеу үшін аса айқын көрсеткіш болып табылмайды (мысалы, патенттер беру жөніндегі іс жүргізу).

13.2. Басқару органдарының жұмысын ұйымдастыру рәсімдері туралы іс жүргізу

Бұл ұйымдастыру-рәсімдеулік сипаты бар процессуалдық қызметтің аса маңызды түрі. Ол атқарушы билік органдарының атқарушы билікті іске асырудың әкімшілік-құқықтық нысандары мен әдістерін қолдану жөніндегі тиімді жұмыс істеу мақсатында жүзеге асырылады.

Атқарушы билік органдарының негізгі міндеттерінің ішінде құқықтық актілер жобаларын дайындап, заңда белгіленген тәртіппен қабылдауды қамтамасыз ету ерекше орын алады. Олардың бұл жөніндегі міндеттері мен өкілеттіктерінің негізі «Нормативтік құқықтық актілер туралы» заңмен белгіленген.

Ол заң бойынша заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу мен табыс ету, қабылдау, күшіне енгізу, өзгерту, толықтыру, олардың қолданылуын тоқтату немесе тоқтата тұру, оларды жариялау ерекшеліктері олардың деңгейіне сәйкес, нормативтік құқықтық актілер қабылдайтын мемлекеттік органдардың қызметін реттейтін заң актілерімен, осы органдардың құқықтық мәртебесін айқындайтын актілермен, соның ішінде олар туралы ережелермен және олардың регламенттерімен, басқа да нормативтік құқықтық актілермен айқындалады.

ҚР-сы Үкіметі заң жобасы жұмыстарының ұзақ мерзімдік және жыл сайынғы жоспарларын жасайды. Олардың жобаларын Әділет министрлігі әзірлейді. Үкіметтің заң жобалаушылық жұмыстарының жоспары ҚР-ның Президентімен келісіледі. Үкімет осы жоспарға сәйкес онда аталған мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жоспарда көзделген мерзімде нормативтік актілердің жобаларын дайындауға тапсырма береді.

ҚР-ның орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік басқару органдарының нормативтік құқықтық актілерінің жобаларын дайындаудың ерекшеліктерін осы органдардың әрқайсысы айқындайды.

Нормативтік актілердің жобаларын, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, уәкілетті органдар өз бастамашылығымен немесе жоғары тұрған мемлекеттік органдардың тапсырмалары бойынша әзірлейді. Мұндай акт жобасын әзірлеуші уәкілетті орган жобаны дайындау жөніндегі жұмыс тобын құрады немесе оны дайындауды жұмыс тобының міндетін атқаратын өз бөлімшелерінің біріне тапсырады. Жобаны дайындауға оны дайындайтын органның заң бөлімшесінің қызметкерлерінің қатысуы міндетті. Бір деңгейдегі уәкілетті органдардың заңға тәуелді нормативтік актілерін бірнеше уәкілетті орган әзірлеп, ал қажет болған жағдайда қабылдауы мүмкін. Бірнеше уәкілетті органның заңға тәуелді нормативтік актілерін аталған заңда көзделген тәртіппен олар бірлесіп әзірлейді, олар уәкілетті органдардың басшылары қол қоятын бірлескен бұйрықтар немесе қаулылар түрінде қабылданады.

Егер нормативтік құқықтық актілердің жалпыға міндетті маңызы болса, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты болса немесе кәсіпкерлік қызметті реттесе, ҚР-сы Әділет министрлігі олардың жобалары бойынша заң сараптамасын жүргізеді.

Нормативтік актінің дайындалған жобасы, ал қажет болған жағдайда, оны дамыту үшін қабылданатын басқа да нормативтік актінің жобасы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдарға келісуге жіберіледі. Мұндай актілердің жобалары міндетті түрде келісілуге тиісті мемлекеттік органдардың тізбесін Үкімет белгілейді. Актінің жобасы келісуге жіберілген органдар мен ұйымдар, егер уәкілетті орган өзге бір, неғұрлым қысқа мерзім белгілемесе, оны алған күннен бастап отыз күн ішінде жоба бойынша өз ескертпелері мен ұсыныстарын дайындауға немесе олардың жоқтығы туралы жобаны әзірлеген органға хабарлауға тиіс.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар жеке кәсіпкерлік субъектілерінің мүдделерін қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің жобаларын сараптамалық қорытынды алу үшін жеке кәсіпкерлік субъектілерінің аккредиттелген бірлестіктеріне жібереді. Мемлекеттік орган қорытындымен келіскен ретте құқықтық актінің жобасына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізеді.

Нормативтік құқықтық актілердің ресми мәтіндеріне: ҚР-сы Үкіметінің қаулыларына - ҚР-ның Премьер-министрі; әкімнің шешімдеріне - әкім; өзге нормативтік актілерге - оны қабылдаған (шығарған) органның басшысы қол қояды.

Процессуалдық іс-әрекеттердің жалпы ережелері «Әкімшілік рәсімдер туралы» заңмен бекітілген. Жеке қолданылатын құқықтық актілерді қабылдау рәсімдері олардың рәсімделуін, орындалуын және орындалуына бақылау жасауды ұйымдастыру осы заңмен және өзге де нормативтік құқықтық актілермен белгіленеді. Сонымен бірге бұл заңда мемлекеттік органдардың жұмысын ұйымдастырудың рәсімдерін реттеуге үлкен орын берілген. Онда мемлекеттік органдардың жұмысын жоспарлау; жеке, дара әкімшілік қызмет; алқалы мемлекеттік органдардың қызметі; мемлекеттік органдарда қызметтік құжаттардың қаралуы мен етуі; ақпарат алмасуға қойылатын талаптар; қызметтік құжаттардың орындалуын бақылау тәртібі айқындалған. Бұлардың кейбір маңызды ережелері мынадай.

Мемлекеттік органдар өз қызметін тоқсанға, жылға және келешектегі ұзақ мерзімге арнап жасалатын жұмыс жоспарлармен сәйкес жүзеге асырады. Жоғары тұрған мемлекеттік органның жоспарына сәйкес қаралатын мәселелердің тізбесі, жоғары тұрған органның жұмыс жоспарына енгізілген мәселелер қарауына жататын төменгі тұрған мемлекеттік органдар мен ұйымдарға жіберіледі.

Аталған заңмен алқалы мемлекеттік органдардың (мысалы, ҚР-сы Үкіметінің, жергілікті әкімдіктердің) қызметін ұйымдастырудың рәсімдері реттелген.

Алқалы органдар қызметінің негізгі нысаны олардың отырыстары болып табылады, оларда осы органдардың шешімдері қабылданады. Отырыстарды дайындау және өткізу кезінде уәкілетті органдар (олардың құрылымдық бөлімшелері) мен лауазымды адамдар: отырыстарды өткізу жоспарын әзірлеп, бекітеді; жоспар тиісінше тоқсандық және жылдық мерзімге әзірленеді, тиісті келісуден кейін оны алқалы органның басшысы не осы органның қызметін қамтамасыз ететін органның басшысы бекітеді. Бекітілген жоспар мүдделі органдар мен лауазымды адамдардың назарына жеткізіледі; отырысқа шығарылатын мәселелерді дайындауды, отырысты өткізу жөніндегі өзге де ұйымдық шараларды

оның тиісті құрылымдық бөлімшелері не алқалы органның қызметін қамтамасыз ететін орган жүзеге асырады.

Отырыстарды жүргізу тәртібі алқалы мемлекеттік органдардың регламенттерімен айқындалады. Мысалы, «ҚР-сы Үкіметінің жаңа регламенті» ҚР-сы Үкіметінің 2002 жылғы 10 желтоқсандағы қаулысымен; «Облыс (республикалық маңызы бар қала, астана) және аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктерінің үлгі регламенттері» ҚР-сы Үкіметінің 2001 жылғы 24 сәуірдегі қаулысымен бекітілген.

Алқалы органның отырысы хаттамаға түсіріледі. Отырыста қабылданған шешімдер арқылы органның регламентіне сәйкес қаулылармен ресімделіп, орындаушыларға жеткізіледі. Қажет болған жағдайда шешімдерді іске асыру жөнінде шаралар жоспары жасалып, бекітіледі, олардың орындалуы бақылауға алынады.

Мемлекеттік органдарда қызметтік құжаттардың қаралуының мынадай тәртібі бекітілген.

Мемлекеттік органға немесе оның басшылығына жолданған қызметтік құжаттар келіп түсіп, іс қағаздарын жүргізу қызметі оларды тіркегеннен кейін басшылыққа беріледі, басшылық оларды қарап олар бойынша тапсырмалар (қарарлар) дайындайды. Егер мәселе белгіленген құзырет шегінен шығатын болса, уәкілетті лауазымды адам өтінішті құзыретті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға жіберу туралы шешім қабылдап, үш күн ішінде өтініш иесіне міндетті түрде хабарлануға тиіс.

Құжаттарға мемлекеттік органның атынан оның басшысы, оны ауыстыратын адам не осы органның өзге уәкілетті лауазымды адамы қол қояды. Құжаттардың қаралу мерзімі, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, бір айдан аспауға тиіс.

Ақпарат алмасуды (жөнелтуді, алуды) регламенттейтін рәсімдер. Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың шешімдер қабылдауы объективті және алдын алушы ақпаратқа негізделуге тиіс. Мемлекеттік қызметшілерге қызметтік ақпарат оларға жүктелген қызмет міндеттерін орындау үшін ғана беріледі. Бұл ақпаратты қызметтен тыс мақсаттарға пайдалануға болмайды.

Қызметтік құжаттардың орындалуын бақылау. Мемлекеттік орган басшысының немесе өзге жоғары тұрған лауазымды адамның, оның шығарған актлеріне байланысты емес, тапсырмаларының орындалуын бақылау осы органның тиісті бөлімшелеріне

жүктеледі. Қызметтік құжаттар жөніндегі тапсырмалардың орындалу мерзімдерін бақылауды органның іс қағаздарын жүргізу қызметі жүзеге асырады.

Тапсырманы берген лауазымды адам не өзге уәкілетті лауазымды адам орындалған құжаттарды бақылаудан алады.

13.3. Лицензиялау - рұқсат беру туралы іс жүргізу

Ұлттық қауіпсіздікті, құқықтық тәртіпті қамтамасыз ету, қоршаған ортаны, азаматтардың меншігін, өмірі мен денсаулығын қорғау мақсатында заңмен қызметтің жекелеген түрлері бойынша лицензиялық тәртіп енгізу белгіленеді. Осыған байланысты жеке және заңды тұлғалар қызметтің кейбір түрлерін арнаулы рұқсат - лицензия негізінде жүзеге асырады. Лицензия - тиісті лицензиардың (уәкілетті мемлекеттік әрі жеке немесе заңды тұлғаға қызметтің жекелеген түрімен айналысуға беретін рұқсаты.

Лицензиялау - лицензияларды беруге және қайта ресімдеу лицензиаттардың (лицензиясы бар жеке немесе заңды тұлға) тиіс талаптарды сақтауын лицензиарлардың бақылауды жүзеге асыруына, лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұруға және қайта бастауға, лицензиялардан айыруға байланысты іс-шаралар кешені.

Әкімшілік рәсімдер туралы іс жүргізудің бұл түрі соңғы кезге дейін «Лицензиялау туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі заңның және оған кейіннен көптеген өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдардың, Үкімет қаулыларының және олармен бекітілген ережелердің негізінде жүзеге асырылып келді. Ол Заңның орнына 2007 жылғы 11 қаңтарда «Лицензиялау туралы» жаңа заң қабылданды. Бұл Заң ресми жарияланған күннен бастап алты ай өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Мемлекеттік әкімшілік ету (басқару) мақсаттарына қолжеткізу үшін заңдармен өнімге қойылатын талаптар, жекелеген өнім түрлерінің, процестердің сәйкестігін міндетті түрде растау жөніндегі талаптар жеткіліксіз болған жағдайларда қызметтің жекелеген түрлеріне лицензиялау белгіленеді. Олардың жекелеген түрлерін жүзеге асыруға немесе белгілі бір іс-әрекеттер (операциялар) жасауға лицензия болған жағдайда ғана жол беріледі. Бұл талап мемлекеттік органдар, сондай-ақ Қазақстанның Даму Банкі Респуб-

лика заңдарында белгіленген өкілеттіктер шегінде жүзеге асыратын қызметке қолданылмайды.

Заңмен 27 саладағы қызметтің жекелеген түрлері лицензиялануға тиіс деп бекітілген. Оларға аса қауіпті объектілерге байланысты және (немесе) ерекше маңызды мемлекеттік мәні бар қызмет; жеке және заңды тұлғаларға қызмет көрсету; қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызмет; тауарлар экспорты мен импорты және т.б. салалардағы қызметтер жатқызылған. Мысалы, электр және жылу энергиясын өндіру, беру және тарату; атом энергиясын пайдалану саласындағы қызмет түрлері; қару-жарақ, әскери техника мен жекелеген қару түрлерін, жарылғыш заттарды әзірлеу, өндіру және өткізу; медициналық, дәрігерлік және фармацевтикалық қызмет; адвокаттық қызмет; ойын бизнесі; ветеринария саласындағы қызмет; банк операциялары; сәулет және құрылыс саласындағы қызмет; кеден ісі саласындағы қызмет және т.б.

Лицензиялар ҚР-ның жеке және заңды тұлғаларына, шетелдіктерге, азаматтығы жоқ адамдарға, шетелдік заңды тұлғаларға және халықаралық ұйымдарға беріледі. Лицензияланатын қызметтің белгілі бір түрімен айналысу құқығына лицензия қызметтің осы түріне қойылатын талаптарға біліктілік деңгейі сай келетін субъектіге беріледі. Қаржы нарығы жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және Ұлттық банкі бекітетін, сондай-ақ ойын бизнесі қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын қоспағанда, лицензияланатын қызмет түрлеріне біліктілік талаптарын ҚР-ның Үкіметі бекітеді. Мысалы «Аудиторлық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары» ҚР-сы Үкіметінің 2006 жылғы 28 қыркүйектегі қаулысымен бекітілген.

Өкілетті мемлекеттік органдар (лицензиарлар) лицензия беретін кезде өтініш берушінің біліктілік талаптарына сәйкестігін анықтайды. Бұл кезде қоғамның, қоршаған ортаның, азаматтардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін, сондай-ақ өндірілетін өнім, орындалатын жұмыс, көрсетілетін қызмет сапасының кепілдігін қамтамасыз ететін өндіріс жағдайлары ескерілуге тиіс.

Лицензиялар қызмет көлемі бойынша мынадай түрлерге бөлінеді:

1) бас лицензия - қолданылу мерзіміне шек қойылмай қызметтің жекелеген түрлерімен айналысуға берілетін;

2) біржолғы - рұқсат етілген мерзім, көлем, салмақ немесе мөлшер шегінде (заттай не ақшалай түрде) белгілі бір шаруашылық операциясымен айналысуға, сондай-ақ ҚР-ның ойын бизнесі туралы заңымен белгіленген мерзім шегінде ойын бизнесі аясындағы қызмет түрлерімен айналысуға берілетін;

3) операциялық-банк қызметінде жекелеген операциялармен, сақтандыру қызметінде сыныптарға жіктеумен (сақтандыру сыныптарымен) айналысуға берілетін лицензиялар.

Қаржы нарығы жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган және Ұлттық Банкі Республика заңдарына сәйкес бекітетін қызмет түрлерін лицензиялау ережелерінен басқа қызмет түрлерін лицензиялау ережелерін ҚР-ның Үкіметі бекітеді. Жаңа Заң қабылданғанға дейін нормативтік құқықтық актілерде кейбір қызметтер түрлерін жүзеге асыру құқығына, мысалы мынадай лицензия мерзімдері белгіленген болатын.

Жеке медициналық, дәрігерлік, мал дәрігерлік қызметті жүзеге асыру құқығына лицензия мерзімі шектелмей (тұрақты лицензия); көлік қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия - кемінде бес жыл мерзімге; жеке кәсіпкерлік қызметтің өзге түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия (тауарлардың экспорты мен импортына лицензия беруді қоспағанда) - кемінде бір жыл мерзімге беріледі.

Тауарлардың экспорты мен импорты саласындағы лицензиялау тәртібі «Лицензиялау туралы» заңның 4-тарауында айқындалған. Экспорты мен импорты лицензиялануға тиіс тауарлардың тізбесін ҚР-ның Үкіметі белгілейді.

Лицензия өтініш берушіге әрбір жекелеген мәміле бойынша жекелеген тауарлардың экспортын немесе импортын жүзеге асыру үшін күнтізбелік бір жыл кезеңіне беріледі. Тауардың келісім-шартқа енгізілген атауларының санына қарамастан, лицензия олардың бір түріне беріледі.

Қызметтің жекелеген түрлерін бас лицензия бойынша жүзеге асыратын тұлғалар үшін қызметтің осы түрінде тұрақты пайдаланылатын жекелеген тауарлардың экспортына немесе импортына лицензия қолданылу мерзіміне (келісім - шарт санына қарамастан жыл сайынғы экспорт (импорт) көлеміне) шек қойылмай беріледі,

Өтініш берушінің дәлелді өтініші бойынша біржолғы лицензияның қолданылу мерзімі күнтізбелік бір жылдан аспайтын мерзімге ұзартылуы мүмкін. Біржолғы лицензиялар жекелеген тауарлардың

экспортына немесе импортына оларда көрсетілген мерзімге берілген рұқсат болып табылады және өнімді кедендік ресімдеу үшін негіз болады.

Тауарлар экспортына лицензиялық тәртіпті өзге негіздер бойынша енгізуді ҚР-ның Үкіметі белгілейді. Жекелеген тауарлардың импортын лицензиялауды мемлекеттің, азаматтардың өмірінің немесе денсаулығының, қоршаған ортаның қауіпсіздігі тұрғысынан және сандық шектеулерді қолданбай отандық тауар өндірушілер мен экономикалық қауіпсіздікті қорғау мақсатында ҚР-ның Үкіметі жүзеге асырады.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) (бұдан әрі тауарлар) экспорты мен импортын лицензиялаудың тәртібі туралы ереже және ҚР-сы Үкіметі рұқсатының негізінде лицензия бойынша жүзеге асырылатын тауарлардың тізбесі Үкіметтің 1997 жылғы 30 маусымдағы № 1037 қаулысымен бекітілген. Бұл Ережеде ұйымдастыру - құқықтық нысандары мен тіркелген жеріне қарамастан, шетелдіктерді қоса алғандағы ҚР-ның барлық заңды және жеке тұлғалары үшін міндетті тауарлардың экспорты мен импортының тәртібі белгіленген.

Лицензиялар тізбесін айқындау ҚР-сы Үкіметінің құзыретіне жатады. Осыған сәйкес ҚР-ның Үкіметі 1995 жылғы 29 желтоқсандағы № 1894 қаулысымен лицензиялауға жататын қызметтің түрлерін, лицензиялар беруге өкілеттік берілген мемлекеттік органдар тізбесін бекіткен.

Бұл тізбе бойынша лицензия алушыға лицензияны республиканың орталық атқарушы органдары және облыстардың, Алматы мен Астана қалаларының атқарушы органдары береді. Мемлекеттік органдарға лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерін тиісті аумақтық бөлімшелерге беруге рұқсат етілген. Осыған сәйкес лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, егер облыстың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органдары немесе орталық мемлекеттік органның аумақтық органдары лицензиар болып табылса, жеке немесе заңды тұлғаны тіркеу органы бойынша беріледі.

ҚР-ның Үкіметі өндірілуі, өңделуі, тасымалдануы, сатып алынуы, сақталуы, сатылуы, пайдаланылуы және жойылуы лицензиялауға тиіс улардың тізбесін; қоршаған ортаны қорғау, ядролық,

радиациялық, өнеркәсіп, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау, санитариялық-эпидемиологиялық қызмет саласындағы органдардың қорытындысы қажет қызмет түрлерінің және қызметтің кіші түрлерінің тізбесін бекітеді. Мысалы, «Шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерінің тізбесі және оларды міндетті мемлекеттік лицензиялау ережесі» Үкіметтің 2004 жылғы 8 қаңтардағы қаулысымен бекітілген.

Бұл Ереже бойынша шаруашылық қызметтің экологиялық қауіпті түрлерін жүзеге асыру құқығына лицензия Бас лицензия болып табылады және ол иеліктен айырылмайды. Лицензия мерзімі белгіленбей беріледі және оның ҚР-ның бүкіл аумағында күші болады.

Лицензия және лицензияға қосымшаны алу үшін өтініш беруші лицензия беретін уәкілетті органға (лицензиарға) мынадай құжаттар тапсыруы керек: өтініш; заңды тұлға үшін - Жарғының (экспорт және импорт операцияларын қоспағанда) және өтініш берушінің заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелгені туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмелері; жеке тұлға үшін - жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі; дара кәсіпкер үшін - өтініш берушінің дара кәсіпкер ретінде мемлекеттік тіркелуі туралы куәліктің нотариалды куәландырған көшірмесі; өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі; қызметтің жекелеген түрлерімен айналыс құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат; біліктілік талаптарына сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензия берген кезде құжаттар тізбесіне қойылатын қосымша талаптарды Қазақстан заңдарына сәйкес Ұлттық Банкі мен қаржы нарығы жөніндегі уәкілетті орган да белгілей алады.

Лицензиясы бар қызмет түрі шеңберінде лицензияға қосымшаны алу үшін мынадай құжаттар қажет: өтініш; лицензияның нотариалды куәландырылған көшірмесі; біліктілік талаптарына (қызметтің кіші түріне) сәйкес мәліметтер мен құжаттар.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру үшін тиісті лицензиарға ұсынылған барлық құжаттар тізімдеме бойынша қабылдануға, оның көшірмесі аталған органның құжаттарды қабыл-

даған күні туралы белгі соғылып, өтініш берушіге жіберілуге (табыс етілуге) тиіс.

Қоршаған ортаны қорғау, ядролық, радиациялық, санитарлық-эпидемиологиялық, өнеркәсіптік, өрт қауіпсіздігі және мемлекеттік энергетикалық қадағалау саласындағы органдардың қорытындыларын алу үшін лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға өтініш берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап екі жұмыс күн ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін бір жұмыс күн ішінде өтініш берушінің мемлекеттік тіркелген жері бойынша аталған салалардың органдарына өтініш берушінің бұл салалар бойынша қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды беру жөнінде сауал жібереді.

Бұл органдар лицензиардың сауалының негізінде жиырма бес жұмыс күн ішінде, ал шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін жеті жұмыс күн ішінде өтініш берушінің жоғарыда аталғандар саласына қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтайды және тиісті лицензиарға өтініш берушінің қойылатын талаптарға сәйкестігі туралы қорытынды жібереді.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты қызметпен айналысу құқығына лицензиялар берудің, беруден бас тартудың, оның қолданылуын тоқтата тұрудың, тоқтатудың тәртібі мен шарттарын республика заңдарына сәйкес Ұлттық Банкі мен қаржы нарығы жөніндегі уәкілетті орган белгілейді.

Валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметпен айналысуды лицензиялаудың тәртібі мен шарттарын республиканың валюталық реттеу және валюталық бақылау саласындағы заңдарына сәйкес Ұлттық Банкі белгілейді. Осыған орай ҚР-ның Ұлттық Банкі Басқармасы 2003 жылғы 25 шілдедегі қаулысымен валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операцияларды лицензиялаудың тәртібі мен талаптарын белгілейтін Ереже бекіткен.

Ойын бизнесі саласындағы қызметке лицензиялар берудің шарттары мен тәртібі ҚР-ның ойын бизнесі туралы заңымен айқындалады.

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны лицензиар лицензиялау туралы заңда белгіленген тиісті құжаттармен қоса, өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей, ал

шағын кәсіпкерлік субъектілері үшін (осы Заңның 19 бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайды қоспағанда) он жұмыс күнінен кешіктірмей беруге тиіс. Лицензиар осы белгіленген мерзім ішінде лицензияны және оған қосымшаны беруге не оларды беруден бас тартудың себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап қайтаруға міндетті. Бұл талап орындалмаған жағдайда жоғарыда көрсетілген мерзімдер өткен күннен бастап, бес жұмыс күні өткен соң, өтініш беруші тиісті лицензиарды қызметтің өзі өтініш берген түрін жүзеге асыра бастағаны туралы жазбаша түрде хабардар етеді. Лицензиар бұл хабарламаны алған кезден бастап, бес жұмыс күнінен кешіктірмей лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруге міндетті.

Лицензияның және оның қосымшаларының нысанын ҚР-ның Үкіметі белгілейді. «Мемлекеттік лицензия» мен оған қосымшаның нысандарының үлгілері жаңа редакцияда Үкіметтің 2005 жылғы 19 қаңтардағы қаулысымен бекітілген. Бұл үлгі бойынша «Мемлекеттік лицензияда» лицензия берген органның атауы, оның басшысының аты-жөні; өтініш берген заңды тұлғаның толық атауы, орналасқан жері, деректемелері, жеке тұлғаның паспорттық мәліметтері; лицензияланатын қызмет түрінің (іс-әрекеттің) атауы; лицензияның қолданылуының айрықша жағдайлары; лицензияның берілген уақыты мен нөмірі көрсетіледі.

Лицензия лицензияланатын қызметтің әрбір түріне жеке беріледі. Лицензия иеліктен алынбайды және оны лицензиат басқа жеке немесе заңды тұлғаға бере алмайды. Лицензияның күші, ҚР-ның заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Республиканың бүкіл аумағында қолданылады.

Заңда лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беруден бас тартудың негіздері қаралған. Егер республика заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынған; лицензиялау туралы заңға сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмеген (бұл кедергілерді жойған жағдайда өтініш қаралады); қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым төленбеген; өтініш беруші біліктілік талаптарына сай келмеген; өтініш берушіге қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болған жағдайларда лицензия және (немесе) оған қосымша беруден бас тартылуы мүмкін.

Қаржы саласындағы қызметпен және қаржы ресурстарын шоғырландыруға байланысты, сондай-ақ валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты қызметпен айналысуға лицензиялар беруден бас тарту үшін қосымша талаптарды республика заңдарына сәйкес Ұлттық банкі және қаржы нарығы жөніндегі уәкілетті орган белгілеуге құқылы. Лицензия беруден бас тартылған жағдайда лицензиар лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беру үшін белгіленген мерзімдерде өтініш берушіге жазбаша түрде дәлелді жауап қайтаруға тиіс. Егер лицензия қаралып отырған заңда белгіленген мерзімдерде берілмесе немесе лицензияны, оған қосымшаны беруден бас тарту өтініш берушіге дәлелсіз болып көрінсе, ол республика заңнамасында белгіленген тәртіппен бұл іс-әрекеттерге шағымдануға құқылы.

Жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты өзгерген жағдайда, заңды тұлға бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған, оның атауы өзгерген, сондай-ақ қызмет түрінің және (немесе) қызметтің кіші түрінің атауы өзгерген кезде, егер мұндай өзгеріс қызмет түрі және (немесе) қызметтің кіші түрі шеңберінде орындалатын операциялардың мәнінің өзгеруіне әкеп соқпаса, ол күнтізбелік отыз күн ішінде аталған мәліметтерді растайтын тиісті құжаттармен қоса, лицензияны және (немесе) оған қосымшаны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде лицензиар лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге тиіс.

Лицензияның және (немесе) оған қосымшаның қолданылуын тоқтату мына жағдайларда жүзеге асырылуы мүмкін: лицензияның берілген мерзімі аяқталғанда; жүзеге асырылуына лицензия берілген іс-әрекеттер (операциялар) толық көлемде жасалғанда; лицензия алып қойылғанда; жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда, заңды тұлға таратылғанда, бірігу, біріктіру, бөліну немесе қайта құрылу нысанындағы қайта ұйымдастырылуды қоспағанда, заңды тұлға қайта ұйымдастырылғанда; лицензия және оған қосымша лицензиарға ерікті түрде қайтарылғанда; лицензияланатындардың тізбесінен қызметтің жекелеген түрі және (немесе) оның кіші түрі алып тасталса тоқтатылады. Бұл жағдайда лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны және (немесе) қосымшаны лицензиарға қайтаруға міндетті.

Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады (ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 52, 53 баптары).

Лицензия беруден негізсіз бас тартудан немесе лицензиаттың құқығын бұзудан туындайтын залалдарды өтеу ҚР-ның азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады (ҚР-сы Азаматтық кодексінің (ерекше бөлігі) 917, 922 баптары). Лицензиялау туралы заңнаманы бұзу Республика заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады (ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 143, 148, 149, 150 баптар; ҚР-ның Қылмыстық кодексінің 189, 190 баптары).

Лицензиялар тізілімін жүргізу, сондай-ақ біліктілік талаптар мен лицензиялық ережелердің сақталуын бақылауды заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиар іске асырады. Лицензиаттардың қызметіне қадағалауды жүзеге асыру кезінде уәкілетті органдар тексеру жүргізуге; қажетті түсініктемелер сұратуға және алуға; тексеру қорытындысы бойынша акт жасауға; табылған бұзушылықтарды жоюға лицензиатты міндеттейтін шешім шығаруға; оған ескерту жасауға құқылы.

Лицензиялау рұқсат ету жүйесінің ең көп тараған нысандарының бірі болып табылады. Бірақ бұл жүйенің көрініс табатын өзге де нысандары бар. Мәселен, рұқсат ету жүйесін ҚР-ның ішкі істер органдары кеңінен пайдаланады. Бұл жағдайда қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікті қорғауды қамтамасыз етумен тікелей байланысты қызмет регламенттелінеді. Бұл саладағы реттеу «ҚР-ның ішкі істер органдары туралы» және «Жекелеген қару түрлерінің айналымына мемлекеттік бақылау туралы» заңдардың негізінде жүзеге асырылады. ҚР-сы Ішкі істер министрлігінің негізгі функцияларының ішінде: ІІМ жүйесінде лицензиялауға жататын қызметтің, өндірістің, жұмыстың (қызмет көрсетудің) түрлерімен айналысуға рұқсат (лицензия) беру (жою) жөніндегі, сондай-ақ қызметтің осы түрлерінің, өндірістердің, жұмыстардың (қызметтердің) жүзеге асырылуына бақылау жасау жөніндегі ішкі істер органдарының қызметін ұйымдастыру бар.

Қоғамдық қауіпсіздікті қорғау саласындағы рұқсат ету жүйесі қару-жарақты, оқ-дәріні, түрлі-түсті бейнедегі көбейткіш-көшіргіш техниканы, жарылғыш, күшті әсері бар улы және радиоактивті

материалдар мен заттарды сатып алу, сақтау, тасымалдау, әкелу, әкету тәртібін, сондай-ақ қару-жарақпен сауда жасайтын дүкендерді, атыс тирлерін, қару-жарақ жөндеу шеберханаларын ашудың тәртібін регламенттеу мен реттеу ережелерінің жиынтығы болып табылады. Қару мен оның патрондарын өндіру, сату және иемдену рұқсат ету жүйесі негізінде жүргізіледі. Азаматтық және қызметтік қару мен оның патрондарын өндіруге, сатуға, иемденіп алуға лицензияны - ішкі істер органдары, ал жауынгерлік қол атыс қаруы мен оның патрондары жөнінде лицензияны ҚР-сы Үкіметінің уәкілетті органы береді.

Ішкі істер органдарының рұқсаты, сонымен қатар жаратын жұмыстар жүргізуге, шекара зонасына, сондай-ақ жабық әкімшілік-аумақтық құрылымдарға кіруге қажет. Ішкі істер органдары жеке детектив және күзет қызметін лицензиялауды жүзеге асырады.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органдары бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар өткізуге рұқсат береді. Мұндай шараларды өткізу үшін еңбек ұжымдарының, қоғамдық бірлестіктердің немесе ҚР-сы азаматтарының жекелеген топтарының 18 жасқа толған уәкілдері өтініш береді. Өтініш тиісті шараны өткізудің белгіленген күнінен кемінде 10 күн бұрын жазбаша беріледі. Онда шараны өткізу мақсаты, нысаны, өткізілетін жері немесе қозғалыс маршруттары, оның басталатын және аяқталатын уақыты, қатысушылардың ықтимал саны және т.б. көрсетіледі.

Тиісті атқарушы орган өтінішті қарап, шараның өткізілетін уақытынан кемінде 5 күн бұрын уәкілдерге қабылданған шешім туралы хабарлауға тиіс. Өтініш бойынша оң шешім болғанның өзінде, шараны өткізудің өзге уақыты мен жері ұсынылуы мүмкін. Ал өткізетін шараның мақсаты заңға қайшы келетін болса немесе қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздікке қауіп туғызатын болса, онда оны өткізуге рұқсат етілмеуі мүмкін. Бұл туралы шешімге белгіленген тәртіп бойынша жоғары тұрған атқарушы органға не сотқа шағым жасауға болады.

Санкция берілмеген шаралар тоқтатылуға жатады. Шараларға қатысушыларға қару немесе арнайы дайындалған заттарды алып жүруге тыйым салынады, өйткені оларды пайдалану азаматтардың денсаулығы мен өміріне зиян келтіруі немесе материалдық зиян тигізуі мүмкін.

13.4. Тіркеу туралы іс жүргізу

Тіркеу - қандай да бір іс-әрекеттердің заңдылығын растайтын ресми акт. Мәселен, әділет органдары атқарушы билік органдарының нормативтік актілерін, қоғамдық және діни бірлестіктердің, заңды тұлғалардың жарғыларын және жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырады. Жалпыға бірдей міндетті маңызы бар, азаматтардың құқықтарына, бостандықтары мен міндеттеріне қатысты нормативтік актілер тіркеуге жатады.

Заңды тұлғаларды, сондай-ақ заңды тұлғалар болып табылатын жеке кәсіпкерлік субъектілерін тіркеуді (қайта тіркеуді) әділет органдары (тіркеуші органдар) «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» 1995 жылғы 17 сәуірдегі заңмен белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырады. Заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) «Жеке кәсіпкерлік туралы» заңмен реттеледі. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу. Тіркеуге ұсынылған құрылтай және басқа құжаттардың ҚР-ның заң актілеріне сәйкестігін тексеруді, оларға бизнес сәйкестендіру нөмірін бере отырып, мемлекеттік тіркеу туралы куәлік берілуін, заңды тұлғалар туралы мәліметтерді бірыңғай мемлекеттік тіркелімге енгізуді қамтиды.

Өздерінің құрылу мақсатына, өз қызметінің түрі мен сипатына, қатысушылар (мүшелер) құрамына қарамастан, ҚР-ның аумағында құрылатын барлық заңды тұлғалар, филиалдар мен өкілдіктер, жеке кәсіпкерлер мемлекеттік (есептік) тіркеуге жатады.

Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу үшін тіркеуші органға белгілеген нысан бойынша арыз беріледі және оған аталған заңның 7 бабында көрсетілген, мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылып, үш дана етіп берілетін құрылтай құжаттары (жарғы (ереже), не құрылтай шарты мен жарғысы, не тек құрылтай шарты) қоса тапсырылады.

Заңды тұлғаны - Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қатысушысын тіркеу үшін тіркеуші органға Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтініш

беріледі. Бұл заңды тұлғалар туралы мәліметтерді Әділет органдары Алматы қаласының қаржы орталығының қызметін реттеу жөніндегі уәкілетті орган жіберген хабарламалар негізінде бірыңғай Мемлекеттік тізілімге енгізеді.

Қызметінің түрі шетел валютасымен айырбастау операцияларын ұйымдастыру болып табылатын және қаржылық қызмет көрсету нысанасы болып табылатын заңды тұлғаны тіркеу үшін Әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге тиісінше ҚР-сы Ұлттық Банкінің және қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның рұқсаты қосымша талап етіледі. Тиісті тауар нарығындағы үстем (монополиялық) жағдайда не нарық субъектілерін және табиғи монополиялар субъектілерін мемлекеттік тіркеуді тиісінше монополияға қарсы органның және табиғи монополиялар саласындағы қызметті бақылауды және реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның алдын ала келісімімен тіркеуші орган жүзеге асырады.

Арызға құрылтайшы немесе құрылтайшы уәкілдік берген адам қол қояды. Бұған заңдарда белгіленген тәртіппен куәландырылған құрылтай құжаттары қосылады.

Сонымен бір мезгілде тіркеуші органға заңды тұлғаның орналасқан жерін куәландыратын құжат, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеуден өткізу үшін бюджетке алым төлегені туралы түбіртек немесе оны растайтын құжат табыс етіледі. Мемлекеттік тіркеу туралы заңда және өзге де заң актілерінде көзделгеннен басқа қандай да болсын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге тыйым салынған.

Шетел қатысатын заңды тұлғаларды тіркеу ҚР-ның заңды тұлғаларын тіркеу үшін белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Заңмен мемлекеттік тіркеу мерзімдері белгіленген. Ол бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілерін және олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттарын қоса тіркеліп өтініш берілген күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірілмей, ал өзге заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тиісінше тіркеу және есептік тіркеу (қайта тіркеу) он жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Заңды тұлғаларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін құруды және қызметін тоқтатуды тіркеу, оларды қайта тіркеу кезінде,

сондай-ақ тіркеу туралы куәліктің көшірмесін алуы кезінде ҚР-ның Салық кодексінде белгіленген тәртіппен алым алынады.

Заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлікті жүзеге асыратын жеке тұлғалар мемлекеттік тіркеуге тіркелуі сипатында болады және оның тұрғылықты жері бойынша аумақтық салық органында дара кәсіпкер ретінде есепке қою болып табылады.

Дара кәсіпкер мемлекеттік тіркеу үшін салықтық бақылауды қамтамасыз ететін уәкілетті мемлекеттік орган белгілеген нысан бойынша өтінішті тіркегені үшін алым сомасын бюджетке төлегенін растайтын құжатын тіркеу органына ұсынады. Өзге құжаттарды талап етуге тыйым салынған.

Аталған құжаттар болған кезде тіркеу органы құжаттарды ұсынған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеуден өткізеді.

Дара кәсіпкерді (бірлескен дара кәсіпкерлікті) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік, егер өтініште өзге мерзім көрсетілмесе, мерзімсіз беріледі. Куәлікте көрсетілген деректер өзгерген жағдайда дара кәсіпкер (бірлескен дара кәсіпкерліктің уәкілетті адамы) қайта тіркелуге және жаңа куәлік алуға міндетті.

Заңмен мемлекеттік тіркеуден және қайта тіркеуден бас тарту негіздері қаралған. Олар мыналар: заңды тұлғаны құрудың және қайта ұйымдастырудың заңнамалық актілерде белгіленген тәртібін бұзу; құрылтай құжаттарының заңнамалық актілерге сәйкес келмеуі; табыстау актісін немесе бөлу балансын ұсынбау не оларда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның құқық мирасқорлығы туралы ережелердің болмауы; сондай-ақ егер іс-әрекет етпейтін заңды тұлға құрылтайшы болып табылса және (немесе) егер заңды тұлғаның құрылтайшысы және (немесе) басшысы іс-әрекет етпейтін заңды тұлғалардың құрылтайшысы мен (немесе) басшысы болып табылса және (немесе) әрекетке қабілетсіз, немесе әрекет қабілеті шектелген және (немесе) хабарсыз кеткен деп танылса және (немесе) қайтыс болған және (немесе) қылмыс жасағаны үшін ҚР-сы Қылмыстық кодексінің 192, 216, 217 баптары бойынша сотталса және (немесе) жеке басын куәландыратын жоғалған құжаттар ұсынса.

Заңды тұлғаны, филиалды (өкілдікті) тіркеуден немесе қайта тіркеуден бас тартылған жағдайда, тіркеуші орган заңның 9

бабында көзделген мерзімде оған ұсынылған құжаттардың заң актілерінің талаптарына сәйкес келмейтіндігіне сілтеме жасалған дәлелді жазбаша бас тарту құжатын береді. Мұндай жағдайда тіркеуден немесе қайта тіркеуден өткізу үшін төленген алымды қайтару ҚР-ның Салық кодексінде көзделген реттерде жүргізіледі.

Заңды тұлғалардың құрылтай және басқа да құжаттарының заң актілеріне сәйкестігін тексеру нәтижелері бойынша тіркеуші орган жаңадан құрылған заңды тұлғаға мемлекеттік тіркеу туралы куәлік береді.

Заңды тұлғаның лицензияланатын қызмет саласындағы құқықтық қабілеті тиісті лицензия алған сәттен бастап пайда болады және заң актілерінде белгіленген тәртіппен оның алып қойылған, қолданылу мерзімі біткен немесе жарамсыз деп танылған кезінен бастап тоқтатылады.

Тіркеуші орган заңды тұлғаға, филиал мен өкілдікке мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) жүргізілгені, қызметінің тоқтатылғанын тіркеу туралы және орналасқан жерінің өзгергені туралы мемлекеттік статистика органдарына тіркеген күнінен бастап бір жұмыс күні ішінде хабарлама жібереді. Мемлекеттік статистика органдары тіркеуші орган хабарламаларының негізінде заңды тұлғаларға, филиалдар мен өкілдіктерге біріздендіріліп, бірдейлендірілген және басқа да жүйелік-есептік кодтарды екі жұмыс күні ішінде береді, олар туралы мәліметтерді Мемлекеттік статистикалық тіркелімге енгізеді. Жүйелік-есептік кодтардың берілгенін және мемлекеттік статистикалық тіркелімге есепке қойылғанын растайтын құжат мемлекеттік тіркеу туралы куәлік болып табылады.

Заң актілерінде көзделген жағдайларда заңды тұлға заңдарға сәйкес қайта тіркеуге жатады. Бұл орайда тіркеуші органға мынадай құжаттар табыс етіледі: заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңды тұлғаның уәкілетті органының шешімі не шешімінен үзінді, заң актілерінде көзделген жағдайларда нотариат тәртібімен куәландырылған өзгерістер енгізілген құрылтай құжаттары, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені үшін бюджетке алым төлегенін растайтын құжат.

Заңды тұлға қайта ұйымдастырылған жағдайда тіркеуші орган қайта ұйымдастырылған заңды тұлғаның міндеттемелері бойынша

мұрагерлік туралы ережелерді көрсете отырып, беру актісі немесе бөлу балансы да табыс етілуге тиіс.

Тіркеуші орган мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілгендігі туралы, сондай-ақ заңды тұлғаның орналасқан жерінің өзгергендігі туралы 10 күн ішінде заңды тұлға орналасқан жердегі салық органдарына хабарлайды.

Филиалдар мен өкілдіктер атауы өзгерген жағдайда қайта тіркеуге жатады.

Заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу мынадай тәртіппен жүзеге асады. Заңды тұлғаларды тіркеуді жүзеге асырушы орган заңды тұлғаны тарату немесе қайта ұйымдастыру туралы шешімді алғаннан кейін заң актілерінде көзделген тарату немесе қайта ұйымдастыру тәртібінің сақталуын тексереді. Заңды тұлғаның қызметінің тоқтатылуын тіркеу үшін: ҚР-сы Әділет министрлігі белгілеген нысан бойынша таратылуды тіркеу туралы өтініші; заңды тұлға мүлкі меншік иесінің немесе меншік иесі уәкілеттік берген органның не оған заңды тұлғаның мөрі басылған құрылтай құжаттары мен уәкілеттік берген заңды тұлға органның шешімі; құрылтай құжаттары, мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік пен статистикалық карточка; Заңның 16 бабында көрсетілген басқа да құжаттар табыс етіледі.

Сот шешімі бойынша таратылған заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын тіркеу сот шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Егер тексеру процесінде таратудың немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылықтар анықталмаса, тіркеуші орган заңды тұлға қызметінің тоқтатылуын он күн ішінде тіркейді. Заңды тұлғаны таратудың немесе қайта ұйымдастырудың белгіленген тәртібін бұзушылықтар анықталған жағдайда тіркеуші орган тіркеуден бас тарту туралы шешім шығарады. Заңды тұлға қызметін тоқтатқандығы туралы заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік тіркеліміне жазба енгізілгеннен кейін ол өз қызметін тоқтатқан болып есептеледі.

Мемлекеттік тіркеусіз заңды тұлға ретіндегі қызметке жол берлімейді. Тіркеуден өтпей жасалған қызметтен алынған табыстар заңдарға сәйкес республикалық бюджеттің кірісіне алынады.

Қоғамдық және діни бірлестіктерді тіркеу мен қайта тіркеу арнаулы заң актілерінде көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарда көзделген

тәртіп пен мерзімдерде жүргізіледі. Республикалық, аймақтық қоғамдық бірлестіктерді, шетелдік және халықаралық коммерциялық емес үкіметтік емес бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) мемлекеттік тіркеуді ҚР-сы Әділет министрлігі жүзеге асырады. Қоғамдық бірлестіктердің құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) аумақтық әділет органдарында есептік тіркелуге жатады.

Қоғамдық бірлестікті тіркеу үшін ол құрылған күннен бастап, екі ай мерзім ішінде тіркеуші органға өтініш беріледі. Өтінішке жарғы, жарғыны қабылдаған Құрылтай съезінің (конференциясының, жиналысының) хаттамасы, бірлестікті құру бастамалары туралы мәлімет және бірлестіктің тұрған жерін, сондай-ақ заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеуден өткізгені үшін алымының төленгенін растайтын құжаттар қоса тіркеледі. Бірлестіктерді мемлекеттік тіркеу және қайта тіркеу қажетті құжаттарымен қоса арыз берілген күннен бастап, 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс.

Саяси партияларды және олардың филиалдары мен өкілдіктерін тіркеу, есептік тіркеу (қайта тіркеу) қажетті құжаттар қоса беріле отырып, өтініш берілген күннен бастап бір айдан кешіктірілмей жүргізіледі деп белгіленген.

Қоғамдық бірлестіктің тіркеу туралы өтінішін қарайтын әділет органдары бірлестікті тіркеу және оның құрылтайшыларына тіркеу туралы куәлік берілсін деп немесе тіркеуден бас тартылады және құрылтайшыларға бас тарту жөнінде негізделген жазбаша жауап беру туралы шешім қабылдайды. Тіркеуден бас тарту заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарға сәйкес жүргізіледі. Тіркеуден бас тартуға жарғының ҚР-ның Конституциясына, қоғамдық бірлестіктер туралы заңдарға қайшы болуы, барлық қажетті құжаттарды тапсырмау немесе күмәнді мәліметтер тапсыру негіз болып табылады. Тіркеуден бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

«Жылжымайтын мүлікке құқықтарды және онымен жасалатын мәмілелерді мемлекеттік тіркеу туралы» 1995 жылғы 25 желтоқсандағы заң мемлекеттік тіркеу - осы заңмен белгіленген тәртіппен жылжымайтын мүлікке меншік құқығы мен басқа құқықтарды, сондай-ақ ауыртпалықтарды тіркеуші органның есепке алу рәсімі деп көрсеткен.

Жылжымайтын мүлікке құқықтар олар тіркелген сәттен бастап туындайды. Мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікке құқықтар тізімі заңның 2 бабының 1 тармағының 1-8 тармақшаларында бекітілген. Мемлекеттік тіркеудің бұл түрі ҚР-сы Әділет министрлігінің және әділет органдарына ведомстволық бағынысты мемлекеттік кәсіпорындардың құзыретіне жатады. Заңмен тіркеудің тәртібі (құжаттарды қабылдау, оларды сараптау) реттелген. Тіркеу ол үшін өтініш және басқа қажетгі құжаттар берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізілуге тиіс. Мемлекеттік тіркеу үшін негіздер, құжаттарға қойылатын талаптар, тіркеуді тоқтата тұрудың немесе тіркеуден бас тартудың негіздері заңмен айқындалған.

Тіркеу және ақпарат беру тәртібін бұзуға байланысты өтініш берушіге келтірілген шығындарды тіркеуші орган өтеуге тиіс. Тіркеуге байланысты дауларды сот шешеді.

Қазіргі кезде ҚР-ның халқының тұратын жері бойынша тіркеу жүзеге асырылады. ҚР-ның Үкіметі 2000 жылғы 12 шілдеде ҚР-ның халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіткен. Республика аумағында заңды түрде жүрген әрбір адам еркін жүріп-тұру, тұрғылықты жерін таңдау мүмкіндігінің заңдастыруға байланысты олардың жазылуы мен есептен шығуы жойылды. Ол Әділет органдарының жүзеге асыратын жеке тұлғалардың тұрақты тұратын немесе уақытша болатын жері бойынша тіркеу тәртібімен ауыстырылды. Тіркеуге жататын адамдар он күн ішінде тіркеуші органға белгіленген нысандағы өтініш пен тиісті құжаттарды тапсыруы керек. Үш айдан астам мерзімге уақытша тұруға келген ҚР-ның азаматтарын, тіркеуді жүзеге асырушы органдар, уақытша тұратын жері бойынша есепке алады. ҚР-на келген шетелдік азаматтар, мерекелік және демалыс күндерін қоспағанда, ҚР-ның аумағына келген сәттен бастап үш тәуліктің ішінде төлқұжатын тіркеуге міндетті.

ҚР-ның Ішкі істер органдары автото көліктерді және оларды пайдаланушы адамдарды мемлекеттік тіркеу мен есепке алуды жүргізеді.

14-тақырып.

ӘКІМШІЛІК ЮРИСДИКЦИЯЛЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ

Берілген тақырыпты талқылау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылуы керек:

14.1. Әкімшілік юрисдикциялық іс жүргізудің ұғымы, негізгі ерекшеліктері және әкімшілік-құқықтық дау.

14.2. Әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізудің түрлері.

14.3. Іс жүргізудің құқықтық негіздері.

14.4. Іс жүргізудің сатылары.

14.5. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуы.

Юрисдикция сөзі әдеттегі ұғымы бойынша - бұл сот, сот ісін жүргізу сот немесе әкімшілік органның нақты фактлерді құқықтық бағалау жөніндегі, оның ішінде дауларды шешу және заңмен көзделген санкцияларды қолдану жөніндегі өкілеттіктерінің көлемі. Әкімшілік юрисдикция, әртүрлі сот және соттан тысқары органдардың әкімшілік-құқықтық қатынастардан туындайтын фактлерді бағалау, әкімшілік-құқықтық дауларды шешу және әкімшілік құқық нормаларымен қаралған санкцияларды қолдану жөніндегі өкілеттіктерді өзіне қамти отырып, келтірілген анықтамаға толығымен сәйкес келеді.

Әкімшілік-юрисдикциялық процестен көрініс табатын әкімшілік юрисдикцияның ең сипатты ерекшеліктері мыналардан тұрады.

Әкімшілік юрисдикция, сот юрисдикциясының бағалауына негізделген заңдық мағынадағы процессуалдық қызметтің дәстүрлі қалыптасқан көзқарастарымен айқындалады. Жалпы, оның негізіне сот билігінің функционалды-құзыреттік мазмұнына сәйкес материалдық-құқықтық нормаларды қолданудың даулы мәселелерін қарап шешу, қандай да бір тұлғалардың мінез-құлқын құқықтық бағалау, ақыр соңында, олардың мінез-құлқын келеңсіз деп бағалаған жағдайда заңнамамен көзделген мемлекеттік (заңдық) мәжбүрлеу шараларын қолдану жатады. Сот органдары әр түрлі, ал соңғы жылдары - әкімшілік істерді де қараған кезде осылай жүргізеді, сөйтіп бұл юрисдикция мен юрисдикциялық қызметтің шынайы заңдық мазмұнын түсінудің негізі болып табылады.

Бірақ юрисдикциялық функцияны айтылған ұғымында әрі едәуір көлемде, шындығында атқарушы органдар (лауазымды адамдар) күнделікті және мемлекеттік басқару жүйесінің әр түрлі деңгейлерінде тікелей, яғни соттан тысқары атқарады. Осылайша олар әкімшілік юрисдикцияны жүзеге асырады.

Шындығында тиісті атқарушы органдар (лауазымды адамдар) бұл ретте өзінің мақсат-міндеті мен сипаты бойынша сот процесінің немесе сот юрисдикциясының шегінде жүзеге асырылатындармен сәйкес келетін іс-әрекеттерді атқарады. Олар өздерінің басқарушылық құзыретіне сәйкес әкімшілік-құқықтық дау сипаты бар жеке-дара істерді қарап шешуге, сонымен бірге басқарушылық-қоғамдық қатынастардың қатысушыларының мінез-құлқының заңдылығын дербес бағалауға, ақыр соңында қажет болған жағдайларда заңдық жауапкершілік - көбінесе әкімшілік немесе тәртіптік шараларын қолдануға құқылы, ал көптеген жағдайларда міндетті.

Сондықтан, атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) тиісті іс-әрекеттері мемлекеттік басқару аясында пайда болатын дау жағдайымен сөзсіз байланыстырылады; олардың юрисдикциялық, қызметі мәселесін нақты әкімшілік-құқықтық даулар құрайды.

Бұл сияқты құқықтық даулардың заңдық мәні әлі жеткілікті түрде толық зерттелмеген. Бірақ, олар нақты әкімшілік-құқықтық қатынас тараптарының бірінде өзінің құқықтары мен заңды мүдделері екінші тараптың іс-әрекеттерімен бұзылып немесе қандай да бір жолмен нұқсан келтіріліп отыр деп қалыптасқан пікіріне байланысты жиі пайда болады деп айтуға толық негіз бар (мысалы, заңсыз басқарушылық іс-әрекеттерге немесе шешімдерге шағым берген жағдайда). Әдетте, бұл сияқты даулар атқарушы биліктің қандай да бір субъектісінің басқарушылық ықпалын өзі басынан кешіріп отырған және бұл ықпалды (мысалы, оған арналған басқарудың құқықтық актісін) ақаулы деп санайтын басқарылатын тараптың ынтасы бойынша пайда болады.

Сондықтан, қағида бойынша, азаматтардың және әкімшілік-құқықтық қатынастардың өзге де қатысушыларының шағымдары, сондай-ақ прокурорлардың наразылықтары әкімшілік-құқықтық даулардың негізі болып табылады. Сонымен бірге, мынаны ескеру керек, нақты әкімшілік-құқықтық даулардың тараптары азаматтар немесе заңды тұлғалар болып табылмайды, нақтылап айтқанда, дау олардың арасында пайда болмайды (жалпы белгілі, мұндай

жағдайларда, әкімшілік рәсімдер қолданылмайды). Әкімшілік-құқықтық қатынастардың белгілі ерекшеліктерінен мынадай қорытынды шығады, бұл қатынастардың барлық өзге түрлеріндегі сияқты, дауласушы тараптардың бірі әрқашанда - тиісті атқарушы орган немесе оның атынан болатын лауазымды адам. Нақ солардың іс-әрекеттері көпшілігінде әкімшілік-құқықтық даулардың тақырыбы болып табылады әрі бұл нақты жағдайда олардың басталуына кім себепкер болғанына байланысты болмайды.

Сонымен, әкімшілік юрисдикцияның бірінші ерекшелігі оның өзгеше тақырыбы - нақты әкімшілік-құқықтық дау болып табылады.

Нақты әкімшілік-құқықтық дау түрінде жеке-дара істі қарап, шешкенде (мысалы, лауазымды адамның іс-әрекеттерінің заңдылығын дауласушы азаматтың шағымын қараған кезде) дауласушы тараптардың мінез-құлқына құқықтық баға беру керек. Олай болмаса, қаралған дауға қорытынды беретін, яғни қолданылып жүрген заңнаманың немесе заңға тәуелді әкімшілік-құқықтық нормалардың талаптарына негізделген дұрыс шешім табуға, шындығында мүмкіндік болмайды. Әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің заңдық мәнінің өзі осында. Тиісті әкімшілік-процессуалдық нормалар әкімшілік құқығы туралы дауларды шешуге уәкілеттік берілген атқарушы органдарға немесе өзге де органдарға тап осындай бағдар береді.

Мәселен, сот лауазымды адамның заңсыз шешіміне немесе іс-әрекетіне азаматтың берген шағымын қарап, шағым жасалынып отырған іс-әрекетті (шешімді) заңсыз немесе заңды деп тануы мүмкін. Әрине, екінші жағдайда ол шағымды қанағаттандырудан бас тартады. Бірінші жағдайда ол тек сонда ғана қатал шешім қабылдайды, егер шағымданылып отырған іс-әрекетгер азаматтың құқықтары мен бостандықтарын бұзған немесе оның құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға кедергі жасаған, немесе азаматқа заңсыз қандай да бір міндет жүктеген, иә болмаса оны заңсыз қандай да бір жауапкершілікке тартқан болса, адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауымен немесе іс бойынша шығарылған қаулымен байланысты әкімшілік-құқықтық даулы іс бойынша субъектнің (судьяның немесе құзыретті лауазымды адамның) шешім (қаулы) шығару жөніндегі өкілеттігі осыған ұқсас айқындалады. ӘҚБтК-те істі немесе шағымды, сондай-ақ проку-

рордың наразылығын қараудың нәтижесі бойынша әр түрлі сипаты бар шешім болатын мүмкіндігі қаралған (мысалы, әкімшілік жаза қолдану немесе істі қысқарту, шағымды (наразылықты) қанағаттандыру немесе қанағаттандырудан бас тарту).

Әкімшілік-құқықтық дауды қараудың бұл сияқты, өзінің заңдық сипаты бойынша әр түрлі нәтижесі үшін жауапкершілікке тартылушының да немесе іс бойынша қабылданған қаулыға шағым берушінің де, содай-ақ осы істің пайда болуына және даулы жағдайға келтіруге себепкер болған атқарушы органның да (лауазымды адамның) мінез-құлқын (іс-әрекетін) құқықтық тұрғыдан бағалау қажет болғандығы белгілі. Сондықтан, пайда болған даудың тараптары жөнінде мінез-құлықты құқықтық бағалау әкімшілік-құқықтық дауды заңға негізделген, әділетті және тиімді шешуді қамтамасыз ететін аса маңызды шарт болып табылады. Әкімшілік-юрисдикциялық қызмет үшін ол міндетті. Әкімшілік юрисдикцияның екінші ерекшелігінің мәні осында.

Әкімшілік юрисдикцияның тікелей тақырыбы, жоғарыда анықталғандай, нақты әкімшілік-құқықтық дау болып табылатынынан, оны шешкен кезде даудың қатысушыларының мінез-құлқын құқықтық бағалаудың тиісті тетігі пайдаланылатындылығынан басқа, әкімшілік-юрисдикциялық қызметтің мазмұнына тікелей қатысы бар заңдық тұрғыдан принципті маңызды тағы да бір жағдай бар.

Ол, тиісті юрисдикциялық іс-әрекеттердің заңдық нәтижелері. Ең алдымен, бұл нәтижелерді бағалаған кезде мынаны ескеру керек, әкімшілік-құқықтық қатынастардың тараптары әкімшілік-құқықтық нормалардың талаптарын бұзған жағдайда бірінің алдында бірі жауапты болмайды. Атқарушы биліктің қасиеті және оны жүзеге асырудың тетігі сондай, оларда әрқашанда «жариялық-құқықтық мүдде» көрініс табады, ол әкімшілік-құқықтық қатынастар қатысушыларының мінез-құлқы мемлекеттік басқару аясындағы тиісті мінез-құлық талаптарынан ауытқыған кезде бұзылады. Осыған сәйкес тиісті орган (лауазымды адам) арқылы мемлекет алдындағы жауапкершілік пайда болады. Атқарушы органдарға (лауазымды адамдарға) заңдарда көзделген мемлекеттік (заңдық) мәжбүрлеу шараларын кінәлілерге қолдану жөнінде қажетті өкілеттіктер берілген. Бұл жерде әкімшілік-юрисдикциялық функцияларды жүзеге асыратындар еске алынып отыр.

Мұның бәрі табиғи заңдылық, өйткені, әкімшілік-юрисдикциялық қызмет шегінде әкімшілік-құқықтық нормалардың санкциялары іс жүзінде жүзеге асырылады.

Сонымен, егер нақты әкімшілік-құқықтық дауды қарау барысында дауласушы тараптардың бірінің мінез-құлқына келеңсіз баға берілетін болса, қаралған заңдық жауапкершілік шараларының бірін кінәлі тарапқа қолдану түрінде тиісті заңдық реакцияның қажеттігі пайда болады.

Азаматтың, лауазымды адамның немесе заңды тұлғаның әкімшілік құқық бұзушылық жасауына байланысты пайда болатын даулы жағдайларды қараған кезде ӘҚБтК азаматтар, заңды тұлғалар үшін және ішінара лауазымды адамдар үшін әкімшілік жауапкершілік қараған. Жауапкершілік шарасы құқық бұзушылық құрамына сәйкес және оны жасаған үшін қаралған санкциямен айқындалады (ӘҚБтК-тің Ерекше бөлігі). Жеке тұлғалардың кейбір санаттары үшін тәртіптік жауапкершілік пайда болуы мүмкін (мысалы, әскери қызметшілер үшін).

Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттеріне (шешімдеріне) азаматтардың шағымдарын қарайтын сот органдары оларды заңсыз деп тапқан жағдайда қызметшінің «Мемлекеттік қызмет туралы» заңда және басқа заңдарда көзделген жауапкершілігінің, қызметтен шығару туралы ұсыныс жасауға дейінгі, шарасын белгілейді. Бұл жерде, тәртіптік жауапкершілік шаралары туралы айтылып отыр.

Сонымен, әкімшілік юрисдикцияның үшінші ерекшелігі әкімшілік-құқықтық даудың кінәлі тарабына заңдық жауапкершіліктің тиісті шараларын қолдану мүмкіндігі немесе қажеттігі болып табылады.

Сөйтіп, атқарушы органдар өкілдерінің (органдардың өздері-нікі де жиі кездеседі) қандай да болмасын іс-әрекеттерін дауласу туралы істер бойынша әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізуге, сондай-ақ оларға заңдық жауапкершілік шараларын қолдану мүмкіндігіне сипаттама берілді. Осы сияқты даулы жағдайларды нақ сол процессуалдық ресімдеу үшін іс жүргізудің белгілі бір сатылығын қарайтын ӘҚБтК-тің нормалары тұжырымдалған, сол сатының шегінде әкімшілік жауапкершілікке тартылатын тұлғаның заңды құқықтары бұзылды ма, сол туралы мәселе шешіледі. Осының бәрі әкімшілік-құқықтық дауларды қарау процесінде, әсіресе

заңдық жауапкершілікті қолдануға байланысты, азаматтардың субъективтік құқықтары мен мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін жағдайлар жасауды болжайды.

Юрисдикциялық іс жүргізудің жоғарыда айтылған ерекшеліктерінің негізінде әкімшілік юрисдикцияның өзін атқарушы билікті жүзеге асыру аясында пайда болатын әкімшілік-құқықтық дауларды қарап шешу, олардың қатысушыларының мінез-құлқын құқықтық бағалау және кінәлі тарапқа қажет болған жағдайларда заңдық жауапкершілік шараларын қолдану мақсатында өкілетті атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) соттан тысқары тәртіппен жүзеге асыратын әкімшілік-процессуалдық қызметі ретінде анықтауға болады. Бұл анықтаманың екі жағдайын ерекше атап көрсету керек. Ол - азаматтардың - әкімшілік-құқықтық даудың қатысушыларының құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және нақты дауды шешудің нәтижесінде әкімшілік немесе тәртіптік жауапкершілік шараларын қолдану мүмкіндігі.

Алайда, әкімшілік юрисдикцияның ұсынылған сипаттамасы толық аяқталған болып табылмайды, бірақ әдетте, басқалардың бәрі оның жоғарыда айтылған белгілерін көрсетумен шектеледі. Әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізудің айрықша ерекшелігі мынада, қолданылып жүрген әкімшілік-юрисдикциялық нормалар мен басқарушылық тәжірибе әкімшілік-процессуалдық іс жүргізудің өзін едәуір кеңірек қарауға, яғни нәтижесі заңдық жауапкершіліктің тиісті шараларын қолдану ықтимал болатын, тек даулы әкімшілік-құқықтық жағдайларды қарап шешудің тәртібіне тіремеуге белгілі бір мүмкіндік береді.

Әрине, әкімшілік юрисдикцияның сипаттамасы жөнінде бұдан бұрын айтылған пікірлер заңнамамен және заңға тәуелді әкімшілік-құқықтық нормалармен жеткілікті түрде дәлелденген. Бұған қарамастан бұрын мынадай жағдайға бірнеше рет көңіл аударылған болатын, қолданылып жүрген заңнамаға сәйкес атқарушы органдар (лауазымды адамдар) соттан тысқары тәртіппен әкімшілік жауапкершілік сипаты жоқ әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде көптеген іс-әрекеттер атқарады. Бұл орайда сонымен қатар, құқық қорғау функциясы және сондай-ақ тиісті жеке-дара әкімшілік іс (мысалы, әкімшілік тәртіппен жолын кесу шараларын қолданған жағдайда) басты назарда болады.

Бұл сияқты істер барлық жағдайлардың бәрінде қажетті түрде процессуалдық жөнінен ресімделмеген. Бірақ оларды шешу тиісті атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) тікелей міндеті болып табылады әрі мұндай жеке-дара істердің басым көпшілігі нақ осы органдар мен адамдардың (мысалы, полицияның, бақылау-қадағалау инспекцияларының) ынтасы бойынша пайда болады.

Сондықтан тек жеке тұлғалардың ғана емес, сонымен бірге заңды тұлғалардың да, бұл кейін көрсетілетін болады, заңды мүдделеріне тікелей қатысты болатын бұл сияқты іс-әрекеттер тиісті процессуалдық регламентациялауды қажет етеді.

Бұл жерде сөз жауапкершілікті емес, керісінше әкімшілік мәжбүрлеудің өзге шараларын қолдану жөніндегі арнаулы өкілеттіктер туралы болып отыр. Нақтылап айтқанда, құқық қорғау мақсаттарында әкімшілік-алдын алу және әкімшілік жолын кесу шараларын қолдану еске алынып отыр. Оларды қолдану, әрине әкімшілік-құқықтық дауларға заңдық реакцияның нысаны болып табылмайды. Дегенмен де олар әкімшілік-құқықтық нормалардың санкцияларымен қаралады және, мысалы әкімшілік жауапкершілік шараларын қолдану сияқты, әкімшілік-мәжбүрлеу құралдары болып табылады. Олардың ерекшелігі - тек әкімшілік-құқықтық даудың болмауында.

Атқарушы билікті жүзеге асыру тәжірибесінде тікелей әкімшілік мәжбүрлеу (жауапкершілік шараларын қолданбай) жеткілікті кең түрде және маңыздылығы бұдан кем емес, атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) үлкен тобы пайдаланады. Мысалы, оларды шындығында атқарушы билік аппаратына жататын барлық бақылау-қадағалау органдары (лауазымды адамдар) пайдаланады.

Әкімшілік алдын алу және жолын кесу шараларын қолдануды процессуалдық реттеу арнаулы ведомстволық ережелермен де жүзеге асырылады (мысалы, міндетті түрдегі медициналық куәландыруды өткізу ережесі; мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің жұмысты тоқтата тұру немесе тоқтату тәртібі туралы нұсқаулық; табиғи монополиялар мен бәсекелестікті қорғау жөніндегі заңдарды бұзу туралы істерді қарау тәртібі; ҚР-сы Мемсандарттың мемлекеттік стандарттардың міндетті талаптарының сақталуына мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізу тәртібі; осы бақылауды жүргізген кезде нұсқамалар беру тәртібі; Мемсалық

қызметінің лауазымды адамдарының табыстарды жасыру туралы растайтын құжаттарды алу тәртібі туралы нұсқаулық).

Олармен ӘҚБтК-те қаралған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді қамтамасыз ететін процессуалдық, шаралардың да маңызы бірдей, атап айтқанда: жеткізу, адамды әкімшілік ұстау; алып келу; адамның жеке басын тексеру және оның қолындағы заттарды тексеру; көлік құралдарын тексеру; жеке адамның қолындағы заттар мен құжаттарды алып қою; көлік құралын жүргізуден шеттету және мас күйін куәландыру.

Сонымен, заңдық жауаптылық сипаты жоқ және даулық мазмұны жоқ айқын көрінісі бар әкімшілік-мәжбүрлеу шараларының саны едәуір екендігі белгілі болып отыр. Ақыр соңында бұл шаралар әкімшілік-құқықтық дау туғызуы мүмкін, мысалы қолданылған мәжбүрлеу санкцияларына шағым берген жағдайда, оның нәтижесі кінәлілердің заңдық жауаптылығын туғызуы мүмкін. Бірақ әзірге бұл жоқ, сондықтан да аталған шаралардың нақ заңдық мәні, дәлірек айтқанда - оларды іс жүзінде қолдану жөніндегі атқарушы органдардың (лауазымды адамдардың) іс-әрекеттері ерекше көңіл аударуды керек етеді. Олардың процессуалдық жағынан қамтамасыз етілгендігі күмән туғызбайды, өйткені бұл шаралар көптеген жеке және заңды тұлғалар жөнінде қолданылады.

Қазіргі кезде әкімшілік мәжбүрлеудің бұл түрі көптеген заңнамалық та, сондай-ақ заңға тәуелді де нормативтік-құқықтық актлермен қаралады, сондықтан оларды бірыңғай кодификацияланған актге жинақтауға да, әрі бірыңғай және талассыз бағалауға да қиындық туғызады. Сонымен бірге әр түрлі мәжбүрлеу шараларының «қатаңдығының» әр түрлі дәрежесін де ескеру керек. Олардың таза әкімшілік сипаты бар екендігі де белгілі, ал бұл олардың тұтастай әкімшілік-процессуалдық қызмет тетігіндегі, әсіресе - әкімшілік юрисдикция тетігіндегі орнын табуға мүмкіндік береді.

Әкімшілік қызметтің бұл түрінің юрисдикциялық процестен, айырмашылықтары айқын екендігі белгілі болды. Сонда да тағы бір рет, тақырыбы әкімшілік-құқықтық дау түрінде жеке-дара іс болатын, мысалы әкімшілік юрисдикцияның бұған дейін бірнеше рет баса айтылған белгісіне ерекше көңіл аударған жөн - ол өзінің сайыстық (дауласу) түрінде екі негізгі бағытта, атап айтқанда - тікелей атқарушы органдармен (лауазымды адамдармен), яғни

соттан тысқары тәртіппен немесе сот тәртібімен жүзеге асырылады. Ал әкімшілік алдын алу, әкімшілік жолын кесу және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді әкімшілік-процессуалдық қамтамасыз ету шараларын алатын болсақ, оларды қолдану - атқарушы билік аппаратының тиісті буындарының ерекше билігіне жатады, яғни оларға басқарушылық (соттан тысқары) тәртіп тән.

Бірақ барлық қаралып отырған жағдайлардағы мақсаттар бірыңғай-мемлекеттік басқару аясында тиісті тәртіпті қамтамасыз ету, құқықты қорғау, жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделері мен құқықтарын қорғау.

Жоғарыда айтылғандарға сәйкес мынадай жинақталған қорытындылар жасауға болады. Ең алдымен, әкімшілік-юрисдикциялық қызметке неғұрлым кең көзқарас керек. Жеке-дара сипаты бар даулы әкімшілік істерді шешу процесімен және даусыз жағдайларда дәл осындай жеке-дара істер бойынша әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану процесінің арасында айқын және қатал шек қою үшін қажетті принципті белгілер табуды заңдық логика табандылықпен талап етеді. Бірақ мұндай белгілер әзірге табылған жоқ. Сондықтан, басқа, атап айтқанда - біріктіруші нұсқа қолайлылау сияқты.

Сонымен, әкімшілік юрисдикцияның бұған дейін сипатталған негізгі белгілерін әкімшілік мәжбүрлеу шараларына тән (тек әкімшілік жауапкершілік шараларын қоспағанда) заңдық қасиеттерін саралау мен салыстыру әкімшілік юрисдикцияны кең, атап айтқанда әкімшілік-құқықтық дауларды қарап шешу және әкімшілік мәжбүрлеу шараларын қолдану мақсатында соттан тысқары немесе сот тәртібімен жүзеге асырылатын әкімшілік-процессуалдық қызмет ретінде анықтауға мүмкіндік береді. Құқық қорғау сипаты бар әкімшілік-құқықтық қатынастардың екі тобы белгілі болды, олардың арасындағы айырмашылықтары негізінен жеке-дара әкімшілік істердің ерекшелігіне байланысты.

14.2. Әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізудің түрлері

Қолданылып жүрген әкімшілік құқықпен, негізінен жеке-дара істерді шешу тәртібі бекітілген, олардың негізіне әкімшілік құқығы туралы нақты дау жатады.

Әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізудің мұндай түрінің ең айқын көрінісі бар түрлері мыналар: әкімшілік құқық бұзушылық туралы; тәртіптік; шағымдар бойынша іс жүргізу. Олардың әрқайсысында әкімшілік юрисдикцияның ерекшеліктері әр түрлі дәрежеде көрініс табады. Оларды мынадай айғақ неғұрлым толық дәрежеде біріктіреді, барлық аталған жағдайларда құқықтық бағалаудың тақырыбы міндетті түрде (процессуалдық қатынастардың басқа тарабының - азаматтың немесе өзге лауазымды адамның іс-әрекеттерін де осылай бағалаумен қатар) атқарушы органдардың немесе олардың өкілдері болып табылатын лауазымды адамдардың іс-әрекеттері болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу барынша толық кодекстелінген құқықтық актмен - ӘҚБтК-пен реттелінгендіктен, сондай-ақ оның неғұрлым толық процессуалдық сипатталуына байланысты оқулықтың келесі тарауында арнайы қаралады.

Енді әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізудің өзге түрлерінің ерекшеліктеріне тоқталайық.

Тәртіптік іс жүргізу. Оның мәні тәртіптік теріс қылық түрінде құқық бұзушылық жасаған адамға құқық нормаларында қаралған тәртіптік жазалар қолдану болып табылады. Мемлекеттік қызметшілер жөнінде олардың қызметтік теріс қылықтар жасауы туралы (лауазымы бойынша міндеттерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) айтылады.

Қызметшілерге тәртіптік жазалар қолдану жөніндегі іс жүргізу қазіргі кезде көптеген нормативтік-құқықтық актлермен реттелген, ол мемлекеттік-қызметтік қатынастардың әр түрлі нысандары болуымен байланысты (мемлекеттік қызметтің өзі, әскери қызмет, ішкі істер; қаржы полициясы, кеден, органдардағы қызмет).

Бұлардан басқа, мемлекеттік қызметшілерге тиісті жағдайларда еңбек заңдарының нормалары және ішкі еңбек тәртібінің ережелері қолданылады.

Қызметтің ерекше сипатына қарамастан, тәртіптік іс жүргізуге жалпы ортақ сипат мынадай, тәртіптік жазаны қызмет бабында теріс қылық жасаған қызметшіні лауазымға тағайындаған (тағайындауға құқығы бар) адам (басшы) немесе орган қолданады. Бұл мынаған байланысты, тәртіптік жазаны, қағидат бойынша, қызмет жөнінен бағыныштылық тәртібімен, яғни бағынышты қызмет-

керлер жөнінде тәртіптік билігі бар басшы қолданады. Демек, бұл билікті қолданудың арнаулы субъектісі бар деген сөз.

Тәртіптік іс жүргізудің жинақталған түрдегі тәртібі мынадай. Жаза теріс қылық жасалған немесе ол белгілі болған күннен бастап, бір айдан кешіктірілмей қолданылады. Уақытша жұмысқа жарамсыз, демалыс, іс сапар күндері бұл мерзімге есепке алынбайды.

Қызметшінің теріс қылық жасағаны туралы мәліметтер теріс қылықтың жасалу фактсін дәлелдейтін кез келген нысанда (азаматтар мен қызметшілердің шағымдары; мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімше басшылары мен басқа қызметшілердің баян-жазбалары, жазба хаттары; прокурордың ілтипатқа алу актілері; облыстардағы, Астана және Алматы қалаларындағы тәртіптік кеңестердің, сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі Мемлекеттік комиссия жіберген тәртіптік теріс қылықтар туралы материалдар; қызметтік және өзге де материалдар) болуы мүмкін.

Жоғарыда аталған Ереже бойынша әкімшілік қызметшілердің теріс қылықтары мынадай түрлерге бөлінеді: елеусіз, елеулі және ауыр.

Қызметші елеусіз теріс қылық жасаған кезде одан жазбаша түсініктеме талап етіледі. Егер қызметші теріс қылық жасау фактісімен келіссе, онда басшының қызметтік тексеру жүргізбей-ақ ескерту, сөгіс немесе қатаң сөгіс түріндегі жаза қолдану құқығы болады. Егер қызметші теріс қылық жасау фактісімен келіспесе, онда орган басшысының бұйрығы бойынша қызметтік тексеру жүргізілуге тиіс. Оны осы орган басшысының бұйрығымен тағайындалған комиссия жүргізеді.

Жаза қызметшінің еңбекке уақытша қабілетсіздік, демалыста немесе іссапарда болған кезеңінде және теріс қылық жасаған күннен алты айдан аса уақыт өткен жағдайда қолданылмауы мүмкін.

Жазаны қолдану мен оның түрін айқындаған кезде: теріс қылықтың мазмұны мен сипаты; оның жасалу мән-жайы; жасалған теріс қылық әкеліп соққан немесе әкеліп соғуы мүмкін келеңсіз зардаптар; қызметшінің бұрынғы мінез-құлқы; өзге де мән-жайлар жинақтала ескеріледі.

Жаза жасалған теріс қылықтың ауырлығына, түріне және оны жасаған адам кінәсінің дәрежесіне сәйкес келуге тиіс. Әрбір жасал-

ған теріс қылық үшін бір ғана жаза қолданылады. Қызметшіге жаза қолдану оны заңдарда көзделген басқа да жауапкершілік түрлерінен босатпайды.

Мемлекеттік органның басшысы дербес немесе Комиссияның ұсынымы негізінде мына шешімдердің бірін қабылдайды: тиісті жаза қолданады; материалдарды қосымша қызметтік тергеуге жібереді немесе жаза қолданбайды.

Жаза басшылардың бұйрықтарын, өкімдерін шығару жолымен қолданылады. Жазаға тартылған адамды қабылданған шешім жөнінде үш күн мерзімде (қолын қойдырып) таныстырады. Жаза қызметшіге тиісті органның мәжілісінде, оның алқасында немесе қызметшілердің қатысуымен жариялануы мүмкін.

Жаза қолдану орынсыз болған жағдайда органның басшысы қызметшіге қатаң тәртіп сақтау қажеттігі жөнінде ескертумен шектелуі мүмкін.

Жаза қолданылған күннен бастап алты айдың ішінде қызметшіге жаңа жаза қолданылмаса, онда оған жаза қолданылмаған болып саналады. Егер қызметші жаңа теріс қылық жасамаса және бұл орайда өзін адал қызметкер ретінде көрсетсе, жаза алты ай өткенге дейін, яғни мерзімінен бұрын оны қолданған органның басшысы алып тастай алады. Бұл үшін жаза қолданылған қызметшінің тікелей басшысы инстанция бойынша тиісті өтініш жасайды. Оны жаза қолданған басшы алған күннен бастап, он бес күннен асырмай қарауға міндетті.

Жауапкершілікке тартылған қызметші басшының шешімімен келіспеген жағдайда Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органға немесе сотқа жазбаша түрде шағымдануға құқылы. Уәкілетті органға шағымдану үшін бір ай мерзім белгіленген.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша іс жүргізу. Өтініштерді қараудың жалпы тәртібін баяндау шеңберінде азаматтардың шағымдарына ерекше көңіл бөлінеді. Өйткені, шағым әрқашанда шағымданушының лауазымды адамдардың іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) немесе заңсыз шешімдерімен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзды немесе қысым жасады деген түсінігімен байланысты. Азаматтардың бұл сияқты өтініштерінің заңдылығын немесе негізділігін анықтау үшін, сондай-ақ олардың субъективтік құқықтарын қорғау мақсатында арнаулы іс

жүргізу тәртібі қаралады. Оның тақырыбы әкімшілік құқық туралы тікелей көрінісі бар дау.

Осыған орай әкімшілік құқық оқулықтарында және заңнамада құқықтық мәртебесіне қарамастан барлық азаматтарда болатын жалпыға бірдей шағымдану құқығын және әкімшілік немесе тәртіптік іс жүргізудің, азаматтық, қылмыстық іс жүргізудің, т.б. қатысушылары ретіндегі азаматтарда болатын арнайы шағымдану құқығын бөледі. Сонымен бірге жалпыға бірдей болатын шағымдану құқығы әкімшілік немесе сот тәртібімен жүзеге асырылуы мүмкін.

Іс жүргізудің бұл түрінің құқықтық негізіне ең алдымен ҚР-сы Конституциясының 33 бабында қаралған норма жатады. Онда ҚР-сы азаматтарының мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарына тікелей өзі жүгінуге, сондай-ақ жеке және ұжымдық өтініштер жолдауға құқығы бар делінген. Азаматтардың бұл құқығын жүзеге асырудың тәртібі «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы заңмен белгіленген.

Сонымен қатар азаматтардың құқықтарын іске асыру рәсімдеріне қойылатын талаптар, олардың өтініштерін мемлекеттік органдар мен олардың лауазымды адамдарының қарауының және өтінішті қарау нәтижелері туралы шешімге шағымданудың тәртібі «Әкімшілік рәсімдер туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 27 қарашадағы заңында да қаралған.

Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңда жеке және заңды тұлғалардың өтініштері бойынша іс жүргізу ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен іс жүргізудің басқа түрлерінен бөлек жүргізіледі деп көрсетілген. Аталған Заңның күші қарау тәртібі ҚР-ның әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық іс жүргізу, азаматтық іс жүргізу туралы заңнамасында белгіленген жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне қолданылмайды.

Өтініштер бойынша әкімшілік іс жүргізудің жалпы тәртібі мынадай:

Заңның 1 бабының 5 тармақтарында өтініштерді қарайтын субъектлер - мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, мемлекеттің қатысуы жүз процентті құрайтын не мемлекеттік тапсырыс және (немесе) мемлекеттік сатып алу шарттарына сәйкес тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) ұсына-

тын заңды тұлғалар өздерінің құзыретіне сәйкес жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарауға және олар бойынша шешімдер қабылдауға құқылы деп көрсетілген. Бұл бапта бірақ лауазымды адамдар айтылмаған. Ал заңның 3 бабында өтініштерді қарайтындар қатарына субъектлер мен бірге лауазымды тұлғалар да жатқызылған.

Өтініштерді қарау тәртібі туралы заңда белгіленген тәртіппен берілген өтініштер міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға тиіс. Өтінішті қабылдаудан бас тартуға тыйым салынған. Бірақ, өтініште дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы не мемлекеттік немесе қоғамдық қауіпсіздікке төнетін қауіп туралы мәліметтер бар және мемлекеттік органдардың құзыреттеріне сәйкес оларға дереу жіберілуге тиіс жағдайларды қоспағанда, иесі бүркемеленген (аты-жөні, мекен-жайы, қолы жоқ) өтініш; мәселенің мәні баяндалмаған өтініш қарауға жатпайды.

Жеке немесе заңды тұлға өкілі арқылы өтініш бере алады. Ол үшін өкілдікті ҚР-ның азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімдеу қажет. Субъектге тікелей жазбаша өтініш жасаған арыз берушіге тіркелген күні мен уақыты, өтініш қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетілген талон беріледі.

Өтінішті қарау үшін басқа субъектлерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру қажет болмайтын жағдайда ол он бес күн ішінде қаралуға тиіс. Егер өтінішті қарау үшін басқа субъектілерден, лауазымды адамдардан ақпарат алу не жергілікті жерге барып тексеру қажет болатын болса, онда мұндай өтініш субъектіге, лауазымды адамға келіп түскен күнінен бастап, отыз күн ішінде қаралуы және ол бойынша шешім қабылдануы керек.

Кейде өтініште, әсіресе шағымда баяндалған мәлімдемелер, фактлер қосымша тексеруді, зерделеуді қажет етеді. Мысалы, жеке және заңды тұлғалардың құқықтарына, бостандықтары мен заңды мүдделеріне нұқсан келтіру, заңды әлденеше рет немесе өрескел бұзушылықтар туралы өтініштер ұйым басшысының тапсырмасы бойынша жергілікті жерге барып тексерілуі мүмкін. Мұндай жағдайда тиісті ұйымның басшысы немесе оның орынбасары өтініштің қаралу мерзімін отыз күннен аспайтын мерзімге ұзартуға құқылы. Ол жөнінде өтініш иесі хабардар етіледі. Сонымен бірге

өтініште көрсетілген фактлерді тексеру үшін жауапты қызметкер тағайындалуы мүмкін, ол объективті шешім қабылдау үшін барлық қажетті материалдарды сұратып алдырады.

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша мынадай шешімдердің бірі қабылдануға тиіс: өтінішті толық немесе ішінара қанағаттандыру туралы; өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы негізделіп қабылданған шешім; өтініштің мәні бойынша түсінік беру туралы.

Ұйымдардың басшылары мен лауазымды адамдар қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге, өтініш иелеріне қабылданған шешімдер туралы белгіленген нысанда хабарлауға, өтініш берушілерді, олардың отбасы мүшелерін қудалаудың жолын кесуге және Заңда белгіленген өзге де теріс жәйттарға жол бермеуге міндетті.

Өтініштерде қойылған мәселелер қаралып, олар бойынша қажетті шаралар қолданылған және өтініш берушілерге белгіленген тәртіппен жауап қайтарылған жағдайда өтініштер шешілген болып есептеледі.

Өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге шағым жасау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады. Лауазымды адамдардың іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), сондай-ақ субъектінің шешімдеріне бағыныстылық тәртібімен жоғары тұрған лауазымды адамға немесе субъектіге тиісті субъектінің немесе лауазымды адамның іс-әрекет жасағаны не шешім қабылдағаны туралы жеке немесе заңды тұлғаға белгілі болған кезден бастап үш айдан кешіктірілмей шағым беруге болады. Шағым беру мерзімінің өтіп кетуі субъект немесе лауазымды адам үшін шағымды қараудан бас тартуға негіз болып табылмайды.

Жоғары тұрған лауазымды адам немесе субъект болмаған немесе арыз беруші қабылданған шешіммен келіспеген жағдайда арыз тікелей сотқа беріледі. Заңда субъектлер мен лауазымды адамдар өздеріне келіп түскен шағымдарды іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасалып отырған лауазымды адамдардың қарауына жіберуге тыйым салынған. Кейбір жағдайларда команда бойынша, яғни іс-әрекеттеріне шағым жасалып отырған лауазымды адам арқылы шағым беру қаралған; ол оны өзінің түсініктемесімен жоғары тұрған инстанцияға (сатыға) беруге міндетті (мысалы, бұл әскери қызметшілер үшін белгіленген).

Мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары және олардың орынбасарлары айына кемінде бір рет тиісті мемлекеттік органның басшысы бекітетін қабылдау кестесіні сәйкес азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде осы органдардың қызметкерлерін жеке қабылдауды жүргізуге міндетті. Қабылдау белгіленген әрі жеке және заңды тұлғалардың назарына жеткізілген күн мен сағатта жұмыс орны бойынша өткізілуге тиіс.

ҚР-сы Үкіметінің 2002 жылғы 4 қыркүйектегі № 974 қаулысыммен орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары мен олардың орынбасарларының азаматтарды қабылдауы апта сайын жүргізіледі деп белгіленген.

Өтініштермен жұмысты ұйымдастырудың, қабылдаудың, тіркеудің және есепке алудың жай-күйі үшін субъекттердің басшылары мен лауазымды адамдар дербес жауаптылықта болады.

Әкімшілік тәртіппен шағым берудің кейбір ерекшеліктері, мысалы, ӘҚБТК-пен белгіленген, онда әкімшілік жазалар тағайындау туралы қаулыларға шағым берудің балама (екінің бірі) тәртібі қаралған - не басқару органына, не сотқа. Шағымды әкімшілік тәртіппен қарағаннан кейін шағыммен сотқа өтініш жасау мүмкін.

ҚР-сы Конституциясының 13 бабының 2 тармағында әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуына құқығы бар делінген. Осыған сәйкес азаматтардың мемлекеттік өкімет, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің шешімдері мен әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) дау айтуы туралы іс бойынша іс жүргізу ҚР-ның Азаматтық іс жүргізу кодексі бойынша жүзеге асырылады.

Азамат мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, қоғамдық бірлестіктің, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің шешіміне, әрекетіне (немесе әрекетсіздігіне) тікелей сотта дау айтуға құқылы. Аталған органдардың, ұйымдар мен адамдардың сотта дау айтылатын шешімдеріне, әрекеттеріне (немесе әрекетсіздігіне) нәтижесінде: азаматтың құқықтары мен бостандықтары бұзылған; азаматтың өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруына кедергі жасалған; азаматқа әлдебір міндет заңсыз жүктелген немесе ол заңсыз жауапқа

тартылған алқалық және жеке-дара шешімдер мен әрекеттер (әрекетсіздік) жатады.

Шағымды азамат өзі қалауы бойынша өзінің тұрғылықты жеріндегі сотқа не әрекетіне дау айтылып отырған органның, ұйымның, лауазымды адамның, мемлекеттік қызметшінің орналасқан жеріндегі сотқа береді.

Азамат өзіне оның құқықтары мен бостандықтарының бұзылғаны мәлім болған күннен бастап үш ай ішінде сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы.

Сот арызды қарап, оны орынды деп тапқан жағдайда, тиісті органның, ұйымның, лауазымды адамның немесе мемлекеттік қызметшінің азамат құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілген бұрмалаушылықты толық көлемінде жоюға міндеттілігі туралы шешім шығарады.

Егер сот дау айтылған шешімдер мен әрекеттер заңдарға сәйкес шығарылып жасалғанын және азаматтың құқықтары не бостандықтары бұзылмағанын анықтаса, арызды қанағаттандырудан бас тартады.

Соттың шешімі жол берілген заң бұзушылықтарды жою үшін тиісті органға, лауазымды адамға сот шешімі заңды күшіне енгізілгеннен кейін үш күн ішінде жіберіледі.

Шешімнің орындалғаны туралы сотқа және азаматқа сот шешімі алынған күннен бастап, бір ай мерзімнен кешіктірілмей хабарлануға тиіс.

14.3. Іс жүргізудің құқықтық негіздері

ӘҚБтК материалдық және іс жүргізу (процессуалдық) нормаларымен соттан тысқары да, сондай-ақ сот тәртібімен де жүзеге асырылатын әкімшілік-юрисдикциялық қызметті неғұрлым толық реттейді. Онда ең алдымен тиісті органдар мен лауазымды адамдар нақты істерді қараған кезде басшылыққа алатын құқықтық негіздер, яғни негізгі жөн-жобалар заңды түрде бекітілген. Бұл мағынада ең алдымен іс жүргізудің міндеттеріне ерекше көңіл аударылған, олар: әрбір істің мән-жайын дер кезінде, жан-жақты, толық және объективті анықтау, оны осы Кодекске сәйкес шешу, шығарылған қаулының орындалуын қамтамасыз ету, сондай-ақ әкімшілік құқық

бұзушылықтың жасалуына ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау мен шешу туралы сөз болып отырғандықтан, басқару тәжірибесінде мүмкін болатын және жиі кездесетін жеке, ал қазіргі кезде заңды тұлғаларды да әкімшілік құғынға ұшыратумен «елігушілікке» кедергі болатын мықты кепілдіктермен қамтамасыз ету құқықтық жөнінен де, сондай-ақ практикалық тұрғыдан да үлкен маңызды болып отыр. Осы мақсатпен әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлар барынша айқын етіп белгіленген. Төмендегі мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді бастауға болмайды, ал басталған іс қысқартылуға жатады: әкімшілік құқық бұзушылық оқиғаларының болмауы; әкімшілік құқық бұзушылық құрамының болмауы, соның ішінде әкімшілік жауапқа тарту үшін жеке адамның құқық бұзушылық жасаған кезде осы Кодексте көзделген жасқа толмауы немесе құқыққа қарсы әрекет жасаған жеке адамның ақыл-есінің дұрыс болмауы; әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңның немесе оның жекелеген ережелерінің күші жойылуы; ҚР-ның Конституциялық Кеңесі әкімшілік жауаптылықты белгілейтін заңды немесе оның кейбір ережелерін ҚР-ның Конституциясына сәйкес келмейді деп тануы салдарынан олардың күші жойылуы; әкімшілік жауапқа тарту мерзімінің өтуі; әкімшілік жауапқа тартылатын адам жөнінде сол факт бойынша әкімшілік жаза қолдану туралы судьяның, органның (лауазымды адамның) қаулысының не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қысқартылуы туралы күші жойылмаған қаулының болуы, сондай-ақ нақ сол факт бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулының болуы; ісі жүргізіліп отырған жеке адамның қайтыс болуы.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу Кодекстің 580 бабының бірінші бөлігінің 2-тармақшасында көзделген негіз бойынша және зиян келтіру заңды болып табылғанда немесе әкімшілік жауаптылық жоққа шығарылатын мән-жайларда жасалған ретте (қажетті қорғану, қол сұғушылық жасаған адамды ұстау, аса қажеттілік, негізді тәуекел, күштеп немесе санаға әсер етіп мәжбүрлеу, бұйрықты немесе өкімді орындау) қысқартылады.

Бұлардың сыртында іс жүргізу іс-әрекетімен өкінгендігін білдіруіне байланысты, құқық бұзушылық елеусіз болған жағдайда,

сондай-ақ әрекетте қылмыс құрамының белгілері болуына байланысты материал прокурорға, алдын ала тергеу немесе анықтау органына берілген жағдайда қысқартылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам осы құқық бұзушылық жасалған уақытта қолданылған заңдардың негізінде жауаптылықта болады. Бұзушылық туралы іс оның жасалған жері бойынша қаралады, бірақ Кодекстің кейбір баптарында (мысалы, 246, 247, 295, 298, 335, 336, 461-487) көзделген бұзушылық туралы істер көлік құралдары есепке алынған жер бойынша немесе құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тұрғылықты жері бойынша қаралуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда іс жүргізуде орыс тілі де немесе басқа да тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады. Іс жүргізіліп жатқан тілді білмейтін іске қатысушы адамдарға ана тілінде немесе өзі білетін тілде сөз сөйлеу, аудармашының қызметін тегін пайдалану құқығы түсіндіріледі және қамтамасыз етіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарау барлық азаматтардың заң және істі қарайтын органның алдында тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, нәсілі мен ұлтына, сеніміне, жынысына, тіліне, дінге көзқарасына және істейтін жұмысының сипатына және т.б. қарамастан тең болатын негізде жүзеге асырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, заңда көзделген негіздер бойынша істі жабық жүргізуге болатын мүмкіндікті қоспағанда, ашық түрде қаралады.

ҚР-сы Конституциясының 83 бабына сәйкес әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу процесінде заңдардың дәл және біркелкі қолданылуын жоғары дәрежеде қадағалауды мемлекет атынан тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да ҚР-ның Бас прокуроры жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) туралы бұдан бұрынырақ айтылғандықтан, әкімшілік іс жүргізудің өзге қатысушыларына тоқталайық. ӘҚБТК оларға мыналарды жатқызған: өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам; жәбірленуші (егер ондай адам болса); жеке адамның және заңды тұлғаның заңды

өкілдері; қорғаушы; жәбірленушінің өкілі: куә, куәгер, маман: сарапшы, аудармашы, прокурор. Әкімшілік іс жүргізудің бұл қатысушыларының процессуалдық құқықтары мен міндеттеріне ерекше көңіл аударылған. Өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адам істің барлық материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, қорғаушының заң көмегімен пайдалануға, іс жөніндегі хаттама мен қаулыға шағымдануға, сондай-ақ өзіне ӘҚБтК- те берілген өзге де іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы. Іс өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамның қатысуымен қаралады. Аталған адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген ретте ғана іс оның өзі болмаған жағдайда қаралуы мүмкін.

Жәбірленуші. Әкімшілік құқық бұзушылықтан тән жарақатын алған, мүліктік немесе моральдық жағынан зақым келтірілген жеке немесе заңды тұлға жәбірленуші болып табылады. Жәбірленуші істің барлық материалдарымен танысуға, түсініктеме беруге, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш және қарсылық мәлімдеуге, өкіл ұстауға, іс бойынша қаулыға шағымдануға, өзге де іс жүргізу құқықтарын пайдалануға құқылы. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жәбірленушінің қатысуымен қаралады. Ол адамға істің қаралатын орны мен уақыты тиісті түрде хабарланғаны туралы деректер болған және одан істі қарауды кейінге қалдыру туралы өтініш түспеген ретте ғана іс оның өзі болмағанда қаралуы мүмкін.

Жеке адамның заңды өкілдері. Өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан жеке адамның немесе кәмелетке толмаған не тән саулығына немесе психикалық жай-күйіне байланысты өз құқықтарын өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айырылған жәбірленушінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды олардың заңды өкілдері жүзеге асырады. Жеке адамның ата-анасы, асырап алушылары, қорғаншылары, қамқоршылары оның заңды өкілдері болып табылады. Он сегіз жасқа толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралған кезде оның заңды өкілінің қатысуы міндетті.

Заңды тұлғаның заңды өкілі. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан немесе жәбірленуші болып табылатын заңды тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды оның заңды өкілдері жүзеге асырады. Заңды тұлғаның

басшысы, сондай-ақ заңға немесе құрылтай құжаттарына сәйкес заңды тұлғаның органы болып табылатын өзге де адам оның заңды өкілдері болып табылады. Заңды тұлғаның жасаған әкімшілік құқық бұзу-шылық туралы іс оның заңды өкілінің немесе қорғаушысының қатысуымен қаралады.

Қорғаушы және жәбірленушінің өкілі. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға заң көмегін көрсету үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға қорғаушы, ал жәбірленушіге заң көмегін көрсету үшін оның өкілі қатыса алады. Әкімшілік жауапқа тартылушы адам кәмелетке толмаған болса, қорғаушының қатысуы міндетті. Қорғаушы немесе өкіл ретінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуге қатысуға адвокат немесе өзге адам жіберіледі. Қорғаушының өкілеттігі заң консультациясы берген ордермен немесе соған теңестірілген құжатпен куәландырылады.

Қорғаушы мен өкіл әкімшілік жауапқа тартылушы адамды әкімшілік ұстау кезінен немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден бастап іске қатысуға араластырылады. Қорғаушы мен өкіл істің барлық материалдарымен танысуға, дәлелдемелер табыс етуге, өтініш мәлімдеуге және қарсылық білдіруге, істі қарауға қатысуға, іс жүргізуді қамтамасыз етуге қолданылатын шаралар және іс бойынша қаулы жөнінде шағымдануға, өзге де процессуалдық құқықтарды пайдалануға құқылы.

Куә. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша куә ретінде, егер заңдарда өзгеше көзделмесе, осы іс үшін маңызы бар мән-жайлардан хабардар болуы мүмкін кез келген адам шақырылуы мүмкін. Куә әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыртуы бойынша келуге, өзіне іс бойынша белгілі мән-жайдың бәрін шынайы түрде хабарлауға және қойылған сұрақтарға жауап қайтаруға, өзі берген айғақтардың тиісті хаттамаға енгізілуінің дұрыстығын өзі қол қойып куәландыруға міндетті. Он төрт жасқа дейінгі кәмелетке толмаған куәға сауал қою кезінде педагогтың немесе психологтың қатысуы міндетті. Қажет болған жағдайда сауал қою осындай куәнің заңды өкілінің қатысуымен жүргізіледі. Куәға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті органға (лауазымды адамға) айғақтар беруден жалтарғаны немесе одан бас тартқаны, жалған айғақтар бергені үшін әкімшілік жауап-

кершілігі туралы және сотта осы әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауаптылығы туралы ескертіледі. *Куәгер.* Кодексте көзделген жағдайларда, істің қорытындысының мүдделі емес, өзі қатысып тұрған кездегі іс әрекеттерді толық және дұрыс ұғынуға қабілетті кәмелетке толған адам куәгер ретінде тартылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолданған жағдайларда куәгердің қатысуы міндетті. Куәгер әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан лауазымды адамның шақыруы бойынша келуге, осы істің жүргізілуіне қатысуға және өзінің қатысуымен жасалған іс-әрекеттердің жүзеге асырылу фактілерін, олардың мазмұны мен нәтижелерін тиісті хаттамаға өзі қол қойып куәландыруға міндетті. Куәгердің жасалған іс-әрекеттер жөнінде хаттамаға енгізілуге тиісті мәлімдемелер мен ескертпелер жасауға құқығы бар.

Маман. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге маман ретінде қатысуға, дәлелдемелерді жинауға, зерттеуге және бағалауға, сондай-ақ техникалық құралдарды пайдалануға жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар және машықтанған, істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәмелетке толған адамды тағайындауға болады. Маман: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге; арнаулы білімін, машығын және ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға; өзі жасаған әрекеттер бойынша түсінік беруге; аталған әрекеттердің жасалу фактсін, олардың мазмұны мен нәтижелерін өзі қол қойып куәландыруға міндетті. Маман: өзінің қатысуымен жасалатын, іс жүргізу әрекетіне қатысты істің материалдарымен танысуға; істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттеріне қатысушыларға сұрақтар қоюға; хаттамада не ресми құжатта көрсетілген іс материалдарына зерттеу жүргізуге; өзінің қатысуымен жүргізілген әрекеттің нәтижелері көрсетілуінің толық және дұрыс екендігі жөнінде хаттамаға енгізілуі қажетті мәлімдемелер мен ескертпелер жасауға құқылы.

Сарапшы. Арнаулы ғылыми білімі бар, іске мүдделі емес адам сарапшы ретінде шақырылуы мүмкін. Сарапшы: өзінің арнаулы білімі шегінен тыс мәселелер бойынша, сондай-ақ табыс етілген материалдар қорытынды беру үшін жеткіліксіз болса, қорытынды

беруден бас тартуға; істің сараптама мәніне қатысты материалдарымен танысуға және өзіне қорытынды беруге қажетті қосымша материалдарды табыс ету туралы өтініш жасауға; істі жүргізіп жатқан судьяның (лауазымды адамның) рұқсатымен іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға және оларға қатысушыларға сараптаманың мәніне қатысты сұрақтар қоюға; қорытындыда өзінің бастамасымен сараптама жүргізу кезінде белгілі болған іс үшін маңызы бар мән-жайларды көрсетуге құқылы. Сарапшы: әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге; өзінің алдына қойылған мәселелер бойынша объективті және негізделген қорытынды, сондай-ақ жүргізілген зерттеулер мен берілген қорытындыға байланысты мәселелер бойынша айғақтар беруге міндетті. Сарапшы сотта жалған қорытынды бергені үшін қылмыстық жауапты болады.

Аудармашы. Білімі әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізу кезінде қажет болатын тілдерді білетін (мылқаудың немесе саңыраудың ымымен көрсететін белгілерін түсінетін), істің қорытындысына мүдделі емес кез келген кәмелетке толған адам аудармашы болып тағайындалады. Аудармашыны әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) тағайындайды. Аудармашы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяның, органның (лауазымды адамның) шақыруы бойынша келуге және өзіне тапсырылған аударманы толық және дәл жасауға және тиісті хаттамада аударманың дұрыстығын өзі қол қойып куәландыруға міндетті. Ол жалған аударма жасағаны үшін әкімшілік жауапты болатыны ескертіледі.

Сарапшы мен аудармашы, егер олар әкімшілік жауапқа тартылып жатқан адаммен, жәбірленушімен, олардың заңды өкілдерімен, қорғаушысымен, өкілімен, осы істі жүргізіп жатқан прокурормен, судьямен, алқалы органның мүшесімен немесе лауазымды адаммен туыстық қатынастарда болса, не олар бұған дейін осы істі жүргізуге өзге қатысушылар ретінде әрекет етсе, сондай-ақ бұл адамдарды осы іске жеке өз басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі деп есептеуге негіз болса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуға жіберілмейді.

Прокурор. Прокурор осы Кодекстің 583 бабында көзделген өз өкілеттіліктерін іске асыру мақсатында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысуға құқылы. Бұл орайда прокурор

дәлелдемелер табыс етеді және оларды тексеруге қатысады; істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп отырған адамға қатысты, оның кінәлілігі туралы, сондай-ақ істің қаралу процесінде туындайтын басқа да мәселелер жөнінде өз пікірін баяндайды; істі қарап жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) заңның ережелерін қолдану және әкімшілік жаза қолдану не одан босату туралы ұсыныс айтады. Прокурор кәметке толмаған адам жасаған әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің қаралатын орны мен уақыты, сондай-ақ әкімшілік қамауға алуға әкеп соғатын құқық бұзушылық туралы хабардар етіледі.

Қорғаушының, өкілдің, прокурордың, сарапшының және аудармашының әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысу мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлар болған кезде аталған адамдарды қатыстырудан бас тартылуға тиіс. Өздігінен бас тарту немесе бас тарту туралы арыз әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судьяға, органға (лауазымды адамға) беріледі. Судья, орган (лауазымды адам) өздігінен бас тарту немесе бас тарту туралы арызды қарап, арызды қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Жәбірленушінің, куәнің, сарапшының, маманның және аудармашының әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан сотқа, органға (лауазымды адамға) келуіне байланысты шығындарының орны азаматтық іс жүргізу заңдарында белгіленген тәртіппен толтырылады. Олардың көрсетілген себепке байланысты жұмыс орындарында болмаған кездегі орташа табысы белгіленген тәртіппен сақталады. Сарапшының, маман мен аудармашының еңбегіне заңдарда белгіленген тәртіппен ақы төленеді.

Енді әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша дәлелдімелер мен дәлелдеуге және оларды бағалауға қатысты мәселелерді қарастырайық.

Әкімшілік құқық бұзушылық бойынша мына мән-жайлар дәлелденуге тиіс: әкімшілік құқық бұзушылық оқиғасының болуы; құқыққа қайшы әрекет жасаған, сол үшін Кодексте әкімшілік жауаптылық көзделген адам; жеке адамның әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлілігі; әкімшілік жауаптылықты жеңілдететін немесе ауырлататын мән-жайлар; әкімшілік құқық бұзушылықтан келген залалдың сипаты мен мөлшері; әкімшілік жауаптылықтан

босатуға негіз болатын мән-жайлар; әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайлар, сондай-ақ істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар өзге де мән-жайлар.

Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемесі, жәбірленушінің және куәнің айғақтары, аталған адамдардың ауызша немесе жазбаша нысанда хабарлаған, іске қатысы бар мәліметтері болып табылады. Өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамның түсініктемесі, жәбірленушінің және куәнің айғақтары әкімшілік құқық бұзушылық туралы немесе іс жүргізуді қамтамасыз ету ша-раларын қолдану туралы хаттамада жазылады, қажет болған жағдайда жауап алу хаттамасымен ресімделіп іске тігіледі.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшының арнаулы ғылыми білім негізінде жүргізілетін іс материалдарын зерттеуі нәтижесінде алынуы мүмкін болған кезде, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) сот сараптамасын тағайындайды. Сараптама жүргізу тапсырылған адамды шақыруы туралы судьяның, лауазымды адамның талабы аталған адам жұмыс істейтін ұйымның басшысы үшін міндетті. Сараптама тағайындау туралы ұйғарымды орындау үшін жібергенге дейін судья, лауазымды адам өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамды және жәбірленушіні мұнымен таныстыруға, оларға: сарапшыдан бас тартуды мәлімдеу, өздері көрсеткен адамдарды сарапшы ретінде тартуды сұрау, сарапшының алдына қосымша мәселелер қою туралы өтініш жасау, қосымша немесе қайта сараптама тағайындау туралы өтініш жасау құқығын түсіндіреді. Сарапшы өз атынан жазбаша түрде қорытынды береді.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заттай дәлелдемелер құқық бұзушылықтың құралы немесе тікелей объектісі болған, не өзінде оның іздері қалған заттар болып табылады. Қажет болған жағдайларда заттай дәлелдемелер суретке түсіріледі немесе өзге тәсілмен тіркеледі және іске тігіледі, ол жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға немесе өзге хаттамаға жазба жазылады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін заттай дәлелдемелердің сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті.

Құжаттар, егер оларда ұйымдар, лауазымды адамдар мен жеке тұлғалар баяндаған немесе куәландырған мәліметтердің әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс үшін маңызы болса, іс бойынша дәлелдемелер деп танылады. Құжаттарда жазбаша да, өзге түрде де тіркелген мәліметтер болуы мүмкін. Құжаттарға компьютерлік ақпараттан, фото -және кино түсілімдерден, дыбыс және бейне жазылымдарынан тұратын материалдар жатуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган (лауазымды адам) іс мәні бойынша шешілгенге дейін құжаттардың сақталуын қамтамасыз етуге қажетті шаралар қолдануға, сондай-ақ істі қарау аяқталысымен олар туралы шешім қабылдауға міндетті. Құжаттар егер оларда әкімшілік құқық бұзушылықтың іздері сақталып қалған болса, заттай дәлелдемелер де болып табылуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізіп жатқан судья, орган лауазымды адам ұйымдардан, қоғамдық бірлестіктерден істің шешілуіне қажетті қосымша мәліметтер талап етіп алу туралы ұйғарым шығаруға құқылы. Талап етіп алынатын мәліметтер талап алынған күнінен бастап үш күн мерзімде, ал әкімшілік қамауға алуға әкеп соғатын құқық бұзушылық жасалған жағдайда кідіріссіз жіберілуі тиіс. Аталған мәліметтерді табыс ету мүмкін болмаған жағдайда ұйым, қоғамдық бірлестік ұйғарым шығарған судьяны, органды (лауазымды адамды) бұл туралы үш күн мерзімде хабардар етуге міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі жүргізуді жүзеге асыратын судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам дәлелдемелерді заң мен ар-намысты басшылыққа ала отырып, дәлелдемелерді өз жиынтығында жан-жақты толық және объективті қарауға негізделген өзінің ішкі сезімі бойынша бағалайды. Ешбір дәлелдеменің алдын ала белгіленген күші болмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, оны жасауға сезіктінің жеке басын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мүмкін болмағанда, істің уақытылы және дұрыс қаралуы мен іс жөнінде қабылданған қаулының орындалуын қамтамасыз ету мақсатында уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттігі шегінде жеке адамға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шараларды қолдануға құқылы:

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалатын жерге жеткізу;
- жеке адамды әкімшілік түрде ұстау;
- алып келу;
- жеке тексеріп шығу және көлік құралын, шағын көлемді кемені және заттарды тексеріп шығу;
- құжаттар мен заттарды алып қою;
- көлік құралын немесе шағын көлемді кемені жүргізуден шеттету және оның алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен масаю күйін куәландыру;
- көлік құралын немесе шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу;
- тексеру;
- жеке адамның алкогольмен, есірткімен және уытқұмарлықпен мас күйін медициналық куәландыру.

Заңды тұлғаға қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ететін мынадай шаралар қолданылуы мүмкін:

- заңды тұлғаға тиесілі үй-жайларды, аумақтарды, сондағы тауарларды, көлік құралдарын және өзге де мүлікті, сондай-ақ тиісті құжаттарды қарап шығу;
- заңды тұлғаға тиесілі құжаттарды алып қою;
- заңды тұлғаға тиесілі тауарларға, көлік құралдарына және өзге де мүлікке тыйым салу немесе алып қою.

Жоғарыда аталған әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларының кейбір көбірек жиі қолданылатындарын толығырақ қарайық

Әкімшілік ұстау. Жеке адамды бас бостандығынан, атап айтқанда, оның құқыққа қарсы әрекеттерін тыю мақсатында белгілі бір уақыт ішінде арнаулы орында мәжбүрлеп ұстай отырып, іс-әрекет және жүріп-тұру бостандығынан уақытша айыру әкімшілік ұстау болып түсініледі.

Құқық бұзушыға ықпал етудің басқа шаралары қалмаған жағдайда әкімшілік құқық бұзушылықтың жолын кесу, тоқтату мақсатында және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шарасы ретінде әкімшілік ұстау қолданылады.

Әкімшілік ұстау тек құқық бұзушылық болған кезде ғана қолданылуы мүмкін. Егер құқық бұзушылық болмаса, ұстауға рұқсат берілмейді. Бұған психикалық ауыратындар мен жас бала-

ларды әкімшілік ұстау жатпайды, өйткені олардың қоғамдық орындарда болуы маңайындағыларға да, өздері үшін де қауіпті. Әкімшілік ұстауға мына жағдайларда да рұқсат етілмейді:

а) әкімшілік құқық бұзушылық елеусіз болған және оны басқа тәсілдермен тоқтату мүмкін болған жағдайда (құқық бұзушылықты тоқтату туралы талапты бұзушының орындауы, ауызша ескерту жасау, қандай да болмасын іс-әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңға қайшылығын және жол беруге болмайтындығын түсіндіру);

ә) құқық бұзушылық жасалған жерде бұзушының жеке басын және оқиғаның мән-жайын анықтау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасау мүмкіндігі болған жағдайда;

б) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ескерту немесе айыппұл түрінде жаза қолдану үшін негіз болған жағдайда.

Құқық бұзушылық жасаған дипломатиялық тиіспеушілікпен пайдаланатын және мұны растау үшін дипломатиялық төл құжатын, дипломатиялық не консульдық кәртішкесін немесе қызметтік жеке куәлігін көрсеткен шет ел азаматтары әкімшілік ұстауға жатпайды.

Қағида бойынша, әскери қызметшілер әкімшілік ұстауға тартылмайды. Алайда қоғамдық орындарда қатерлі құқық бұзушылықтар жасаған кезде және заңда көзделген өзге де жағдайларда әскери патрульдер болмай қалғанда, әскери қызметшілерді және бұзушылық туралы материалдарды әскери комендантқа, әскери бөлімшенің командиріне немесе әскери комиссарға дереу жіберу үшін олар ұсталуы мүмкін.

Парламент депутаттары, прокурорлар, судьялар әкімшілік ұстауға жатпайды. Бұл туралы, мысалы депутаттар мен судьялар жөнінде Конституцияның тиісінше 52 бабының 4 тармағында және 79 баптың 2 тармағында айтылған.

Дипломатиялық иммунитетпен пайдаланбайтын шет ел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдар құқық бұзушылық жасаған жағдайда жалпы негіздерде әкімшілік ұстауға тартылуы мүмкін.

ӘҚБтК-тің 620 бабында әкімшілік ұстаудың негіздері және оны жүзеге асыратын өкілетті органдар (лауазымды адамдар) белгіленген. Оларға ішкі істер, қаржы полициясы және шекара қызметінің органдары, әскерилендірілген күзеттің, мемлекеттік тау-кен қадағалау органдарының, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды

қорғау жөніндегі органдардың лауазымды адамдары және кейбір басқа органдар мен лауазымды адамдар жатады.

Әкімшілік ұстау жөнінде хаттама жасалады. Хаттамада оның жасалған күні, уақыты және орны; хаттама жасаған адамның лауазымы, аты-жөні, ұсталған адамның кім екені туралы мәліметтер; ұсталған уақыты, орны және негізі көрсетіледі. Хаттамаға оны жасаған лауазымды адам мен ұсталған адам қол қояды. Ұсталған адам хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл туралы хаттамада жазылады. Ұстау туралы хаттаманың көшірмесі әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамға тапсырылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұсталған адамның өтініші бойынша оның қайда екендігі туралы туыстары, жұмыс немесе оқу орнының әкімшілігі, сондай-ақ қорғаушысы хабардар етіледі. Кәмелетке толмаған адамның ұсталуы туралы оның ата-анасына немесе олардың орнындағы адамдарға міндетті түрде хабарланады.

Әкімшілік ұстау Кодекстің 618 бабында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізу үшін қажетті уақыт ішінде жүзеге асырылады және үш сағаттан ұзақ болмауы керек. ҚР-сы Мемлекеттік шекарасының режимін, кеден режимін немесе ҚР-ның кеден шекарасы арқылы өту бекетіндегі режимді бұзғаны туралы, сондай-ақ ҚР-ның континенттік қайраңындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған адам - қажет болған жағдайларда жеке басын және құқық бұзушылықтың мән-жайын анықтау үшін бұл туралы ұсталған кезден бастап 24 сағат ішінде прокурорға жазбаша хабарланып, 48 сағатқа дейін ұсталуы мүмкін. Төтенше жағдай жарияланған жерде коменданттық сағат енгізілуіне байланысты белгіленген тәртіпті бұзуға жол берген адамдарды ішкі істер органдарының қызметкерлері (полиция) немесе әскери сақшылар коменданттық сағат аяқталғанға дейін, ал қолдарында құжаттары жоқтарды - олардың кім екенін анықтағанға дейін, бірақ 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстай алады.

Адамның жеке басын тексеру және оның қолындағы заттарды тексеру қажет болған жағдайларда әкімшілік құқық бұзушылық жасау құралдарын не оның тікелей объектлерін табу мақсатында жүргізіледі. Уәкілетті лауазымды адам өз өкілеттіктері шегінде әкімшілік құқық бұзушылықтың іздерін, өзге де материалдық

объектлерді, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы толтыру үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау мақсатында сол жерді, заттарды, құжаттарды, тірі адамдарды тексеруге құқылы. Тексеру жүргізудің жалпы ережелері Кодекстің 627-2-бабында қаралған.

Тексеру төмендегідей жағдайларда жүргізіледі: адам әкімшілік құқық бұзушылық жасаған немесе тікелей оны жасағаннан кейін ұсталған кезде; азаматтың киімінде немесе оның заттарында құқық бұзушылық іздерінің белгілері болған жағдайда; көзімен көргендер нақты адамды құқық бұзушылық жасады деп тікелей көрсеткен жағдайда; техникалық бақылау құралдарының көрсетуі болған кезде.

Әкімшілік тексерудің мәні құқық бұзушылықтың қаруы немесе тікелей объектісі болған құжаттарды, заттар мен нәрселерді тауып, алып қою, ұсталғанның жеке басын анықтау, т.б. мақсатында азаматты немесе оның мүлкін мәжбүрлеп тексеруден тұрады. Адамның жеке басын тексерудің мазмұны тексеріп өткізу режимін жүзеге асыратын қызметкерлердің адамдарды, сондай-ақ олардың заттарын стационарлық бақылау қондырғыларының көмегімен сыртынан қарау іс-әрекеттерінен тұрады.

Уәкілетті қызметкерлер тексерудің алдында құқық бұзушылық жасаған туралы деректер бар адамға немесе заңда көзделген өзге де жағдайларда ұсталғанның жеке басын анықтайтын құжаттарды, құқық бұзушылықтың құралы немесе тікелей объектісі болған заттарды, өзге де нәрселерді көрсет деп ұсыныс жасауы керек.

Адамның жеке басын тексеру тексерілушімен жынысы бірдей адам және жынысы осындай жыныстас екі куәгердің қатысуымен, бөтен азаматтардың кіре алмайтын және санитария мен гигиенаның ережелеріне сай келетін жайда немесе өзге жерде жүзеге асырылады. Жеке басын тексеруді жүргізген кезде тексерілушінің қауіпсіздігі мен денсаулығы, оның жеке басының абыройы, тексеру жүргізген кезде алынған тексерілушінің беделін түсіретін мағлұматтардың сақталуы қамтамасыз етілуі тиіс.

Жеке адамның қолындағы тауарларды және басқа нәрселерді тексеріп қарауды ӘҚБтК-тің 620 бабында көрсетілген уәкілетті лауазымды адамдар осы заттарды меншіктенуші немесе иеленуші адамның және екі куәгердің қатысуымен жүргізеді.

Жеке адамның қолында айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына зиян келтіру үшін пайдаланылуы мүмкін қару немесе өзге заттар бар деуге негіз болған ерекше жағдайларда оның жеке басын тексеру, заттарын тексеру, бұл туралы жиырма төрт сағат ішінде прокурорға хабарланып, куәгерлерсіз жүргізілуі мүмкін.

Адамның жеке басын тексеру, оның қолындағы заттарды тексеру бойынша хаттама жасалады. Тексеру хаттамасының көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға не оның заңды өкіліне тапсырылады. Адамның жеке басын тексеру, заттарды тексеру хаттамасына оны жасаған лауазымды адам, жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі, куәгерлер қол қояды. Жеке басы тексерілген адам, тексерілген заттар иесі хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда, хаттамаға тиісті жазба жасалады.

Жеке адамның қолындағы заттар мен құжаттарын алып қою. Құқық бұзушылық жасалған жерде не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қамтамасыз ету шараларын қолдану кезінде табылған құқық бұзушылық құралы немесе объекттері болып табылатын құжаттар мен заттарды алып қою әкімшілік-құқықтық ықпал ету шарасы болып табылады. Бұл шара іс жүргізуді қамтамасыз етудің тиісті шараларын қолдануға уәкілетті лауазымды адамдар екі куәгердің қатысуымен жүзеге асырады. (ӘҚБтК-тің 620, 626-баптары).

Заттар мен құжаттарды алып қою туралы хаттама жасалып, оның көшірмесі өзіне қатысты іс жүргізіліп жатқан адамға немесе оның заңды өкіліне тапсырылады, не әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға тиісті жазба жасалады. Хаттамада алып қойылған құжаттардың түрі мен реквизиттері, алып қойылған заттардың түрі, саны, өзге де белгілері туралы мәліметтер болады.

Алып қойылған заттар мен құжаттар әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралғанға дейін сақталады. Іс қаралғаннан кейін шығарылған қаулыға сәйкес алып қойылған құжаттар мен заттар олардың иесіне қайтарылады немесе тәркіленеді, немесе сатылады, немесе сақталады, немесе белгіленген тәртіппен жойылады.

Көлік құралын жүргізуден шеттету, мас күйін куәландыру, көлік құралын ұстау. Көлік құралын жүргізуші, мас күйде жүргізгені туралы жеткілікті дәйектер болса, көлік құралын жүргізуден шеттетіліп, мас күйін медициналық емес куәландыруға жатады.

Көлік құралын жүргізуден шеттетуді, мас күйін куәландыруды және медициналық куәландыруға жіберуді, тиісінше, жол полициясы, ҚР-сы Қарулы Күштерінің және көлік бақылау органдарының көлік құралын жүргізуші адам құқық бұзушылық жасаған жағдайда, әскери автомобиль полициясының лауазымды адамдары жүргізеді. Жол полициясының адамдарымен қатар мас күйде деуге жеткілікті негіздер бар жүргізушіні көлік құралын жүргізуден шеттетуге полицияның учаскелік инспекторларының, одан басқа бұл жағдайда тәртіп бұзушылық фактін құжатпен бекітуге және жүргізуші мем көлік құралын таяу жердегі ішкі істер органына жеткізу жөнінде шаралар қолдануға міндетті ішкі істер органдарының басқа да қызметкерлерінің құқығы бар.

Көлік құралын жүргізуден шеттету туралы, мас күйін куәландыру үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға белгі жасалады. Мас күйін куәландыру актісі хаттамаға қоса тіркеледі. Жүргізушілер ішкі істер органдары қызметкерінің белгіленген тәртібіне сәйкес алкогольмен, есірткімен, уытқұмарлықпен мас күйін куәландырудан өту туралы заңды талабын орындамағаны үшін ӘҚБтК-тің 471 бабының 2 тармағында көзделген жауапкершілікте болады.

Көлік, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу. ӘҚБтК-тің 630 бабында көрсетілген баптарға сәйкес бұзушылық жасалған кезде жол полициясының, әскери автомобиль полициясының, өз өкілеттіктері шегінде көлік бақылау, табиғат қорғау органдарының лауазымды адамдары көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау себептері жойылғанға дейін оларды ұстауға, уақытша сақтау үшін арнаулы алаңдарға немесе тұрақтарға басқа көлік құралдарын мәжбүрлеп пайдалана отырып, жеткізуге және пайдалануға тыйым салуға құқылы.

Көлік құралын, шағын көлемді кемені ұстау, жеткізу және пайдалануға тыйым салу туралы белгіленген нысандағы акт жасалып, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға қоса тіркеледі.

14.4. Іс жүргізудің сатылары

ӘҚБтК-тің ережелерін саралап қарау әкімшілік іс жүргізудің бірнеше сатыларын бөлуге мүмкіндік береді, солардың шегінде бұл бұрын айтылған құқықтық негіздерді ескере отырып, әкімшілік

құқық бұзушылық туралы жеке-дара істер бойынша әкімшілік-юрисдикциялық іс жүргізу жүзеге асырылады. Бұл сатыларда, шын мәнінде, әкімшілік-процессуалдық қызметтің осы түрінің ерекшеліктері көрініс табады. Бұл сияқты сатылардың әрқайсысының өзінің процессуалдық міндеті бар және олар тиісті әкімшілік - процессуалдық нормаларда бекітілген. Шындығында әкімшілік іс жүргізуді қазіргі кезеңдегі түрі нақ соларда көрінісін табады.

Сонымен, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізу: әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаудан, оны қараудан және қаулы шығарудан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыны қайта қараудан, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудан тұрады.

Енді олардың сатыларының ерекшеліктерін қараймыз. Әкімшілік іс қозғау - әкімшілік іс жүргізудің алғашқы сатысы. Оның себептері мен негіздемелерін айыру керек.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғауға; уәкілетті лауазымды адамның әкімшілік құқық бұзушылық фактісін тікелей анықтауы; құқық қорғау органдарынан, сондай-ақ басқа да мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан түскен материалдар; жеке және заңды тұлғалардың хабарламалары немесе мәлімдемелері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарламалар себеп болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректердің болуы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғау үшін негіздеме болады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттама жасалған немесе әкімшілік іс қозғау туралы прокурор қаулы шығарған кезден бастап әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғалған болып саналады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама - осы құқыққа қарсы (әрине, болжам бойынша) әрекеттің жасалғандығын куәландыратын процессуалдық құжат. Оны уәкілетті лауазымды адамдар жасайды (мысалы, ішкі істер органдарының бақылау-қадағалау органдарының және тағы басқа лауазымды адамдары).

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамада оның жасалған күні мен орны, хаттаманы жасаған адамның лауазымы, аты-жөні; іс қозғалған адам туралы мәліметтер; әкімшілік құқық бұзушылықтың жасалған орны, уақыты мен мәні; ӘҚБтК-тің ерекше бөлімінің

аталған құқық бұзушылық үшін әкімшілік жауаптылық көзделген бабы; егер олар бар болса, куәлардың және жәбірленушілердің аты-жөні, мекен жайы; өзіне қатысты іс қозғалған жеке адамның не заңды тұлғаның заңды өкілінің түсініктемесі; істі шешу үшін қажетті өзге де мәліметтер көрсетіледі, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық жасау фактісін растайтын құжаттар қоса беріледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезде өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның өкіліне, сондай-ақ іс жүргізудің басқа да қатысушыларына олардың ӘҚБТК-те көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріліп, бұл туралы хаттамада белгі жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттамаға оны жасаған адам және Кодекстің 635 бабындағы жағдайларды қоспағанда, әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам қол қояды. Жәбірленушілер мен куәлар болған кезде, сондай-ақ куәгерлер қатысқан жағдайда хаттамаға сол адамдар да қол қояды.

Өздеріне қатысты іс қозғалған жеке адамға немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен танысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Аталған адамдар хаттаманың мазмұны бойынша түсініктеме беруге және ескерту жасауға, сондай-ақ оған қол қоюдан өзінің бас тарту себебін баяндауға құқылы, олар хаттамаға қоса тіркеледі. Бұл адамдар хаттамаға қол қоюдан бас тартқан жағдайда оған тиісті жазба жасалады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалғаннан кейін, оның көшірмесі қолхат арқылы алынып, өздеріне қатысты іс қозғалған жеке тұлғаға, заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ жәбірленушіге тапсырылады.

Хаттама әкімшілік құқық бұзушылық жасалу фактісі анықталғаннан кейін дереу, ал салық салу саласында әкімшілік құқық бұзушылық анықталған жағдайда салықты тексеру аяқталғаннан кейін жасалады. Әкімшілік құқық бұзушылықтың мән-жайларын, өзі жөнінде іс қозғалған адамның өз басын немесе заңды тұлға туралы мәліметтерді және заңды тұлғаның заңды өкілінің жеке басын қосымша анықтау талап етілген жағдайларда хаттама үш тәулік ішінде, ал Кодекстің 182, 187 және 188 баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша құқық бұзушылық немесе оны жасаған адам ашылған кезден бастап он тәулік ішінде жасалады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама барлық жағдайларда жасала бермейді (ӘҚБтК-тің 639-б.). Мысалы, ескерту немесе айыппұл түрінде әкімшілік жаза қолдануға әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жағдайда, егер айыппұл бес айлық есептік көрсеткіш мөлшерінен аспаса және адам (жеке тұлға, орган немесе заңды тұлғаның басқару функциясын жүзеге асыратын адам) құқық бұзушылық фактісін мойындаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалмайды. Ескерту түріндегі жазаны соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде ресімдейді. Айыппұл түрінде жаза қолданылған жағдайда қатаң қаржылық есептілік құжаты болып табылатын, белгіленген үлгідегі түбіртек беруді соған уәкілеттік берілген лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде жүзеге асырады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адам ескертудің немесе төлем құжатының екінші данасына қол қою арқылы қолданылған жазаға өзінің келісетінін растайды. Егер адам құқық бұзушылық жасалған жерде өзіне қолданылған жазаға дауласса, жалпы тәртіп бойынша хаттама жасалады.

Жеке тұлғалар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы арыз жазған жағдайда ӘҚБтК -тің 80-113 баптарында көзделген (жеке адамның құқықтарына, азаматтардың сайлау құқықтарына қол сұғатын) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді сот ол туралы хаттама жасамай-ақ қарайды. Хаттама әкімшілік іс жүргізу прокурордың қаулысымен қозғалған жағдайларда жасалмайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді болдырмайтын ӘҚБтК-тің 580, 581 баптарында көзделген мән-жайлардың тым болмаса біреуі болған жағдайда істі жүргізіп жатқан лауазымды адам құқық бұзушылық туралы іс жүргізуді қысқарту жөнінде қаулы шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау. Судья, лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде: бұл істі қарау өзінің құзыретіне жататынын; бұл істі судьяның, лауазымды адамның қарау мүмкіндігін болдырмайтын мән-жайлардың болуын; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама мен басқа хаттамалардың дұрыс жасалғанын, сондай-ақ істің өзге де материалдарының дұрыс ресімделгенін; іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың, сондай-ақ адамды әкімшілік жау-

апқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлардың болуын; өтініштердің және бас тартудың болуын; істі қарауға қатысатын адамдарға іс қаралатын орын мен уақыт туралы хабарланғанын анықтайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судья, лауазымды адам, егер ол адам: жауапқа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың заңды өкілдерінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болса; істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса, бұл істі қарай алмайды.

Бұл мән-жайлар болған кезде судья, лауазымды адам өзінің бас тартатыны туралы мәлімдеуге міндетті, ал іс жүргізудің өзге қатысушылары бұл ресми адамдардан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы. Өздігінен бас тарту, олардан бас тарту туралы мәлімдеме тиісті соттың төрағасына, жоғары тұрған лауазымды адамға беріледі. Бұлар ол түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарап, мәлімдемені қанағаттандыру не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға әзірлеу кезінде судья, орган (лауазымды адам) мынадай шешім қабылдайды: істі қарайтын уақыт пен орын тағайындау туралы; іс бойынша адамдарды шақыру, қажетті қосымша материалдарды сұрап алдыру туралы, сараптама тағайындау туралы; істі қарауды кейінге қалдыру туралы; құқығы жоқ адамдар хаттама жасаған және істің басқа материалдарын ресімдеген, хаттама дұрыс жасалмаған және істің басқа материалдары дұрыс ресімделмеген не тапсырылған материалдар толық болмаған, істі қарау кезінде оны толықтыру мүмкін емес жағдайларды әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын хаттама жасаған органға (лауазымды адамға) кері қайтару туралы; егер бұл істі қарау өзінің құзіретіне жатпаса не судьядан, лауазымды адамнан бас тарту туралы ұйғарым шығарылса, хаттаманы және істің басқа материалдарын ведомстволық бағыныстылық бойынша қарауға беру туралы; істі мәні бойынша қарауға беру туралы шешімдер ұйғарым түрінде шығарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер істі қарауға құқықты судья, орган (лауазымды адам) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы және істің басқа материалдарын алған күннен бастап он

бес күн мерзімде қаралады. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қатысушылардан өтініштер түскен жағдайда не істің мән-жайларын қосымша анықтау қажет болған кезде істің қаралу мерзімін істі қараушы судья, орган (лауазымды адам) ұзартуы мүмкін, бірақ ол бір айдан аспайтын, ал салық міндеттемесін орындауға байланысты істер бойынша, шағым беру мерзімінің кезеңіне ұзартуы мүмкін.

Жасалуы әкімшілік қамауға, ҚР-ның шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғатын әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бұзушылық туралы хаттама мен істің басқа материалдары алынған күні, ал әкімшілік ұстауға ұшыраған адам жөнінде - ол ұсталған кезден бастап 48 сағаттан кешіктірілмей қаралады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қараудың айқындалған тәртібі белгіленген. Ол істі кім қарайтынын, қандай іс қаралғалы жатқаны, кім және ӘҚБтК-тің қай бабы негізінде жауапқа тартылып отырғанын хабарлаудан басталады. Сосын әкімшілік жауапқа тартылып отырған жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілінің, сондай-ақ істі қарауға қатысушы өзге де адамдардың келгеніне көз жеткізеді; іс жүргізуге қатысушылардың жеке басын анықтайды және жеке адамның немесе заңды тұлғаның заңды өкілдерінің, қорғаушысының және уәкілетті өкілінің өкілеттіктерін анықтайды; іс жүргізуге қатысушылардың келмей қалу себептерін анықтайды және аталған адамдар жоқта іс қарау туралы не іс қарауды кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды; іс қарауға қатысушы адамдарға олардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді; мәлімделген бас тартуларды және өтініш жасауларды шешеді; әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы, ал қажет болған жағдайда өзге де материалдарды оқып береді. Іс жүргізуге қатысушылардың түсініктемелері, айғақтары, қорытындылары тыңдалады, өзге де дәлелдер зерттеледі, ал істі қарауға прокурор қатысқан жағдайда оның қорытындысы тыңдалады. Қажет болған жағдайларда басқа да іс жүргізу іс әрекеттері жүзеге асырылады.

Әкімшілік іс жүргізудің бұл сатысының мазмұнындағы ең маңыздысы мынада, судья, орган әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау кезінде әкімшілік құқық бұзушылық жасалғанын, осы адамның соны жасауға кінәлілігін, оның ол әкімшілік жауаптылыққа жататынын, жауаптылықты жеңілдететін және ауырлата-тын мән-жайлардың болуын, мүліктік залал келтірілгенін, сондай-

ақ істі дұрыс шешу үшін маңызы бар басқа да мән-жайларын анықтауға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарап, судья, орган (лауазымды адам) мына қаулылардың бірін: әкімшілік жаза қолдану туралы; іс жүргізуді қысқарту туралы; істі осы әкімшілік құқық бұзушылық үшін өзге түрде немесе мөлшерде жаза қолдануға құқылы судьяның, органның (лауазымды адамның) қарауына беру туралы, сондай-ақ істі көлік құралы есепте тұрған жер бойынша қарауға беру туралы; айыппұл салу жөніндегі қаулыны мәжбүрлеп орындату туралы шығарады.

Іс жүргізуді қысқарту туралы қаулы: іс жүргізуді болдырмайтын мән-жайлардың ең болмағанда біреуі болған (Кодекстің 580 бабы.); әкімшілік жауапқа тартпауға мүмкіндік беретін мән-жайлар болған (Кодекстің 581 бабы); адамды тәртіптік жауапқа тарту туралы мәселені шешу үшін іс материалдарын тиісті органдарға беретін (Кодекстің 35 бабы) жағдайларда шығарылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулыда: қаулыны шығарған судьяның, лауазымды адамның лауазымы, аты-жөні; істің қаралған күні мен орны; өзіне қатысты іс қаралған адам туралы мәліметтер; қаралатын іс бойынша іс жүргізу тілі; Кодекстің әкімшілік құқық бұзушылық үшін жауаптылық көзделетін бабы; істі қарау кезінде анықталған мән-жайлар; іс бойынша шешім; қаулыға шағым беру тәртібі мен мерзімі көрсетілуге тиіс.

Егер судья әкімшілік құқық бұзушылық үшін жаза қолдану туралы мәселені шешу кезінде кінәлінің мүліктік залалды өтеуі туралы мәселені бір мезгілде шешсе, қаулыда өтеуге жататын залалдың мөлшері, оны өтеу мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

Іс жөніндегі қаулыда жеке адамда болған алынып қойылған заттар мен құжаттар туралы, заңды тұлғаға тиесілі құжаттар мен мүлік туралы мәселелер шешілуге тиіс, бұл кезде: әкімшілік құқық бұзушылық жасаудың құралдары немесе тікелей объектілері болған және әкімшілік жауапқа тартылған адамға немесе заңды тұлғаға тиесілі заттар Кодекстің Ерекше бөлімі нормаларының санкцияларында көзделген жағдайларда тәркіленеді не тиісті мекемелерге беріледі немесе жойылады, қалған жағдайларда тиесілі адамына қайтарылады.

Іс жөніндегі қаулыға қаулы шығарған судья, лауазымды адам қол қояды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жөніндегі қаулы қаралып біткен соң дереу хабарланады. Қаулының көшірмесі өзі арнап шығарылған жеке адамға, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қозғаған уәкілетті органға (лауазымды адамға) немесе заңды тұлғаның заңды өкіліне, сондай-ақ олардың сұрауы бойынша жәбірленушіге, жеке адамның заңды өкіліне дереу тапсырылады. Аталған адамдар болмаған жағдайда қаулының көшірмесі ол шығарылған күннен бастап, үш күн ішінде жіберіледі. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулы шығарылған жағдайда қаулының көшірмесі дереу прокурорға жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасауға ықпал еткен себептер мен жағдайларды анықтаған кезде судья жеке қаулы шығарады, ал істі қараған орган (лауазымды адам) тиісті ұйымға және лауазымды адамдарға оларды жою жөнінде шаралар қолдану туралы ұсыныс енгізеді

Ұйымдардың басшылары мен басқа да лауазымды адамдар жеке қаулыны және ұсынысты оны алған күннен бастап, бір ай ішінде қарауға және ұсыныс енгізген судьяға, органға (лауазымды адам) қолданылған шаралар туралы хабарлауға міндетті.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қаулыларды қайта қарау. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енбеген қаулыға өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адам, жәбірленуші, жеке адамның заңды өкілдері, заңды тұлғаның заңды өкілдері, қорғаушы шағым бере алады, сондай-ақ прокурор наразылық келтіре алады. Мамандандырылған әкімшілік соттар және аудандық (қалалық) соттар судьяларының жаза қолдану туралы қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін; лауазымды адамдар шығарған қаулыға жоғары тұрған органға (лауазымды адамға) немесе орган (лауазымды адам) тұрған жер бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым беріліп, наразылық келтірілуі мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым іс бойынша қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жіберіледі, олар шағым, наразылық түскен күннен бастап үш күн мерзім ішінде оларды істің бүкіл материалдарымен тиісті сотқа, жоғары тұрған органға (жоғары тұрған лауазымды адамға) жіберуге міндетті. Шағым, наразылық оларды қарауға уәкілетті сотқа, жоғары тұрған органға тікелей берілуі немесе келтірілуі

мүмкін. Судьяның әкімшілік қамауға алу түрінде жаза қолдану туралы қаулысына шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа олар алынған күні жіберілуге тиіс. Егер шағымды наразылықты қарау судьяның құзыретіне жатпайтын болса, олар ведомстволық бағыныстылық бойынша жіберіледі.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға, шағым, наразылық қаулы көшірмесі тапсырылған күннен бастап, 10 күн ішінде, ал егер Кодекстің 584-588 баптарында аталған адамдар істі қарауға қатыспаса, оны алған күннен бастап берілуі мүмкін. Бұл мерзімді дәлелді себептермен өткізіп алған жағдайда, өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның арызы бойынша шағымды қарауға құқылы сот, орган (лауазымды адам) қалпына келтіруі мүмкін.

Белгіленген мерзімде шағым беру, наразылық келтіру, әдетте қаулының орындалуын олар қаралғанға дейін тоқтата тұрады.

Қаулыға шағым, наразылық олар келіп түскен күннен бастап, он күн мерзімде қаралуға тиіс. Әкімшілік қамауға алу туралы қаулыға берілген шағым, наразылық, егер жауапқа тартылған адам әкімшілік қамауға алуды өтеп жатса, олар берілген кезден бастап, бір тәулік ішінде қаралуға тиіс.

Әкімшілік соттар мен аудандық (қалалық) соттар судьяларының қаулысына шағымды, наразылықты жоғары тұрған соттың судьясы жеке-дара қарайды. Егер әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым сотқа және жоғары тұрған лауазымды адамға бір мезгілде келіп түссе, шағымды сот қарайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымды, наразылықты қарап, жоғары тұрған соттың судьясы, жоғары тұрған орган (лауазымды адам) мына шешімдердің бірін: қаулыны өзгертпей, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырмай қалдыру туралы; қаулыны өзгерту туралы; қаулының күшін жою және істі қысқарту туралы; қаулының күшін жойып, жаңа қаулы шығару туралы; қаулының күшін жойып, істі ведомстволық бағыныстылығы бойынша қарауға жіберу туралы шешім қабылдайды. Шағымды, наразылықты қарау нәтижелері бойынша шешім ұйғарым түрінде шығарылады және ол түпкілікті болып табылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым, наразылық жөнінде жоғары тұрған органның (лауазымды адамның) ұйғарымына азаматтық іс жүргізу заңдарында белгілен-

ген тәртіппен сотқа шағым берілуі, наразылық келтірілуі мүмкін. Бас прокурордың, оның орынбасарларының, облыстардың прокурорларының және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарларының наразылығы, сондай-ақ әкімшілік жауапқа тартылған адамның, жәбірленушінің, қорғаушылардың, заңды өкілдердің және аталған адамдардың өкілдерінің өтініштері бойынша заңды күшіне енген қаулылар мен ұйғарымдар сот тәртібімен қайта қаралуы мүмкін. Аталған прокурорлардың заңды күшіне енген қаулыларға және ұйғарымдарға наразылық келтіруі олардың орындалуын тоқтата тұрады. Ал әкімшілік қамауға алу туралы қаулыға наразылық келтіру оның орындалуын тоқтатпайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) ол жөнінде ӘҚБтК-те көзделген негіздер бойынша істі қысқарту туралы қаулы шығарған адам кінәсіз деп есептеледі. Оны ақтау және істі қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) заңсыз әрекеттері нәтижесінде оған келтірілген зиянды өтеу жөнінде заңда көзделген шаралардың бәрін қолдануға тиіс. Зиянды өтетуге өзі жөнінде іс жүргізіліп жатқан адамның және заң бойынша ісін қысқартуға жататын адамдардың құқығы бар. Олардың мүліктік зиянды толық көлемінде өтетуге, моральдық зиян салдарын жойғызуға және барлық жоғалтқан немесе нұқсан келтірілген құқықтарын қалпына келтіруге құқығы бар.

14.5. Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуы

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қабылданған қаулыны орындау да - юрисдикциялық іс жүргізу сатыларының бірі. Ол өзінің ерекше заңдық маңыздылығымен айырылады, өйткені әкімшілік-процессуалдық қызметтің бұл түрін іс жүргізу жөнінен аяқтайды.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы: әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы, егер оған шағым берілмесе немесе наразылық келтірілмесе, шағым беру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін; шағым, наразылық бойынша ұйғарым немесе қаулы шығарылғаннан кейін дереу заңды күшіне енеді.

Қаулы барлық мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, лауазымды адамдардың, жеке тұлғалардың және олардың бірлестіктерінің, заңды тұлғалардың орындауы үшін міндетті. Қаулы заңды күшіне енген сәттен бастап, ал арнаулы құқықтан айыру және әкімшілік қамау түрінде әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылар олар шығарылған сәттен бастап орындалуға жатады.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындауға жолдау қаулыны шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жүктеледі.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны ӘҚБтК-те белгіленген тәртіппен уәкілетті органдар орындайды. Адамның әкімшілік жазадан жалтаруы ол жазаны заңдарға сәйкес мәжбүрлеу тәртібімен орындауға әкеп соғады.

Әкімшілік қамау, арнаулы құқықтан айыру немесе айыппұл салу (әкімшілік құқық бұзушылық жасалған жерде айыппұл өндіріп алуды қоспағанда) әкімшілік жаза қолдану туралы қаулылардың орындалуын заңда белгіленген мерзімде мүмкін етпейтін мәнжайлар болған кезде қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам) өзі жөнінде қаулы шығарылған адамның арызы бойынша қаулының орындалуын бір айға дейінгі мерзімге кейін қалдыра алады. Әкімшілік жауапқа тартылған адамның материалдық жағдайын ескере отырып, айыппұл төлеуді үш айға дейінгі мерзімге созуы мүмкін.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны шығарған судья, орган (лауазымды адам): әкімшілік жауаптылық белгіленетін заңның немесе оның жекелеген ержелерінің күші жойылған; егер әкімшілік жауаптылық белгіленетін заңды немесе оның жекелеген ережелерін ҚР-ның Конституциялық Кеңесі Конституцияға сәйкес келмейді деп тануы салдарынан олардың күші жойылған; әкімшілік жауапқа тартылған адам қайтыс болған немесе заңда белгіленген тәртіппен өлді деп хабарланған; әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны орындаудың ескіру мерзімі өткен жағдайларда әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуын қысқартып, әкімшілік жазадан босатады.

Егер әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы заңды күшіне енген күннен бастап, бір жыл ішінде, ал салық салу саласындағы құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жаза қолдану туралы қаулы бойын-

ша - ол заңды күшіне енген күннен бастап бес жыл ішінде орындалмаса, ол орындауға жатпайды.

Әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны, ол бойынша жаза толық орындалған соң, жазаның орындалғаны туралы белгі соғып, қаулыны орындаған орган қаулыны шығырған судьяға, органға (лауазымды адамға) қайтарады.

ӘҚБтК-те әкімшілік жазаның жекелеген түрлерін орындау тәртібі белгіленген.

Әкімшілік жауапқа тартылған адам айыппұл салу туралы қаулы шығарған судьяға, органға (лауазымды адамға) жазбаша нысанда кейіннен хабарлай отырып, айыппұлды әкімшілік айыппұл салу туралы қаулының заңды күшіне енген күнінен не кейінге қалдыру мерзімі өткен күннен бастап отыз күннен кешіктірмей мемлекеттік бюджетке төлеуге тиіс. Егер белгіленген мерзімде өз еркімен төлемесе, айыппұлды мәжбүрлеп өндіріп алу туралы қаулыны сот жауапқа тартылған адамның жалақысынан немесе өзге де табыстарынан айыппұл сомасын ұстау үшін оның жұмыс істейтін не сыйақы, зейнетақы, стипендия алатын ұйымның әкімшілігіне жібереді. Айыппұл алты айдан аспайтын мерзімде ұсталады. Егер айыппұлды өндіріп алу мүмкін болмаса, айыппұл салу туралы қаулыны оны шығарған сот мәжбүрлеп орындату үшін сот орындаушысына жібереді.

Заңды тұлғаға айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату үшін заңда көзделген өз еркімен орындау мерзімі біткеннен кейін әкімшілік жаза қолданған орган (лауазымды адам) айыппұл салу туралы қаулыны қарау үшін сотқа жібереді.

Сот айыппұлды мәжбүрлеп өндіріп алу туралы қаулыны заңды тұлғаның банк шотынан оның келісімінсіз, ҚР-ның заңнамасында белгіленген тәртіппен ақша алу үшін банкке немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға жібереді.

Салық салу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылықтар бойынша айыппұлды мәжбүрлеп өндіріп алу туралы қаулыны сот ҚР-ның салық заңнамасында белгіленген тәртіппен айыппұл сомаларын өндіріп алу үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттаманы жасаған және (немесе) әкімшілік жазаны қолданған салық қызметі органына жібереді.

Банк немесе өзге де кредит мекемесі айыппұл сомасын мемлекеттік бюджетке аударуға міндетті. Заңды тұлғаның шоттарында

ақша болмаған жағдайда айыппұл сомасын өндіріп алу туралы қаулы жазаны заңды тұлғаның мүлкін өндіріл алуға айналдыру үшін сот орындаушысына жібереді.

Айыппұл салу туралы қаулыны мәжбүрлеп орындату үшін әкімшілік жаза қолданған орган (лауазымды адам) оны Кодекстің 703 бабында белгіленген мерзімнен кешіктірмей сотқа жіберуі мүмкін. Айыппұлды мәжбүрлеп өндіріл алуға байланысты қосымша шығыстар шешімді өз еркімен орындамаған адамға жүктеледі.

Затты өтемін төлеп алып қою немесе тәркілеу туралы қаулыны сот орындаушысы, ал қару жөнінде - ішкі істер органы орындайды.

Арнаулы құқықтанан айыру туралы қаулыны ішкі істер органдарының, бақылау-қадағалау органдарының лауазымды адамдары, мысалы, жүргізуші куәлігін немесе аң аулау билетін алып қою арқылы орындайды. Жеке кәсіпкерді немесе заңды тұлғаны *лицензиядан, арнаулы рұқсаттан, біліктілік аттестатынан (куәлігінен) айыру* не белгілі бір қызмет түріне оның қолданылуын *тоқтата тұру* туралы қаулыны оларды берген органдардың лауазымды адамдары орындайды.

Салынып жатқан немесе салынған *құрылысты мәжбүрлеп бұзу* заң бұзушының есебінен жүзеге асырылады. *Әкімшілік қамауға алу* туралы қаулыны ішкі істер органдары орындайды.

ҚР-нан шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды әкімшілік жолмен шығарып жіберу туралы қаулыны өздерінің құзыретіне жатқызылған құқық бұзушылықтар бойынша шекара қызметі органдары және ішкі істер органдары орындайды. Шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды аумағына аталған адам шығарып жіберілетін шет мемлекет өкіметінің өкіліне ресми беру не ҚР-нан шығарып жіберілетін адамға бақылау жасалына отырып, өз бетімен кетуі арқылы жүргізіледі.

15-тақырып.

ӘКІМШІЛІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕЖИМДЕР

Тақырыпты талдау барысында төмендегі сұрақтар қарастырылады:

15.1. Әкімшілік-құқықтық режимдердің ұғымы және түрлері.

15.2. Төтенше жағдай режимі.

Әкімшілік-құқықтық режим деп жеке және заңды тұлғалардың атқарушы билік аясындағы қызметінің ерекше құқықтық режимі түсіндіріледі, ол заңдармен белгіленеді және төтенше сипаты бар мән-жайлармен немесе қызмет түрінің ерекшеліктерімен байланысты болады.

Бұл ретте мемлекеттің амалсыз пайдаланатын құқықтық, ұйымдастырушылық және өзге де шараларының кешені әдеттегі жағдайларда қолданатын іс-әрекеттерінен елеулі түрде өзгешеленеді. Ал әкімшілік-құқықтық режимді іске асыруға қатысушылардың құқықтық мәртебесіндегі өзгерістер, қағида бойынша атқарушы билік органдарының өкілеттіктерін күшейтуден және керісінше, басқарушылық қатынастардың басқа қатысушыларының құқықтарын шектеуден немесе тіпті оларға жаңа не қосымша міндеттер жүктеуден көрініс табады. Бірақ, барлық жағдайда да мынаны есте ұстау керек, Конституцияның 39-1-бабы бойынша адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен имандылығын сақтау мақсатына қажетті шамада ғана және тек заңмен шектеулі мүмкін.

Конституцияның 44 бабының 17 тармақтарында Республикаға қарсы агрессия жасалған не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей қатер төнген жағдайда ҚР-ның Президенті Республикасының бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде әскери жағдай енгізеді немесе жалпы мобилизация жариялап, бұл туралы Республика Парламентіне дереу хабарлайды деп қаралған.

Әскери жағдай режимі «Соғыс жағдайы туралы» 2003 жылы 5 наурыздағы ҚР-ның заңымен реттеледі. Бұл Заң бойынша соғыс жағдайы ҚР-на қарсы агрессияны не оның қауіпсіздігіне сырттан тікелей төнген қатерді болдырмауға немесе оларға тойтарыс беруге

жағдай жасауға бағытталған саяси, экономикалық, әкімшілік, әскери және өзге де шаралар кешенін көздейтін және ҚР-ның Президенті Республиканың бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде енгізетін ерекше құқықтық режим.

Соғыс жағдайы Президенттің жарлығымен енгізіледі. Жарлықта: соғыс жағдайын енгізу үшін негіз болған мән-жайлар; енгізілген шаралардың және азаматтар мен басқа тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын уақытша шектеулердің тізбесі; соғыс жағдайы енгізілетін аумақтың шекаралары; соғыс жағдайын орнату мен қолдау үшін тартылатын күштер мен құралдар; соғыс жағдайы қолданыла бастайтын уақыт белгіленеді.

Соғыс жағдайы енгізілген жерлерде заңдарға сәйкес әскери басқару органдарының өкілеттіктері кеңейтіледі, оларға мемлекеттік билік пен басқару органдарының қорғаныс және қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету саласындағы барлық функциялары көшеді.

Заңда соғыс жағдайы режимін қамтамасыз ету үшін қандай шаралар қолданылуға болатындығы, ҚР-сы Президенті мен Үкіметінің соғыс жағдайы кезеңіндегі өкілеттіктері, азаматтардың және басқа да адамдардың, ұйымдардың міндеттері қаралған.

ҚР-ның аумағындағы немесе оның жекелеген жерлеріндегі соғыс жағдайы, оны енгізуге негіз болған әрекеттер тоқтағаннан кейін, Президенттің жарлығымен күшін жояды.

Конституцияның 45 бабында төтенше жағдай енгізу мүмкіндігін қараған. Ол жөнінде кейін толығырақ айтылады.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасы туралы» 1993 жылғы 13 қаңтардағы ҚР-ның заңымен және кейіннен оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдармен ҚР-ның Мемлекеттік шекарасын қорғаудың тәртібі белгіленген.

ҚР-ның мемлекеттік шекарасы дегеніміз ҚР-сы аумағының шегін-құрғақ, су, жер қойнау және әуе кеңістігі шегін айқындайтын сызық және осы сызық бойынша өтетін жаздық қабат.

Заңның 3 бөлімі «ҚР-сы мемлекеттік шекарасының тәртібі» деп аталады. Мұның 4 бабында бұл тәртіптің мазмұны мен тағайындалуы ашып көрсетілген. Онда ҚР-сы Мемлекеттік шекарасының тәртібі ҚР-сы мен шектес мемлекеттердің шекарадағы өзара қатынастарына байланысты барлық мәселелерді реттеу мақсатында белгіленеді делінген. Мемлекеттік шекара тәртібі мына ережелерді қамтиды:

- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан ұстау;
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан өту;
- әскери емес әуе (теңіз) кемелерінің ұшып шығуы (кету), ұшып келуі (кіруі);
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасынан өткен кездегі бақылау;
- адамдарды, көлік құралдарын, жүкті және басқа мүлікті ҚР-ның Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу;
- ҚР-ның Мемлекеттік шекарасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру;
- көрсетілген ережелерді бұзумен байланысты жанжалдарды шет мемлекеттермен шешу.

Шекара тәртібін ұстауға сәйкес Мемлекеттік шекара тәртібін қамтамасыз етуге қатысатын мемлекеттік органдардың және әкімшілік құқықтың өзге субъектілерінің ерекше өкілеттіктері айқындалған. Сонымен бірге Мемлекеттік шекара тәртібі қаралып отырған заңмен, ҚР-сы Президенті мен Үкіметінің актілерімен және халықаралық шарттарымен белгіленеді деп бекітілген. Осыған орай, ҚР-ның халықаралық шарттарына сәйкес адамдарды, көлік құралдарын, жүкті және басқа мүлікті ҚР-ның Мемлекеттік шекара арқылы өткізудің жеңілдетілген тәртібі белгіленуі мүмкін.

«Мемлекеттік құпиялар туралы» ҚР-ның 1999 жылғы 15 наурыздағы заңымен ҚР-ның ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік құпияларды қорғаудың тәртібі айқындалған. Бұл тәртіп мәліметтерді мемлекеттік құпияларға жатқызуға, оларды құпияландыруға, оларға билік етуге, олады қорғау мен құпиясыздандыруға байланысты туындайтын құқықтық қатынастардың ықпалдылығын қамтамасыз етеді.

Бұл тәртіпте құпия болып табылатын мәліметтер және оларды иеленушілер жөнінде айқын нұсқаулар бар. Заңда ҚР-сы Президентінің, Парламентінің, Үкіметінің, мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы арнаулы өкілеттіктері белгіленген.

Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге жатқызылатын деректерге иелік ететін барлық әкімшілік құқық субъектілерінің құқықтары ішінара, уақытша шектеледі (мысалы, Қазақстаннан тыс жерлерге шығу құқығын уақытша шектеу). Мұнымен қоса, олар мемлекеттік құпиялар туралы заңдарды бұзғаны үшін заңдарда көзделген тәртіппен жауап береді. Сонымен бірге, өзінің

қызметінің түріне байланысты осы мәліметтерді иелік етуге тиісті лауазымды адамдар, азаматтар ерікті түрде ерекше тексеру рәсімдерінен өтеді.

Тиісті заңнамамен мына сияқты да әкімшілік-құқықтық режимдер қаралған, мысалы: кедендік; ҚР-ның аумағына келу және ҚР-нан кету; азаматтық әуе ұшқыштарының ұшу қауіпсіздігінің режимі; халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету режимі және басқалар. Мысалы, «Қоршаған ортаны қорғау туралы» 1997 жылғы 15 шілдедегі заңға сәйкес төтенше экологиялық жағдай жариялану мүмкіндігі, оның тәртібі, оны айқындау өлшемдері ҚР-сы Үкіметінің 2005 жылғы 5 мамырдағы қаулысымен бекітілген «Төтенше экологиялық жағдайды жариялау Ережесімен белгіленген». Үкіметтің бұл өкілеттілігі 2007 жылғы 9 қаңтарда қабылданған «ҚР-ның экологиялық кодексінде (16 бабының 11 тарауында) бекітілген. «Аталған режимдердің әрқайсысы бойынша құқықтық актлермен: режимнің мақсат-міндеті; оны жүзеге асыруға қатысатын мемлекет органдары; осы режиммен қаралған рұқсаттар, нұсқамалар, тыйымдар жүйесі; оны сақтауға бақылау жасау; режимді бұзғаны үшін жауапкершілік; режимді жүзеге асырған кезде азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілдіктері; режимнің мүмкіндіктерін құқықтық тәртіпті нығайту мен құқық бұзушылықтың жолын кесуде пайдалану.

15.2. Төтенше жағдай режимі

Төтенше жағдай режимі ҚР-сы Конституциясының 44 бабының 16 тармағымен және «Төтенше жағдай туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы заңмен реттелген.

Төтенше жағдай – азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және ҚР-ның конституциялық құрылысын қорғау мүдделерінде ғана қолданылатын және мемлекеттік органдар, ұйымдар қызметіне, азаматтардың, шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың құқықтары мен бостандықтарына, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарына жекелеген шектеулер белгілеуге жол беретін және оларға қосымша міндеттер жүктейтін ерекше құқықтық режим болып табылатын уақытша шара.

Төтенше жағдайды енгізудің мақсаты оны енгізуге себеп болған мән-жайларды жою, адам мен азаматтың қауіпсіздігін, құқықтары мен бостандықтарын қорғауды, ҚР-ның конституциялық құрылысын қорғауды қамтамасыз ету. Заңмен төтенше жағдайды енгізу мен оның күшін жоюдың шарттары, негіздері, тәртібі белгіленген.

Төтенше жағдай ҚР-ның демократиялық институттарына, тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына, саяси тұрақтылығына, оның азаматтарының қауіпсіздігіне елеулі және тікелей қауіп төнген және мемлекеттің конституциялық органдарының қалыпты жұмыс істеуі бұзылған жағдайда енгізіледі. Төтенше жағдайды енгізу негіздері болатын мән-жайларға, жоғарыдағы талаптар сақталған жағдайда:

- шекаралас мемлекеттер аумақтарынан шекара арқылы жаппай өту; конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге ұмтылу; билікті күштеп басып алуға бағытталған іс-әрекеттер; ҚР-ның аумақтық тұтастығын бұзу; жаппай тәртіпсіздіктер, ұлтаралық және конфессияаралық қақтығыстар; аса маңызды объектлерді басып алуы; заңсыз әскери құрылымдар құру;

- дүлей зілзала (жер сілкінісі, т.б.) дағдарысты экологиялық жағдайлар, табиғи өрттер, эпидемиялар, қауіпті апаттар, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар жатады.

Төтенше жағдайды ҚР-ның бүкіл аумағында немесе оның жекелеген жерлерінде ҚР-ның Президенті ҚР-ның Премьер-министрімен және Парламенті палаталарының төрағаларымен ресми кеңесуден кейін тиісті жарлығымен енгізеді, бұл туралы Парламентке дереу хабарланады. Жарлықта мыналар көрсетілуге тиіс: төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар; оны енгізу қажеттігінің негіздемесі; төтенше жағдай енгізілетін жерлердің шекаралары; төтенше жағдай режимін қамтамасыз ететін күштер мен құралдар; енгізілетін шаралардың және жеке тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды тұлғалардың құқықтарын уақытша шектеулердің, сондай-ақ оларға қосымша жүктелетін міндеттердің тізбесі; төтенше жағдай режимі кезінде қолданылатын іс-шараларды жүзеге асыруға жауапты мемлекеттік органдар (лауазымды адамдар); төтенше жағдайды енгізу уақыты және оның қолданылу мерзімі. ҚР-ның бүкіл аумағында енгізілетін төтенше жағдайдың күшінде болу мерзімі 30 тәуліктен, ал оның жекелеген

жерлерінде 60 тәуліктен аспауға тиіс. Бұл мерзім өткеннен кейін төтенше жағдай тоқтатылды деп есептеледі. Ал, төтенше жағдайды енгізуге негіз болған мән-жайлар жойылмаған жағдайда, Президент жоғарыда көрсетілген мерзімдер шегінде оның қолданысын ұзартуға құқылы.

Президент мемлекеттік басқарудың төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы органдарын құруы мүмкін, оларға; Президенттің жанындағы Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия; жергілікті жердің комендатурасы жатады. Бұл органдардың құрылу және қызметінің тәртібі, сондай-ақ негізгі міндеттері мен функциялары «Төтенше жағдай туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 2006 жылғы 14 қаңтардағы заңмен нақтыланған.

Мемлекеттік комиссия төтенше жағдайды енгізу үшін негіз болған мән-жайларды жою жөнінде шаралар әзірлейді, оларды жүзеге асыруды ұйымдастырады және орындалуына бақылау жасайды. Төтенше жағдай енгізілген жердің комендатурасы жергілікті атқарушы органдармен өзара іс-қимыл жасасып төтенше жағдай режимін қамтамасыз етеді; оның мәселелері жөнінде тиісті аумақта орындауға міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығарады; заңдылық пен құқық тәртібін қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады және т.б.

Төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін ішкі істер, ұлттық қауіпсіздік органдарының, ҚР-ның төтенше жағдайлар жөніндегі орталық атқару органының және басқа да мемлекеттік органдардың күштері мен құралдары пайдаланылады.

Қажет болған жайларда Президент жарлығының негізінде төтенше жағдай режимін қамтамасыз ету үшін Қарулы Күштер тартылуы мүмкін.

Заңмен төтенше жағдай кезінде қолданылатын шаралар мен шектеулер белгіленген (15,16-баптар). Олар, мысалы: жүріп-тұру еркіндігін шектеу; жиналыстарға, митингілер мен демонстрацияларға, шерулер мен тосқауылдарға тұруға, сондай-ақ ойын-сауық және басқа да бұқаралық іс-шаралар өткізуге тыйым салу немесе шек қою, т.б. қолданылуы мүмкін. Қосымша шаралар ретінде комендаттық сағат енгізу, бұқаралық ақпарат құралдарын бақылауды жүзеге асыру, радио және телехабарларын пайдалануға шек қою немесе тыйым салу; саяси партиялар мен қоғамдық бірлестіктердің

қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату; тұрғындарды қауіпсіз аудандарға уақытша көшіру; апаттық-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізуге еңбекке жарамды тұрғындарды және олардың көлік құралдарын тарту көзделеді. Заңда комендаттық сағат аяқталғанға дейін, ал жеке басын куәландыратын құжаттары өзімен бірге болмағандарды жеке басын анықтағанға дейін, бірақ 48 сағаттан аспайтын уақытқа ұстау қаралған.

Жоғарыда айтылғандай, төтенше жағдайлар табиғи және техногендік сипаттағы құбылыстарға да байланысты болуы мүмкін. Мұндай жағдайдың алдын алу мен оларды жою жөніндегі қоғамдық қатынастар «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» 1996 жылғы 5 шілдедегі заңмен реттеледі.

Бұл сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін арнайы апаттық-құтқару қызметі мен құрамалары және құтқарушылар ұйымдастырылады. Оларды ұйымдастыру мен қызметінің құқықтық негізіне «Апаттық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы» 1997 жылғы 27 наурыздағы заң жатады.

Төтенше жағдайдың режимін және апаттық – құтқару қызметінің талаптарын бұзушылардың жауапкершіліктері жоғарыда аталған заңдарда ӘҚБтК-те және басқа қолданылып жүрген заңдық актлерде қаралған.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҒЫ» КУРСЫ БОЙЫНША СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ЖОСПАРЫ

Методикалық кеңестер

Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқығы курсы бойынша оқу сабақтарының бір нысаны болып семинарлар табылады. Сабақтардың бұл нысаны лекцияларда алынған білімдерді бекітуге, нормативтік-құқықтық және оқу әдебиеттерін шығармашылық анализдеу және өздігінен зерттеу мүмкіндігін дамытуға арналған. Мұндай мақсаттармен студент сабақтың осы түріне дайындалу кезінде семинардың барлық тақырыптарын дайындап, жағдайлық есептерді, т.б. өзі шығаруы тиіс.

Сабақтарға дайындалу кезінде арнайы жұмыс дәптерін жүргізген дұрыс. Онда барлық жазбаша тапсырмалар, қысқаша конспектер мен басқа да үй тапсырмалары жазылады, және нормативтік-құқықтық актлерді оқығаннан кейін жазбаша ескертпелер жүргізіледі.

Семинарлар кезінде студенттердің жазбаша тапсырмалары, оның ішінде баяндамалар, рефераттар, т.б. тыңдалуы мүмкін.

1-тақырып: Әкімшілік құқықтың түсінігі, пәні және әдістері

1. Әкімшілік құқықтың сала, ғылым және пән ретіндегі түсінігі.
2. Әкімшілік құқығының даму тарихы.
3. Әкімшілік құқықтың жүйесі. Әкімшілік құқықтың институттары.
4. Әкімшілік құқықтың нормативтік-құқықтық, материалдық және ғылыми қайнар көздері.
5. Әкімшілік құқықтың әдістері.
6. Әкімшілік құқық және мемлекеттік басқару.

2-тақырып: Әкімшілік-құқықтық нормалар және құқықтық қатынастар

1. Әкімшілік-құқықтық нормалардың түсінігі, олардың құрылымы. Әкімшілік-құқық нормалардың ерекшеліктері мен түрлері.
2. Әкімшілік құқық шығармашылық. Әкімшілік-құқықтық нормалардың іске асырылуы.

3. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түсінігі, олардың ерекшеліктері. Әкімшілік-құқықтық қатынастардың түрлері.

4. Әкімшілік-құқықтық мәртебенің түсінігі.

3-тақырып: Атқарушы билік органдарының жүйесі

1. Атқарушы билік органдарының түсінігі мен құқықтық мәртебесі. Атқарушы билік органдары жүйесінің құрылуының қағидалары.

2. Атқарушы билік органдарының құрылымы мен түрлері.

3. Президенттің Үкіметке қатысты өкілеттіктері. Президенттің Орталық атқарушы билік органдарына қатысты өкілеттіктері. Жергілікті атқарушы билік органдарына қатысты Президенттің өкілеттіктері. Президент ең жоғарғы лауазымдық тұлға ретінде.

4-тақырып: ҚР-ның Үкіметі Қазақстан Республикасының ең жоғарғы атқарушы органы ретінде

1. Қазақстан Республикасының Үкіметінің құқықтық мәртебесі. ҚР-ның Үкіметінің құрылымы. Үкімет қызметінің регламенттенуі.

2. Атқарушы билік органдарына қатысты Үкіметтің өкілеттіктері. Үкімет пен Парламент арақатынасы.

3. Үкімет өкілеттігі. Үкіметтің жауаптылығы. Үкімет мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Үкімет мүшелерінің жауаптылығы.

4. Үкімет акттері.

5-тақырып: Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы билік органдары

1. Орталық атқарушы билік органдарының түсінігі мен жүйесі.

2. Орталық атқарушы билік органдарының мәртебесі мен маңызы. Үкімет құрамына кіретін орталық атқарушы органдарының мәртебесі.

3. Үкімет құрамына кірмейтін орталық атқарушы органдарының мәртебесі.

6-тақырып. Жергілікті атқарушы билік органдары

1. Жергілікті атқару билік органдарының жүйесі. Әкімнің құқықтық мәртебесі. Жергілікті мемлекеттік басқару туралы ҚР-ның заңнамасы.

2. Әкім өкілеттігі. Әкімнің жоғарғы және орталық атқарушы билік органдарымен арақатынасы.

3. Әкім және жергілікті өкілді органдарының арақатынастары. Әкім актілері. Әкімшіліктердің құқықтық мәртебесі, олардың құрылымы.

4. Әкім, әкімшілік және жергілікті атқарушы билік органдарының территориялық бөлімшелерімен өзара әсерлесуі.

7-тақырып: Әкімшілік құқық субъектілері ретінде жеке тұлғалар

1. Әкімшілік-құқықтық мәртебенің түсінігі.

2. ҚР-ның азаматтардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі: Азаматтардың арнайы және ерекше әкімшілік-құқықтық мәртебелерінің түсінігі және түрлері.

3. Шетел азаматтары және азаматтығы жоқ тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі. ҚР-на келу, тіркелу, тұру және ҚР-ның шегінен кетудің тәртібі. ҚР-нан шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды кетірудің тәртібі мен негіздері.

8-тақырып: Әкімшілік құқықтың субъектілері ретінде заңды тұлғалар

1. Заңды тұлғалардың әкімшілік-құқықтық мәртебесі.

2. Заңды тұлғаларға қатысты мемлекеттің рұқсат беруші, тіркеуші және бақылау-қадағалаушылық жүйесі.

3. Заңды тұлғаларды тіркеу тәртібі.

4. Заңды тұлғалардың қызметін лицензиялау тәртібі.

9-тақырып: Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қызмет

1. Мемлекеттік қызмет түсінігі. Мемлекеттік қызмет қағидалары.

2. Мемлекеттік қызмет бойынша Агенттіктің мәртебесі мен өкілеттіктері. Президенттің ең жоғарғы лауазымды тұлға ретіндегі өкілеттіктері.

3. Қазақстандағы мемлекеттік қызмет институтын құқықтық реттеу.

4. Саяси және әкімшілік қызметкерлерінің мемлекеттік қызметтен өтуінің тәртібі.

5. Мемлекеттік қызметкерлердің жауаптылығы. Саяси және әкімшілік қызметкерлердің тәртіптік жауаптылығы.

10-тақырып: Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі

1. Мемлекеттік қызметкер түсінігі. Мемлекеттік қызметкерлер түрлері: саяси және әкімшілік.

2. Саяси қызметкерлердің құқықтық мәртебесі.

3. Әкімшілік қызметкерлердің құқықтық мәртебесі.

4. Мемлекеттік қызметкерлердің әлеуметтік құқықтары.

5. Мемлекеттік қызметкерлердің құқықтары мен бостандықтарының құқықтық кепілдіктері.

11-тақырып: Мемлекеттік басқару нысандары

1. Мемлекеттік басқарудың нысандарының түсінігі.

2. Мемлекеттік басқарудың құқықтық нысандарының түсінігі.

3. Мемлекеттік басқарудың құқықтық емес нысандарының түсінігі. Олардың ерекше белгілері.

4. Нормативтік-құқықтық актілердің түсінігі және түрлері.

Мемлекеттік басқарудың жеке актілерінің түсінігі. Мемлекеттік басқару актілеріне талаптар.

5. Әкімшілік-құқықтық шарттар және келісімдер. Әкімшілік шарттардың түрлері.

12-тақырып: Мемлекеттік басқару әдістері

1. Мемлекеттік басқару әдістерінің түсінігі. Ынталандыру түсінігі және түрлері. Мемлекеттік наградалар.

2. Мәжбүрлеу түсінігі және түрлері. Құқықтық және құқықтық емес мәжбүрлеу.

3. Әкімшілік-құқықтық мәжбүрлеу, ерекшеліктері мен түрлері: ескерту, тоқтату және жауаптылық.

13-тақырып: Әкімшілік мәжбүрлеу, түсінігі, түрлері

1. Әкімшілік мәжбүрлеу түсінігі. Әкімшілік мәжбүрлеу шараларының түрлері.

2. Әкімшілік ескерту түсінігі. Ескерту шаралары: тексерулер, жұмыстарды тоқтату, карантин, жұмыстардан шеттету, т.б.

3. Әкімшілік алдын алу шаралары: жалпы, арнайы және процессуалдық. Бас бостандығынан айыру орындарынан шыққан тұлғаларға әкімшілік бақылау. Күштеп емдеу, түсінігі, ерекшеліктері және түрлері. Әкімшілік ескерту шараларын қолданудың құқықтық реттелуі.

4. Әкімшілік алдын алудың процессуалдық шаралары: әкімшілік ұстау, жеке тінту, көлікті тінту, алып келу және т.б. Арнайы құралдарды, қару және дене күшін қолдану

14-тақырып: Әкімшілік жауаптылық

1. Әкімшілік жауаптылық түсінігі. Әкімшілік жауаптылық туралы заңнама. Әкімшілік құқық бұзушылық түсінігі және оның құрамы.

2. Әкімшілік жазаның шаралары. Әкімшілік юстиция. Әкімшілік юрисдикция.

3. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндіріс түсінігі. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер бойынша өндірістің кезеңдері: іс қозғау, істі қарау, іс бойынша шешім шығару, шығарылған шешімдерді орындау, арыз немесе протест бойынша істі қарау.

15-тақырып: Атқарушы билікті жүзеге асыру саласында заңдылық режимі

1. Атқарушы биліктің қызметі саласында заңдылықты қамтамасыз етудің маңызы және мәні.

2. Атқарушы биліктің қызметінің заңдылығына бақылау саласында прокуратура өкілеттігі.

3. Сот өкілеттіктері және атқарушы биліктің органдарының бақылау-қадағалау функциялары.

4. Бақылау және қадағалау: түсінігі және ара-қатынасы. Ведомствоішілік және сырттай бақылау, мақсаттық, жоспарлық және бақылаудың басқа да түрлері. Уақытша және тұрақты қадағалау.

Пайдаланған әдебиеттер және нормативті-құқықтық актлердің тізімі:

1. Тихомиров Ю.А. Курс административного права и процесса. -М., 1998.
2. Бахрах Д.Н: Административное право. -М., Изд-во "Бек" 1996.
3. Алехин А.П., Кармолицкий А.А., Козлов Ю.М. Административное право Российской Федерации. -М., 1996.
4. Российское полицейское (административное) право. Конец XIX начало XX века. Хрестоматия. -Из-во Воронежского университета И.И. Комментарий к Кодексу РСФСР об административных правонарушениях. М., Из- во ПРОСПЕКТ 1997 г.
5. Таранов А.А. Административное право Республики Казахстан. Общая часть А., 2001.
6. Таранов А.А. Административное право Республики Казахстан. Особенная часть. 2001г.
7. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность. -А., 2000.
8. Жетписбаев Б.А. Административное принуждение. -А., 2003.
9. Ибрагимов Ю.Х. Административное право Республики Казахстан. -А., 2001.
10. Овсянко Д.М. Административное право. -М., Юрист. 1997.
11. Жатқанбаева А.Е. Законодательство Республики Казахстан об административных правонарушениях. -Из-во Казак университеты. 2003.
12. Теория государственного управления 1 и 2 части. -А.,2001.
13. Россинский Б.В. Административное право. Учебное пособие в схемах. -М., Юрист, 1998.
14. Пралиева Г. Административное право. -А., Жеті Жарғы, 2006.
15. Комментарии к Кодексу об административных нарушениях. А., 2004 г.
16. Баянов Е.Б. Әкімшілік жауапкершілік. -А., 2007.
17. Назарбаев Н.А. Стратегия становления и развития Казахстана как суверенного государства. -Алма-Ата, 1992.
18. Назарбаев Н.А. Стратегии развития Казахстана до 2030 г.

19. «Казахстан на пути ускоренной экономической, социальной и политической модернизации» Послание Президента народу Казахстана от 18 февраля 2005 года.

20. Дауранов И.Н. Организация государственного управления. - Алматы, 1997. - 149 с.

21. Чиркин В.Е. Государственное управление. Элементарный курс. - М.: Юристъ, 2001. - 320 с.

22. Пикулькин А.В. Система государственного управления. - М., 1997.

23. Дуйсенов Э.Э. Государственная служба Казахстана и Кыргызстана (правовое регулирование). - Ош, 2001. - 244 с.

24. Турисбеков З.К., Капаров С.Г. Управление государственной службой в Республике Казахстан. - Екатеринбург, 2002. - 160 с.

25. Турисбек А. Государственная служба в Республике Казахстан. - Астана: Академия государственной службы при Президенте Республики Казахстан, 2004. - 221 с

26. Уваров В.Н. Государственная служба и управление: Учебник. – Петропавловск: Сев.Каз.юрид.академия, 2004.

27. Азаматтық құқық. М.К.Сүлейменов. Ю.Г.Басин. – Алматы, 2003.

28. Ағыбаев А. Қылмыстық құқық. Оқулық, жалпы бөлім, Алматы-2001.

29. Алауханов Е. Қылмыстық құқық. Оқу құралы. Ерекше бөлім. А., 2001.

30. Айымханов Н. Қазақстан Республикасының еңбек құқығы, оқу құралы. -А., 2001.

31. Бакқұлов С. Құқық негіздері. Оқу құралы. -ҚазМСҚА, А., 2001.

32. А.Ибраева, Г.Әлібаева, Қ.Айтхожин Құқықтану.- А., 2006.

33. Баянов Ммлекеттік құқық негіздері. –А., 2003.

34. Құнқожаев Құқық негіздері.

35. «ҚР Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Кодексі. // 2001 жыл 30 қаңтар.- Алматы: Жеті Жарғы, 2001.

36. «Әкімшілік рәсімдер туралы» қр заңы. 2000 жыл 27 қараша. //ҚР Парламентінің жаршысы. – 2000. - № 20.33.

37. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Алматы. 1995.

38. «ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексі. // 2001

жыл 30 қаңтар. -Алматы: Жеті Жарғы, 2001.

39. Рохлин В.И., Стуханов А.А. Актуальные проблемы борьбы с административными правонарушениями. /правоведение. 1997. № 3.

40. Григорьев В.И. Административная ответственность за нарушение налогового законодательства. –Алматы. 1997.

41. Додин Е.В. доказательство в административном процессе. – М.: 1973.

42. Лукьянов В.В. Административные правонарушения и уголовные преступления: в чем различие. Государство и право. 1996. № 3.

43. Овчарова С.В. Материально-правовые проблемы административной ответственности юридических лиц. Государство и право. 1998. № 7.

44. Студиникина М.К. Что такое административная ответственность? М.1980 г

45. Бахрах Д.Н. Состав административного правонарушения. Екатеринбург 1982 г.

46. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы: Жеті жарғы, 1995.

47. Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы 7 қазандағы 1998 жылғы Қазақстан Республикасының Заңы // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы. – 1998. - №20.

48. Қазақстан Республикасы Президентінің заңдық күші бар «Азаматтардың өтініштерін қабылдаудың тәртібі туралы» Жарлығы 1995 жыл 19 маусым №9-10 //Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жарғысы.-1995.-№9-10, 71бап

Қосымша әдебиеттер:

1. Прутников А.С., Андриашин Х.А. Административно-правовое обеспечение прав и свобод человека и гражданина. -М., «ЮНИТИ» 1998.
2. Таранов А.А. Административная ответственность в Республике Казахстан. -А., 1997.
3. Жатқанбаева А.Е. Законодательство РК об административной ответственности. -А., 2002.
4. Жетписпаев Б.А. Административный процесс. -А., 2002.
5. Административная ответственность в СССР. -Саратов, 1988.
6. Бахрах Д.Н. Административно-правовые санкции. -М., 1972.
7. Галаган И.А. Административная ответственность в СССР.- Воронеж 1970.
8. Комментарии к КоАП РСФСР. -М., 1997.
9. Таранов А.А. Комментарии в КоАП РК в двух книгах.- Алматы. Норма –К, 2002.
10. Дюрягин И.Я. Право и управление. -М., 1981.
11. Стариков Ю.Н. Административная юстиция. Теория, история, перспективы. -М., Норма – ИНФРА, 2001.
12. Ушицкая А.А. Административные правонарушения и ответственность за их совершение. -Рига. 1988.
13. Якуба О.М. Административная ответственность. -М., 1972.
14. Агеева Е.А. Юридическая ответственность в государственном управлении. -М., 1990.
15. Манохин М., Адушкин Ю. Административная ответственность в СССР. -М., 1990.
16. Жетписпаев Б.А. Административная ответственность. -А., 2000.
17. Административная ответственность Учебное пособие. -М., Юриспруденция, 1999.
18. Практикум по административному праву. -Изд-во БЕК М., 1996.
19. Овсянко С.В. Административное право РФ. -С., 2002.
20. Юсупов В.А. Правоприменительная деятельность органов управления. -Юрид. Лит-ра. 1979.
21. Ахметов Р.И., Ибрагимов Х.Ю. Меры административного принуждения, применяемые органами внутренних дел. -А., «Ғылым» 1998.

22. Сборник нормативно-правовых актов по административному праву. Под.ред. Подопригора Р.Ю. –Юрист, 2002.
23. Административная ответственность и проблемы административного права (Четвертые «Лазаревские чтения») Государство и право 2000, № 10, с. 13-42.
24. О системе специальных методов полицейской деятельности. К.С.Бельский, Б.П. Елисеев, И.И.Кучеров Государство и право, 2003, №3, с.11-18.
25. О Концепции развития административного права и процесса. Тихомиров Ю.А. Государство и право №1, 1998 г.
26. Жетписбаев Б.А. Административное принуждение.-А., 2003.
27. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. Курс лекции. -М., Юрид. лит-ра, 1997.
28. Тихомиров Ю.А. Управление делами общества. -М., Мысль, 1984.
29. Лунев А.Е. Теоретические проблемы государственного управления. -М., Наука 1974.
30. Кисин В.Р. Меры административно-процессуального принуждения, применяемые милицией. -М., 1987.
31. Сорокин В.Д. Административно-процессуальное право. -М., 2002.
32. Административная деятельность органов внутренних дел. Часть Общая. Учебник. -М., 2000.
33. Административное право зарубежных стран. Учебное пособие. -М., 1996.
34. Гарнапольский Р.И. Правовые проблемы разграничения компетенции РФ и ее субъектов в области законодательства об административной ответственности // В сб.: Институты административного права России.
35. Шиндяпина М.Д. Стадии юридической ответственности. Учебное пособие. -М., 1998.
36. Юридические понятия и термины // Ахметов Р.И. и др. - Алматы: ТОО Аян, 1997.
37. Бахрах Д.Н. Государственная служба: основные понятия, ее составляющие, содержание и принципы. /Государство и право. 1996. № 8
38. Государственная служба. Под. Ред. А. Байменова. –Алматы, Жеті-жарғы, 2000.

39. Дуйсенов Э.Э. Государственная служба: понятие и нормативно-правовые основы. Автореферат дис. ...к.ю.н. -Алматы. 1997.
40. Лазарев Б.М. Государственная служба. -М.: 1993.
41. Мусилимова К.С. Государственная служба в РК. Учебное пособие.- Болашак, 2002.
42. Ноздрачев А.Ф. Государственная служба. Учебник для подготовки государственных служащих. -М.: Статут, 1999.

Нормативті-құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995, 30-тамыз.
2. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодекс. 2001 ж 31-қаңтар.
3. Бюджеттік кодекс 24.04.04 ж.
4. ҚР «Мемлекет қызмет туралы» Заң. 27.06.1997 ж.
5. ҚР «Азаматтардың және заңды тұлғалардың өтініштерді қарау тәртібі туралы» Заң 17.02.2007 ж.
6. «Алкоголизмге, нашақорлық пен уытқұмарлық дертіне шалдыққан ауруларды еріксіз емдеу туралы» 1995 жылғы 7 сәуірдегі N 2184 Қазақстан Республикасының Заңы (2004.20.12. N 13-III ҚР Заңымен енгізілген өзгерістерімен)
7. " Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Психиатриялық жәрдем және оны көрсеткен кезде азаматтардың құқықтарына берілетін кепілдіктер туралы" Заңы
8. ҚР "Нормативті құқық актілері" туралы ҚР Заңы. 22.04.1998ж.
9. Қазақстан Республикасы 1996 жылы 22 қарашада қабылданған "Өрт қауіпсіздігі туралы"
10. "ҚР-ң прокуратурасы туралы" ҚР Президентінің 1995 ж. 21 желтоқсандағы заң күші бар Жарлығы.
11. "Ішкі істер органдары туралы" Президенттің заң күші бар Жарлығы. 1995 ж.
12. ҚР Президентінің 1995 жылғы 17-сәуірдегі «Лицензиалау туралы» Жарлығы.
13. Ережелерін бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 ж. 10 маусымдағы N 723 қаулысы (ҚР Үкіметінің 27.07.00 ж. N 1132 қаулысымен енгізілген өзгерістерімен).
14. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1999 ж. 9 шілдедегі N 8 нормативтік қаулысы (ҚР Жоғарғы Сотының 2002 ж. 15 тамыздағы N 18 нормативтік қаулысымен енгізілген өзгерістерімен)
15. Қазақстан Республикасы әділет органдарының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің өндірісі жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрінің

2002 ж. 10 маусымдағы № 87 бұйрығы.

16. Қазақстан Республикасының Президентінің "Қазақстан Республикасы аумағындағы шет елдіктердің құқықтық жағдайы туралы" заң күші бар Жарлығы. 27.05.1995 ж.

17. Конституция Республики Казахстан, принятая на республиканском референдуме от 30 августа 1995 года.

18. Кодекс РК №155-11 ЗРК от 30 января 2001 г. «Об административных правонарушениях».

19. Таможенный кодекс РК от 5 апреля 2003 г.

20. Уголовно-исполнительный Кодекс от 13 декабря 1997 года.

21. Земельный кодекс от 20 июня 2003 года.

22. Закон Республики Казахстан «Об административном надзоре за лицами, прибывшими из мест лишения свободы» от 15 июля 1996 г.

23. Закон Республики Казахстан «О принудительном лечении лиц больных заразной формой туберкулеза» от 10 декабря 2000 г.

24. Закон Республики Казахстан «О психиатрической помощи и гарантиях прав граждан при ее оказании» от 16 апреля 1997 г.

25. Указ Президента РК «Об органах национальной безопасности» от 21 декабря 1995 г.

26. «О Прокуратуре Республики Казахстан». Указ Президента, имеющий силу Закона от 21.12.1995 г.

27. Типовое положение о комиссии по защите прав несовершеннолетних. Утверждено постановлением Правительства РК от 17 июня 2001 г.

28. Указ Президента, имеющий силу Закона «Об органах внутренних дел РК» от 21 декабря 1995 г.

29. Указ Президента, имеющий силу Закона «О принудительном лечении больных алкоголизмом, наркоманией и токсикоманией» от 7 апреля 1995 г.

30. Указ президента РК от 20 января 2002 года «О Концепции правовой политики Республики Казахстан».

31. Об упорядочении государственных контрольных и надзорных функции. Указ Президента РК от 7 сентября 1999 г.

32. Правила контроля, досмотра ручной клади, багажа, грузов, почты, бортпитания экипажа воздушного судна и личного досмотра пассажиров. утверждены постановлением правительства РК от 10 июля 1996 г.

33. Инструкция по применению КоАП РК. Межведомственное соглашение от 17 февраля 2001 г.

34. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 19 апреля 1995г. N 514 Вопросы принудительного лечения лиц, страдающих алкоголизмом, наркоманией или токсикоманией, уклоняющихся от добровольного лечения, их медико-социальной реабилитации (с изменениями, внесенными постановлением Правительства РК от 30 мая 1997 г. N 906)

35. Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 27 декабря 2002 года N 78 Об утверждении Инструкции "О прокурорском надзоре за законностью судебных актов по административным делам"

36. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 11 февраля 2005 года № 97 Об утверждении Правил учета лиц, состоящих под административным надзором

37. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 14 декабря 2002 года N 787 Об утверждении Правил по организации работы участковых инспекторов полиции и их помощников

38. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 26 ноября 2004 года N 18 О некоторых вопросах применения судами законодательства об административных правонарушениях.

39. Нормативное постановление Верховного Суда Республики Казахстан от 13 декабря 2001 года N 20 Об условно-досрочном освобождении от наказания и замене неотбытой части наказания более мягким видом наказания.

40. Постановление Правительства Республики Казахстан от 19 апреля 2004 года N 431 О некоторых вопросах обеспечения безопасности дорожного движения.

41. Постановление Правительства Республики Казахстан от 30 ноября 2002 года №1274 Об утверждении Плана мероприятий по реализации Концепции правовой политики Республики Казахстан» (с изменениями, внесенными постановлениями Правительства РК от 29.11.03 г. № 1216; от 29.11.03 г. № 1210; от 19.12.03 г. № 1273; от 08.01.04 г. № 16; от 06.09.04 г. № 936; от 01.07.05 г. № 681)

42. Постановление Кабинета Министров Республики Казахстан от 19 апреля 1995г. N 514 Вопросы принудительного лечения лиц,

страдающих алкоголизмом, наркоманией или токсикоманией, уклоняющихся от добровольного лечения, их медико-социальной реабилитации (с изменениями, внесенными постановлением Правительства РК от 30 мая 1997 г. N 906)

43. Приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 13 июля 2005 года № 37 О внесении изменений и дополнений в приказ Генерального Прокурора Республики Казахстан от 5 декабря 2003 года № 67 «О создании централизованного банка данных об административных правонарушениях и лицах, их совершивших»

44. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 27 ноября 2004 года N 641 Об утверждении Правил о порядке, формах и видах привлечения граждан к мероприятиям по обеспечению общественного порядка

45. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 14 декабря

2002 года N 787 Об утверждении Правил по организации работы участковых инспекторов полиции и их помощников

47. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 14 декабря 2002 года N 789 Об утверждении Инструкции по организации работы дорожно-патрульной службы дорожной полиции органов внутренних дел Республики Казахстан

48. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 17 июля 2000 года № 400 Об утверждении Правил «Об организации работы участковых инспекторов полиции по делам несовершеннолетних органов внутренних дел Республики Казахстан» (с изменениями, внесенными приказом Министра внутренних дел РК от 1.11.04 г. № 603)

49. Приказ Министра внутренних дел Республики Казахстан от 20 июня 2001 года № 486 Об утверждении Инструкции по применению Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях в деятельности органов внутренних дел *(с изменениями и дополнениями по состоянию на 02.08.2005 г.)*

50. Распоряжение Президента Республики Казахстан от 30 апреля 1996 г. N 2967 О концепциях общественной и экологической безопасности Республики Казахстан

51. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 11 июня 2003 года N 446 Об утверждении Инструкции по

проведению медицинского освидетельствования для установления факта употребления психоактивного вещества и состояния опьянения(с изменениями, внесенными приказом Министра здравоохранения РК от 01.04.05 г. № 167)

52. Конституционный закон РК от 16.10.1995 г. № 2529 «О Парламенте Республики Казахстан»// Ведомости Парламента РК – 1995.-№ 21.

53. Конституционный закон РК от 26.12.1995 г. № 2733 «О Президенте Республики Казахстан» // Вести Казахстана.-1996, 4 янв.

54. Конституционный закон Республики Казахстан от 18 декабря 1995 года № 2688 «О Правительстве Республики Казахстан».

55. Закон Республики Казахстан «О местном государственном управлении в Республики Казахстан» от 23 января 2001 г. №148-П.

56. Закон Республики Казахстан от 23 июля 1999 года № 453-І О государственной службе (с изм. и доп. по состоянию на 08.07.05 г.).

57. Закон Республики Казахстан от 26 июня 1998 г. №233-1 «О национальной безопасности Республики Казахстан.

58. Указ Президента Республики Казахстан от 3 мая 2005 года №1567 Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан (Правила служебной этики государственных служащих).

59. Указ Президента Республики Казахстан О дисциплинарных советах Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы в областях, городах Астане и Алматы и внесении изменений и дополнений в некоторые указы Президента Республики Казахстан № 1598 от 30 июня 2005 года.

60. Закон Республики Казахстан от 2 июля 1998 г. №265-1. «О борьбе с коррупцией» (с изм. и доп. по состоянию на 11.05.2004 г.).

61. Указ Президента Республики Казахстан от 3 декабря 1999 года № 280 Вопросы Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы (с изм. и доп. по состоянию на 30.06.05 № 1598).

62. Указ Президента Республики Казахстан от 29 декабря 1999 года № 317 Об утверждении Реестра должностей политических государственных служащих и Правил порядка наложения дисци-

плинарных взысканий на политических государственных служащих (с изм. и доп. по состоянию на 13.07.05 г. № 1614).

63. Указ Президента Республики Казахстан от 10 марта 2000 года № 357 Об утверждении Положения о порядке прохождения государственной службы ((с изм. и доп. по состоянию на 29.03.04 г. N 1322).

64. Указ Президента Республики Казахстан от 4 декабря 2003 года №1243 О кадровом резерве государственной службы. (с изм. и доп. по состоянию на 03.08.2004 г.).

65. Указ Президента Республики Казахстан от 21 января 2000 г. N 327 Об утверждении Правил проведения аттестации административных государственных служащих (с изм. и доп. по состоянию на 21.04.03 г. № 1071).

66. Указ Президента Республики Казахстан от 31 декабря 1999 года № 321 Об утверждении Правил наложения дисциплинарных взысканий на административных государственных служащих Республики Казахстан (с изм. и доп. по состоянию на 30.06.05 г. № 1598).

67. Указ Президента Республики Казахстан от 17 января 2004 года № 1282 Об утверждении Реестра должностей административных государственных служащих по категориям (с изм. и доп. по состоянию на 13.07.05 г. №1614).

68. Приказ Председателя Агентства по делам государственной службы Республики Казахстан от 23 января 2004 года №02-01-02/9 Об утверждении Типовых квалификационных требований к категориям административных государственных должностей (с изм. и доп. по состоянию на 19.05.05 г. № 02-01-02/65).

69. Конституционный закон РК от 25.12.2000 г. № 132-П « О судебной системе и статусе судей Республики Казахстан».

70. Закон Республики Казахстан от 20 декабря 2004 г. №13-III О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам разграничения полномочий между уровнями государственного управления и бюджетных отношений.

71. Указ Президента Республики Казахстан от 10 ноября 2004 года №1471 «О Государственной программе формирования «электронного правительства» в Республике Казахстан на 2005-2007 годы».

72. Указ Президента Республики Казахстан от 20 сентября 2002 года №949 О Концепции правовой политики Республики Казахстан

73. Указ Президента Республики Казахстан от 22 января 1999 года № 29 «О мерах по дальнейшей оптимизации системы государственных органов Республики Казахстан» (с изм. и доп. по состоянию на 13.07.05).

74. Приказ Председателя Агентства Республики Казахстан по делам государственной службы от 30 апреля 2003 года № 02-01-02/60 Об утверждении Правил, Программ тестирования и Пороговых значений результатов тестирования кандидатов на занятие вакантных административных государственных должностей (с изм. по состоянию на 19.05.05 г. № 02-01-02/65).

75. Приказ Министра внутренних дел от 10 ноября 1999 г. № 568

О совершенствовании деятельности дорожной полиции в обеспечении общественной безопасности, пресечении и раскрытии преступлений, а также активизации розыскной деятельности (с изменениями и дополнениями по состоянию на 05.07.2005 г.)

АНЫҚТАМАЛЫҚ СӨЗДЕР. ГЛОССАРИЙ

Агенттік - республика территориясында бірыңғай мемлекеттік саясаттың іске асуын, сонымен қатар өз өкілеттігінің шегінде салааралық координацияны жүзеге асыратын Үкімет құрамына енбейтін орталық атқарушы орган.

Азаматтық хал акттері - адамның құқықтары мен міндеттерінің пайда болуына және тоқтатылуына байланысты оны дараландыратын заңды ресімделген мән-жайлар.

Арыз - азаматтардың заңды мүдделері, бостандығы мен құқықтарының бұзылуы, шешімдердің қабылданбауы, лауазымды тұлғалардың заңды емес әрекеттері туралы үндеу.

Арнайы құқықтан айыру - мемлекеттік органдар арқылы берілген арнайы құқықтарды жеке және заң тұлғалары оны қолдануда дөрекі бұзған жағдайда сот қаулысы негізінде айыру.

Арнайы құралдар - заң шығарушы қатал көрсеткен кездерде құқық қорғаушы органдар қызметкерлері қолданатын техникалық құралдар. Оған мыналар жатады: қол кісендер, резина таяқтары, жас ақтыратын газдар, водометтер, т.б.

Аттестация - мемлекеттік қызметкердің (немесе өзге лауазымды тұлғаның) атқаратын қызметін тексеруге арналған арнайы процедура.

Апат - соның салдарынан төтенше жағдай туындайтын қирату құбылысы.

Айыппұлды мәжбүрлеп алу - құқық бұзушы өз еркімен айыппұлды төлеуден бас тартқан кезде қолданылатын шара. ӘҚБК-і жеке және заң тұлғаларынан айыппұлды мәжбүрлеп алу процедураларын көздейді. Сот айыппұлды салған органның арызының негізінде қаулы шығарады. (ӘҚБК 708-711 баптар)

Әкімшілік қадағалау - кәнігі қылмыстың алдын алу нысаны болып табылады, заңдылықты, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктерін сақтау негізінде іске асырылады және бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдардың тарапынан құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында заңдармен белгілі бір шектеулер қойылған осындай адамдардың мінез-құлқын байқау түріндегі мәжбүр ету шарасы ретінде судьяның қаулысы негізінде ішкі істер органдары жүзеге асырады.

Әкім – жергілікті атқарушы органды басқарады, Республика Президенті мен Үкіметінің өкілі болып табылады.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың Ә. Премьер-Министрдің ұсынуы бойынша Республика Президенті қызметке тағайындайды. Өзге әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдерін олардан жоғары тұрған Ә. тағайындайды.

Әкімшілік жауапкершілік - әкімшілік белгілері бар құқық бұзушылықты жасағаны үшін заң шығарушы арнайы белгілеген алып қою шарасын қолдануда түйінделетін құқықтық жауапкершілік түрі.

Әкімшілік юрисдикция - әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қараудағы лауазымды тұлғалар мен мемлекеттік органдардың құзыры.

Әкімшілік қамауға алу - жеке тұлғаны бостандығынан уақытша айыруды көрсететін қамауға алу түрі. Ол превентивті және арнайы болып бөлінеді. Мақсаты- құқыққа қайшы әрекетті.

Әкімшілік құқық - биліктің атқарушы органдарының (мемлекеттік басқарудың) қызметі мен ұйымдасу процесінде жүзеге асатын қоғамдық қарым-қатынасты зерттейтін құқықтың негізгі саласы.

Әкімшілік-құқықтық нормалар - атқарушы билік қызметі аумағында тоқтатылатын, өзгертілетін және жасалатын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормасының түрі.

Әкімшілік-құқықтық қатынастар - мемлекеттік басқару процесінде жасалатын құқықтық қатынастардың түрі.

Әкімшілік айыппұл - әкімшілік алымның ақшалай түрі. Ол айлық есептік көрсеткіш бойынша есептеледі. әкімшілік құқық бұзушылық Кодексі заңды тұлғалар, лауазымды тұлғалар және жеке тұлғаларға айыппұлдың максималды және минималды түрін бекітеді. ӘҚБК 48-бап

Әкімшілік процедуралар - басқарушылық қызмет процесінде қолданылатын процедуралар тізбесі (бірыңғай Заңмен реттеледі). Түрлері: шешімді қабылдау және орындау тәртібі; мемлекеттік аппарат жұмысын ұйымдастыру процедурасы; азаматтардың үндеуін қарастыру процедурасы; экономика обласында шешімді қабылдау процедурасы.

Әкімшілік мерзімдер - әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарастыруда және әкімшілік өндіріске байланысты істі қарастыруда әкімшілік заң шығарушы бекіткен мерзімдер.

Әкімшілік мемлекеттік қызметкер - мемлекеттік органда тұрақты кәсіби негізде лауазымдық өкілеттілікті жүзеге асыратын, саяси мемлекеттік қызметкерлер құрамына кірмейтін мемлекеттік қызметкер.

Әкімшілік жауапкершіліктен босататын мән-жайлар - ӘҚБК-де бекітілген мән-жайлар ортасы, ол бар болса, әкімшілік жауапкершілікке тарту жүзеге тарту рұқсат етілмейді. Оларға жатады: қажетті қорғаныс; қол сұғушылықты жасаған тұлғаны қамауға алу; аса қажеттілік; негізделген қауіп; физикалық және психикалық мәжбүр ету; бұйрық пен өкімді атқару;

Әкім Аппараты - жергілікті атқарушы орган қызметін қамтамасыз ететін мемлекеттік мекеме.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өндіріс - әкімшілік құқық бұзушылық туралы жеке істерді қарастыру, шешу, қозғау бойынша жүйеленген процессуальды әрекеттердің кешені.

Әкімшілік өндірістегі көне мерзімдер - заң шығарушы арнайы бекіткен мерзімдер, ол өтелгеннен кейін тұлға әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. ӘҚБК 69-бап

Әкімшілік қамауға алу туралы хаттама - әкімшілік қамауға алу шарттары мен себебін тіркейтін ресми құжат. Онда оның жасалуының мерзімі, уақыты, оны жасаған және қамауға алынған тұлға туралы мәліметтер, сонымен қатар қамауға алынудың негіздері тіркеледі. ӘҚБК 635 бап

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама - әкімшілік құқық бұзушылық туралы нақты іс бойынша негізгі жағдайларды тіркеп, соның негізінде әрі қарай істі қарастыру жүргізілетін ресми, процессуальды құжат.

Әкімшілік жауапкершіліктен шешу - алып қою салынғаннан кейін бір жыл өткеннен соң әкімшілік құқық бұзушылықты жасаған тұлға әкімшілік жауапкершілікке тартылмаған болып есептеледі, сонымен қатар оған қатысты барлық шектеулер шешіледі.

Әкімшілік жауапкершіліктің субъекті - әкімшілік құқық бұзушылық жасаған жеке және заңды тұлға. Заңды тұлғалар мемлекеттік тіркелуден кейін жауапкершілікке тартылады. Жеке

тұлғалар мынадай белгілерді иеленуі керек: әрекетке қабілеттілік пен 16 жасқа толғандығы.

Әкімшілік-аймақтық бөлу /құрылым/ – мемлекет аймағын белгілі бір бөлшектерге бөлу. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аймақтық бөлу туралы» Заңына сәйкес ҚР әкімшілік-аймақтық құрылым жүйесіне мынадай әкімшілік-аймақтық өлшемдер кіреді: аул, кент, ауылдық округ, қаладағы аудан, қала, аудан, облыс. Олар арқылы жергілікті мемлекеттік органдар жүйесі құрылады және жұмыс жасайды. Ә.а.б. көбінесе мемлекеттің табиғи, тарихи, ұлттық және әлеуметтік-экономикалық ерекшеліктерін көрсетеді.

Созылмалы әкімшілік құқық бұзушылық - бір мақсатқа бағытталған және ортақ ойға біріктірілген, тең іс-әрекеттер қатарында жасалатын әкімшілік құқық бұзушылық.

Босқын - оған байланысты зорлық-зомбылық және қудалау көрсетілгеннің салдарынан өзінің тұрғылықты мекенін тастап кетуге мәжбүр болған, Қазақстанның азаматтығын иеленбеген, Қазақстандық заңнама бойынша ҚР территориясына келгісі келетін немесе келген тұлға.

Виза (рұқсатнама) - кіру, шығу, тұру немесе территория арқылы өтуге мемлекеттің арнайы рұқсатын білдіретін төлқұжаттағы белгі. Шетел азаматтарының елімізге келуі және де өз азаматтарымыздың шетелге кетуін мемлекеттің бақылауы мен реттеуіне мүмкіндік беруге арналған.

Жергілікті комендатура - төтенше жағдайлар тәртібін қамтамасыз ету үшін төтенше ахуал енгізілген жергілікке Қазақстан Республикасының Президентімен құрылған арнайы орган;

Жергілікті комендант - Қазақстан Республикасының Президенті тағайындаған лауазымды тұлға, төтенше ахуал тәртібін қамтамасыз ететін күшпен және қаражатпен ортақ басқаруды жүзеге асыратын және төтенше ахуал енгізілген жергілікті комендатураның қызметін басқарушы;

Жеңілдететін мән-жайлар - әкімшілік жауапкершілікті көздейтін, нормалар санкциясының шегінде алып қоюды жеңілдету үшін негіз болатын мән-жайлар жиынтығы. Қазақстан Республикасының ӘҚБК 61-бап бойынша қарастырылған.

Өз еркімен салған құрылысты қирату - заңсыз салынған және аса үлкен қателіктермен салынған құрылысты қиратуға бағытталған қалыпқа келтіру түріндегі шаралар.

Лауазымды адам – ұдайы, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша өкімет өкілінің міндеттерін жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкім берушілік немесе әкімшілік-шаруашылық қызметтерді орындайтын адам.

Лауазымды өкілеттік – заңдарда белгіленген құқықтары мен негізгі міндеттері бар мемлекеттік қызметшілер өз қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың алдында тұрған мақсаттар мен міндеттерге жауап беретін, нақты мемлекеттік лауазыммен көзделген өкілеттік.

Лауазымды тұлға - әкімшілік шаруашылық функцияны немесе ұйымдастыру-билік етуді іске асыратын не билік өкілі функциясын тұрақты не уақытша не арнайы өкілеттілік бойынша жүзеге асыратын тұлға.

Мемлекеттік қызмет - мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік органдарындағы мемлекеттік биліктің міндеттері мен функцияларын іске асыруға бағытталған лауазымдық өкілеттігін атқару жөніндегі қызметі.

Мемлекеттік қызметші - мемлекеттік органда заңдарда белгіленген тәртіппен республикалық немесе жергілікті бюджеттен не ҚР Ұлттық Банкінің қаржысынан ақы төленетін қызметті атқаратын және мемлекеттің міндеттері мен функцияларын іске асыру мақсатында лауазымдылық өкілеттікті жүзеге асыратын ҚР азаматы.

Мемлекеттік қызметкер - өтеулі негізде мемлекеттің функциясы мен шешімдерінің жүзеге асырылуы мақсатында лауазымды өкілеттілікті іске асыратын және белгіленген заңи тәртіп бойынша мемлекеттік лауазымды атқаратын тұлға.

Мемлекеттік лауазым - мемлекеттік органның нормативтік құқықтық актілермен белгіленген лауазымдық өкіметтік пен лауазымдық міндеттердің ауқымы жүктелген құрылымдық бірлігі.

Монополияға қарсы саясат - қызмет көрсету нарығы мен өндірушілердің бәсекеге қабілеттілігін дамытуға және өндірістің монополизациялануына қарсы бағытталған мемлекеттік шаралардың кешені.

Мүлікті пайдалануға тыйым салу - мүліктердің тізімі мен оларды пайдалануға тыйым салу.

Мүлікті тәркілеу - құқық бұзушының мүлігін алып мемлекеттік тұрақты меншікке беру. Тек сот шешімі бойынша жүзеге асырылады. (ӘҚБК 50-бап)

Министрлік - мемлекет пен қоғамның өмір сүруінің бір немесе бірнеше аймағындағы мемлекеттік басқару функциясын, сонымен қатар өз құзырлығы шегінде салааралық координацияны жүзеге асыратын Үкімет құрамына енетін орталық атқарушы орган.

Министр - саяси мемлекеттік қызметкер, министрліктің басқарушысы. Премьер-Министр ұсынысы бойынша Президент арқылы тағайындалады, министрліктегі жұмысы мен оған бағынған саладағы (салалардағы) жұмысы үшін Премьер-Министр мен Президент алдында жеке жауапкершілікті көтереді.

Мемлекеттік лауазымдардың тізілімі (реестрі) - әкімшілік және саяси лауазымдар тізіліміне бөлінетін ҚР-ң Президенті бекіткен мемлекеттік қызметкерлердің лауазымдарының ресми бекітілген тізімдерінің сатысы (иерархиясы).

Нормативтік құқықтық акт - реферемдумда қабылданған не уәкілетті орган немесе мемлекеттік лауазымды адам қабылданған, құқықтық нормаларды белгілейтін, олардың қолданылуын өзгертетін, тоқтататын немесе тоқтата тұратын белгіленген нысандағы жазбаша ресми құжат.

Республика Парламенті – заң шығару қызметін жүзеге асыратын республиканың ең жоғары өкілді органы.

Республика Парламентіндегі депутаттық бірлестіктер - Парламент депутаттары саяси партиялардың фракциялары және өзге де қоғамдық бірлестіктер, депутаттық топтар түрінде депутаттық бірлестіктер құруға хақылы. Палаталардың Төрағалары мен олардың орынбасарлары, Палаталар Жоғарғы Сот Кеңесінің және Әділет біліктілік алқасының құрамына жіберген депутаттар депутаттық бірлестіктердің құрамына кіре алмайды.

Республика Президенті – мемлекет басшысы, оның ең жоғарғы лауазымды тұоғасы. Президент мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайтын, ел ішінде және халықаралық қатынастарда Қазақстанның атынан өкілдік, мемлекет биліктің барлық тармағының келісіп жұмыс істеуін және өкімет

органдарының халық алдындағы жауапкершілігін қамтамасыз етеді.

Ұжымдық шарт - бір немесе бірнеше жұмыс берушілер және бір немесе бірнеше кәсіптік одақтар, не кәсіптік одақтарға мүше емес, келіссөздер жүргізу үшін өз ұйымын құрған қызметкерлер қол қойған жазбаша шарт түрінде ресімделген құқықтық акт.

Үкімет - Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды. Қазақстан Республикасының Президенті Ү. Конституцияда көзделген тәртіппен құрады. Республика Премьер-Министрі тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Ү. Құрылымы мен құрамы туралы Республика Президентіне ұсыныс енгізеді.

Ү. мүшелері Қазақстан халқы мен Президентіне ант береді.

Үкімет мүшелері - ҚР-ның Үкіметінің құрамына енетін лауазымды тұлғалар. Олар Премьер-Министрдің нұсқауымен Президент арқылы тағайындалады. Оларға мыналар жатады: Премьер-Министр; оның орынбасарлары; Агенттік өкілдері; Премьер-Министр Канцеляриясының басшысы.

Үкіметтің отырысы - Үкіметтің жұмысының түрі, Премьер-Министрдің төрағалығымен айына 1 реттен кем емес өткізіледі. Ауыстырылу құқығысыз Үкімет мүшелері қатысады.

Үн қату - азаматтардың жүргізілетін мемлекеттің сыртқы және ішкі саясатына, сонымен қатар қоғамдық өмірдің оқиғалары мен құбылыстарына қатысын іске асыратын үндеудің түрі.

Ұзақ әкімшілік құқық бұзушылық - оған заң бойынша белгіленген міндеттерді ұзақ уақыт жүзеге асырмауына байланысты әкімшілік жауапкершілік шарасын қолданумен қорқытумен қатар болған әрекеттілік пен әрекетсіздік түріндегі құқық бұзушылық.

Ұсыныс - осы не өзге мемлекеттік органдардың, сонымен қатар ұйымның жұмыстарын жетілдіру, қойылған мақсатты шешу және нақты жолдарын табуға кеңес беру үшін назар аудартуды мақсат ететін үндеудің түрі.

Заңдар – белгіленген тәртіппен қабылданған нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы.

Заң актісі – Конституциялық заң, ҚР Президентінің Конституциялық заң күші бар Жарлығы, Кодекс, Заң, ҚР Парламентінің қаулысы, Сенат пен Мәжілістің қаулылары.

Затты өтеулі түрде алып қою - соттың қаулысы негізінде қолданылатын әкімшілік алымның түрі. Құқық бұзушының мүлкін алып қою және оны комиссиялық дүкендер арқылы іске асырып, алынған пайдасын оның бұрынғы иеленушісіне қайтару. ӘҚБК 49-бап

Ішкі әскерлер - ҚР ІІМ әскерлер. Түзеу мекемелерді, арнайы жүктерді, мемлекеттік объектілерді қорғауға арналады. Қоғамдық тәртіпті қорғауға қатысады.

Катастрофа(апат) - жаһанды немесе аймақтық масштабтағы төтенше жағдайға әкелетін қиратушылықты тудыратын құбылыс.

Квалификациялық талаптар - нақты әкімшілік лауазымға сай келуі, құзырлығы мен кәсіби дайындығының деңгейін анықтау мақсатында, әкімшілік мемлекеттік лауазымды атқаруға үміткер азаматтарға ұсынылатын талаптар.

Кодекс - әкімшілік жауапкершілікке әкеліп соқтыру тәртібі мен негізін реттейтін бекітілетін нормалар, бірыңғай кодификацияланған 2001 жылы 30 қаңтарда қабылданды.

Коменданттық сағат - жеке басты растайтын арнайы берілген куәлік, құжат, өтуге, кіруге берілетін рұқсатнамасыз тұрғын үйден тыс көшеде және өзге қоғамдық орталарда жүруге тыйым салу кезінде бекітілетін тәулік уақыты;

Конкурс - ваканттық әкімшілік лауазымды атқаруға дайындық деңгейі жоғары маманды таңдау үшін жүргізілетін арнайы процедура.

Кәмелетке толмағанның бос уақытын шектеу - кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау жөніндегі Комиссия арқылы қолданылатын тәрбиелеудегі ықпал ету шаралары. Белгілі бір орындарға (тойхана, бар, түнгі клубтар, дискотекаларды) баруға, бос уақытты өткізудің жеке түрлерін әсіресе, транспортты жүргізуге тыйым салу, белгілі бір тәулік уақытынан кейін үйден тыс жерде болуды, рұқсатсыз өзге жергілікті ортаға кетуді т.б. шектеу.

Қайталанған құқық бұзушылық - бір жыл ішінде қайталап жасалатын бірыңғай құқық бұзушылық.

Құқықтық мәжбүрлеу - заң шығарушымен санкцияланған және өкілетті органдар қолданатын шаралар жиынтығы.

Шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғаларды қоныс аударту - превентивті шара. Мекендеу ережесі мен визалық тәртіпті дөрекі түрде бұзған, сонымен қатар азаматтардың физикалық

денсаулығы мен рухани денсаулығы үшін қауіпті деп танылған шетел азаматтарына қатысты сот арқылы қолданылады. ӘҚБК 56-бап

Шетел азаматтарының әкімшілік жауапкершілігі – әкімшілік құқық бұзушылықты жасағаны үшін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ тұлғалар Қазақстан Республикасының азаматтарымен ортақ негізде жауапкершілік тартуы.

Шетел азаматтарын тіркеуге - ҚР-ң территориясына келетін азаматтарды арнайы тіркейтін процедура. Олар өз құжаттарын 3 тәуліктің ішінде ІІМ-де, сыртқы істер министрлігінде және оның өкілдіктерінде тіркеуі тиіс.

Стихиялық (дүлей) апат - соның салдарынан төтенше жағдай туындайтын апат.

Сұрау салу - қоғамдық не жеке түрдегі сұрақтарға байланысты ақпарат алудағы азаматтардың қажеттігін көрсететін үндеу.

Саяси мемлекеттік қызметкер - тағайындалуы, отставкасы, қызмет саяси- анықтаушы түрде болатын мемлекеттік қызметкер.

Төтенше хал-ахуал енгізілетін жергілікті шекаралар - Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік-аумақтың бірліктерін территориясы Кіріс туралы декларация-белгілі бір уақытта (1 жыл) алынған кіріс туралы басқарушы лауазымды атқаратын тұлғалар мен мемлекеттік қызметкерлердің ресми мәлімдемелері. Ол міндетті болып, ағымдағы жылдың 1 сәуіріне дейін салық органдарына тапсырылуы керек. Декларацияны тапсырудан бас тарту, оған жалған мәліметтерді толтыру қызметкерлерге тәртіптік түрдегі шара-мемлекеттік қызметтен босатуды қолдануға әкеліп соқтырады.

Тәрбиелік ықпал ету шаралары - әкімшілік құқық бұзушылықты жүзеге асырған кәмелетке толмағандарға қатысты қолданылатын превентивті және жазалау шарасы. Оған мыналар жатады: ата-ана бақылауына беру; келтірілген зардапты жоюға міндетті жүктеу; кірісті шектеу; кәмелетке толмағандардың жүріс-тұрысына ерекше талаптарды бекіту;

Төтенше жағдайлардың алдын-алу - максималды бағытталған және алдын-ала жүргізілетін іс-шаралар кешені.

Тәртіптік жауапкершілік мерзімдері - жағымсыз әрекет анықталған күннен 1 айдан кеш емес салынатын және жағымсыз әрекет жасалған күннен 6 айдан кеш салына алмайтын тәртіптік

алып қою. Көнеліктің мерзімі 1 жыл. Салым салынғаннан кейінгі 6 айдан соң шешіледі.

Реабилитация (оңалту) - құқық бойынша қалпына келтіру.

Полицияның қызметі-өзінде жеке және заң тұлғаларды бақылауды түйіндейтін, мақсаты қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекет пен қоғамның тыныштығын бұзатын құқыққа қайшы әрекеттерді істегені және істеуі мүмкін кездерде мәжбүр ету шараларын қолдану болатын, Үкімет арқылы көрінетін мемлекет қызметі.

Полицияның құқығы - мемлекеттің полициялық қызметін анықтайтын құқықтық нормалар туралы ғылым.

Превентивті қамауға алу - құқық бұзушылықты жасауды жоюға бағытталған әкімшілік қамауға алудың түрі. Бұған тұлғасын анықтау үшін қамауға алу, медайықтырғышқа орналастыру, панасыз жас өспірімдерді қамауға алу, т.б. жатады.

Қысқартылған сөздер

1. АҚ – ҚР-ның Азаматтық кодексі.
2. АІК – ҚР-ның Азаматтық іс жүргізу кодексі.
3. ӘҚБтК – ҚР-ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.
4. ҚК – ҚР-ның Қылмыстық кодексі.
5. ПУАЖ – ҚР-сы Президентінің және ҚР-сы Үкіметінің актілер жинағы.
6. БҰҰ /ООН/ – Біріккен Ұлттар Ұйымы.
7. ЕурАзЭЫ /ЕврАзЭС/ – Еуразия Экономикалық Ұнтымақтастығы.
8. ЕО /ЕС/ – Еуропалық Одақ.
9. ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы.
10. ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті.
11. ҰҚШ /ДКБ/ – Ұжымдық қауіпсіздік шарты.
12. ҰҚШҰ /ОДКБ/ – Ұжымдық қауіпсіздік шарты ұйымы.
13. ШЫҰ /ШОС/ – Шанхай Ұнтымақтастық Ұйымы.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе.....	3
1. Тақырып. Әкімшілік құқық Қазақстан Республикасы құқығы жүйесінің саласы.....	7
2. Тақырып. Әкімшілік құқықтың әдісі.....	22
3. Тақырып. Әкімшілік-құқықтық қатынастар.....	31
4. Тақырып. Әкімшілік құқық ғылымы.....	35
5. Тақырып. Әкімшілік құқықтың субъектілері.....	43
6. Тақырып. Мемлекеттік қызметшілердің әкімшілік-құқықтық мәртебесі.....	67
7. Тақырып. Басқарудың әкімшілік-құқықтық нысандары және әдістері.....	82
8. Тақырып. Басқарудың құқықтық актілері.....	88
9. Тақырып. Басқарудың әкімшілік-құқықтық әдістерінің ұғымы және түрлері.....	94
10. Тақырып. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық.....	101
11. Тақырып. Әкімшілік жауаптылық.....	119
12. Тақырып. Әкімшілік іс жүргізу (процесс).....	146
13. Тақырып. Әкімшілік рәсімдер туралы іс жүргізу және оның түрлері.....	156
14. Тақырып. Әкімшілік юрисдикциялық іс жүргізу.....	179
15. Тақырып. Әкімшілік-құқықтық режимдер.....	223
Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы курсы бойынша семинар сабақтарының жоспары.....	230
Пайдаланылған әдебиеттер.....	235
Анықтамалық сөздік.....	248
Қысқартылған сөздер.....	258

Күнқожаева Г.Н., Жылқыбай Қ.У.
Қазақстан Республикасының әкімшілік құқығы:
//Жоғары оқу орындарына арналған оқу құралы (дәріс кешені).

Редакторы, компьютермен беттеген – М. Талдыбаев

Басуға 04.03.2013 ж. қол қойылды. Қалпы 60x84 ^{1/16}.
Көлемі 16,5 б.т. Тапсырысы № 105. Таралымы 100.
Алматы қ., Абай даңғылы, 8. «Айтұмар» баспасы